



БЗ.З/Абай)  
Э-82  
Каз. 93.

**1845**  
**1904**

...Абайдай дана, даң-  
ғыл ақын тарихтағы  
өз мүшелін елу жыл-  
дан, жүз жылдан қа-  
йырмақ. Алтайдан  
А атауға аттап түсер-  
лі ертегі тұлпарын-  
дой боп сыйлардан,  
сахаралардан ғана ат-  
тап өтпей, замандар-  
дың да талайынан ас-  
пандап асып өте бер-  
мек.

**Мұхтар Әуезов.**

# Абайтану дәрістері

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

# Абайтану дәрістері

(Һашия, баяндама, ой-пікір, сын рецензия)

АЛМАТЫ «РАУАН» 1994

Кұрастырыл, түсініктемелерін жазғандар.

Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова — тарих ғылымдарының докторы,

ҚР ҰҒА Шоқан сыйлығының иегері;

Мекемтас Мырзахметұлы — филология ғылымдарының докторы

**Әуезов М.**

Ә.— Абайтану дәрістері. Алматы: «Рауан», 1994,  
160 бет.

ISBN 5-625-02754-4

Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің Абайтану турасындағы дәрістерін тыңдаған ұрпақтың өкілдері оны бүгіндері аса бір мақтанш сезіммен еске алар еді! Сол дәрістерді ұлы Абайдың 150 жылдық ұланасыр тойына шашу ретінде жеке кітап етіп, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, мұғалімдерге, сондай-ақ жоғары класс оқушыларына арнап шығарып отырмыз.

Ә 4603010000—086  
404(05)94 —221—95

140116 M1

ISBN 5-625-02754-4

© «Рауан» баспасы, 1994

## СӨЗ БАСЫ

Қазақстанның жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқыту тарихында Абайдың әдеби мұрасы туралы тұңғыш рет арнайы курстан дәріс беруді бастаған ғұлама ғалым, ұлы суреткер Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің саналы өмірінің ең белсенді жылдары ұлы ақын мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеп, сол салада көркем туындылар жазумен өтті.

М. Әуезов Абайдың өмірі мен әдеби мұрасын терең танып, жете меңгеруде екі түрлі жолды, бірақ бірін-бірі толықтырып, үйлесім тауып отыратын ғылыми-шығармашылық жолды қатар жүргізді. «Мұхтар Әуезов Абайтану дәрістері» деген атпен қалың оқырман қауымның назарына ұсынылып отырған бұл кітаптан ХХ ғасырдың ұлы туындысы — «Абай жолы» роман-эпопеясын жазу мен абайтанудың негізін салу жолындағы ғылыми зерттеулерін жазу үстіндегі қаламгердің ұзақ жылдарға созылған ой-толғаныстарының қалыптасу, даму іздері анық байқалады. Абай мұрасы туралы ғылыми зерттеулер нәтижесі алдымен ғұлама ғалымның абайтанудың арнайы курсынан оқыған дәрістерінде көрініс тапқандай. Өйткені сары даланың төскейіндегі жұпар иісті гүлдерден нәр тергендей Абай сусындаған рухани арналар көзіне үңіліп, көңілге оралған ой-пікірлерін, ой-толғаныстарын жинақтай отырып, қол жеткен жаңалықтарын тыңдаушы шәкірттерімен бөліседі, яғни алғаш рет солардың ой-санасына дарытады. Осы арқылы кеменгер ұстаз өзі де өсіп, сонымен бірге өз рухани ой-қазынасымен шәкірттерін де даусыз байытып отырды.

Ұлы суреткердің мұражай үйінде сақталып жатқан архив қазынасында айрықша орын алатын саласы да абайтануға, әсіресе абайтанудан оқылған арнайы курсқа қатысы бар ірілі-ұсақты дерек-мағлұматтар, сан қилы қолжазба нұсқалар. Олар — бұрын-соңды басылым көрмей келген аса құнды архив қазынасы. Бұлар ғалымның ғылыми-зерттеу лабораториясының сырын шертер өте құнды әрі М. Әуезов қолымен жазылған асыл түпнұсқа қолжазбалар болуымен де ерекше мән-мағынаға ие.

Жаңашыл ұстаз ретінде Мұхтар Омарханұлы абайтанудың арнаулы курсы мен арнайы семинары сабақтарына алдын ала даярлану үстінде талмай ізденіп, оқылар дәрісін жыл өткен сайын соны

дерек, тың ойларымен жетілдіре жаңғыртып, қорландыра берген, қайта үстемелеп еңбектенген. Осы саладағы тоқтаусыз ізденістері мен жаңадан туындаған ой-пікірлерін сан алуан жолдармен қағаз бетіне түсіріп отырған. Сабаққа даярлану жолында ұстаз-ғалым тек қана оқылар дәріс ауқымында қалмай, сол дәуірдегі саяси-әлеуметтік мәселелерді кешенді тұрғыдан жан-жақты әрі терең қамтып, Абай мұрасының өзекті де ортақ сарынын тудырған құбылыстарды түбегейлі ашуға ерекше мән бере қараған. Мұның себебі, алдымен, қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасып, дамумен келген көркемдік болмысының өзекті саласы — ақындық дәстүріне соны арна, жаңа бағыт-бағдармен сапалы өзгеріс жасаған Абай мұрасында тарихи өмір шындығының мол көрініс табуында деп ұққан ләзім.

М. Әуезовтің мұражай-үйіндегі архив деректерінде абайтану саласындағы жарияланбай келген сан түрлі қолжазбалардың негізгі құрамы, көбінесе, ұстаз-ғалымның асығыс түрде қағаз бетіне түсірген ой ұшқындарының алғашқы нобайың аңғартар қилы-қилы шашпа пікірлер, тезистік ой сілемдері, тың пікірлер желісі, немесе текстологиялық талдаулар жүргізуге алдын ала даярлық кезеңдері, немесе жазылуға тиісті мақаласына, оқылар дәрісіне, жасалар баяндамасына, жазылар рецензия мен сын пікірлеріне даярлық жүргізу үстіндегі ғылыми-шығармашылық жоспар, тезистері түрінде туындап отырған. Осы себепті де *әрқилы тезис, һашия, шашпа пікір, текстік талдаулар* сипатында берілгендіктен, сөздері мен сөйлемдері қатты қысқартылып, кейде тіпті бар әріптер мен сөздердің бастапқы буындары ғана алынған тұстары жиі ұшырасады. Мұндай жағдайда ғалым-ұстаз айтылар ойының пікір желісіне, тәркініне қарай оларды анықтағанда, шаршы жақшаға алып, байырғы қалпына келтірдік.

Ғалымның мұражай-үй архивінде абайтану саласынан жарияланбай қалған 97 қолжазба нұсқасы іріктеліп, жүйеге түсірілді де, солардың арасынан Ұлы ұстаздың абайтанудың арнайы курсынан оқылған дәрістеріне тікелей қатысы бар, немесе жанама түрде қатысы бар қолжазба нұсқалар көзі арнайы түрде топтастырып ұсынды жөн деп таптық.

Аталмыш жинақта қамтылған қолжазба нұсқалардың түрлі мақсат көздей жазылуы себепті, олардың сөз саптауы мен сөйлем құрылысы, стильдік болмысы кейде бір-бірінен бөлекше жатқан, өзіндік ерекшеліктерді де байқататын тұстары жоқ емес. Бұлардың басым жағы негізінде баспасөзде жариялауды мақсат етпей, көбінде ізденуден туындаған ой ұшқындарын есте сақтау немесе келешекте еңбек жазу үстінде пайдалану, назар аудару тұрғысынан келіп, асығыс, түрі жағынан өте тұқыл, қысқа болса да, қағаз бетіне түскен қолтаңбаны аңғарамыз.

Бұл жинақта топтастырылған дерек-мағлұматтар мен мұрағаттық қолжазба нұсқаларды абайтану саласына қызығатын, не осы саламен айналысатын зерттеуші ғалымдар мен жоғары оқу орындарында абайтанудың арнаулы курсы мен арнаулы семинар сабақтарында дәріс тыңдайтын шәкірт жастарға тікелей бағышталған еңбек екенін де ескерте кетудің орны бар.

«Мұхтар Әуезов. Абайтану дәрістері» деп аталатын бұл кітап абайтанудан оқылатын арнаулы курс лекциясына даярлану үстінде ұлы ақын мұрасы туралы жан-жақты ізденуден, ой-толғаныстарынан туындауы себепті, бұлар, негізінен, ғылыми пікір таласында ортаға салған ой-пікірлер, һашия, баяндама, шашпа пікір, лекциялардан, сын, рецензиялардан құралады. Бұл М. Әуезовтің абайтану

саласында ізденген ғылыми шығармашылық лабораториясының сырына бойлай ендіріп, абайтанудан оқылған арнайы курстың пайда болу, даму, қалыптасу тарихымен қазіргі жас буын ұрпақтың терең танысып, білуіне бастайтын бірегей дерек-мағлұматтардың қазына-көздері іспетті рухани мұрамыз болмақ.

Кітап соңында қамтылған қолжазба нұсқалардың бәріне де арнаулы түсініктер берілді. Олардың көлемі мен мазмұны жинақта берілген түпнұсқа қолжазбалардың алатын орны мен ретіне, маңызына қарай орналастырылды.

**Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,**

Кожа Ахмет Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы.

Түркістан, 1994 ж.

## **«АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ» ТАҚЫРЫПТАҒЫ БАЯНДАМАНЫҢ ТЕЗИСТЕРІ<sup>1</sup>**

1. Абайдың айналасына жас ақындардың... Абай ісін алға апарушы шәкірттерінің талантты шоғыры топтасады. Олар суырып салма ақындар емес, негізінен, жеке-дара ақындар, кітаби білімді кісілер, — жазба әдебиеттің құнды-құнарлы өкілдері болады. Олар ұлағатты ұстаз ретінде Абайдың поэтикалық мәдениеті мен идеялық-саяси ұмтылыстарындағы жаңалықтың бәрін ой-санасына сіңіріп өседі. Ақындардың осынау тобының әдеби аренаға Абай өмірінің соңғы он жылында шығуы тегіннен-тегін емес.

2. Алайда бұл мектеп Абайдың көзі тірі кезінде-ақ өзінің игі бағыттағы шығармашылық жаңашылдығымен өте бір жемісті, прогрессивті мақсат-мүдделі, әлеуметтік белсенді мектепке айналады. Осы бір поэтикалық мектептің басты қадыр-қасиеті — ол эпигондық (еліктеуші) немесе көпшілікке таратушы мектеп қана болмайды, Абай салған (немесе сәл ғана) белгіленген жолмен әрі, алға қарай жүріп, тың туындылар туғызады. Егер Абай өзінің поэтикалық қызметін одан әрі жалғастырып, дамытуға мүмкін бола қалған жағдайда, бітіретін және дамытатын нәрселерін ол едәуір дәрежеде жүзеге асырар еді.

3. Осы мағынадан алып қарағанда, оның шәкірттері: Мағауния, Ақылбай, Қөкбай, Әріп, Бейсембай, Дубәкірлердің ж. б. шығармашылық мұрасы поэзиядағы үлкен жанрларды, атап айтқанда, халықтық-салттық, әлеуметтік-тарихи, тарихи-тұрмыстық, тарихи және Пушкин мен Лермонтовтың оңтүстік поэмалары стиліндегі таза романтикалық поэмалары секілді, сюжетті дастандарды

---

<sup>1</sup> Орышадан аударған Әбілмәжін Жұмабаев.

дамытуымен, Абайдың өз шығармашылығынан өзгеше болып келеді.

4. Абай сюжетті поэмаларды жазбады десе де болады («Масғұт» пен «Әзім» ғана болмаса). Бірақ ол жанрдың осы түріне түйсіне де сүйсіне, оған бейім екенін анық білген. Ол шәкірттеріне тақырыптар беріп, солармен бірге қоян-қолтық, олардың күллі поэмаларының сюжеттік арқауы мен идеялық-әлеуметтік негізін құрап отырған. Сол себепті де соңғы поэмалардың идеялық-көркемдік сарындарының Абайдың өзінің өлендерінің көңіл күй ағындарымен анық байланыста екені тасқа басқан таңбадай көрініп тұрады.

5. Байланыстың ең жарқын және басты арқауы — әдеби мәдениет пен орыс әдебиетінің өнегелі дәстүрлеріне, сол арқылы әлемнің классикалық әдебиетіне қатынасынан көрінеді. Абайдың ақын-шәкірттері енді көпшілігі шығармашылық және идеялық-мәдени жағынан орыс пен суропаның классикалық әдебиетін нысана етіп ұстайды. Ал, басқаша, шығыстық-кітаби әдебиеттің шау тартып бара жатқан дәстүрлері бойынша бастап, мұсылмандық шығыстың діни-қаһармандық эпосының ықпалынан арыла алмай жүргендерге Абай тікелей ақып-тап, үйретіп қана қоймай, оларды қатал айыптап, өзінің арнаулары мен үндеу-жырларында аяусыз әшкерелейді («Хат жаздым Әзірет Әлі айдаһарсыз»).

6. Абайдың шәкірттері оның өсиетін сақтап, оның әлеуметтік-саяси көзқарасына, жаңа позициясына сәйкес халықтық-тұрмыстық, тарихи тақырыптарға жана-ша, прогрессивті-тарихи, халықтық-демократиялық сыншыл реализм рухында қарайды. Мағауияның «Еңлік-Кебегі», Көкбайдың «Абылайы», Бейсембайдың «Қозы-Көрпеші» т. б. сол сияқты олар Ресей халықтарының патша өкіметіне қарсы күресін әдебиеттегі халықтық-демократиялық бағыттың озық позициялары тұрғысынан көрсетеді...

7. Мағауияның «Медғат-Қасым», Ақылбайдың «Дағыстан», «Зұлыс» атты романтикалық поэмалары жаңа әдебиеттің, тек Қазақ әдебиеті ғана емес, сол уақыттағы барша Шығыс әдебиеті топырағындағы айрықша жаңа, мейлінше төлтумалы құбылыс болып шығады. Олардағы сюжет пен мінез-құлықты киюластырып сомдау, олардың идеялық-тақырыптық төлтумалығы Абай шәкірттерінің орыс классиктері — Пушкин мен Лермонтов мәдениетін, сол екеуі арқылы Байрон шығарма-



шылығының әдістері мен айырмашылығын тереңден игергенін айқын танытады.

8. Абайдың талантты ақын-шәкірттері, оның дәстүрін жалғаушылар:

а) Мағауия және оның шығармашылық мұрасы;

б) Көкбай және оның шығармашылығы;

в) Әріп, Әубәкір, Бейсембай.

9. Қорытынды: Абай өзінің өскелең, ойшыл шығармашылық мұрасымен классик ретінде танылып қана қоймай, ол сонымен қатар өз заманының әдебиетін байытты, маңайындағы ақын шәкірттерінің дүр түлеп, қанаттанып, шарықтап ұшуына үлкен ықпал жасады. Ақындық өнер мектебін аша келіп, ол қазақ әдебиетінің классикалық орыс әдебиетімен бірге даму жолдарын ілгері ұзартты, тығыз да берік байланыстырды.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ

Абай Құнанбаев (1845—1904). Абайдың өмірі. Ақынның заманы, әлеуметтік ортасы. Абай өмірінің жастарға үлгі жағы. Абайдың қазақ жазба әдебиет тарихындағы маңызы, орны. Жасырақ кезінде Абайға араб, парсы, шағатай әдебиетінің еткен әсері. Ол әсерден ақынның бас тарта бастауы және орыс әдебиетіне бой ұру — Абайдың алғашқы творчестволық жолындағы зор адым екендігі. Орыс әдебиеті және орыстың сол кездегі алдыңғы қатардағы демократтық интеллигенттерімен байланысуы — ақын шығармаларының кең арнаға шығуына негізгі себептің бірі болғандығы. Орыстың ұлы классиктерін терең ұғынып, кең түрде тексеру, үлгі ету — ақынның өз шығармаларын мазмұн, түр, стиль, тіл жақтарынан көзқарасын айқындауда да үлкен себеп болғандығы. Өмірге, заманға, қазақ халқының өткен кезіне сын көзімен қарап, терең ұғынуы. Өз халқының әлеуметтік өміріндегі қайшылықтарды көре біліп сынауы. Әйтсе де одан шығудың жолын көрсете алмауы. Көркемөнер, әдебиет мәселелерін терең ұғынып, құндықұнды пікірлер айтуы. Әсіресе, олардың қоғамдық мәніне зор көңіл бөлуі. Абайдың орыс әдебиетін аударудағы тарихи орны. Аудармаларының түрі. Абай шығармаларында өз заманындағы әлеуметтік мәні бар барлық мәселелердің қамтылғандығы. Оқуға, өнер-білімге үндеуі. Адамгершілік мәселесі — шығармаларындағы негізгі тақырыптың бірі болып саналатындығы. Оны бұзатын іс-әрекетке қарсы күресі. Әлеуметтік теңсіздік,

ғұрып, салт, әйелдің бас бостандығы, ел билеу, таптық теңсіздік т. б. Абайдың шығармаларынан кең орын алумен қатар, ол мәселелер жөнінде ақынның өз көзқарасы айқын көрінетіні және бұл көзқарастырында сүйіспендік, достық, махаббат мәселелеріне айрықша көңіл бөлетіні және оның адамды сүю нысанасынан каралынып суреттелетіні. Абайдың дін және философиялық көзқарастары. Бұл көзқарастардағы қайшылық. Табиғатқа арналған лирикалары, орыс әдебиетінің бұл жөніндегі әсері. Абай шығармаларының халықтық жақтары. Абайдың қазақ поэзиясына ой-пікір және түр, тіл жағынан ендірген жаңалықтары. Олардың өз кезінде әлеумет өміріндегі үлкен өзгерістермен байланыстылығы. Әдеби бағыт, стиль, тіл жағы басқа жақтарынан өзіне шейінгі қазақ поэзиясынан өзгеше жаңа бел, поэзияны шын мәніндегі көркем поэзияның жоғарғы сатысына көтеруі. Бұл жөнінде оның тарихи рөлі мен еңбегі. Абайдың қарасөзі, өзіне тән өзгешеліктері. Тақырып, мазмұн жақтарынан Абайдың өлеңі мен қарасөзі ұшталып жататындығы. Абай шығармаларындағы нақыл сөздер. Абайдың тіл көркемдігі және басқа ақындарға әсері. Абай шығармаларының біздер үшін маңызы, мәні.

Абай мектебі. Қазақтың басқа ақындарымен салыстырғанда Абайдың үлгісін алған шәкірттері болуы — Абайдай ұстазына әр алуан жақтарынан еліктеуі. Бірі тақырып жағынан, екіншісі сюжет, мазмұн жағынан, үшіншісі тіл, стиль жағынан т. б.

Абай шәкірттерінің ішінде әсіресе Ақылбай, Мағауия ақындардың ерекше орын алатындығы. Ақылбай мен Мағауияның өз ұстазында кездесетін және өздеріне шейінгі қазақ әдебиетінде ұшыраспайтын романтизм стилін дамыту, ілгерілетуде елеулі еңбектері.

Мағауия мен Ақылбайдың романтизмінің түп тамыры орыс әдебиетінде жатқандығы. «Дағыстан», «Медғат — Қасым» поэмаларының сюжеті, адам образы, олардың іс-әрекет, мінез-құлықтары Пушкин, Лермонтов жазған романтикалық поэмаларға дәл келуі.

Ақылбай (1861—1904). Оның өмірі туралы мәлімет. «Дағыстан», «Зұлыс». «Дағыстан» поэмасында езуші үстем тап өкілінің кедейлерге жасаған зорлық, жауыздықтары объективтік түрде дұрыс суреттелмесе де, оқиғаның шешілуінде фаталисттік көзқарас барлығы. Поэмада бірнеше романтикалық мінездердің (характер) кездесуі. Жәбрәйл, Зайра, Жүсіп т. б. Әсіресе поэмада

Зайра образының айрықша орын алатындығы. Тіл, сөз образы жағынан Абайдың әсері. Композициясындағы ерекшелік.

Мағауия (1870—1904). Өмірі жөнінде мәлімет. «Медғат — Қасым», «Еңлік-Кебек», «Шамиль». Ескі ел аузынан алынған әңгіме негізінде құрылған «Еңлік — Кебек» поэмасында негізгі идеялық мазмұны, сүйіспеншілік, бас бостандығы жолында құрбан екі жасты жыр етуі. Автордың бұл мәселе жөніндегі көзқарасының прогресшілдік жағы. Мағауияның интернационалдық тақырыпты жырлауы. Бұл жөнінде ұстазы Абайдың әсері.

«Медғат — Қасым» поэмасы өзінің сюжеті, образ-характер жасауы жағынан романтизм стиліндегі поэма екендігі. Қазақ әдебиет тарихында «Медғат — Қасым», «Дағыстан» (Қысса Жүсіп) бірінші романтикалық поэма боп саналатындығы. Бұл поэмалардың осы кезде тууына негізгі жағдай және ол жөнінде Абай арқылы шәкірттеріне жеткен орыс әдебиетінің әсері, сарыны басым.

«Медғат — Қасымда» құл мен қожаның арасындағы күрестер шебер түрде суреттелетіні. Қасым образында кекшілдік, өжеттілік, қаталдық болса да, ерлік, мейірімділік, адамгершілік қасиеттердің қатар жүруі. Поэмада «кекке кек» мәселесі мен сүйіспендік мәселесінің де қатар жүретіндігі. Оны дәріптеп көрсетушілік. Медғатты қанаушы таптың өкілі ретінде опасыз етіп көрсетуі. Медғат қанаушы тап өкілдеріне тән образ болып саналатыны. Композиция құрылысының романтикалық поэмаларға тән ерекшеліктерді берік сақтайтыны, тілінің көркемдігі.

## **АБАЙ МЕКТЕБІНІҢ АҚЫНДАРЫ**

Біз бұл бөлімде Абайдың өз тәрбиесінде болған және Абайдың ақылы мен сыны бойынша тақырыптар таңдап, арнаулы шығармалар жазған, анық шәкірт ақындары туралы біраз тексеру жасаймыз.

Жалпы алғанда, Абайдың қазақ әдебиетіне ХІХ ғасырда және ХХ ғасырда еткен әсері аса мол. Абайдың өзін көрмей сөзін оқу арқылы, есітіп ұғыну арқылы, сол Абайдың өлеңдерінің үлгісінде әлеуметтік мәселеге, адамгершілік жайға, ағартушылық турасында арнап көп-көп өлеңдер жазған талай ақындар бар. Әсіресе,

бұлардың саны, Абай шығармалары қазақ сахарасына жайыла бастаған сайын молая түскен.

XX ғасырдың басында, Абай өтетін жылдардың өзінде, оның өлеңдерін үлгі етіп, әр түрлі шығармалар жазатын ақындар, Абай тіршілік еткен елдің көршілес атыраптарында да көріне бастаған еді.

Ал, 1909 жылы ақынның кітабы баспадан шыққан соң, Абайға еліктеп өлең жазушылар Қазақстанның қай өлкесінде болса да кездесетін болды. Бұл жағынан қарасак, XX ғасырда Абайдың әсері көпке жайылып, кен өріс таба береді. Бірақ ақын мұрасының кейінгі қазақ әдебиетіне бұлайша қатынасуын, оның жалпы қазақ әдебиет тарихына көрсеткен үлгі, әсері деп түсінеміз.

Ол жәйді кең түрде, көп мысалдармен дәлелдеп, бергі ақын-жазушылардың шығармаларынан анықтап айырып, талдап тану, таныту айырықша ғылыми-зерттеу жұмысының міндеті болмақ. Және ол зерттеулер XX ғасыр басындағы нақтылы дәуірдегі арнаулы ақындардың дәлдел көрсетілген шығармаларын тексеруге арнау керек.

Бұл түрдегі тарихтық зерттеу, тексерулер көбінше XX ғасыр әдебиет тарихының міндетіне қарай ауысады. Сол себепті әзір біз Абайдың өзінен соңғы қазақ жазба әдебиетіне еткен әсері деген тақырыпты қозғаймыз. Оның орнына осы бөлімде аталған міндет, мақсат бойынша Абайдың өз айналасында үнемі бірге болып, ұлы ақынның анық жақын шәкірті болған ақындардың шығармаларын тексереміз. Бұлардың еңбектерін шолуда алдын ала есте тұратын бір жайды ескерте кету керек. Ол осы шәкірт ақындардың еңбек үлгілерінен және де айқындай көріне түсетін Абайдың өзінің ерекшелігі болады.

Өзге ақындар «шәкірт» деп аталған соң, Абай, әрине, олардың басшысы — ұстаз ақын болмаққа керек. Әрбір әдебиеттік мектеп осындай аға ақын мен іні ақындардың екі буынынан құралатын болса, ең алдымен сол әдебиеттік мектепте басшы ақынның бағыты, стилі, өзгеше идеялары, өз халқының әдебиет тарихына кіргізген анық тарихтық көркемдік жаңалықтары — қысқасынан айтқанда, барлық қасиеттері әралуан түрде бой көрсететін болады. Абай шәкірттерінің дәл осы жөніндегі табыс нәтижелерін айтқанда, олардың бірде бірі Абай жеткен дәрежеге жеткен жоқ. Ең алдымен Абайға талапты теңдес болған жоқ және әсіресе Абайдың ағар-

тушылық, әлеуметтік, идеялық, көркемдік кең масштабы оларда болған жоқ дейміз.

Қазір біз бөліп алып тексеретін қазақ ақындары осы сонғы айтылған жайлардың кейбір жақтарынан ғана өз шамаларынша бағалы өзгешеліктер таныта алады. Сонысымен Абайдың бар жағы болмаса да, бір жағын, бір қырын айқындап дамыта түсті, осының өзімен Абай шәкірті дегізерлік мүмкіншілік берді дейміз. Абайдың көзі тірісінде оның айналасына жиналған талап...

## КӨКБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

Көкбай Жанатайұлы 1864 жылы туып, 1927 жылы өлген. Жасында мұсылманша оқуды едәуір өндіріп оқыған соң, Көкбай әншілік, ақындыққа көп ауысады. Басында айтыс өлеңдерге де жиі араласып, ақындыққа ерте жеткен талапкер жастың бірі болады. Бірақ жігіттікке жете бере қырдағы ән-өлең өнерін, сауығын тастап, Семей қаласына келіп Кәмәли хазіреттің медресесіне түседі. Ұзақ жылдар сонда жатып мұсылманша оқу оқиды. Кейін Абай оны әзіл етіп молдалық пен сопылыққа беріліп, әсем әнін, бозбалалықтан кетіп қалды деп сынаиды. Көкбай туралы:

Сорлы Көкбай қор болды-ау  
Осыншадан кұр қалып...,—

дейді.

Жас өнерпаздың діндар медреседе имам, халифелердің алдында мүлгіп жүргенін жақтырмай айтқан.

Бірақ Көкбай медреседе өзінше көп оқып, үлкен молдалыққа жетіп алғаннан кейін, Абайға келіп қосылады. Ел ортасындағы бір сайлаудың үстінде Семейдің сол күндегі оязы — Көкбай берген бір арыз бойынша оны жазаламақ болады. Сонда өнерлі, оқуы бар жігітті Абай аяп, кепілдікке алады. Осыдан соң Көкбай өмір бойы, Абай өлгенше оның іні-досы, шәкірті боп кетеді.

Абай өлгеннен кейін бірталай жылдан соң, жасы ұлғая бастағанда, Көкбай қайтадан бұрынғы молдалығына ауысады. Ел ішінде медресе салып, бала оқытады. Бірақ молдалыққа ауысуымен, Көкбай ақындық еңбекті тастамайды.

Бірінші империалистік соғыс кезінде Көкбай медресесін мұғалімге беріп, өзі ескіше бала оқытуды тастайды. Осы жөнінде Көкбайды кіналап, жамандап 1920

жылдарда өлең шығарған бір ұлтшыл алашордашыл ақынсымақ болады. Көкбайды ол молдалығын, медресесін, ескіше ұстаздығын тастады деп кіналайды. Ал Көкбайдың реакцияшыл, байшыл, ұлтшылға берген үлкен өлең жауабы оның заманға жаңаша қарай білген озық ойлы адам екенін танытады.

1924 жылдан бастап Абайдың өмірбаянын жазушыларға және барлық толық жинағын құрастыруға Көкбай барынша зор көмек еткен еді. Абайдан қалған мұраның қазақ оқушыларына толық жинақ боп құралып шығуына анық еңбек сіңірген кісінің бірі — Көкбай...

1909 жылы Кәкітай бастырып шығарған жинақ Абай еңбектерінің жарым көлеміндей ғана еді. Көкбай қолжазбада сақталған шығармалар ғана емес, өзінің жадында жүрген, біржола жоғалып кетуге мүмкін болған Абайдың өлеңдері мен кейбір шумақтар, жолдарды хатқа түсіртіп, ұлы ақынның өзге мұраларының қатарына қосты.

Онан соң Абайдың өмірбаянын толық етіп жазуда да Көкбай айтып берген материалдар аса көп еді. Олар құнды деректер болатын. Тек Көкбайдың Абай тұсында айтқан естегісі толық жазылмады. Бірақ 1933 жылы біз құрастырып жазатын алғашқы толық өмірбаянның көп фактылары Көкбайдың аузынан алынған.

Абайдың көп өлеңдеріне кейінгі толық жинақтарда беріліп жүрген қосымша түсінік, деректердің көптеп-көбі және де сол Көкбайдың айтуынан алынған-ды.

Міне, Көкбайдың қазақ әдебиет тарихына келтірген осындайлық кесек пайдасы бар.

Одан қалған жазбалардың саны өте аз ғана. Жас кезінде, Абай уақытында айтып, жазып жүрген өлеңдерін өзі көп ұқыппен жинамаған. Бірақ ол кезде Абай айналасындағы бар ақынның шінде суырып салма, импровизацияға ең жүйрік ақын Көкбай болғаны даусыз. Сол талантын бағалап, Абай бұны өзі жазып жүрген алғашқы өлеңдеріне не ғып шығарады.

Көп өлеңдерін өзі жазып, Көкбай атынан таратады. Омбыдағы «Дала уалаяты» газетінде басылған бірен саран өлеңі де Көкбайдың атынан басылған. Абай бір өлеңінде:

Сорлы Көкбай жылайды  
Жылайды да жырлайды...

дейтін жолдарда, анығында Көкбайды айтпай, өзін айттып отырған болады. Тек бертін келіп, «Жаз» өлеңін

жазған соң ғана Абай барлық өзі шығарған өлеңдерін өз атына ауыстырып алады.

Көкбай Абайдан кейін 20 жылдан аса өмір жасап, сол соңғы дәуірінде көп шығармалар жазады. Әсіресе баспаға шығып, бар оқушысына мәлім болған мұндай еңбектері зерттеушілер қолына түспегендіктен Көкбайды бұл күнге шейін сыңаржақ түрде атап, танып келгеніміз бар-ды. Ал соңғы жылдарда Семей қаласындағы Абай атындағы музейдің зерттеушілері жинаған қолжазбаларға қарағанда, біз Көкбайдың анық Абай мектебінің ақыны деген атақты ақтай алатын едәуір мол, елеулі шығармалары бар екенін көріп, біліп отырмыз. Тегінде Көкбайдың анық айтқыш, талантты ақын екенін Абай өзі де өз шығармаларында бірнеше рет атап бағалап, аңғартып кеткен-ді. Ұстаз ақын Абайдың шығармаларына аты кірген шәкірт ақынның өзі де жалғыз ғана Көкбай болатын.

Ән үйренген ырғалып,  
Өлең жиған тырбанып,  
Сорлы Көкбай қор болды-ау,  
Осыншадан құр қалып,—

деген жолдарды біз Абайдың 1909 жылы шыққан ең алғашқы жинағының өзінен де ұшыратамыз.

Сонда Абай қала медресесіне мұсылманша оқуға кеткен Көкбайды көксеп сөйлеген. Бәлкі оның өнерін бағалап, ақын болмай ескі медресе оқуына кеткеніне қынжылып та айтқан сөздері болар. Кейін келе Абай:

Сорлы Көкбай жылайды,	Біреу малды ұрлайды,
Жылайды да жырлайды.	Біреу басты қорлайды,
Ол жыламай қайтып тұрады,	... болмаған соң
Мынау азған қу заман,	Жылауына зорлайды,—
Бір қалыпта тұрмайды.	

деген өлеңді де Абай өзінің ет бауырындай жақын көрген сырлас ақын ініге аса бір мұндас, күйлес жылылықпен үн қатады.

Бұдан басқа «Бұралып тұрып» деген өлеңінде Көкбай досына әзіл-сын ретінде әдейі арнап айтады. Сөйтіп Абайдың өзі өз тілімен тірі шағында жақын ақыны есебінде атап кеткен Көкбай барын көреміз. Ал кейін Көкбай шығарған өлеңдерді алсақ, бұл жағадан да Абайды үнемі өзіне ұстаз, аға тұтқан Көкбай барын айқын танып отырамыз.

Жәннатта жайың болғыр, Абай құтып,  
Қасында бос жүріппіз шатып-бұтып.  
Осындай ен дарияны жайлағанда,  
Тым болмаса қалмаппын қана жұтып,—

деген жолдармен Қөкбай да Абайдың ақындық ұясы мен бауырында өмір кешкен жан екенін жыр етеді.

Абай мектебінің кейіннен қосылатын елеулі, ірі талантты, үлкен ақынның бірі — Әріпке айтқан сәлем сөзінде Қөкбай тағы да Абай жайын толғайды:

Семейге Абай келсе бізде думан,  
Ән салып, босамаймыз айғай шудан.  
Бас қосу, бақастану, мәжіліс құру.  
Секілді бір ғылымның жолын қуған.  
Тарихтан неше түрлі Абай сөйлеп,  
Өзгелер отырады аузын бұған.  
Бір барсаң мәжілісінен кеткің келмес,  
Хакімдей Аплатон аңырап тұрған.  
Келбеті біліміне лайықты,  
Япыр-ау, мұндай адам қалай туған,—

дейтуғын үзінділерде Қөкбай ұстаз ақын Абайдың қауымында жүрген басқа шәкірт ақындардың да барлық шынын, дәл қалпын бейнелейді. Өзінің де үлкен ұстаз жанында өсіп келе жатқан анық ет-бауыр, жақын дос екенін мәлімдейді.

Абайдың өзі барда атын аузына жиі алатын Қөкбай кейінгі ұзақ өмірінде де Абайды қадір тұтқан қалпынан жаңылған емес. Өмірінің соңғы кездерінде бір жалақор тап дұшпанына қарсы айтқан өлеңінде Қөкбай және де Абайды аузына алады:

Абай марқұм ескіге ермеуші еді,  
Ескіні онша жақсы көрмеуші еді.  
Жаңадан, төте жолмен оқу шықты,  
Сол қашан келеді деп шөлдеуші еді,—

деген шумақта Қөкбай ескі оқудың, мешіт-медресе ұстаудың керексіздігін айтқан. Өзі сол медресені жауып тастап, мұғалім арқылы жаңаша мектеп ашуға өздігімен жол бергенін білдірген. «Молдалықты тастады, мешітін жапты» деп Қөкбайды ескі діншіл, реакцияшыл ақсақалдық ғұламалық көне жолға қайта тартқысы келген байшыл-ұлтшыл болған еді. Соның Қөкбайды жалалап, қаралаған сөзіне орай, Қөкбай тарихтық жаңа ашық сананың, кең мәдениеттің жоқшысы боп сөйлей-



ді. Және осы молда жаңағы байшыл-ұлтшылдан өзінің де, Абайдың да аулақ екенін саралап, айқындап ашып береді.

Өзімнің жасым кәрі, көңілім жас,  
Іштегі айтпаса да болады паш.  
Абайдан құлағыма бұрын тиген  
Дүние болады деп бір тайталас.

Түсіндім мен де сөйтіп жаңалыққа,  
Жаспенен кіріспедім алалыққа.  
Тура жол дүниедегі жалғыз-ақ сол —  
Басқа жол іздегенмен табалық па?

Босаттым медресемді мұғалімге,  
Иесі сол-берейін енді кімге?  
Медресем балаларға орын болып,  
Қағанағым қарқ боп тұр осы күнде, —

деп келіп, Көкбай өзінің бұдан бұрын біраз уақыт молдалыққа түсіп кеткен кезеңін мүлде сынап, серпіп тастай алады. Тарих пен өмірдің жаңалығы халықпен бірге боп, ден қоюға, бет беруге өзінің әзір жүргенін танытады.

Екеуміз сыпатайық ағайынға.  
Сендағы айтар дауын тағайында.  
Сен сөкті деп ескіше бала оқытып,  
Көшкен жұртқа қаңғырып лағайын ба!  
Шырағым, өзің қаңғыр, менен аулақ,  
Жамандасаң жаманда, мені жаулап,—

деген өлеңмен Көкбай байшыл-ұлтшыл, кертартпа санашылдың жолынан өз жолын мүлде аулақ салады. Советтік мәдениеттің бұның халқына әкеле жатқан негіздер мен жаңалықтарын барлық шыншыл, дос-жар көңілімен құшақ жая қарсы алады.

Абай мектебінен шыққан Көкбай ақынның бұрынғы соңғы кездерде шығарған өлеңдерінде ұшырайтын салт саналық кемшіліктер бола жүрсе де, Көкбайдың Абай мектебі өкілі деген атағын ақтайтын ең қадірлі бір шығармасы тағы бар. Бұл оның ең жарқын қасиетті, ең асыл адамзаттың өзін танып сол адам туралы бар шыншыл бейілмен емірене жырлаған ақынды көреміз. Әзір атағалы отырғанымыз, Абай мектебінің ақыны карт Көкбайдың ең соңғы асыл шығармасы «Ленинге» деген өлеңі.

1923 жылы шығарылған осы өлеңде Көкбай өзі қатты ауырып жүрсе де, өлер шағының бір зор сүйеніші есебінде Лениндай ұлы жанды тауып, танығанын баян етеді.

Осы жол ауырсам да, көңілім шат,  
Түсім де іс көргендей бір ғаламат.  
Лениннің кім екенін анық білдім,  
Тек ұзақ өмір берсін сау-саламат.  
Ұғындым Ленин жайын бір адамнан,  
Зат екен артық туған барлық жаннан.  
Ленин тұрса ел болар қазақ жұрты,  
Жарықты бірдей көріп алтын таңнан.  
Сол еді қуанышым қойнымдағы,  
Мұны айту борыш еді мойнымдағы.  
Ғаділет кімде болса, жолын қыл деп,  
Тіледім саждаға бас қойдым дағы.  
Жығылмас мәңгі дедім Ленин туы,  
Көкке өрлеп, көтеріліп алтын буы.  
Ежелден езгі болып келе жатқан,  
Өмірін тіле қазақ көп руы.

Міне, басы Абаймен біте қайнасқан, шәкірттіктен басталған Көкбайдың ақындық жолы ең аяқтар шағында, осындай ең қасиетті жайды жыр етуге шарықтап жетіп тынады.

Абайдың артында тірі қалған шәкіртінің соңғысы өзі болып және Қазақстан өлкесіне советтік дәуір, дәурен орнай бастаған алғашқы жылдардың өзінде Лениннің туын құттықтаумен тоқтатуы Көкбайдың «Абай шәкірті» деген атакты ақтауы екенінде күман жоқ. Және осы өлеңнің аяғында, алашорданың халыққа қас қара ниет өкілінен өзінің әлеуметтік ойын, азаматтық мүддесін бір-жолата бөлектеп, аулақтап алғанның өзінде де үлкен тарихтық мән бар.

Біз Көкбайдың ақындық жолының басы менен аяғын өзінен қалған дәл деректерге, елеулі еңбектерге сүйене отырып шолып өттік. Ал Көкбайдың бұл аталғандардан басқа да көп шығармалары бар. Әзір барлығы жнылып қолға түспесе де, бүкіл табылған шығармаларының тағы бірнешеулерінен Көкбайдың Абай жырлаған тақырыптарды өзіне тақырып етіп алып, Абай сынаған ру басы жуандарды, болыс билердей бұзақыларды, ел ұйтқысын бұзушы қанаушыларды, дәл Абайша өткір сатирамен әйгілеп, әшкерелеп жырлағандарын білеміз. Осы қатарда Абай өлеңінде қатты сыналған

Дүтпай болысқа Көкбайдың да Абайша қатты сыншы шабуыл жасап, жыр жазғанын еске аламыз.

Дозаққа біреу кетсе, Дүтім кетер,  
Дүтім кетсе, Көкшенің көбі кетер.  
Кісінетіп қара айғырды байлап қойып,  
Артынан тоғыз биді күпілдетер,—

деген жолдарда Көкбай азынаған айуандай Дүтпай болысты паракор тоғыз бимен қоса соққыға ұшыратады. Сол ретте «Семей саудагерлеріне» дейтін өлең. «Мұсажанға» деген өлеңі және Совет өкіметі орнауымен қатар ел ішіне келген совет сотының адамдары жақсылыққа, Хафизге айтқан өлеңдерінің бәрі де біржағынан халық, елді қанап жүрген пәлекор, саудагер, ұры залымдарды әшкерелеуге арналады. Екінші жағынан, ел ортасын советтік тәртіп орнап, жаңағыдай бұзықтарға, халық қаскөйлеріне тиым салынғанына сүйсіне қуанады. Өз дәуірі үшін аса қажет болған шын бағалы шығармалар тудырады. Ауылдың советтану дәуірінде ең алғашқы жылдарда 1920—23 жылдар арасында советтік жаңа мектепті, сотты халық атынан қадірлеп жырлауы, ұлтшылдардан безуі және әсіресе ұлы Ленин қасиетін барынша қадыр тұтқан шын бейілмен жырлауы Көкбайдың сол кездегі ел ішінде болған бұрынғы ақындардың бәрінен озғын көрегендік танықаның дәлелдейді. Бұл сипаттары да Абай мұрасының барлығын және ұлы ұстаз ақынның өмірбаянын кейінгі нәсілге түгел жеткізіп беруші болған тарихтық еңбегімен қатар, Көкбайдың анық Абай шәкірті деуге толық татитын адам екенін баяндайды.

Біз Абай мектебінің ақындарын айтқанда, сол Абай шәкірті деген атаққа лайығы бар тағы бір топ ақындар жайын әзірше жазғамыз жоқ. Бұл қатарда алдымен аталатын Әріп ақын және Әсет сияқты әнші ақындар қатарынан шыққан, халық ақындарынан құралған бір топ әдебиет, көркемөнер қайраткерлері бар екені даусыз.

Бұл жөнде мысалы — Әріптің Көкбайға ұқсаған және одан гөрі де молырақ, таланттырақ шығармалар тудырған бағалы еңбектері бар екенін білеміз. Әріптің әсіресе, совет дәуірінде азғана жыл өмір сүріп, 1924 жыл өзі қайтыс болған кезіне шейін пролетариаттың ұлы көсемі Ленин тұрасында жазып кеткен үш шығармасының өзі-ақ қазақ әдебиет тарихында елеулі орын алып, айрықша зерттелетін ақын екендігін айқын дәлелдейді.

Бұл ақынның да сан өлеңдерінде Абай аты аталып, үлгі-өнеге осыдан тарап отыратыны. Әсіресе, Әріп жазған өлеңдердің көп мазмұны — ғылым туралы, еңбек туралы, әйел халі туралы және әсіресе елді зорлаушы жуан содырлар туралы жазылған сыншыл, сатиралық шығармалардан құралады. Осындай мұраларының бәрінде де Әріп Абайға аса жақын келіп, ой-сана жағынан да, шеберлік стиль, үлгі жағынан да ұлы ақынның реалистік дәстүріне үнемі нық сүйеіп отыратындығын сездіреді.

Ақындық ерекше үлгілері Абаймен аса жақын түйсіп отыратын тағы бір белгілі ақын Әсет болатын. Оның да Абай атын атап айтқан, өзіне соны үлгі етіп сөйлеген сөздері аз емес.

Бұл алуандас шығарманы біз әнші ақын Мұқадан да кездестіреміз. Әзірше осы соңғы аталған: Әріп, Әсет, Мұқа сияқты ақындарды Абайдың әдебиеттік айналасын зерттеп, шолуда қоса тексеріп, тану керек деген пікірді түгел қуаттаймыз. Болашақ арнаулы ғылымдық зерттеулерде бұл адамдар да Абаймен байланыстары жағынан толық тексерілуі керек деп білеміз.

Дәл осы жолғы еңбекке бұлардың кірмеуіндегі себепті ғана айтайық. Қазақ әдебиеті тарихының көлемінде тегінде Абайдың ақындық мектебі мен Абай әсерін кең көлемде зерттеу жұмысы енді басталады. Сонда тек Абайға жерлері, елдері жақын болған ақындар ғана емес, ХІХ ғасыр аяғында және ХХ ғасыр басында әдебиет майданына шыққан оқымысты, жазушы ақындардың да бірталайының шығармалары «Абай шәкірттері» деп тексерілмесе де, Абай ақындығының әсерін, ықпалын көрген ақындар шығармалары деп белгілі жақтарынан арналып тексерілуге тиіс.

Сол шақта тексеру, зерттеу нәтижелерінде, ғылымдық дәл, мол деректер талданып болған кезде, бәлкі Абай шәкірттері, Абай мектебі дейтін көлемнің өзі де кенейіп, молайып, Абай шәкірттерінің қатары да көбейе түсер.

Әзірше әдебиет зерттеу ғылымымыз сондайлық нақтылы кең зерттеулерге молыға алмай тұрған кезде, біз бұл том көлемінде «Абайдың шәкірттері» деген топты азғана сан, нақтылы кіші көлемде алып отырмыз. Тегінде әдебиеттік мектеп мағынасы тарихтық басы ашық, даусыз, деректі көлемде алу да бар. Онда «шәкірт» деп белгілі ақынның қасында, қатарында жүріп күнделік байланыс арқылы тақырып, үлгі, ұстаздық, сын-өнеге

алып жүрген ақындар тобын даусыз «мектеп» деп айтуға болғандай. Абай шәкірттерінің Абаймен жалғастық, ақындық араласы үнемі үздіксіз болған Ақылбай, Мағауия, Көкбайларды ғана бұл тексеруге айрықша бөліп атап кіргізіп отырғанымыздың себебі сол жаңағы айтылған жағдайдан туады. Бірақ бұларды әзірше «Абай шәкірттері» деп бөліп атаумен қатар, Абай шәкірттерінің жалпы қатары мен тобы тек бұлармен ғана мүлде түгелденіп тоқтайды деп айтпаймыз. Осы жайды айрықша мықтап ескертумен әзірше «Абай мектебі» жайындағы сөзді тамам етеміз.

### **1951 ЖЫЛҒЫ 27-СӘУІРДЕ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМНЫҢ ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ ЖИНАЛЫСЫҒА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН <sup>1</sup>**

... Алпыс жыл ғұмырында Абайдың өзі қалыптастырған ортасы болды дегенге шүбә келтірудің жөні бар ма? Меніңше, ондай күмәнға ешбір қисын жоқ. Әрі оның мектебі жөніндегі мәселе де қазір тым тар шеңберде қойылып келеді, ал оның өзінен соңғы барлық ақындарға және кейінгі кезеңдегі бүкіл қазақ әдебиетіне жасаған ықпалы хақында мүлдем сөз қозғалған емес. Соңғы мәселе өте кең шеңберлі ұғымды қамтиды да, ол жөнінде әлі де айта түсеміз. Ал шәкірттер жайында айтсақ, бұл анық та қанық жәйт. Сөз оның айналалысындағы адамдар туралы болып отыр: тікелей өзінің қасында жүрген және де белгілі бір дәрежеде шығармашылықпен айналысқан жандар болатын. Алайда, ұстаз деген бір мәселе де, шәкірт деген басқа нәрсе. Олар Абай дәрежесінде талантты болмаған жағдайда да (шындығында солай еді). Олар жазған шығармалар мән-мағынасы жағынан Абайдыңкінен көп төмен болсын мейлі. Тіпті, егер олар әлдебір дәрежеде Абаймен тең түсіп жатса, онда шәкірт саналмаған болар еді де, ондай жаңдардың әрқайсысы бір-бір мектеп басына айналар еді. Бірақ олар ондай дәрежеге жеткен жоқ. Содан да шәкірт болып қалды. Сіздер олардың кейбіреулерін ақын шәкірті деп санағыларыңыз келмейді, өйткені олар көп қателіктер жіберді, идеялық, саяси тұрғыдан кертартпа шығармалар тудырды дейсіздер де, сол пікірлеріңізбен Абайды қорғаймыз деп ойлайсыздар. Сөйте тұра сіздер

---

<sup>1</sup> Орысшадан аударған Ермек Өтетілеуов

Абайдың өзінің де қайшылықтары, кемшіліктері және идеялық-саяси қателіктері болғандығын естен шығарып аласыздар. Біз Абайды бір жақты зерттеуіміз керек, қайта оның өзінің кемшіліктерінің бетін ашып, талдауға тиістіміз. Маркске дейінгі дүниетаным ойшылдары — барлық ақындар сияқты Абай да қоғам өмірін өзгертуде негізгі және шешуші факторы болып рухани тәрбие бастауы саналады деп есептеген, Абайдың діни де өзіндік, басқа да қателіктері болған.

Оның шәкірттерінің де үлкен кемшіліктері кездеседі. Алайда, Көкбай тек Кенесары туралы ғана жазып қойған жоқ...

Жолдастар, жазушылар, зерттеушілер, сіздер Көкбайдың қандай шығармалар жазғанын білмейсіздер ғой. Ал ол болса, Абайдың өзі оған арнап төрт өлең жазғанын әрі шәкірті санағанын есептемегенде, қоғам өмірінің көптесен тақырыбына байланысты қалам тербеген. Абай өлеңдерінің тақырыбына орай оның тағы бір шәкірті — Әріп. Ол да Абайшылап еңбек, әйел тағдыры, орыс мәдениеті тақырыптарын қозғаған. Көкбай да, Әріп те кейін контрреволюцияшыл ұлтшыл Дулатовты айыптайтын өлеңдер жазды, ал одан соң, ең маңыздысы, Әріп В. И. Ленин туралы бірнеше өлең мен дастан шығарады. Ал Әріп 1924 ж. маусымда қайтыс болған. Сондай-ақ Көкбай да 1923 ж. өзінің Ленин туралы соңғы өлеңін жазады, ал одан соң 1923 ж. ауыр науқастанады. Содан, қатты ауырып жүріп, 1926 ж. қайтыс болады.

Бүгіндері: «Абайдың шәкірті Мағауия Шәмил туралы жазған» деген бір сөзден төбе шашың тік тұрады. Дей тұрғанмен, осы бір жалғыз жалаңаш фактіні еске алғаннан басқа, қосымша ештеңе жазылған жоқ, оның үстіне бұл дастан баяғыда қолды болған-ды, ізі де қалмаған. Ал сонау тоқсаныншы жылдары және кейін де көптеген адамдар Шәмил туралы қалам тартқан, сол кездері Лев Толстой да жазған.

Міне, содан да, тоқсаныншы жылдары Көкбай Кенесары туралы немесе Мағауия Шәмил жайында жазды екен деп, соны сылтау етіп, оларды мүлдем тізімнен өшіріп, сызып тастауға бола ма, қажет пе сол, оның бержағында Абай мектебі деген мәселені толығымен жоққа шығарған жөн бе?

... Осы айтылғандардың негізінде мен былай деп ойлаймын, Абай мектебі жөніндегі мәселені жан-жақты ойластырып және де оны Кенесары хақындағы сауал-

дармен ешқандай да біріктірмей шешу керек. Бұл мәселені біз, кең талқылай отырып, шығармалармен танысып, кімді шәкірт санаймыз, кімді оған қоспаймыз дегенге жауапкершілікпен қарап барып, шешуге тиістіміз. Әлбетте, сөйте тұра, Абайды қоршаған бұл адамдар ішінде өте жағымсыз жандар болғанын да естеп шығармау керек. Алайда бұл мәселелердің бәрін де Кенесары қозғалысына байланысты жағдаяттарға жанастырмай, бәрін бір жерге үйіп-төкпей, жан-жақты және арнайы талқылау қажет.

### **АБАЙ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ ІСІНДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕР МЕН КЕМІСТІКТЕР**

Ұлы социалистік революция, халықтардың лениндік қайта өрлеу дәуірі біздің әдебиеттану ғылымының қалыптасып, өркендеу жолында шешуші рөл атқарды. Оның гүлденуі мен өткен кезеңнің ғылыми ой-пікірінен сапалық айырмашылықтары Абайдың ақындық мұрасын ауқымды, жоспарлы зерттеулер фактілерінен, Абайдың шығармашылық қызметі мен жеке басын Қазақстанда ғана емес, бүкіл Совет Одағында және одан да шалғай жерлерде кең таныстыру фактілерінен айқын көрінеді.

1909 жылы Кәкітай Ысқаков алғаш рет Абайдың таңдамалы шығармаларын бастырып шығартты. Бұл басылым ақын өлеңдерінің үштен екі бөлігін қамтыды да, ғылыми жүйелілігі болмады. Кәкітайдың шағын алғы сөзінде Абайдың өмірбаянынан қысқаша деректер мен оның шығармашылығы мен көзқарастары хақында тым жалпылама ескертпелер орын алды. Одан кейінгі екі басылым — Ташкент пен Қазан баспалары Кәкітай кітабын қайталады.

Бұрынғы Қазақстанда Абайды зерттеу жұмыстарының жемісі осы болатын.

Ал бүгінгі күндері ше?

Тек қана Н. Сәбитовтың арнайы библиографиялық көрсеткіш шығару фактісі ғана Абайға деген кең салалы ғылыми ықыластың көрінісі болып табылады. Абай туралы библиографиялық тізімнің бір өзі Абай шығармаларының стилі мен тілінің, идеялық мазмұнының түрлі-түрлі мәселелерін, оның шығармашылық өмірбаяны мен басқа да көптеген жәйттерді зерттеген еңбектер тіркелген толық бір кітап құрайды. Алайда бұл сан

салалы көрсеткіш те Абай туралы жазылғандардың барлығын түгесе қамтымаған. Соңғы жылдары біздің советтік бауырлас халықтардың қалың топтары арасына да Абайға деген ықыластың артуына байланысты ол туралы Советтер Одағының сүйікті классиктерінің бірі ретінде қазақ және орыс жазушылары мен басқа да туысқан халықтардың ғалымдары зерттеуде, тарихшылар, педагогтар, психологтар, журналистер қалам тартуда. Оның есімі, оның шығармашылығы программаларға, оқулықтарға, хрестоматияларға енгізілген. Ол туралы композиторлар, театр коллективтері, кино қайраткерлері өнер туындыларын жасауда. Совет жұртшылығын Абаймен таныстыруда мерзімді баспасөз үлкен рөл атқарды. Күн сайын дерлік әсіресе 1940 және 1945 жылдары мерейтой күндері Абай туралы республикалық «Қазақстанская правда», «Социалистік Қазақстан», облыстық газеттер және көптеген баспасөз органдары кеңінен жазды. Абай жөнінде арнайы жазылған статъялар орталық мерзімді баспасөз беттерінде «Правда» мен «Литературная газетада», «Знамяда», «Новый мирде» және «Звездада», «Октябрьде», «Дружба народовта» жарияланды. Аталған мерзімді органдардың кейбіреулерінің беттерінде жарияланған жазушылардың мақалаларына қоса Қазақстанның көрнекті партия және үкімет басшыларының сөздерінің зор маңызы болды.

Жалпы сипаттағы үлкен еңбектің нәтижесінде... Абай совет халықтарының клиссигіне айналды. Ол туралы Москваың және басқа қалалардың кітапханаларында көптеген оқырмандар конференцияларында сөз болып жүр, ол жөнінде мектеп оқушылары шығармалар жазады, Қазақстанның ғана жоғары оқу орындарының емес, Москва, Ленинград, Баку сияқты өзге қалалар вуздарының студенттері де ол лақында диплом жұмыстарын орындап жүр.

Сонда көптеген қайраткерлердің ұжымды еңбектерінің қорытындысында Абай қалай қабылданып, қалай бағаланды? Одақтағы барлық халықтардың советтік ұрпақтары Абайды халықтың адал ұлы әрі данышпан аялыны ретінде, қазақ пен ұлы орыс халықтары арасындағы достықты (болжағыш), қараңғылыққа, халық نادандылығына, дала шонжарларының озбырлығына, өз тұсындағы қазақ қоғамының әлеуметтік басшыларына қарсы күресуші ретіне және қазақ халқын бірден-бір дұрыс та барлығын жан-жақты қамти алатын ұлы орыс әдебиетіне тездетіп жақындастыру негізінде ауқымды



білім беру үшін табанды күрескер деп түсініп, қабылдады.

Жалпы қорытып, осылай анық та терең, көптеген болымды құбылыстарымен жас қазақ әдебиеттану саласын құраған Абайтанудың жағымды нәтижелері қысқаша айтқанда, осындай.

Алайда бізге, абайтанушыларға, бұл жетістіктерді місе тұтуға бола ма? Біз замандастарымыздың Абай жөнінде толық та жан-жақты, жеткілікті түсінік алуы үшін барлығын жасап болдық па?

Менің ойлауымша әлі жасап болған жоқпыз. Партия мен қоғам бізден Абай мұрасын большевиктік партиялық тұрғыдан жүргізілген тарихи нақты зерттеуді талап етеді.

Сондықтан да бұл біздің пікір алысуымыз аса қажет те дер кезінде өткізіліп отыр. Ғылым атаулының негізі — марксизм-ленинизмді басшылыққа ала отырып, принципті, жолдастық пікір таласында біз Абай мұрасымен жұмыс істеудің жолдары мен әдістері туралы мәселелердің жалпыға бірдей дұрыс шешіміне келеміз.

Маған бұл пікірталаста нақтылықтың, көрегенділіктің және жоғары принципшілдіктің қажеттілігі абайтанудың проблемалық мәселелерін арнайы карауды міндеттейтіндей көрінеді, оның үстіне осыған дейін жазылғандарды аз уақыт ішінде терең талдау мүмкін емес, ал барлық жұмыстардағы көбіне типтік сипатты болып келетін жалпылама қателіктерді құр тізіп шығу — бізге қажетті сын, қоғамымыздың даму заңдылығы ретінде Жданов жолдас айтқан сын емес мүлдем.

Абайтанудың проблемалық мәселелері ретінде мен мыналарды атау жөн ғой деп ойлаймын:

1. Абай мұрасына байланысты жәдігертану және текстологиялық редакция жұмыстары мәселесі.
2. Абайдың ғылыми өмірбаян мәселесі.
3. Абай шығармаларының халықтылығы.
4. Абай шығармашылығының орыс әдебиетіне қатысты проблемасы.
5. Абай шығармашылығының Шығысқа қатысты проблемасы.
6. Абай айналасындағылар мен оның әдеби ортасы туралы.
7. XX ғасыр басындағы қазақ демократиялық әдебиетіндегі Абай дәстүрі мәселесі.
8. Қазақ совет әдебиетіндегі Абай дәстүрінің жайлары.

Осы аталған мәселелердің әрқайсына жекелеп тоқталуды хал-қадірімше мойныма алып көрейін.

Жәдігертану проблемасы сол жәдігерлердің ерекше сыйпатына — олардың ауызша және қолжазба дәрежесіне байланысты тым қиындай түседі.

Абай өз өлеңдерін ешқайда жарияламаған десе де болады, оның жеке архиві сақталмаған, қолтаңбасы сирек кездеседі.

Зерттеушінің қолына жәдігерлер ретінде Мүрсейіт-тің қолжазбасы түскен, ал онда Абайдың өлеңдерінен басқа Алтынсариннің, Мағауияның, Ақылбайдың текстері бар еді — оның қолжазбасынан алған Дайрабай, Самарбай, Хасеннің тізімдері және Абайдың аузынан айтылған өлеңдерді жаттап алып, жұртқа ауызша таратушылар Кәкітай, Көкбай және басқалардың жазбалары болатын. ХІХ және ХХ ғасырдың басындағы бүкіл қазақ әдебиетіне тән текстің ауызша және қолжазба қалпында таралуына орай қалыптасқан жәдігерлер жағдаяты осындай еді.

Жәдігерлердің мұндай ретіне байланысты жекелеген өлеңдер мен өлең жолдарына келгенде кейбір күдіктердің тууы заңды құбылыс. Алайда бұл күдіктер, кейінірек сөз болатын Ж. Нұрышевтің статьясында орын алғандай, бүкіл бір дәуірге, шығармашылық белестерге қатысты бола алмайды. Бүтіндей алғанда Абай текстерінің дұрыстығына келтірілген көптеген күдіктер сол текстің ауызша және қолжазба нұсқаларының барлық жиынтығын текстологиялық талдау жолымен жоққа шығарылады, ал бұл жағдайда текстологиялық талдаудың негізі болып Абайдың ақындық тілі мен шығармашылық әдісінің өзіндік ерекшелігі сапалады. Абайтануда стилистикалық саралаудың шығарманың жалпы идеологиялық және көркемдік жүйесінен формальды түрде жырақтанудың орын алуы текстологиялық талдаудың тереңдігін төмендеткен еді. Біздің міндет — оны тиісті ғылыми методологиялық дәрежеге көтеру. Сонымен қоса белгілі бір текстің әр нұсқада әртүрлі оқылуын зерттеу ісін және аударма өлеңдерді Абайдың орыс ақындарына еліктеп жазған дүңшелерден ажырату жұмысын айқындай түсу қажет.

Сонымен, менің ойымша, еске алынған тарихи ерекшеліктерінің себебіне байланысты жәдігерлерді түгелдей жоққа шығармай және үндемей де қалмай, толымды текстологиялық талдауға сүйене отырып, олардың

белгілі болған уақытын анықтап, Абайдың шығармашылығын зерттеуде пайдалану керек.

## 2. Абайдың ғылми өмірбаян проблемасы.

Абайдың өмірбаяншылары Кәкітай, ал кейінірек мен болдым. Өз басым Абай өмірбаянының төрт нұсқасын жаздым: біріншісі — Абай шығармаларының 1933 жылғы басылымы үшін, екіншісі — 1940 жылғы басылымға орай; үшіншісі, әлі жарық көрмеген нұсқа, 1945 жылы жазылды; ақыр соңында қазір өзім екінші рет редакциялап жұмыс жасап жатқан төртінші нұсқасы 1950 жылы құрастырылды. Бұл нұсқаны мен «Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томына дайындаудамын. Басқадай, барлық мәселелердегі сияқты, мен бұл салада да біздің осы пікір алысуымыз өзінің онды нәтижесін беретін пайдалы да маңызды, атаулы іске жарататынымды айта кетуім керек.

Бұрынырақ жазылып, жарияланған өмірбаяндарды бағалай келіп, мен олардың төрт аяғы тең деуден мүлдем аулақпын. Қайта оларда, менің өткен жылдардағы статьяларымдағыдай (мысалы 1934 жылғы мақаладағыдай) бірталай елеулі қателіктер болды. Ең алдымен, өмірбаянның алғашқы екі нұсқасындағы фактілерді іріктеу принципін өзін қабылдауға болмайды деп есептеймін. Хаттардың, күнделіктердің, мемуарлардың жоқтығына байланысты мен тек ауызша сұхбат деректеріне сүйендім, бұдан біраз кейінірек Қиреевтің қолына түскен архив материалдарын да пайдалана алмадым. Жиналған ауызекі жәдігерлерге сын көзбен қарамаушылық өмірбаян текстерінде орын тепкен: біріншіден, оларда феодалдық-рулық ауыл тұрмысының фактілері тым артық үйіп-төгілген; екіншіден, Абайға, әйтеуір, бір себеппен жанасып кеткен, бірақ Абайдың өмірлік және шығармашылық жолын түсіну үшін қажеті жоқ және совет адамдарына керегі шамалы жандар есімдері аталған... Абайды идеялық-көркемдік, тарихи маңызы жағынан жаңа поэзияны жасаушы, жаңа поэтикалық түрлер мен жанрлар тудырушы ретінде оның өсу, өрлеу жолдарын айқындайтын шығармашылық өмірбаяны жеткілікті дәрежеде талданбаған.

Бұл қателіктердің негізі-абайтануда бой бермей келе жатқан методология бойынша, қабылданбайтын тәсіл — Абайдың өмірлік және шығармашылық жолын, 1868 жылдағы жағдайды еске ала отырып, реформа тұсындағы қазақ шаруаларының тағдырынан (тарихи

болашақтың несі болатын, материалдық байлықты жасаушылардың тағдырынан) бөліп қараушылық болды.

Абайдың өмірбаянын өмірбаяншылық тар шеңберден шығарып алуымыз қажет. Оның өмірлік және шығармашылық жолы реформа кезеңіндегі болмыстың нақты жағдайларына байланысты қалыптасқан-ды. Бұл жағдайлар өмірге жазушының жаңа үлгісін әкелді. Алтынсарин, Абай сондай жазушылар қатарында. Отар тұмысынан біте қайнасқан феодалдық ортадан қол үзіп, еңбекші шаруа жағына шықты да, оның жана, бұған дейін айтылмай келген ойларын, тарихи-әлеуметтік ұмтылысын және оның өткен заман қоғамының сіресіп бекіген негіздері мен феодалдық-рулық, үстемдік етуші ортаның барлық консервативті және реакцияшыл кертартпа идеологтарына деген қарсылығын білдіруші болды.

Патшалық құрылыстың отарлаушы саясаты реформа кезіндегі қазақ шаруаларының әділетті наразылығын тудызған еді, алайда, сөйте тұра, өзінің саяси мешеулігі мен қараңғылығына қарай бұл шаруа жарым-жартылай, әлі де ұйымдаспаған стихиялы түрде, жеткіліксіз, болымсыз санамен орыс шаруаларынан үлгі ала отырып, шаруашылық пен тұрмыстың тәуір түрлеріне ұмтыла бастаған еді.

Алайда қоғамдағы алдыңғы қатарлы күштердің самодержавиенің реакцияшыл лагерімен күрес процесі, «мәдени күштердің өсіп-нығаюы, қалай болғанда да, қаналған ұлттардың ең саналы деген элементтеріне басқа Россияны — қалың бұқара халықтың білімін дамытуға себін тигізетін мейірбан, бостандық сүйгіш, қанаушы емес, мәдениетті, талантты Россияны көре білуге мүмкіндік берді» (Калинин).

Абайдың өмірлік жолы, оның идеялық және шығармашылық дамуы осы процестермен қазақ шаруаларының тағдыр-талайы қаншалықты анықталып қойған болса, соншалықты болжанған еді. Қазақ даласында 1890—1900-жылдар басында өндіріс пен фабрика-завод пролетариатының болмауы себепті, шағай елді-мекендердің орталықтан шет қалып, томаға-тұйық тіршілік етуіне және қазақ шаруаларына тән жалтақтыққа байланысты Абай ұлғайып келе жатқан революциялық жұмысшы қозғалысынан сырт қалды. Өзі өмір сүрген орта жағдайларының тарихи шектелуіне қарай, Абай «ортақ біріккен күрестің» жақтаушысы, яғни «баяғыда-ақ бүкілроссиялық дәрежеде ойлайтын адам» бола алмады.

Оның демократизмі, Абайдың дүниеге көзқарасы сияқты, негізінде шаруалардың озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсылығы жатқан орыстың шаруашыл революцияшыл демократтарының демократизмі деңгейіне ғана көтерілген-ді.

3. Абай шығармашылығының халықтығы проблемасы.

Өткен жылдар еңбектерінде бұл мәселенің дұрыс шешілуіне қазақ әдебиетінің даму процесін біртұтас сала ретінде қарастырған мейлінше қате көзқарас бөлет болды. Біртұтас сала теориясы бағытында жазылған жұмыстарда Абай өзінің өмірі мен шығармашылығын тығыз байланыстырған ортадан, реформа тұсындағы шаруалардан бөлініп алынған. Көптеген мақалаларда оның халықтықтығы ақынның нақты бір тарихи белгілерден, қарама-қайшылықтардан, наным-сенімдерден жұрдай қайсыбір дәріптелген абстракцияларға сүйіспеншілігі ретінде жеңіл суреттелген-ді, яғни, шынтуайтында, марксизмнің «еңбекші бұқараның тарихын халықтар тарихын» (ВКП(б) тарихы, 1945, 116-бет) ескеру қажеттілігі туралы негізгі заңдылығы еленбеді, ескерілмеді.

Жазушы өз заманымен тығыз байланысты, оның халықтығы—тарихи және дамып отыратын категория. Бұның солай екені Чернышевскийге, Герценге және Толстойға берілген лениндік бағаларда ешбір күмән тудырмайтын дәлелдермен және тереңдікпен ашып көрсетілген.

(Осы) методологияны ұстана отырып... Абайдың халықтық мәселесін шешу үшін мыналар қажет: біріншіден, Абайдың халықтығын, егер ол мәселе әсіресе оның шығармашылық жолының басында феодалдық нанымдар мен дәстүрлерге байланысты әлеуметтік шиеленіскен түрде көрінген жағдайда да, қарастырудан қашпау керек. Әрбір ұлттық мәдениеттегі (екі) мәдениет хақындағы лениндік ілімді еске ала отырып, Абайдың шығармашылығындағы қайшылықтардың мән-мазмұнын дұрыс ашып көрсету қажет, бұл арада олар феодалдық ортаның нанымдары арасындағы қайшылықтар, бұқара халықтың «көзқарас көкжиегі» болуы мүмкіндігін және ескі мен жаңаның, демократиялық пен шаруалардың өзінің сана-сезіміне үстем таптың сіндірген қайшылықтары да бола алатындығын ұмытпау керек.

Екіншіден, Абайдың халықтығы реформалық дәуір мен көп жылдық тарихтың қайшылықтарына байланыс-

ты ашып көрсетілуі тиіс. Ол тарих — қазақ шаруаларының рулық-феодалдық қанауда болған тарихы, Абай сол феодалдық ортадан алшақтаған сайын, оның шығармашылығында шаруалар көзқарасы тереңдей ашыла түседі.

Үшіншіден, Абай өз творчествосында шаруалардың (бұқара халық үшін) өз дәуіріндегі аса маңызды мәселелеріне көзқарасын көрсете білгенін айқындау керек. Ол мәселелер: кедей шаруаның азып-тозуы мен жатақтар жағдайы, бұқара халықтың қараңғылығы, еңбекші мен кедей шаруаны дала шонжарларының өздерінің жабайы заңдары бойынша барынша қанауы, салықтар, сайлаулар, болыстық молдалар, әкімдер іс-әрекеттері және де халықты толғандырған әрі олардың көкейкесті ойларына айналған көптеген алуан түрлі мәселелер. Абай бай-манаптың, болыстың, уезд әкімінің, атқамінердің, молданың жекеменшікшілдік мәнін көрсете отырып, реформа кезіндегі қазақ шаруаларының тарихи-элеуметтік тәжірибесін шынайы бейнеледі. Осының бәрі оның шығармашылығын — «еңбекші бұқара тарихының» фактісіне халықтық қоғам ойының фактісіне айналдырды.

Төртіншіден, Абайдың халықтығы туралы айтқанда реформа тұсындағы шаруалар ойының тарихи жұтандығы мен феодалдық ортаның айқын түсініктерінен жиренген ақынның көзқарасына себепкер белгілі шеңберді назардан тыс қалдырмау керек. Сонымен, ақыры, бесіншіден, Абайдың халықтығы деген ұғымды оның шығармашылығының идеялық жағымен ғана шектеуге болмайды... Абайдың қаналушы таптармен араласуын тіл арқылы, Абайдың шығармашылығына тән оның жалпыхалықтық ауызша тілімен жақындасуы арқылы, өзінің поэтикалық тілінің бұқараның ауыз-екі тіліне әсер етуі арқылы таныту қажет.

Абай творчествосының орыс әдебиетіне қарым-қатынасы мәселелері. Бұл мәселе абайтанудағы өте-мөте зерттелген сала екендігіне қарамастан, осы ретте біз тындырған жұмыстар соншалықты жеткілікті деп ойламаймыз. Қолда бар еңбектердегі ортақ кемшілік — Абайдың орыс әдебиетіне деген қарым-қатынасы туралы мәселенің тар шеңберде қойылуы. Зерттеушілердің назары, негізінен, Абайдың Крыловтан, Пушкиннен және Лермонтовтан жасаған аудармаларына жұмылдырылған, осы күнге дейін Абайдың Герценге, Некрасовқа, Салтыков-Щедринге деген қатысы туралы мәселе ше-

шілмей келеді, Абайдың орыстың революцияшыл-демократтарына көзқарасы жөніндегі мәселе тіптен болмашы мөлшерде ғана зерттелген.

Одан әрі Абайдың орыс әдебиетіне деген бар әрекет-ісі Абайдың орыстың рухани мәдениетіне, философиясына, эстетикасына, публицистикасына және білім мен өнердің басқа салаларына көзқарасына байланысты мәселелерден бөлек зерттеліп келді.

Ең ақырында, Абайдың орыс әдебиетіне қатысы көбіне-көп идеялық тұрғыда айқындалды. Абайдың орыс әдебиетімен қатынаста болуынан туындаған жаңаша көркемдік түрлер мен жанрлар жасалғаны туралы мәселелер мансұқ етілді.

Бұл жөніндегі біздің міндеттер қай тарапта болуы керек?

Меніңше, алғашқы қатарда ең бір принциптік методологиялық міндет болып Абайдың орыс әдебиетіне деген көзқарасын оның даму барысында қарастырған жөн. Абай орыс әдебиетінің озық дәстүрлерін 20 жыл бойы творчестволық жолмен қабылдап келген. Оны менгеруде Абайдың өзіндік жолы болды... Пушкин мен Лермонтовтың сыншыл реализмінен Некрасов пен Салтыковтың сыншыл реализміне қарай. Біз осы жолдың кезеңдерін, олардың бір-бірінен саналық айырмашылықтарын және өзара қалыптасқан бірізділігін сол жнырма жыл бойғы орыс пен қазақ халықтары асарындағы қарым-қатынастар әрі байланыстарының қалай орнағанымен табиғи араласуға қатыстыра отырып, белгілеуге міндеттіміз.

Екінші, тағы бір маңызды методологиялық міндет Абайдың орыс әдебиетіне қатынасын орыс әдебиетін қоғамдық сана-сезімнің басқа түрлерінен ажыратпай және Абайдың орыстың алдыңғы қатарлы демократтық мәдениетінен жинап алған барлық байлығын жұтаңдатпай бүкіл болмыс (және) объективті түрде орныққан байланыста қарастыру болып табылмақ. Ақыр соңында, үшінші міндет ретінде Абайдың орыс мәдениеті және әдебиетімен қатынасын іске асырған барлық жолдарды анықтау — мақсұт. Сонымен бірге ешуақытта да халықшылдық, ал кейін әсер Долгополовтың және асқан оңшылға айналған Михаэлистің рөлін асыра көтермей де әрі оларды тізімнен шығарып тастауға да, яғни тарихты жақсартуға болмайды дегім келеді. Оларды соншалық шаруа демократтары етіп әсірелемей, өздерінің белгілі бір дәрежеде, бірақ ешқандай да шешуші маңызы бол-

маған деңгейде, орыс мектебінің жүйелі білімінен бей-хабар Абайға аса қажет болған және алғашқы уақытта ол құлай берілген өз бетімен білім алу, орыстың аса көрнекті қайраткерлерінің мұрасын дұрыс игеру... кітаптар тандау туралы кеңестерін көрсету керек.

Бесінші проблема — Абай творчествосының Шығысқа қатысты мәселесі — ең аз зерттелген салалардың бірі болып саналады.

Өткен жылдарда жазылған жұмыстарда Абайдың араб-парсы әдебиетімен байланысы туралы сараланбаған қате түсінік кең өріс алды, ондай пікірлер менің, Мұқанов, Жұмалиев жолдастардың, әсіресе оның докторлық диссертациясында және басқа авторлардың тарапынан Абайдың нақты шығармашылық кезеңдерін қарамай-ақ айтылып жүрді. Мұндай көзқарас айыпталып, қабылданбау керек, өйткені ол Абай мен Шығыстың арасында шын мәнінде болған байланыстарды бұрмалап, теріс көрсетеді. Абай араб тілі мен әдебиетін Науан, Низами немесе Физули дәрежесінде білмеген, сондықтан да арабтың Идтанабби, Әбул-аля Мағри сияқты т. б. ақындарын тікелей оқи алмады.

Сондай-ақ араб философтары да оған бейтаныс, белгісіз болып қала берді. Рас, ол араб тілінде исламның қағидалық әдебиетін оқи білді, бірақ ислам ерекше араб діні болмады, ол да феодализмнің өзге діндері тәріздес — мысалы христиан діні, космополиттік дін еді.

Сонымен, Абайдың араб әдебиетімен тікелей байланысы белгіленбейді.

Абайдың ирандық қарым-қатынастарына келсек, мұнда біз қазақстандық әдебиетшілер шығыстанушы ғалымдар және басқа республикалардың ғылыми қызметкерлерімен бірге ескілікті космополиттік теорияның тұтқынында қалдық. Абайдың ирандық байланыстары деп қабылданған нәрселер шынтуайтында оның тәжік, өзбек, әзербайжан классиктерімен, яғни, бүкіл совет елі мойындаған классиктер, Совет Шығысының қарт классиктерімен болған қарым-қатынасы ретінде түсініліп және бағалануы керек.

Демек, араб-парсы байланыстары деген термин Октябрге дейінгі — «академиялық» шығысзерттеудің ескілікті және қолдануға жарамайтын қалдығы ретінде біздің ғылыми тұрмыстан шығарып тасталуы керек.

Абай творчествосының Шығысқа деген қарым-қатынасы жөніндегі мәселені шешуде, менің ойымша, мынадай міндеттер түр.



Абайдың Науаи, Низами, Физулиге көзқарасын Қожа Ахмет Иасауидың «Хикметі» тәрізді мистикалық-суфистік әдебиетіне деген қатынасынан қапысыз дәлмедәл ажыратып алу қажет. Алдыңғы аталғандар Абайдың зердесін өздерінің жоғары дәрежелі шеберлігімен, өмірге деген гуманистік көзқарасымен және өздерінің эстетикалық пікірлерімен баураса, Абай өз тұтастары Шортанбай, Мұрат, Әбубәкірден айырмашылығы, суфизмге тән жер бетіндегі тірлікті мистикалықпен жоққа шығаруды, оның ішінде қоғамдық өмірді місе тұтпай және оны қайта құру үшін күресті мансұқ етуін қабылдамайды.

Бұл арада Абайдың осындай Шығысқа көзқарасы оның шығармашылық жолының алғашқы кезеңдерінде әртүрлі болғанын естен шығармау керек. Жастық шағында ол балалық еліктеуден бастаса, кейінірек олардың дәстүрлерін творчестволықпен қабылдады. «Ескендір» дастанына Аристотельдің бейнесін кіргізіп, ал Ескендірдің өзін жаулап алушы ретінде әшкерелеуін еске алсақ та жетіп жатыр. Өз уақытында Шота Руставелидің шартты түрде араб аңыздарының ертегілерінің кейіпкерлері деп алған Тарнелъ, Нестан Даризжан, Автандил бейнелерінде өз тұсындағы грузин қоғамының этикалық нормаларын білдіргеніндей, Абай Масғұт бейнесінде өзінің ойлары мен қасірет-қайғысының белгілі бөлшегін айтып берді.

Әрі қарай Абайдың Науаиға, Низамиға және Физулиге көзқарасын зерттеуді тарихи принципке орай, бұл қарым-қатынастардағы негізгі екі кезеңді: Шығыстың классиктеріне жас шағында еліктеу кезеңін (1860—1865), Абайдың есейген шағындағы шығармашылық кезеңін (1886—1890) — ажырата отырып, құру керек...

Екінші методологиялық үлкен қателік, бірыңғайлық теориясынан туындаған кемшілік — Абай айналасындағы ақындардың шығармашылығының әлеуметтік негізіне жеткіліксіз сын көзімен қараушылық және дифференциалданбаған тәсіл қолданушылық болды. «Абай мектебі» ұғымының кең түрде түсінілуіне қарай, оған ұлы ақынға идеялық жағынан жат, Абайдың қастастары қосылып кетті... ақынның әдеби ортасын құрамағандықтан, оларды Абай бұтағынан кесіп тастау керек.

Мен бұрыннан «Абай мектебіне» жатқызылып келген барлық ақындардың әлеуметтік көзқарасына берілген бағаларымызды қайта қарау керек деп есептеймін, себебі, тарихи шындықты ұстана отырып, Абайдың айна-

ласына жатуға тиістілері өздерінің әділ, дұрыс бағаларын алуы керек, ол пікірлерде, бұрын кейбір жолдас-тардың жұмыстарында байқалғандай, большевикшіл партиялылық болмысты шынайылықпен көрсетуден ажырамайтын қағида болғаны жөн.

Мен Абай айналасындағы ақындар мәселесін олардың шығармашылық жалпы тарихи жүйелілікпен жасалған зерттеулер арқылы және прогресшілерінің арасындағы (айырмашылықтарды) орнату жолымен шешу керек деп ойлаймын, яғни, олардың шығармашылығында Абайдың феодалдық-рулық идеологияға деген, еңбекке деген, әйелдер мәселесіне және шаруаларды байлар үстемдігінен қорғау санасына деген көзқарас дәстүрлері байқалған жағдай және де олардың реакцияшыл ойлары арасындағы айырмашылықтар (дінге сенушілік, өткенді көксеушілік) ол ақындардың Абай дәстүрлерін алға апарды ма, жоқ әлде одан аулақ кетті ме, немесе оған қарама-қарсы тұрды ма деген сұрақтардың басын ашып, бекітуге мүмкіншілік бермек.

Бұл арада олардың таптық тегі мен әлеуметтік жағдайын ғана (жалғыз) ескеру аз — бұл деген тұрпайы социологизм және марксизм-ленинизмнің методологиялық принциптеріне қайшы болар еді.

Лев Толстой тумысында және әлеуметтік жағдайы бойынша граф, дворянин, помещик болған, ал В. И. Ленин оны реформа кезіндегі шаруалардың мүддесін білдіруші ретінде бағалады. Мен ең алдымен бұл ақындар мен әншілердің әрқайсысына тән «көзқарас көкжиегін» ескеру қажет деп жорамалдаймын. Еңбек туралы орыс мәдениетіне деген, патшалықтың отарлық аппаратына деген қатыстар жөнінде, әйелдер, жер мәселелері, отырықшылық, білім сияқты өз заманындағы бұқара халық үшін аса маңызды мәселелер жөнінде олар қаншалықты халықтық көзқараста тұрды және бұл мәселелерде Абайға жақын болғанына қарай орыстың алдыңғы қатарлы демократияшыл және революцияшыл ойына тікелей қаншалықты берілді, және орыстың поэтикалық мәдениетін қаншалықты тере алды.

Мен большевиктік партиялылық, маркстік-лениндік принципті кең қолдана отырып, біз ынтымықтас бірлескен күшпен бұл мәселені дұрыс шеше алатынымызға сенемін...

XX ғасыр басындағы қазақтың демократиялық әдебиетіндегі Абай дәстүрлерінің проблемасы — Абай мұрасын зерттеушілер үшін тың тақырып.

Бұл саладағы ең бірінші міндет болып Абай және ХХ ғасыр басындағы қазақтың демократ ақындары Дөнентаев, Торайғыров, Сералиндер арасындағы бір ізділікті, әсіресе — орыс әдебиеті мен мәдәниетіне деген Абайдың және әлгі ақындардың көзқарастарының бір жолдылығын орнату саналады.

Тарихи жаңа жағдайларда — революциялардың ішіндегі ең ұлысын дайындау дәуірінде — олар Абайдың орыстың революциялық демократиясының озық ойларынан және орыс классиктерінің сыни релизiмiнен алғанын қаншалықты дәрежеде қабылдап, қаншалықты дамытты, Абайдың iзiмен олар өз заманының озық ой-пiкiрлерiн қаншалықты ұстанды, қай дәрежеде сол ойларды толық бейнелеуде жаңа түр жасаушылар бола алды.

Ең ақырында, талқылауға ұсынылып отырған мәселелердің соңғысы — Абай дәстүрінің қазақ совет әдебиетіндегі проблемасы. Бұл да абайтанудағы тағы біртүр тақырып.

Біздің алдымызда жаңа міндет тұр — Абай мұрасы мен қазақ совет әдебиеті арасындағы бір ізділікті орнату міндеті тұр. Бұл арада қазақ совет әдебиетінің таңдаулы шығармалары жазылған социалистік реализм әдістері мен Абайдың сыншыл реализмі арасындағы қарым-қатынастарды таба білудің зор маңызы бар.

Біздің ақын-жазушыларымыздың Абайдан алған демократтық элементтерді саралай келіп, қазақ совет әдебиетінің Абайдың көркемдік түрлеріне және оның ақындық тіліне деген қарым-қатынасына ерскше көңіл бөлу керек...

Абай шығармаларында орын алған әлеуметтік-саяси идеялар өздері туындаған базисімен бірге ескірді. Алайда ол шығармалардың өздері мен Абайдың көркем бейнелері онда суреттелген дәуірмен бірге біз үшін жоғалған жоқ. Олардың ықпалды күші Абайдың өз заманындағы халық өмірін шегіне жеткен көркемдік түрде көрсетуімен түсіндіріледі.

Сонымен, базис пен кондырма туралы ілімді... басшылыққа ала отырып, абайдың қоғамдық-саяси, этикалық, эстетикалық көзқарастарын совет жазушыларынан іздеп жатудың қажеті жоқ. Алайда, сонымен бірге социалистік қоғамның талаптары мен тілектеріне сәйкес совет жазушысы Абайға тән отаншылдықты, озбырлыққа қарсы өшпенділікті олар социалистік рухани мәде-

ниет негізінде адам көңілінде гүлдеп, дәуірімізге лайықты болуы үшін дамытуына болады.

Қорыта келе, біздің абайтануымыз — ғылыми танымның жас саласы, ол бүкіл совет ғылымы сияқты тоқырауға төзе алмайды. ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулысын басшылыққа ала отырып, біз жолдастық ғылыми пікір алысуда абайтанудың мәселелерін қаншалықты кең ауқымда, жан-жақты және принципті түрде талқыласақ, оған қатысушы әрбір адам соншалықты мол әсер алады, пікір таластың оңды нәтижелері соншалықты маңызды болады, (біз, бүкіл) Қазақстан әдебиетшілерінің ұмыжы партия мен халық алдындағы ғылыми қызметтерінің парызын соғұрлым тезірек орындап шығады.

### **АБАЙТАНУ {лекция}**

Абайдың дәуірі. Абай дүниеге келер алдындағы халді еске алатын болсақ, ол — қазақ халқының бостандық күресі бәсеңдеген кез, Абайға шейінгі болған көтерілісте ерсілік өте күшті болды. Үстем тап пен бұқараның арасындағы қайшылық айтарлықтай күшейе түсті. Бірақ XVIII ғасырдың аяғында үстем тап пен бұқараның арасындағы қайшылық барған сайын шиеленісіп, орыс бұқарасы мен қазақ халқының арасында қарым-қатынас басталды.

Абай туған кезде Ресейдің өсуі ойдағыдай емес еді. Ресей орыс шаруаларын қанаумен бірге бұратана елді де езіп отырды. Бұратана елдің бірі-қазақ халқы да саяси, шаруашылық жағынан тығырыққа тірелді. Осы жағдаймен сәйкес «зар заман» ақындары шықты. Бірақ бұлар жаңа заманға басшы боларлықтай ақындар емес. Қанаушылықты көріп, жыр етіп отырады, бірақ шығатын жолды көрсете алмады. Олар тек өткенді көксей жырлады. Абай, Ыбырай, Шоқандар шыққан кездерде орыс халқының оқымыстылары қазақ сияқты бұратана халыққа патша үкіметінің көзқарасымен бірдей қараған жоқ. Олар орыс халқының азаттық жолындағы күресі мен бұратана елдің күресін ұштастыруды айтты. Бұлар соңғы уақытта демократтар ерте кездегі Петрашевский дегеннің тобы сияқты жазушылар болатын. Ресейдің прогрессивті жолмен дамуын тілеген, орыс халықтығын тілеген интеллигенция еді. Бұлар — Абай шығардағы адамдар. Осы кезде орыстың атакты жазу-

шыларының өзі қазақ сахарасында болды. Мысалы, Пушкин Орынборға келгенде, қазақ даласындағы хал-ахуалды біліп отырды. Сол сияқты тіл маманы Даль Исатайдың сөзін хатқа түсіргені мәлім. Пушкин осы Дальдың аузынан қазақтың көп хал-жағдайын біліп алды. Пушкиннің «Ескерткішінің» ішінде қазақ сияқты елдердің де аты аталады. 1847 ж. қазақ сахарасына Украинаның атақты жазушысы Шевченко келеді. Патшаға өш революция жолындағы демократияшыл жазушы өте танымал еді. Өз елінің қарсылық дәстүрін сақтап келе жатқан Шевченко қазақ халқының көтерілісін дәріптейді. Іштей тілектес болып, шығармасында символмен көрсеткен («Балта»). Осылардың қатарына петрашевшілер жатады. Оның құрамында — Достоевский, Дуров, Петрашевский. Достоевский 1850 ж. келді. Достоевский шығармасы «Өлім үйінен хатында» Ресейдің бұратана елі туралы көп жазылған. Қолы тұсауда болса да, шындықты жасырмай айтты. Ол қазақ халқының жаңа азаматтарына қатты әсері болды. Енді жаңа заманның халін басқаша ұғу керектігі сезілді. Ол үшін Ресейдің өзі туралы орыс халқы азаматтарының тілектерін, мақсаттарын біліп, Ресей тарихы мен өз ел тарихын білу керектігі байқалды. Осыны әр халық әр түрлі түсінді. Жаңа ағымды анық түсінген адамдар бұратана елден де шыға бастады. Грузияда, Арменияда, Әзірбайжанда, Татарияда, Бурятта бір топ ақын көрінді. Бұлар біздің Абай, Ыбырай сияқты ақындар Пушкин, Достоевский сияқты орыс классиктерінің бетін, бағытын дұрыс түсінеді. Жүз жыл бойында орыс әдебиеті патшаға қарсы ереуіл ойдың үлгісі болған. Осыны түсінген бұратана елдегі азаматтар қазақ елінде де шыға бастаған. Тілі бір, тарихы жақын түрік, қырғыз, өзбекті алсақ тез ояна қойған жоқ, ертерек оянған қазақ халқы болды. Қазақтан шыққан бірінші көзі ашық Шоқан Омбының кадет корпусында оқыды. Азат ойды тарата бастаған Омбы шаһарында өседі. Ең алғаш сүйгені орыстың демократтық мәдениеті болды. Оқу бітірген соң Петрашевскийдің тобынан шыққан Дуровпен достасып, Достоевскиймен де танысады. Достоевский Шоқанға жазған бірнеше хатында орыс халқының адал ұлдарының бұратана елге басқаша қарағанын жазады. «Сіз ең бірінші қазақ халқының қамқоршысы боласыз, халқыңыз туралы орыс халқына жазыңыз»,— дейді. Достоевский Петербургтегі бірнеше достарымен Шоқанды таныстырады. Шоқан сол замандағы шындықты

жасырмай айтты. Орыс халқы мен қазақ халқын достастыруды арман етті. Шоқан қазақ даласынан келген азамат орысша оқып, білім алып, қазақ халқының келешегі үшін зор еңбек етті. Шоқан жазғанда, қазақ жайынан орыстар үшін жазды, себебі ол кезде қазақ халқының баспасөзі жоқ еді. Шоқанның осындай жолға түсуі, тарихтың қалай көшетінін түсінгені. «Зар заман» ақындары таба алмаған жолды осылар табу керек еді. Шоқаннан кейінгі қазақтан шыққан ақын Ыбырай.

Ыбырай Алтынсарин (1841—1889) әдебиет майданында көп еңбегі сіңген. Ыбырайдың Абай мен Шоқаннан өзгешелігі алғашқы тәрбие, білімді орыс мектебінен алады. 7 жылдық мектепті бітіреді. Абайдың қолы мұндай білімге кеш жеткен. Өмірлік мақсаты — қазақ халқы орыс жұртының өнеріне жеткізу еді. 1879 ж. Торғай облысының халық ортасындағы мектептің инспекторы болып бекітіледі. Қазақ балаларына арнап орысша-қазақша мектеп ашады. Әрі ақын, әрі оқытушы жаңа саналы азаматы болған Ыбырай қазақтың әйел балалары үшін де мектеп ашуды талап етті. Орыс әдебиетіне үлкен ықыласпен барып, көп үлгі алды. Ыбырай оқытушылық қызметінде болып соған байланысты бірнеше кітап жазды. Осы күнгі біздің алфавитті қазақ жұртшылығына ұсынды. Орыс классиктерін қазақ халқына таныстырды. Аударма арқылы және орыс классиктерінің әсерімен бірнеше өлең жазды («Өзен»), өнерлі елдің өнерін жұртшылыққа өлең арқылы жаяды. Қанаушы тап өкілдерінің де мінездерін бұрынғы ақындардан ерекше жырлады. Міне әдебиеттегі жаңа ағым Ыбырай өлеңдерінен көріне бастайды. Проза жанрын да кіргізді. Әлеуметтік өмірде халыққа түрлі жол көрсетті. Мектепке берген кітабында мектеп жасындағы балаларды ынтықтыратын сарында жазды. Мысалы, «Кел, балалар, оқылық».

Ыбырай еңбегін Абай білді. Шоқанның өзімен таныса алмаса да Шоқанның пікірі Абайға жақын дүние еді. Мұның бәрі орыс елінен алынып жатқан мәдениет. Ал Шығысты алсақ, Ресей халқының тарихымен салыстырғанда, жүдеу еді.

Егер Шығыс зор білімнің, мәдениеттің тарихы болса, Шоқанның да, Ыбырайдың да, Абайдың да көңілін аударар еді. Бұл кезеңде Шығыс артта қалған. Ертеде арабтан көп мәдениет тараса, бұл шамада оның тоқтаған кезі болатын. Иран мәдениеті де музейдің ішінде сақталған мәдениет сияқты. Шағатай, түрік тілін ал-

сак, бұл тілдегі мәдениет те әлсіз еді. Орта ғасырда шағатай мәдениетінің тарап, бірнеше ақынның шыққан кезі. Бұлар 400—450 ж. бұрын болған әдебиет мұралары. XVIII ғасырда сол ертедегіні қайталап қана жырлады. Шығыста да батыстың қысымына қарсы қозғалыс болған. Бұл ескі режимді қайта құру негізінде болды. Дінді қолдарына ту етіп ұстады. Еуропаның өнерінен қашпау керек, бірақ алғанда исламды күшейту үшін алу керек, деді.

Мысырдан Мұхамбет Ғабдыку шықты. Бірнеше медреселер болды. Мұсылманшылықтың логика, философиясын оқыды. Бірақ ертеде жазылған кітаптан ғана оқыды. Онан тысқары кете алмады. Панисламизм көтерілісі Ресейде пантюркизм деген қозғалыстың тууына әсер етті. Халықтың патшалыққа қарсы көтерілісін біріктіріп, түркішілдікті қозғады. Халықты дін арқылы үгіттеді. Абай, Ыбырай сияқты жаңа дүниеге жаңаша көзқарас туғызу керек деген ұғымды бастаушы аз болды. Әзірбайжан халқынан Мырза Фатали Ахундов шықты. Әзірбайжанда театрдың негізін салу үшін бірнеше пьесалар жазды. Мырза Фатали Ахундов панисламизм, пантюркизмге ермей, орыс мәдениетіне шақырды. Осыған жақын татардан шыққан Маржани. Тәрбиені ескі медреседен алады. Өз бетімен көп ізденіп білім алған. Араб, иран әдебиет тарихын оқуға беріледі. Математика, химия ғылымын оқып, сол пәннің медреседе оқытылуын талап етеді. Өзі медресе салғызады. Араб, парсы тарихынан көп жаңа деректер жинап, еңбектер жазады. Орыс мектебінде мұсылманша береді. Бұл да орыс мәдениетіне көңіл бөлген адамның бірі. Абайға әсері күшті болды. Осыдан кейін татарда Абаймен замандас татар баспасөз әдебиетінің қайраткері Қаю Насри XVIII ғасырдың 70—80 ж. көп еңбек сіңірген адам. Бұратана елдегі хал-жай осындай еді. Башқұрда, өзбекте жаңалыққа қол созған Абай, Ыбырай сияқты адам жоқ еді.

**Абай шығармаларының жарыққа шығуы.** Абай шығармаларының басылуын өзі көрмей кетті. Бірен-саран өлеңдері болмаса. Абайдың тірі кезінің өзінде Жүсіпбек Шайхысламұлы Абай шығармаларының атын атамай бастырған. Мысалы, «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген өлеңін жазады. Бірталай өлеңдері Көкбай атымен шығып жүрді. Абай халық арасына қолжазба болып жайылғанын көрді. 1896 жылға шейін қолжазба болып та жиналмаған. Сондықтан жазып

айтқан, жатша шығарған өлеңдері жоғалып кетуі де мүмкін. Абай өлеңдерін жинаған кісілер Абайдың өлеңінің атын ғана айтып немесе бір жол өлеңмен ғана сақталып қалған. Тоғжанға арналған өлеңі — «Сап-сап көңілім, сап көңілім» соңғы кезде табылды. «Бородино» аудармасы да түгел емес. Ел ішінде кейбір сақталып қалған өздеріне қарағанда әлі де көп өлеңі басылмағаны байқалады. Әнші, ақындардың кейбіреуінің қойны-қонышында кеткен. Жаттап алатын болмағандықтан, қарасөздері де көп сақталмағанға ұқсайды.

Абай күнделікті көргенін сол жерде жазып отыратын дағдысы болған. Мысқыл өлеңдерді көп жазғанымен өзінің жауына қарсы айтпай, өз маңайындағы адамдарға арнап жазған. Мысқыл өлеңдерді сол арнап жазған кісілері елге тарамасын деп, жоқ қылып жіберетін болған. «Қыздарға» өлеңіндегі Қыздар — Абайдың құрдасы. Абай сол құрдасының мінезін сықақ етіп жазған. Бұл өлеңді де Қыздар өзі жыртып тастаған. Осындай өлеңдер жас кезінде көп айтылған. 1884-85 жылдан бергі өлеңі жиналып отырған. Мүрсейіт молда — Абай аулында бала оқытқан кісі. 1916 жылға шейін Абайдың өлеңін көшіріп, ұқыптап жинап жүрген. Өйткені сол уақыттың «баспаханасы» Мүрсейіт болды, соңғы 7—8 молда көшірген.

Мұның өзі кәсіпке айналды. Көшіргенде бір кітап үшін бір қойдың құнындай ақы алатын болған. Көшірушілер — ақындар, елдің талантты жастары. Елдің ішіндегі қазақтың қыздары өздеріне Абайдың қолжазбасын көшіртіп, ұзатылғанда бір данасын ала келетін. Бұл қазақ жастарының арасында Абайдың қандай бағалы болғандығын көрсетеді. Абай шығармаларының таралу жолының бір түрі-баспаға шығуы. Оны 1909 жылы Абайдың немере інісі Қәкітай Ысқақұлы бастырған. Петербургте сол кездегі арабтың қиын әрпімен басылған. Теріп жазған адамдар өздері жөнді білмегендіктен, бірқалыпқа салынбай қалай болса солай басылған. Бұрын алыстан естіп жүрген қазақ халқының кең даласына Абай шығармалары тарала бастады. Сүйтіп, Абайдың шығармалары, негізінде, 1909—1910 ж. көпшілік бұқараға мәлім болды. Жинаққа Абайдың сыршылдық өлеңдері және қарасөздері де бастырылмаған. Оспан, Әбдірахман өлгенде айтылған өлеңдері кітапқа енбеген. Редакторлар мұны қажет деп таппаған. Бұл өлеңдерінде ақындық талант өте күшті. Ішкі зор қайғысы лирикалы терең сезіммен өте көркем кестеленген.



Ал редакторлардың бұл өлеңді қажетсіз деп табу себебі үй-ішілік хал-жайы деп тайыз түсінуден еді.

Ол кезде ғылыми редактор деген атымен болмаған. 1909 ж. Абай басылымында тақырыптар шартты түрде ғылым туралы, ой туралы, халық туралы деп бөлінген. Кейін 1921 ж. Қазанда басылғанда да солай жарияланған (бұл 2-басылуы) 3-басылуы 1923 ж. Ташкентте тағы сол топтау қолданылды. 16 жыл бойында (1909—1925) техникалық жағынан өзгешелік болса да, Кәкітай басылымына өзгешелік кіргізген жоқ. Шынында, топтауы дұрыс болмай жүрді. Ташкент баспасының бастығы зорлықпен Абай шығрамаларына өзінше ат қойған. Мысалы, Лермонтовтан аударған «Қанжарды» өзінше «Қылжан» деп, «Жалауды» «Желкен» деп атаған. Бастырушылар көп сөздің мағынасын ұқпай, теріс бастырып жүрген. Толық Абай бұл емес. Көп өлеңі осы үшінші рет баспаға кірмей, сырт қалып еді. 1924 жылы Абайдың (қайтыс болғанына — ред.) 20 жылдығымен байланысты шамадан келгенше «Абайдың толық жинағы» деген жинақ болды. Бұл жинақ 1924—1925—1927 жылдар аралығында жиналды. Жинаушы адамдар көбі Абайдың маңында болған Көкбай, Кәкітай т. б. 1933 жылғы баспа латынша әріп алынған кезде басылып, көп қателер кетті. Бұл баспаға бірінші рет Абайдың өмірбаяны кірді. Сонан кейін «Таңдамалы жинақ» болып 1934 жылы және толық жинағы (2 том болып) басылды (1939—1940). Кіріспені (1-томға) Сәбит, (II-томға) Абайдың өмірбаяны М. Әуезов жазды. Толық шығуын санағанда биыл 7-рет басылып отыр. Орыс тілінде екі рет баспаға шықты. 100 жылдық юбилей қарсаңында «Таңдамалы шығармалар» жинағы басылып шықты. Кіріспесі Соболевтікі, өмірбаяны М. Әуезовтікі. Толық жинақ дегенді шартпен айтамыз. Себебі Абайдың кейбір мәжіліс-жиында да шапшаң әр кезде айтқан өлеңдері іздесе тағы да табылуы мүмкін. Қалжың, айтыс өлеңдерге де өз өлеңін қосып жіберген тұстары бар. Мысалы, Көкбай мен Әріптің айтысына Абайдың өз өлеңі қосылған.

**Абайды тексеру, тануымыз қандай?** Абайды танудың тарихында Абайды ғылым жөнінде түсініп-тану әрекеті көптен бері жанданып келе жатыр. Абай өлгеннен кейінгі әрбір 10 жылда ақын еске алынып отырды. Абайға арналған алғашқы тексеру 1914 ж. «Алшархият» жинағында еске алынды. Абай жөнінде ең 1-рет 1914 ж. Назифа Құлжанова баяндама жасады. 1924 ж. Абай-

ды еске алу кеші ұлы ақынның өлгеніне 20 жыл толуымен байланысты болды. Абайдың өмірі, ақындық ерекшелігі туралы баяндама жасалып, Көкбай Абай туралы есте сақталғанын айтты. Сөйтіп, жиналған жұрт Абайды тану керектігін түсінген кез болды. Абайды еске алу 1939—40 ж. Абайдың туғанына 95 жыл толу қарсаңында өтті. 1934 жылда еске түсірілді. Сол жылғы «Әдебиет майданының» толық бір саны түгелдей Абайға арналып, 95 жылдыққа байланысты Семейде Абайға арналған әдеби мемориалды музей ашылды. 1923—24 ж. Абай туралы теріс пікір айтушылар шықты. Олар Маркстің, Лениннің ғылымын түсінбеуші Покровский сияқтылар еді. Бірақ халық сол жылдардың өзінде Абайдан ажыраған жоқ. 1927 жылы әзірленіп, 1933 жылы шыққан кітаптың кіріспе сөзінде Абайды теріс талқылаушылық болды. 1934 жылы бұл пікірдей теріс емес, қайта Абайды дұрыс танытамыз деп жазылған еді. Осы қалып дұрыс бағытталған қалып еді. 95 жылдық юбилей тұсында көп зерттеу еңбектері жазылды. Абайдың шәкіртін, айналасын зерттеу басталды. Сол 95 жылдыққа жасалған баяндамадан Абайды дұрыс тану бағыты өскендігі көрінеді. Абайдың философиялық, педагогикалық көзқарастары зерттеліп, өрістей бастады. 1934 жылдан бастап Абай қазақ совет мектебіне программа бойынша толық кіретін болды. 1940 ж. баяндамаларда, жұртшылыққа таралған тезисте Абайдың өмірін, шығармаларының әр саласын ашық көреміз. Зерттеулер арқылы біз Абай өлеңдерінің жаңа түрімен таныса бастадық. Абайдың өмірбаянын жазудың өзі оңай жұмыс емес еді. Себебі Пушкин, Лермонтовтың өмірін жазатындай архив деректері жоқ еді. Сондықтан Абайды танудағы бір сала жұмыс — Абайдың өмірбаянына тірелді. Осы күні Абайды тануда еңбек сіңіріп жүрген кандидат, доценттер де бар. Мысалы, Қажым Жұмалиев Абай шығармаларының тілін зерттеп жүр, Абай шығармалары басқа ұлттың тіліне де аударылып, жұртшылыққа таралуда. Абаеведение деген ғылым қазақ әдебиет тарихында ғана емес, бүкіл одақтық әдебиет тарихында үлкен орын алады.

Абайды танып оқығанда біз Кәкітай үлгісіндей жікке бөліп оқымаймыз. Себебі олай болғанда Абайды толық қамти алмаймыз. Мысалы, Абайдың педагогикалық көзқарасы десек, оның ішінде тәрбиеліктен басқа маңызды мәселелері сыртта қалуы мүмкін. Сондықтан Абайдың әр кезде жазылған туындыларын алып, өмір-

лік-шығармалық ізімен жүріп, жыл-жылымен оқысақ, өмірге көзқарасының қалыптасу жолына қанығамыз. Және ақындық жеке басының данышпандығымен Абай осы күнгі біздің ұрпаққа үлкен ірі ақын болып танылады. Шындықтың өзін айтсақ, бір күнде сондай Абай туған жоқ. Өсе келе ізденіп, қалыптасып, тола берген. Осы себепті ақын мұрасын тануды қолға алғанда өрісті, іргелі ғылыми-зерттеу арнасына түспей болмайды. Олай болса Абай шығармаларын өмірінің басынан түсіп аяғына шейін хронологиялық жүйеде қамтуымыз керек. Абай шығармаларының кейбіреуінің жылдары белгісіз, осы жағынан қиыншылық кездеседі. Кейбір шығармаларына жазылған мерзімі қойылғанымен, күдіктілеу. Осы қиыншылықтарды еске ала отырып, сын көзімен тексереміз. Абайдың жылы белгісіз шығармаларының жазылу уақытын анықтап алуда Абайдың маңындағы адамдардың да көмегі көптеп гиді.

**Абайдың өмірбаяны.** Абай өзінің өмірбаяндық деректерін шығармаларында аз келтіреді. «Сегіз аяқта»:

«Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жерім жок»,—

деген сияқты кей жерде айтып кетеді Құнанбай балаларының бәрі мұсылманша оқыған. Бірақ оған қанағаттанбай Ахмет Ризаның медресесіне береді. Онда 13—14 жасқа шейін оқиды. Ол кезде ескіше оқуда көп қиыншылық бар еді. Оқудың әдісіне көп көңіл бөлінбейтін. Медресе жабық мектепке жақын, тәртібі қатал, діншілдік жолында софылық күшті болатын. Медресенің тәуірінде болсын, жаманында болсын негізінде дін оқуы, ислам дінінің жайы: исламиат, ислам дінінің тарихы туралы. Осы діннің негізгі қағидалары, жолы айтылған тіл — араб тілі. Құран сөзін басқа тілге аудару ислам дінінде мүмкін емес. Сондықтан бәрі араб тілінде оқытылатын. Сонымен медресенің білдіретіні — құран мен пайғамбардың және бір оқытатыны ислам дінінің шарты, шарият (исламское право) жақсы мен жаманның, үлкен мен кішінің жәйін айтатын заң жолы. Әрі қарай тереңдегенде араб тілінің грамматикасы, әр нәрсе жайында ой жіберу — мантихты (логика) оқитын. Ислам діні бір замандар поэзияда, ғылымда бірнеше ғалімдер тудырды да, кейінгі заманда тоқтап қалады. Сондықтан дүниелік ғылымнан ештеңе айтылмай, қараңғы, кертартпа оқулар ауқымында қалды.

Абайдың оқыған медресесінде де берілетін білім жоғарыда айтылғандай еді. Арабияттан басқа түркіні оқиды. Түркі тілі деген бертінге шейін келген. Бұл тіл кітап тілі, әдеби тілі болып есептелген. Түркі тілі 1915 жылға шейін түркі елдерінде ортақ тіл болатын. Түркі тілінің негізі шағатай әдебиетінен шыққан. Шағатай әдебиеті сол уақыттағы бүкіл түркі еліне ортақ әдебиет болған. XV ғасырда әуелде парсы тілінде, соңынан түркі тілінде жаза бастаған Науаи, онан кейін Хусайн Байқара деген кісілер шығады. Осы кезден бастап түркі тілінде кітаптар жазылды. Сондықтан құраннан әрі шыққандағы оқитындары Орта Азия ақындары еді. Абай үйінде бала кезінде де түркі тілін оқыған. Сондықтан Абайдың түркі тілімен оқығаны тек медреседегі 3 жыл ғана емес. Абай түркіні де, арабиятты да Ахмет Ризаның медресесінде де оқиды. Түркінің қандай, араб мәдениетіне көңіл бөлудің қандай екенің, араб тархынан әсер алуын Абайдың шығармаларынан көруге болады. Абайдың ақындығы ерте ояна бастайды. Бірақ Абай заманы оқығандықты мадақтамайтын сондықтан керек болса өзі үшін ғана керек сияқты еді. Абайдың жас шағында жазған 3—4 өлеңі сақталған. Осы шамада екі ананың арасындағы Телғара — кітаптап және елдің аузындағы әңгіме, ертегілерден нәр алған Телғара еді. Сол уақытта бір көңіл аударған нәрсе ақындар жазған бәйт өлеңдер. Абай өздігінен барып талаптанып Лутфидің, Науаидың өлеңдерін жаттап оқитын болған. Науаи, Софалдияр заманында өз тілінен гөрі араб, парсы тілін жақсы білген, сондықтан Науаидың, Софалдиярдың өлеңдерінде араб, парсы сөзі көп кездеседі. Абай да әуелі осыны үлгі етіп ұстаған. Араб, парсы тілін көбірек білгендіктен, оқыған ақындарының үлгісі солай болғандықтан, жаңа өлең үлгісін іздейді. Олардың өлеңдерінің көпшілігі — Шығыстың лирикасы қиялменен бір сұлудың жайын суреттеу болады. Атын атамай бір сұлуға арнап жазу әдеті бар. Абай да солардың шабыты келтірген өлең жазған. Мысалы:

«Қор болды жаным,	Тағдыр етсе алла
Сенсіз де менің күнім.	Не көрмейді пәнде»,—
Бек бітті халім,	

деген өлеңі. Бұл исламият арқылы кірген үлкен ақындық өнер еді. Кейін әңгімелі поэма жазғанда да содан шыққан үлгі болатын-ды. Абай ғазал үлгісіне де еліктейді.

«Иузи — рәушан, көзі — гауһар.  
Лағилдек бет үші әхмәр.  
Тәмағи қардан әм биһтәр

Сәнә ғашық болып кәмтәр.  
Сүләйман, Ямшит, Искандәр  
Ала алмас барша мүлкигә...

Абайдың таңдап алған аттары оның Шығыс романтиктерінің терең оқығандығындығын көрсетеді (Сүлеймен, Ямшит, Ескендір). Мұнда ғашықтық жат емес, өзін кемітіп айтылады. Бұл — ғазал үлгісі, осының бәрін Абай өз өлеңінде көрсетеді. Бұл Абай еліндегі казак ақындарының махаббатты жазуы сияқты емес. Шығыс ақындарының шығармаларында үлкен орын алған үлгі — сопылық. Мысалы «Ләйлі-Мәжнүн». Абай жас кезінде жазған «Әлиф би» өлеңінде әріптерді алып отырып өлең түрімен ойнатады. Жалпы өлеңінің мазұнына аспан тілегі емес, жер тілегі. Бұл — қазақтың оқыған жігітінің оқыған қызға жазған өлеңі. Құрылысы, стилі жағынан «Иузи — рәушаннан» басқа. Бұл Абайдың алғашқы тұманданған ойынан арыла бастағанын, тұр жағынан жаңа қызық түр іздегенін, реалистік ақын бола бастаған әрекетін көреміз. «Әлиф би» мен «Иузи — рәушан» өлеңінің айырмашылығы «Иузи — рәушанда» жер үстінде көретін махаббат емес, сопылық сарында жазылған. «Әлиф би де» сырт үлгісін сақтай отырып, әсірелеген бір түрді алады. Мұнда адамның сезімінің шындығы басым емес, ақыл басым сияқты, оны өлеңінің аяғында көреміз. Бұл өлеңінде бұрынғының өлең түрімен ойнайды. Медреседен кетсе де, сол қызықтан қол үзбегенін, бірақ енді реалистік түрде түсіне бастағанын көреміз. Абайдың ортасы — дау, тартыс, құн дауы, жесір дауының шиеленіскен жері. Осының бәрін көріп жүріп, думанды ағымнан арылады. Оқу, тәрбиені мектеп түрінде емес, елден алады. Абай өзінің құрбы-құрдас-тарынан озыңқырап үлкендердің ортасына кіргендіктен, көп біліп, айылын жиып, жаңғырып кетеді. Абай Шығыс әдебиетінен алған әсерін текке келтірген жоқ. Қай жағынан болсын шығыс мәдениетіне қайта оралып, пайдалы нәр алып отырғанын айқын көреміз. Кейін бір қалыпқа түскенше, мысқыл өлеңдер жазып жүреді. Құрдасы Абыралыны қалжың етіп жазған өлеңі бар, бұл кез оның әлі де ақындық қалыпқа толмаған кезі еді.

Әуел баста еліктеу әсерінде болып, сықақ өлеңдер жазып жүрді. Абай — сыншы Абай, әкесі біреудің дауына араластырып, билік айтқызып жүргенде, сыншы болмауға мүмкін емес. Сондықтан қалжың өлеңнің көбінде сыншылық жатыр. Бірақ бұл кездегі өлеңінде қоғам мінезінің сынын айтпайды. Осы кездегі өлеңдерінің жылы белгісіз, бірақ келеді, ойлы шығармаға кірісер шамада жазған өлеңі — «Сапсап көңілім». Жастық кезде, жігіт ағасы бола бастағанда жазғаны. Мұнда өзіне-өзі сыншылдық көзбен қараған. Тоғжанға арнап жазылған өлеңі сақталмай, жоғалған. Тағы бір әйелге жазған өлеңі ұмытылған. Сол сияқты мысқыл өлеңінің көбі жоғалған. Солардың ішінде табылғаны — «Сап-сап көңілімі». Бұл өзімен-өзі ақылдасу, ой салу ретінде айтылған. Абай бұл өлеңін тұр жағынан бұрын қазақ ақындары айтып жүргеннен басқа түрмен жазған. Әр жаққа алас ұрған жастық шақта сабыр ет дегендей болады.

Осы кезде Абай өлең өрнегіне төселіп қалғандығын көрсетеді. Елін жақсы жолға, мәдениетке жеткізем деп өзі ізденіп оқи бастайды. Енді мәдениеті зор орыс поэзиясынан, батыс елінің поэзиясынан көріп, Абайдың Абайлығы туады. Қалада жатып та, еліне алып кетіп те көп кітап оқиды. Орысша үйрену оңайға түспейді. Қалада дау-шардың ішінде жүріп те кітап оқып, осы кезде орысша түсіну дәрежесіне жетеді. Петербургтен айдалып келген революционерлермен танысады. «Гоголь» кітапханасында қыр қазағының Толстой шығармасын сұрағанына таң қалып, Михаэлис өзі келіп танысады. Михаэлис Чернышевскиймен қатар шыққан Шелгуновтың әйелімен бірге туған. Петербургте студент болып жүргенде, революциялық істермен айналысады. Сонда II курстан Михаэлисті ұстап, жер аударады. Университетті бітірмей кеткенмен, өз бетімен дайындалып, оқып, көп кітап жазады. Көп өмір сүріп, Өскеменде қайтыс болған. Абай Михаэлиспен достасып, екеуі бір кісі болып кетеді. Кейін Абай кеш ержетіп кіріссе де, өндіріп оқыған. Сондықтан Абай әдебиетті орыстың классик ақындарынан бастап оқыған, бертін келе Абайдың тұсында өмір сүрген Л. Толстой, Салтыков-Щедринді жақсы білген мысалын «Қыс» өлеңінен көреміз. Аристотель мен Сократты оқығандығын Абайдың қарасөзінен де көреміз. Енді Абай Аристотель мен Сократты әңгімелестіреді. Батыс Еуропаның есею тарихымен де, Шығыс елінің тарихымен де танысады. Еуропаның есею тарихы, философия тарихы, «История древнего разви-

тия России» деген кітапта Индия, Парсы, Египеттің өнері Ғайса тумастан 3000 жыл бұрын кезінен бастап айтылады. Будда діні — дүниежүзіне көп тараған, философиялық маңызы бар дін. Осылар жайында айтылатын кітаптар Абайға үлкен әсер етті. Сондықтан Абай поэзияға ауысарда білімді кісі болып келіп ауысады. Алған білімдерінің нәтижесін тексерсек, Дарвиннің де кітаптарын оқыған. Абай мұсылман дініне ақыл сынымен қараған адам. Сондықтан Абай Дарвинді оқуға мықтап даярланбай кірісуге болмайды деп қараған. Абайдың адамгершілік жөніндегі шығармаларында Спенсердің әсері жоқ жеуге болмайды. Европаның Байрон, Гете сияқты ұлы ақындары таныс болған. Бұлардан басқа Абай ел әңгімелерінен де қол үзіп кетпей жақсы білді. Александр Дюманың «Үш мушкетер» әңгімесін оқумен бірге, айналасындағыларға ол Абайдың ауыша әңгіме еткен аудармасы арқылы жеткен. Петр I жайындағы кітаптарды да оқып, осы жолмен таратты. Батыс әдебиетін оқумен бірге, Шығыстан да қол үзген жоқ. Олардан да көп оқып, көп әңгіме айтатын.

Абай осы кездегі исламшылдық, түрікшілдікті біліп, танысып отырды. Маржанидың еңбегін де көп оқыды. Батыс, Шығысты терең білуі осындай ізденуден жиылған Абай қазынасы еді. Мұңды, кекті зар өлеңі қазақ ақындарында болса, бұларды да Абай біліп отырды. Абай өлең жазуға кіріскенде, өзінен бұрынғы қазақ ақындарынан бөлек жол, кең дүниелік таным көрген даярлығы мол ақын болатын. Абайдағы шын ақындық 1884 жылдан басталады. Ақындықты, бақсылықты кем көруші ақын ортасы бұл өнерді жақсылық деп білмейді. Осы себепті алғаш кезде Абай өлеңдерін Көкбай атымен шығарып жүрді. Абай өлең міндеті мен бірге ақындықтың міндетін де көрсетті. Сондықтан да Абай алғаш өлеңінен-ақ қазақ ақындарының өлеңдерінен өзгеше болып көрінеді. Мұның себебі орыс ақындарының эстетикалық танымын, олардың ой-пікірін талдап, меңгеруінде жатыр. Қандай нәрсені айтса да, бір пайда келтіретін болсын деді. Сондықтан айтпаған тың, жаңа нәрсені айтпақ болған. Мысалы, «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы» деген өлеңінде қыздың көркін қазақ ақындарының басқасынан өзгеше айтады. Абайдың бұл өлеңінде белгілі бір үлгі бар. Ең алдымен мандайынан бастап тәртіппен қасын, көзін, сонан кейін тісін суреттеуінде жақсылық көрінеді. Абай әйелді жырлағанда оның әйел жаңа сезім біткен еркекпен тең дәрежеде су-

реттеліп отырады. Мұның өзі Абайдың шығармасындағы қоғамдық программа болып есептеледі. «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлыда» әйелді мүлкім демей, қасиетте дегенді айтады. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»,— деп білімді жырлаған өлеңінде енді өз өкінішін білдіреді. Бұл кезде Абай өзін ғылымнан кеш қалдым деп өкінсе де, білімсіз Абай емес еді. Біле түсейін деп өз білгенін азсынғандық еді. Абай өз өлеңдерінде халық мінезін сынауға кіріседі. Ел мінезін сынап отырып, қоғамдық көп мұңды қоса айтады. Бұл жайында екінші өлеңі — «Қартайдық, қайғы ойладық ұлғайды арманда» Абай өзінің ойлағанын, өзі сияқты үлкен адамдардың ортақ ойын айтады. Осы 1886 жылдан бастап халық қамы жайында жазған өлеңдері молыға береді.

«Қартайдық, қайғы ойладық» өлеңінде елдің шабандығын, еріншек-өнерсіздігін, халық мінезінің азып бара жатқанын, өмірін сапасыз, мастықта өткендей өткізіп жатқан ел адамдарына сын айтады. Осы өлеңінде белгілі бір адам тобының мінезін айтады деуге келеді. Абай өте психолог, сондықтан кей өлеңінде психологиялық портрет береді. Бұл өлеңінде ел меңгерем деп жүрген атқа мінерлерді адалдық пен арамдықты айыра білмейді, мақтан үшін болыс болып, иттей қор болғаннан басқа жақсылық таппайтын адамдар,— деп көрсетеді. Бұл өлеңнің ерекшелігі — ұйқасы басынан аяғына дейін қара өлең ұйқасы болғанмен, тізбектеліп келіп, белгілі күйлі, үнді бір нақысқа құрылған өлең өрнегі сияқты болып отырады. Мұнан Абайдың өлең өрнегін еркін меңгерген шебер ақын екендігін көреміз. Мағынаны ұйқасқа жеңдірмейді. Сондықтан түрі күйлі, мағынасы тың. Редиф ұйқасымен келіп отыратын «Қартайдық, қайғы ойладық» өлеңінде өзінің тіршілік, әлеуметтік күйін білдіру үшін әуелі құлақ күйін келтіргендей желдіртіп алады. Бұл өлеңінде адамдар пиғылында тіленшектік көбейіп, елдік мәдениет өспей тұрғанын мұңдана айтады.

«Би мен болыс алады күшін сатып,

Мен қазақтан кегінді әперем» деп.

«Жарлы алады: «қызметпен өткерем» деп,

Елубасы «шар салып, леп берем» деп,—

бұл жұрттың бәрінен көрінетін бір мінез болғандықтан, мазмұнға лайық түр туады (яғни «деп-пен» бітіп отырады). Қоғам тіршілігіндегі елдің неше алуан мінезін айтқанда, Абай қазақ тарихындағы қайшылықтың өсіп



келе жатқанын айтады. Сондықтан Абай ел тіршілігіне ат салысқанда, халық тіршілігіне әсер етемін деп кіреді. Абайдың осы кездегі өлең сарыны халық қайғысын күніреніп толғағаны еді.

1886—1889 жылдардағы Абай өлеңдерінің әлеуметтік өмір сарыны тобықты арасындағы уақиғаға тіреледі. Бұл кезде тобықты ішінде жаңа адамдар шығып еді. Оның бірі — алғаш Абайға дос болып, соңынан жау болған Оразбай. Оразбай бастаған топ — ірі байлар. Екінші қатардағы Жиренше, Сүйіндіктің баласы Асылбек, Ыбралы дегендер болған. Байғұлақ, Байділда да бұлар ірі бай, сөзуар, елдің күндегі дау-шарына, сайлау таласына белсене араласып жүреді. Осы топпен қатар өскен жас буын жігіттен Базаралы, Бейсембі, Әбділда еді. Ол кезде тобықты Құнанбай заманындағыдай емес, Семей ұлығына тікелей бағынған кезі. Бұл кезге шейін Абай ел жұмысына араласып жүретін шешен, алғыр, әділ би болған. Әділдігі сонша, Абайға досынан гөрі дұшпаны көбірек билік айтқызған.

Ірі дау болғанда, патша үкіметі өзі шеше алмай әуре болған. Осындай дау тұсында ел әділетшіл билік иесіне мұқтаж болатын. Сондай би де, елдің пана іздейтіні де Абай еді. Құнанбай балаларының әмірі ел ішінде бертінге шейін басым болып келді. Бірақ Абай бір рет би болып, сонан кейін билікті басқа жақтың дос-жарларына береді. Сонда да ел оны билік айтуынан қалдырмай келді. Оразбайлар Абайға іштей бәсеке болады. «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да» өлеңінде елді адамдық сипатынан айыратын адамдардың мінезін жыр етуі жоғарғы айтылғандарға байланысты. Бөжей өлгеннен кейін Құнанбай балаларына наразы болып жүрген өр талапты адамның бірі — Базаралы болады. Құнанбай балалары Базаралыны жер аудартады. Болыстыққа сайлау болған тұста Базаралы қайтып келеді. Сайлау нәтижесінде Күнту болыс болады. Арада көп дау болып, ұлық Күнтуды болыстықтан түсіреді. Осы кезде жігітек руы жапа жалғыз қалады. Осы жылы жазған өлеңінде (1886) дау-шардың пайдасыз екенін жырлады. «Қалың елім, қазағым» өлеңінде бүкіл қазақ сахарасындағы қалың елдің қайғысын тебірене жырлады. Халықтың шын үлкен дертін, мұңын айтып, осы қиыншылықтан шығаратын не дегенде — өнер-білім деп алғаш өлеңмен ашығын айтады.

1886 жыл. Абайдың ақындық өнер жолына барынша ширығып, уыттанып кіріскен жылы. Ел ішіндегі ауыр-

лықты, надандықты, пәлеқорлықтың бәрін айтып тауыса алмастай ашу-ыза кернеп келеді де, осыған орай өлең де осы тұста көп шығады. «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да» дегеннен Күнту болыс болған кездегі өзінің дос деп жүрген адамдарының жау болып шыққанын айтады.

«Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да,  
Алдамаған кім қалды тірі жанда.  
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,  
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда».

Жаз жайлауда, қыс қыстауда да өшпес дауға түскен ел. Сырттан сынасып, ел қамын жеп жүргендердің өзін де жаман деген атаққа іліндіріп жүргенін айтады. Абайдың сынына қарағанда, феодалдық қалдықтың құритын мерзімінің жеткенін көріп, еңбекті сүй дегенді айтады. Әмір иесі емес, орташалардың өзінің өнерсіз, кәсіпсіз жүргеніне айтқан міні «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» деген өлеңінде көрініс тапқан.

«Адасқанның алды — жөн, арты — соқпақ,  
Оларға жөн арамның сөзін ұқпақ.  
Қас маңғаз малға бөккен кісімсініп,  
Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ.

Бет аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып,  
Қас кермек, мойын бұрмақ, коразданбақ.  
Осындай сидаң жігіт елде мол-ақ,  
Бәрі де шаруаға келеді олақ».

Бұл мінез — ешбір жұмысы жоқ, жалғыз атын терлетіп, ел қыдырып жүрген тіленшектер мінезі еді. Мұның өзі үлкен қылмыс болмағанмен, сол кездегі көп адамның басында бар жиіркенішті іс еді. Сөзімді ұғар деп жастар тобының ішінде болып, жігіт қандай болу керек, жігіт жар таңдағанда, келешегін ойлау керектігін «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»,— деген өлеңінде айтады. Бұл өлеңінде әйелдің көркіне қызықпа, ертең бірің ана, бірің ата болғандағы жайынды ойла дейді. Абай өзінің үлкен ниетке бекінгенін, бірақ соның іске асатынына, аспайтынына күдікпен қарайтынын «Патша құдай, сыйндым» деген өлеңінде айтады:

Патша құдай, сиындым,  
Тура баста өзіңе.

Қайран сөзім қор болды,  
Тобықтының езіне.  
Кеселді түйін шешілсе,  
Кердең мойын кесілсе,  
Келмей кетпес кезіне».

Бұл айтқаным іске асар ма, болмаса тобықтының езіне қор бола ма деп күдіктенеді. Осы жылдардағы өлеңінде пәлеқорлықтың мінін көрсетіп, жастарға өпеге айта бастаған өзекті сарыны — халықты оқу-ағарту ісіне бастау жөнінде жастарға ақыл айтады. «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде сөзді көпке жалпылай айтпай, жастарға «сен» деп арнай айтады. Талапты, еңбекті, адамгершіліктің жолына түсер-ау деген жеке жас қауымға арнай айтады.

«Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой —  
Бес асыл іс көнсеңіз»,—

деп жақсылықтың негізгі түрлерін санамалап көрсетеді. Елдің бірлігін, тілегін ойлау жаңалық сөзі болғандықтан, Абайды тыңдаушы Оразбайлар емес, сөзін ұға бастаған жас талапкерлер, оқыған қазақ жастары шығып, өз айналасында Көкбай, Әбдрахман, Ақылбай, Кәкітай, Мағауия сияқты талапкер жұрт ере бастаған кез. Абай жастарға айтқан сөзді түңілмей айтады. Мейірман тілмен жан ашыр болып айтып емірендіргісі келеді.

«Сөзіне қарай кісіні ал,  
Кісіге қарай сөз алма.  
Шын сөз қайсы біле алмай,  
Әрнәрседен құр қалма  
Мұны жазған білген құл —  
Ғұламаһи Дауани  
Солай депті ол шыншыл».

Шығыстың ғұламасы Дауаниді айтып отырып, жастарға ызасыз, тек ағаның ініге айтатын ақылын айтады. «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде, айтып отырған мазмұнына қарай, жаңаша түр енгізеді.

Прошение жазуға  
Тырысар келсе шамасы.  
Ойында жоқ бірінің

Салтыков пен Толстой.  
Я тілмаш, я адвокат  
«Болсам» деген бәріңде ой.

Өзің пәлен болам дегенше, соларды білімді Салтыков, Толстойлар қалай сынады, соны біл деп үндейді. Салтыков — халықшыл демократ, сондықтан олардың жолын ұғын деген сарынды білдіреді. Салтыковтен оқы деумен бірге, оязға қызмет етпе, онда жанбай жатып сөнесің. Оның арты қорлық, сондықтан білім ал деп, өз тұсындағы жастарға халық атынан үлкен программа ұсынды. Тіпті қолыңнан келмесе, саудагердің қолында сауда істесен, сол жақсырақ дейді. Осындай өлеңдерді айта келіп, соңынан мұнды өлеңдер де жазады. Абай «Жаз» өлеңінен бастап, шығармаларын өз атынан шығарады. Басынан аяғына шейін, бұрын қазақ ақындарының айтпаған өлеңінің бір түрі ретінде «Жазда» кәсіптік, табиғаттың тіршілігін айтады. Мұнда жайлауға қонып жатқан елдің көрінісін суреттейді. Табиғаттың құбылысын, малдың психологиясын, қыз-келіншектің мінезін, асау мініп теңселген жылқышыларды, мал иесі үлкендердің жүріс-тұрысын бір суретші де дәл осылайша көрсете алмас еді. Осы ғажап қайталанбас құбылыстың бәрі бір кішкентай өлеңде ғана көрініс тапқан. Осының ішінде ең сүйкімсіз болып көрсетілген нәрсе — байдың бейнесі. Байдың жалпы тоқтыққа риза болған іші бітеу мінезін көрсетеді. Бай барлығымен жұртты өзіне жалынышты етеді. Міне, қазақтың тіршілігін көрсететіні, жастардың эстетикалық сезімін оятқаны, Абайдың ойы-қыры кен, тынысы мол ақын екені көрінеді.

**Абайдың 1886-89 жылдағы өлеңдері.** Бұл жылдарда шындап шұғылданып кіріскені — ел мінезін сынауда әуелі қоғам тіршілігінің паразиттерін мінеуден бастап еді. Абай ел ішінде жүрген болыс билерді сынаумен бірге, өзі ел ішінде үлкен тірек еді. Абай өзінің ақындық міндетін терең түсінеді. Маңындағы інілеріне, ақындарға арнап көп өлең жазады. Солардың бірі — «Өлең — сөздің патшасы». Тек қана осы өлеңнің өзі Абайдың өз заманындағы ақындардан ерекше екенін аңғартады. Абай Европа әдебиетінің, жалпы қоғам құрылысы мен алыстан келе жатқан адамдардың ісі қандай болса, ақындары да сондай өзінің міндетін білу керек дейді. «Өлең — сөздің патшасы» деген өлеңінде ақын сөзін халықтың ардақтайтынын біледі. Сол сөз патшасы ақынды ұлылық пен құрметке бөлейді:

...Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістірер қай баласы.

Өлеңнің белгілі мақсатты, келісімі дәл болуын, мазмұн мен түрдің бірдей болып үйлесуін талап етті. Абай өлеңнің керектігін:

«Әуелі аят, хадис сөздің басы,  
Қосарлы бәйтисымал келді арасы.  
Қисынымен қызықты болмаса сөз,  
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы»,—

дейді.

Абай өнерлі өлең сөз биік мақсатты көздеген ірі, зор, азаматтық ақынның көкірегінен ғана шығатын құбылыс екенін айтады. Пушкин муза мен Апполонды көп айтса, Абай, тыңдаушысы мұсылман болғандықтан, олардың өз нанымымен дәлелдейді. Өткендегі барлық әдебиетті шарлап, тарихтың мініне терен ойлы ақынның көзімен қарайды. Ғасырлар бойы ұмытылмаған ақындардың ой саларлық үлгілі-өнегелі жерін еске алады. «Өлең — сөздің патшасында» жақсы сөз туғызу керектігін айтып, өткендегі өнезі шыққан өлең өнегесін мысқыл етеді. «Іші алтын, сырты күміс» дегенде мазмұн мен түрді алып, мазмұнға көбірек мағына береді. Мазмұн шешуші нәрсе, түр соған бағынышты дәрежедегі орында тұруы керек дейді. Соны қазақтың оқушысына бір рет мұсылманшылық тарихына ой көзімен қарай отырып айтып еді, енді ескі тарихты ойна оралтады.

«Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,  
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.  
Ақындары ақылсыз надан келіп,  
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап».

Абай өз тұсындағы ақындар өз қасиетін түсіргенін, сөз басы болудан қалып, жалынышты, сатымсақ шашпау көтерер сөзге құл болғанын айтады. Ақындарды қатты соққылап келеді де, заман ақынға шарт қояды, мен де өзіме жаңаша шарт қоямын дейді:

Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап,  
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,  
Сендерге де келейін енді аяндап,—

сөзін, ойын жаңаша түзелген тыңдаушыға қарата айтады. Абай ермек үшін айтатын болсам, ол әншейін ертегің болып кетеді, сол себепті қызықты қысыр әңгіме емес, тынысың боларлық сөз айтам дейді. Кеудесін келіріп, көп білем деген талай надандарды кінәлап айтам.

Сол үшін мені кінәлама дейді. Абайдың бұл өлеңі (Көкбайдан өлеңді өзі алып) қандай ойлармен келіп, қандай соны жаңғырық алып, толып келгенін, ол ойды онан басқа еш ақынның айтпағанын көреміз. Бұл өлеңі тек 1887 жылғы емес, келешекте өлеңді не үшін жазатынын көрсететін айқын айнасына айналады.

1888 ж. өлеңінде халықтың әдетін, салт-санасын айтады. Ол өлеңнің бірі — «Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол». Қайғы-қуаныш болса да бәрі өлеңмен келеді, өлеңсіз өмір қызық па дейді. Туғанда шаттық өлеңмен қарсы алып, өлген адамның қасиетін де өлеңмен айтып, ол дүниеге өлеңмен шығарып салудың себебін айтады.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денен.  
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,  
Ойлансаншы бос қақпай елең-селең», —

деп сырты күміс, іші алтын өлең осындай болмақтығын меңзейді. Ақыл, нақыл сөз қонбайтындардың өлеңді ұғынуы екі талай дейді. Сөзді сатуды ақындық өнерді қорлау деп біледі:

Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ,  
Ондай жерде сөз айтып, болма мазак.  
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,  
Түгел сөзді тындауға жоқ қой қазақ.

«Өлең — сөздің патшасынан» кейін бұл өлеңде бұрынғы өткен қазақ ақындарымен қағысады. Мұнда Шортанбай, Дулат, Бұқар жырауларды сынады. Әдебиеттің өсуінде белгілі бір ағым болады. Ол ағым ірілеп барғаннан кейін, сол сөзден заман, қоғамдық тіршіліктің... шындығы көрініп, өзіне дейінгілерге сын айтылады, кемшіл жағы мысқыл етіледі. Мысалы, ХХ ғасырдағы зрыс романы Тургенев, Толстойдан бастап ең үлкен жанрға айналып («Война и мир»), кейін новелла жазуға бола ма деген ой түсіп, новеллалар туа бастады. Себебі роман жетер шегіне жетеді. Міне, осы сияқты бір дәуір мен бір дәуірдің жаңғыруы, стильдің бірінің орнына екіншісінің келуімен жаңғырады. Енді қазақ ақындары ешуақытта Шортанбайша боздай жырлау күйінде болмау керек. Сондықтан осы үш ақынның өлең мазмұнын сынға алып отыр. Ендігі тіршілікке олардың өлеңінің пайдасы аз, өйткені кемшілік олардың сыртында да, ішінде де тұр. Сондықтан барға қанағат етпей, алға ұмтылуды айтады. Ол ғасырдың жыры бітті, енді

жаңа ғасыр келді деп келешектің мақсатын көрсетеді. «Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ» дейді. Енді өлең жанаша тәрбие, мәдениет үгітшісі болсын, жананы сезгіш қайраткері болсы дейді. «Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ», ойлы жастар осы ойдан үлгі алсын дейді. Менің сөзім думан-сауық сөзі емес, елдігің үшін, намысың үшін қатуланған, санаға айтылған сыншыл сөз дегенді айтты. Абай өлеңінде жаңа жыр үлгісін көрсетіп, тыңнан сұрау салды. Мысалы «Жаз», «Қыс» т. б. мұндай тақырыпта бұрын қазақ жырлаған емес. Халық тіршілігін жаңаша танып сынаған адам болып көреді. «Қыс» деген өлеңінде Абай жаңа үлгіде айтамын деп бұрын қозғалмаған тақырыпты алып, жаңа мазмұнға жаңа түр береді. Теңеуі де жаңаша. қысты сипаттауы арқылы үсті-басы сықырлаған, алып денелі біреудің келе жатқанын сездіреді. Үсті басы сықырлаған қар, мұз — қыстың ызғары. Осы суреттеген қалпынан орыстың поэзиясындағы Некрасовтар жырлаған «Мороз Красный носты» Абай қазаққа түсінікті ету үшін, дед морозды «кәрі құдан» деп образды бейнеде бір-ақ сөзбен түсіндіреді. Кәрі құда келген сайын мал алып ығыр етсе, қыс та жұт иесі болып, малды алып отырады. Мұның өзі — бұрын-сонды қазақ өлеңінде кездеспеген соны теңеулер. Қаһарлы қыстағы табиғаттың стихиялық күшін қатаң қарттың бейнесімен салыстырады.

Әуес көріп жүгірген жас балалар,  
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.  
Шидем мен тон қабаттап киген малшы,  
Бет карауға шыдамай, сырт айналды.  
Соныға малды жайып күзетіндер,  
Ұйқы өлтірмес, қайрат кыл, бұз қамалды!  
Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,  
Құр жібер мына антұрған кәрі шалды.

Енді ұғымды, образды ақындық тілмен қаһарлы қыстың уақытындағы қайталанбас көріністі жандандыра суреттейді. Бұл арада қыс болмысы реалистікпен суреттелген. Ең аяғында қысты — кәрі құда шал деп көрсетіп ашып береді. «Қыс» өлеңі ірі ақындық көркемдік үлгісін көрсеткен және Абайдың қазақ сахарасындағы қысты (Арқаның қысын) терең ойлы сезіммен суреттеп бергенін көрсетеді. Бұл өлеңдер Абайдың ақындық өнер мәдениеті жоғары сатыға көтеріліп келе жатқанын байқататын ірі айғағының бірі еді.

1889 жыл — Абайдың өленді көп жазған жылы. Бұған сол кездегі аз жылдық тыныштық пен өнерлі ортаның молығуы себеп болған. Ел басқару жұмысын Оспан алған соң, Абай ақындыққа құлай беріледі. 80-жылдан басталған кітап оқуын тастаған жоқ еді. Кітаптарды алғызып немесе Семейге барып оқиды. Осы 1889 жылы 25 шамасында өлең жазады. Өлеңдерінде ел кемшілігін шенеу мен махаббат, табиғат сарыны басым боп жатады. Сөз ұғатын жастарды өнер-білімге үндеп, көп үлгілі сөз айтып, жаңа жолға баулиды. Жастарды музыкаға үйретпек болады. Осы ниетпен скрипкашы Мұқаны өзіне дос етіп алады. Атақты Біржан Абай аулына келіп, Абайды бір талай әнмен таныстырады. Абайдың өлеңдегі өсиеттері ақындар арқылы өзге елге тарап, сол ақындар өлеңінде Абайдан нәр алады. 1891 жылға шейінгі өмірі көп пайда келтірген жылы еді.

Абайдың дінін алатын болсақ, сол замандағы молда, ишандар пікірінен емес еді. Абай діні — рационалдық сыншыл ақылдың шартты діні болғандықтан, ақиқат, жаратылыс сырын философия тілімен түсіндіреді. Соның ішінде адамгершілікке ерекше көп көңіл бөліп, өз пікірін өлеңдері мен қарасөзінде айтып, дәлелдеп отырады. Бірақ 90 ж. шейін тыныштық болып келсе, енді осы жылдары Оспан мен Орзабай араздасып, тағы да тыныштық бұзылады. 89-жылға шейінгі өлеңдері — Абайдың өткен өмірін көз алдымызға елестетін, «Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысың» деген өлеңдерінде болыстың белгілі пішінін алып, мінезін, әдетін, психологиясын айтып береді. Осы жылдарда білім туралы да біраз өлеңдер жазылады, махаббат туралы да айтылады. «Сегіз аяқ», «Қыздың жігітке айтқаны», «Жігіттің қызға айтқаны», «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» т. б. өлеңдерімен қатар, «Онегиннің Татьянаға», «Татьянаның Онегинге» жазған хаттарын аударады. Абайдың Пушкинді аударуға тырысқан себебі: осы кезде орыстың 60—70 жылдардағы Ресейдегі ірі қоғамдық тартыстан көп оқып алған әсерінен, ондағы революциялық тартыс ағымымен терең танысуында жатыр. Оған өзі оқып ізденсе, екінші жағынан достасқан орыс адамдарының келтірген пайдасы да себеп болған. Сол адамдардың бірі — Михаэлис 1861 жылы тұтқынға алынған, революциялық оянудың күшею дәуіріндегі үлкен ұстазы революцияшыл демократ, материалист Чернышевскийдің әсері күшті болған. Сол кездегі университетте студенттер ішінде болған револю-



цияшыл қозғалыстарға араласып кетеді. Ол жасырын түрде жазылған саяси манифеспен байланысты еді. Осы іспен айыптап, ұстап, Михаэлисті Петрозаводскіге айдайды. Михаэлис өте зерек, алғыр, батыл адам болған. Және революцияның қайнар бұлағынан шыққан адам еді. Петрозаводскіден Тарға, онан әрі алысқа айдалып келіп, ақыры 1880 ж. Семейге келеді.

Михаэлистің Абайға әсері қандай? Неге Абай сондай революциялық пікірді естіп жүріп, патшаға қарсы сөз айтпайды? Михаэлис Семейге келгенмен, Петербургтен қатынасы үзілмейді. 1881 жылғы патшаны ату жөніндегі оқиғаны Абай естиді. Долгополов айдауда болады. Жаңадан III-Александр таққа отырады. Патша үкіметі Долгополовтан ант сұрағанда, Долгополов революцияшыл бетінен қайтпайды. Патшаның тілегін орындамайды. Сондықтан Долгополовты әрі қарай айдайды. Ақырында Долгополов та Семейге айдалып келеді.

Абай өлеңдерінде, чиновник болма деген сыншыл сөзінде бір талай үлгі бар. Салтыков-Щедринді айту себебі ол патшаны мінеп-шенеген адам, сондықтан солардан үлгі ал деді. Осындай пікірлерді өлеңдерінде де таратып жүрді. Бір жағынан, Михаэлис, екінші жағынан, Долгополов және 1863 жылғы поляк көтерілісіне қатысқан Северин Гросс Абаймен үлкен дос болған. Северин «Обычное право киргизов» деген ғылыми кітап жазған. Осылар Абайдың поэзиясына неге революциялық әсер енгізбеді дейтін болсақ, алдымен Чернышевскийдің айтқан сөзін еске аламыз. Чернышевский халықтың кезін ашуға тырысу керек, халықты ояту керек деді. Долгополов, Северин Гросс Абайға келгенде қазақ даласында пролетариат жоқ еді. Қазақ халқы бұратана ел, сондықтан қандай программа ұсынуға болатын еді? Тек қана елді ояту үшін ағартушылық ісін ғана жүргізуге болатын еді. 1889 жылғы өлеңдеріне қарасақ, патша құрылысына қарсылық пікірмен қатар мәдениетке жету туралы көп өсиет сөз, ой-пікірлері бар еді. Орыс халқының әдебиетіне келе жатқан гуманистік идеяны, үлкен де терең мағыналы ағым Пушкин, Лермонтов пікірлерін қазақ халқына жеткізу алғашқы бастама сияқты еді. Бұл, әрине, аз үн емес.

Абай мұсылман дінінің сыртындағы үлкен пікірлі адамдардың сөзін қазақ халқына жеткізді. Пушкиннің революцияшыл пікірдегі сөзін жеткізуге ол кезде Пушкиннің революцияшыл пікірдегі шығармалары баспаға шыққан жоқ еді. Абай пікірлерін айтқанда кәрілерге

арнаған жоқ. Болыс-биді мініп отырса, жастарға әкелік мейіріммен қараған. Пушкинмен таныстыру, орыс мәдениетімен таныстыруда үлгі боларлық жағын ашу мақсатымен «Евгений Онегинді» аударды. Болыстарды шенеуде бір болыстың пішінін жасай отырып, бүкіл қазақ сахарасындағы болыс, биді жинақтап, типтендіріп көрсетеді. Болысты сынау деген патшалық әкімді сынау деген сөз еді. Патшаның қазақ пішіндегі сүйеніші би, болыс еді. Патшаның шенді-шекпен кигізіп, арқасынан қағып мөз қылған өрескел пішінін айтуы орыстың революциялық пікірімен терең байланысты танытатын құбылыс. Қазақ даласындағы патшалықтың ел билеу жүйесін сынау еді. 1889 жылғы өлеңдерінің түр, мазмұн жағынан байығанын көреміз. Ол өлеңдері тақырып жағынан бір-біріне ұқсамайды. Мысалы «Болыс болдым, мінеки» — елдің елдігін жоятын құнарсыздықты, қоғам тіршілігінің дерті сияқты құбылысты ашына суреттейді. Сатирик болуына Абайдың жас бала кезінен бейімі бар еді. Соны өсіріп әкетеді. Абай әрі сыншыл ақын. Мұнан Абайдың әр жақты болып кеңейіп келе жатқан ақындық өнерін байқаймыз. Нәзік сарын шығады. Ол сарын махаббат сырын қозғайтын өлеңдерін жазды. Мұнан да Абай сыңаржақ емес. Махаббат жөніндегі жырлары Абайдың өзінің әралуын ақындығының әр саладан келген төркінін танытады. «Айттым сәлем, қаламқас» өлеңі сыйластықтың қазақ жастары арасындағы табиғи қалпын тереңдетеді. «Қор болды жаным» өлеңінде шығыс ақындарының диуан, газалдар жазған ақындық өнер әсері көрініп тұр. Шығыс поэзиясындай өзі сүйген аруды жалпылай жырлап, кімге арнағаны белгісіз тұманды махаббатты жоғарыдан келген сияқты, әмір құдіреттің бұйрығы сияқты ұғыну бар. Осылай жырлау Абай өлеңінде көрініп тұрады:

«Қор болды жаным, Сенсіз де менің күнім, Бек бітті халым,	Тағдырдан келген зұлым. Тағдыр етсе алла, Не көрмейді пәнде?».
---	--

Қазақ өлеңінде кімнің кімге не айтып отырғаны айқын көрініп отырады. Мысалы, «Айттым сәлем, қаламқас» өлеңінде жігіттің қызға айтып отырғаны айқын.

Абай осы жылы аудармаменде айналысады. Аударғанда нағыз реалистік шығарманы алады. Ол шығарма — «Евгений Онегин». Бұл дәл аударма емес. Абай жігіттің сезімін нәзіктейді. «Евгений Онегин» Пушкинде роман болса, Абай хат ретінде аударған. «Айттым сә-

лем, қаламқаста» жігіттің қызды қадірлей білгенін көреміз. Қазақ әйеліне Абай тең тіл бітірмек. Сондықтан «Евгений Онегинді» алғанда, осы әйелдің үлгілі ішкі сезімін, жан құрлысын көрсетем деп алады. Абай «Евгений Онегинді» аударғанда жаңа өлең үлгісін табады. Мысалы,

«Амал жоқ қайттым білдірмей,  
Япырмау қайтіп айтамын.  
Қоймады дертім күйдірмей,  
Не салсаң да тартамын»,—

деп шалыс ұйқаспен келтірген. Сонымен бірге, теңеудің жақсы түрін келтіріп жазған. Пушкиннің сипаттағанынан Татьянаны басқаша сипаттап Татьянаның айтқан сөздерін де басқаша жазады.

«Тәңірі қосқан жар едің сен,  
Жар ете алмай кетіп ен.  
Ол кезде бала едім мен,  
Аямасқа бекіп ең»,

Абайдың Пушкинді терең түсінгенін осы Пушкиннен алған ақындық мәдениеті аңғартады. Ол қазақ сахарасының табиғатын суреттеуі мысалынан да байқалады («Күз» өлеңі). Қазақ поэзиясы Абайға шейін табиғатты өз алдына жеке суреттеуді дәстүр етпеген. Қазақ поэзиясында табиғаттың жыры тек әңгіме ішінде оқтын-оқтын кездесетін. Абайдағы табиғатты суреттеу шығыстан келген жоқ. Абай табиғат лирикасын кіргізгенде, барлық шындығымен табиғаттың пейзажын суреттейді. Абай реалистік пейзаж жасады. Бұл — Пушкиннің үлгісі. Күз бен қысты аса жақсы жазған Пушкин еді. Абайдың «Күзі» мен Пушкиннің күзді жазуы Абай мен Пушкиннің қабысуында үздік үндестік дәрежесіне жеткенін көрсетеді.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан.  
Тойғаны ма, білмеймін тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан,—

деп жайылыста жүрген ауылдың жылқысынан бастап, соның мінезін табиғатпен байланысты суреттейді. Онан кейін адамды алып, дәурені өткен адам өмірі сияқты етіп, ағаштың жапырағынан айрылғанын көрсетеді. Табиғаттың көрініске қайта келіп, табиғаттың жүдеулігін көрсетеді. Бір жол өлеңмен Арқа елінің шаруашылығы-

ның күйін көрсетеді. Күзді күнгі ауылдың тамақ жағынан жүдеп отырғанын сол ауылдың иті арқылы жанама тәсілмен байқатады. Себебі ауыл тоқ болса, сүйек кеміріп жататын иттің тышқан қуалап кетпейтіндігін айтады. Екінші өлеңі одан гөрі табиғатты терең суреттеу мен қоғам жайын айтып кетеді. Ол өлеңі «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай». Бұл өлеңде де кедейдің тұрмысынан бастайды. Абай бұл өлеңін Тәкежан үйінде отырып жазған. Тәкежан өлгеннен соң, Абайдың балалары өлеңді 1909 жылғы ақын жинағына кіргізбей, қалдырған. Ол:

«Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,  
О да өзіндей ит болсын, азғыр-азғыр»,—

деген жолдар еді. Абай қанаудан кедейдің өзіне ғана емес, баласына да жеткенін көрсетеді. Абай тап қайшылығын аңдап, ол қайшылықтың анық, айқын пішінін көрген. Мінекей, Абайдың 1889 жылғы өлеңінде осындай сегіз қырлылық байқалады. Біріншіден, Пушкин шығармаларымен таныстырып, өз тілімен емес, өнегелі елдің тілімен өз жастарының көзін ашпақ болады. «Евгений Онегинді» аударған соң, оған ән шығарады. Әншілердің әнімен той-жиында жас атаулы жыр жырлап, өлең тыңдамақ болса, соның бірі осы «Евгений Онегин». Екіншіден, табиғатты суреттеуді реалистік түрмен жаңғыртады. Махаббат туралы жырлағанда Шығыс ақындарымен жақсы байланысы барын көрсетеді. Қазақ жастарының арасындағы махаббатты қазақ жастарына түсінікті етіп жырлайды. Енді Абайда көңіл күйі лирикасы да болады. «Сегіз аяқ» Абайдың көп ойының толқыған мұңын да, ізденуін де шебер айтып жеткізе алған. «Сегіз аяқтың» ішіндегі қоғамдық ойы, мұңы, арманы ғана емес, ел тіршілігінің шындығы сыншы Абайдың осы өлеңінде айқын көрінген. Бұл бір талай өлеңнің ой қорытындысы сияқты. Сондықтан үлкен ықыласпен жазған. Мазмұнына қарай түрі де өзгеше болып келеді. Ұзінге салып өлшегендей шебер жазылған. Абайдың 4 жолды қара өлең ұйқасымен жазылған өлеңдерінен басқаша толысқан, күшейген, шебер ақынның бір бел қорытынды жазған өлеңі дейміз. Өлеңнің ең аяғын мұңмен бітіреді.

Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым.  
Онан да шықты жаңғырық.

Естіп үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім қаңғырып.  
Баяғы жартас бір жартас  
Канк егер түкті байкамас.

Бұл «жартас» — үлкен символ. Сол кездегі жұмбақ заманды айтуы мүмкін, өйткені сөзін заманына арнап айтады. «Жартас» деп айтып жатқаны жырына үн бермейтін айналасындағы надан қауым болуы мүмкін. Ақындық үнмен жартасқа келіп айкайлаған жалғыздық мұнын айтады. Біз сатирик Абайды, махаббат лирикасын жазған Пушкинді өз қауымына үлгі еткісі келген Абайды көрдік. Пушкинге барған барысты «Сегіз аяқтағы» көңіл күй лирикасына келуінен көрдім. Әрбір жылдар жаңалығы әр өлеңінде-ақ кездеседі. Бұл жылдағы бір талай өлеңі үлкен шабытпен жазылып, өз ойын толық айтып, шың басына шыққан Абайды көреміз.

1890 жылдағы өлеңінде Абайдың шеберлік жағынан асып түсе беретін ақындық өнерін байқатады. Артық, керексіз жері жоқ, өлеңде үлкен шеберліктің биік дәрежесіне жеткен жанаша түр келісімі көрінеді. 1889 жылдағы бастаған сарын шеберленіп, нәзіктеніп, тереңдей түседі. «Сегіз аяқ» үлгісімен жасалған «Келдік талай жерге енді» өлеңі басынан аяғына шейін екі сөзден құрылған редифті ұйқаспен жазылған. Айтпақ болған күйін бітіріп ұшырғандай, толқын ұрып отырған күшін танытады.

«Туған жерді қия алмай,  
Тентекті жеңіп, тия алмай,  
Әлі отырмыз ұялмай.  
Таба алмадық өңге елді.  
Әуелде тәңірім сорлы етті.  
Арсыз елмен әуре етті,  
Жалғыз үйде күңіренгі»,—

деп 3—4 жолды ұйқасты қатар келтіріп, алғашқы ұйқасқа келіп, аяғында өзін мысқылдап тоқтайды. Бұл қоғамдық ойдың ақынды күйікке айналдырып, ширектыра бастағанын көреміз. Осы жылдарда жаңа өлеңі — «Өзгеге көңілім тоярсын» — «Ата-анаға көз қуаныш». Бұл өлеңдерінде көңіл күйі, махаббат жайында айтады. «Бай сейілді» өлеңінде ақын ойы, сезім сарыны шеберленіп көрінген. Ұйқастың құйылуы шебер. Жаңа ой ойлаған ақын жаңа түр тауып, әнін қоса шығарады.

Ұйқасында 3-жол мен 6-жол ұйқасады. Бұрын ауыспалы шумақ болса, енді тұрақты шумақ. Сүйтіп, Абайдың өлең түрін іздеуі шеберлене береді. Өлең Абайдың қандай тынысы болғанын көрсетеді. «Өзгеге көңілім тоярсың» деген өлеңде:

«Өзгеге көңілім тоярсың,  
Өлеңді қайтып қоярсың.  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дертті жоярсың»,—

деп өлеңді құлақ күйі, жан тынысы етіп сай-сүйегі сырқырағандай жазады. Өзінің ой арнасына ұқсас адам таба алмағандықтан, өлеңді сырласы етіп мұндасады. Қаралы көңіл мұңмен қара. Сол көңіл жылап, жас ағызып шығатын болсын дейді. Өзінің жалғыздығын сезе баспап, көптің надандығын ашынып жырлады.

«...Қара басқан, қаңғыған,  
Қас надан нені ұға алсын?  
Көкірегінде оты бар  
Құлағын ойлы ер салсын!  
Жылай-жырлай өлгенде,  
Арттағыға сөз қалсын!»,—

деп өз заманынан шығып, келесі заман оқушысына, болашағына мұңын шағып барып тоқтайды. Бұл — Еуропа әдебиетіндегі оптимистіктің бір түрі. Өз заманынан түңілген ақындардың 2 түрлі шығатын жолы бар: «Зар заман» ақындары артты ойлап кеюші еді. Сондықтан тарихтың беймезгіл тығырығына ұшырағанда діншілдік, үмітсіздік сарыны шығатын. Ал Абайдың бұл ақындардан өзгешелігі — келешектен үміт етуі. Ел тағдырының бұл қалыпта тұрмайтындығын айтады. Келешектің адамына тағы да мынадай сөз тастайды:

Мендей ғаріп кез болса,  
Мойын салсын ойлансын.  
Қабыл көрсе сөзімді,  
Кім таныса сол алсын,—

дейді.

Жұртта үміт етерлік әрекет болмаған соң, баладан шыға ма деп бала жайын да жырға қосады. Білім ізде, адамгершілікке қол соз, бала атаның баласы емес, адамның баласы болу керек деген танымды ұстанады. Қайғылы атаның мұңлы-зарын айтып, «Ата-анаға көз қуаныш» деген өлеңін жазды.

Оқытарсың молдаға оны,	Жасында күтті
Үйретерсің әр нені.	Дәме етті,
Медеу етіп ойы соны,	Босқа өтті.
Жаны тыныштық көрмеді.	

Бұл — ата баласын адамның баласы болуын тілейтін озық ой. Сол атаның мұң-наласын шерлене отырып тербеткендей өкініштің мұңын да береді. Елдің ұлы болу керек еді, бірақ өзінің інін білген андай, атаның сенімін ақтамады дейді. Масыл ұлдың өмірі сүйретіліп өткен өмір, оған қанаттанып ұшқан өмірді қарсы қояды. Басында ата-ана үміт еткен бала ел танымай, үй танып, ақырында жанбасынан сұлап жататындардың бірі болды. Сондықтан әлдиі — зарлы атаның әлдиі.

[18]91 жылдардағы өлеңдері. Анда-санда махаббат сарыны шаң беріп отырады. Абайдың жастық шағын еске түсірсе, жастарға адамгершілігі күшті гуманистік тәрбие беруді мақсат тұтты. Ең әуелі адамдықты алу керек. Махаббат бұл кезде Абайдың ыстық сезімінің бірі емес. Бұл — Абайдың ішін тазартып, нұр сәуле тигізіп, сол арқылы адамдық кейпін беру. Абай бұл кезде батыс әдебиетін де, шығыс әдебиетін де қол үзбей көп оқиды. Махаббат жырын жырлағанда дүниені де барлай отырып жырлаған. Мысалы, «Қызарып, сұрланып» сияқты өлеңі батыс ақындарының үлгісімен өрнектеледі:

«Қызарып, сұрланып,	Екі ғашық құмарлы,
Лүпілдеп жүрегі.	Бір жолдан қайта алмай,
Өзгеден ұрланып,	Жолықса ол зарлы
Өзді-өзі керегі.	Сөз жөндеп айта алмай».

Мұнда біріне-бірі онашада, ашылыспаған жастардың кездесуі суреттелген. Қараңғыда кездескен жастар көңілі соншалық көп сырласуды армандаса да үн қата алмайды. Ол уақыттың өзі өте қымбат екенін айтады. Бұл жастардың ең қасиетті шағы. Махаббат сөзбен емес, жүректің дүрсілімен сезілген нәрсе. Бұл кезде — жүрек, тіл, ойдың керегі жоқ. Бұлардың бәрінен күштісі ғашықтық сезім дегенді меңзейді. Бұл — жер махаббаты, өмірдің шындығымен бас изеп келген жердің ұлқызы. Бұлар қай халықта болса да кездесетін ұл-қыздар. Ал «Көзімнің қарасы» өлеңі Шығыс ақындарының үлгісімен жасалған. Сүюлі — исляния көлемінде ғашықтық сезімнің қалай бағаланатынын ойлаған қазақтың жасы.

«Көзімнің қарасы,  
Көңілімнің санасы.  
Бітпейді ішімде,  
Ғашықтың жарасы.

Тереңдеп қарайсың,  
Телміріп тұрмайсың.  
Бихабар жүргенсіп,  
Бек қатты сынайсың».

Бұл өленде Шығыстың сөздігі араласқан, «бей хабар» болса да «күю-жану» бар. Рақым болса да, наз айтуды керек етеді. Бір жақты мұң келіп отырады. Бұл — Шығыс үлгісі.

«Сенсің — жан ләззәті,  
Сенсің — жан шәрбаты.  
Артықша жаратқан —  
Алланың рахматы.

Көрік-тәңірі дәулеті,  
Қылса ұнар құрметі.  
Сұлуды сүймектік —  
Пайғамбар сүндеті».

Мұнда жер махаббатынан гөрі құдайға, пайғамбарға мұң-зармен айтылған тілек күшті. 1889-90 ж. бойында Абай көп жазды. Жастарды тәрбиелеуге көп көңіл бөлді. 91-жылы тағы да өмір ылаңы араласады. Оспан болыс болып тұрғанда, Оразбай араз болып, берекесіз тартыс басталады. Оразбай Оспанға қарсы адамдарды жия бастайды. Оспанмен кескілескен жау болады. Оразбай Оспанмен ғана жауласуды місе қылмай, өзіне бақталас Абайға қарсы болып жүреді. Осы кезде Оспан өледі. Бірақ наразылық күшейе түсіп, бәрі бір Абайдың басына түседі. Бұл қаза Абайға қатты батады. Оспан өлгенде, бірнеше жоқтау өлендер айтады. Соның бірі — «Жайнаған туың жығылмай». Бір толқын ой мен көкіректің күрсінуі сияқты. «Жақсы өліпсің япырмау» дегенде ащы шындық жатыр. Оспанның көп нәрселері Абайға тұтас, бітімді адам қалпын танытады. Осыдач кейінгі жылдары Абай өлеңмен көп айналыса алмай, аудармамен шындап айналысады.

Бұл кез де жаулықтың күшейген тұсы еді. Оразбай ұлыққа, қырда елге ат салып, Абайды орай бастайды. Тәкежанмен құда түсіп, Абайдың жақын жерінен жаралай келеді. Абай үлкен мұратты мезгеген адам болғандықтан, қандай ылаң болса да еліне деген еңбектен қол үзбей, енді ғақлия сөздер жазады. Ол (18)91 жылдан басталады. Абайдың қарасөзі әдебиеттік жанрдың қайсысына жататынын айту қиын. Бұл қарасөздің ішкі мазмұнына, ақынның ой-арманына құлақ салсаң, өлеңіндегі ойымен ұштасып жатқандығы байқалады. Абай — өз еңбегі халыққа жетсе екен деген адам, сондықтан өлеңмен айтылған ой көңіліне қонбаса, қара-



сөзбен айтқан пайда келтірер ме екен дегенді ойлады. Абайда айрықша философиялық система болмағанмен, философиялық ойлар болған. Табиғат, жаратылыс туралы емес, адам, адамгершілік, қоғам жайын да қатты сынға айналдырып айтады. Бұл — қазақ халқының болмыс тарихынан, шаруашылық жайынан, тәрбиеден, адамгершілік жайынан айтылған өсиеттер. Көпшілігін өзі танысқан грек философтарының үлгісімен айтқан.

Абай [18]93-жылдары жазған өлеңдеріне жаңа ағымдар кіргізеді. Бұл — Лермонтовтан, Гете, Байроннан аударған өлеңдері. Лермонтовтан аудару [18]93-жылдан басталып өл-өлгенше әдет болып кетеді. Лермонтовты дәл аударады. Европаның көп классиктері енді Абайға кең әсер етеді. Абайдың өз шығармаларының мазмұнын, көркемдігін, ойын кеңейтіп түрлендіреді. «Өзіңе сенбе жас ойшыл» мен «Ал сенейін, сенейін» деген өлеңде Лермонтовтан Абай өзінің үндестік, үйлестігін табады. Лермонтов арқылы Байроннан жасаған аударма — «Көңлім менің қараңғы бол-бол ақын». Мұнда Лермонтовтың айтқан дарашылдығын шеберленген түрде қайталайды. Гетеден Лермонтов, Лермонтовтан Абай аударған «Қараңғы түнде тау қалқып» өлеңінде стихияны сезуде философиялық, ойшыл, мұңды, нәзік сезімді ақынның терең толқыған жүрек сыры жатыр. Соларды аудару Абайдың өз шығармаларына да жаңаша тосын сезім кіргізеді. 1894 жылғы өлеңі — «Қарашада өмір тұр». Абайдың осы кездегі өлеңінде көбінесе ішкі нәзік сезімді айтқанда, қысқа өлеңмен қайырады.

«Ғашықтың тілі — тілсіз тіл,  
Көзбен көр де, ішпен біл»,—

деуі кейде адамның нәзік сезімін тілмен айтуға сөз жетпейтінін меңзейді. Бұл — Абай Лермонтов үлгісінің мәдениетті эстетикаға айналған қалпын танытады. Осы қалпымен келіп Абай өзінің өміріндегі бір үлкен шер болып толқытқан халге жетеді. Яғни элегия үлгісімен Әбдірахманға арнап өлең жазады. Бір жағынан тілек сияқты болып, шер толқытып жырлайды. Мұнда қазақтың аталық мейірімі де, эстетикалық сезімі де бар.

Бұл интимный лирика үлгісімен жазылған (интимный лирика дәл ішкі сезім шындығымен дәп тиіп отыратын лирика). Жазылған мерзімі белгілі болып отырады:

Не жазам, япырмау,  
Қол шоркак, тіл мақау.  
Сәлемет өзіңді,  
Кешікпей көрсем-ау.

Бұл лирика да шын, арнаулы адамның сол кездегі жүрек сезімінің шын сырын көрсетеді. Екінші бір хатында егіле түседі де:

«Алланың рахыметін,  
Яр тұтып әрнеге.  
Аррахман ол атын  
Үйреткен жұмлеге»,—

дейді.

Бұл өлеңі сүйіну үлгісінде басталады. Мұсылман ата болып көңлінің шерін тарқатады. Осы кездердегі табиғатты сипаттаудың өзінде көңілінде қайғы орнағандықтан, барлығында философиялық, эстетикалық сезімнің нақтылы нәзіктілікке, торыгулы көңілдің тоқыраушылыққа айналғанын айтады. Дүниемен сырласу, стихиямен бірге мүлгу ретінде табысып барып, өлім күйіне айналады. «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» деген өлеңін жазады. Абай өлімнен қорықпайды. Өлім мәңгілік тыныштыққа айналады. Адамның ғажайыптан туып, табиғаттан кетісі жырға қосылады. Бұл өлеңі [18]94 жылға жатады.

Халықтың қамын ойлайтын ой сарыны — Абай өмір бойы тастамайтын тақырыбы. Елдің келіссіз мінезін мысқылдау әлі де қалмайды. (18) 95 ж. өлеңі — «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей». Енді ел ішінде қазақ дағдысымен дәм ауыз тиетін әдетке сүйеніп, тамақ аңдып, мәз болып жүрген ауылдағы тіршіліктің мағынасы жоқтығын мысқылмен сынап өтеді. Қоғамдық теңсіздіктен кедей ауыр тұрмыс артқанын ескертіп:

«Өз үйіңнен тоярға қолың қысқа,  
Ас берер ауылды іздеп жүрсің босқа.  
Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген  
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа»,—

деп кедей еңбегін арам тер қылып сорып жүргендерді мінейді. Абай Чернышевский, Добролюбовтың пікірлерін білгендіктен, қазақтың егіншілік тіршілікке айналмағанын көріп, еңбекшіліктің программасын ұсынады. Ауыртпашылық мұңы бар артта қалып бара жатқандарға ой салып, жайды ашып айтады...

93—94—95 жылдардағы Абай қарасөздерінің алуаны қандай? Абайдың тыңдаушысымен, оқушысымен бетпебет отырғанда айтатын пікірлері өлеңінен оқшау емес. Көңіл күйі жағынан бірін-бірі толықтырып, нық сүйен отырады. Өленде жанама айтқан пікірін қарасөзінде ұғымды етіп таратып отырады.

**Тоғызыншы сөзі.** Әбдірахман өлгенде жазған өлеңіндегі сөзін кеңейтіп айтқан ойымен іліктеседі.

**Он ыншы сөзі.** Әр кездегі мысқылдық сатирамен орай айтылған ойлары философиялық сарынға бейім қалып танытады.

**Он бесінші сөзі.** Өзі қолданып жүрген тәжірибені ойланар, толғанар, сол арқылы тоқтамға келер дегенді айтады. Бұлары адамгершілік, мораль философиясына қарай тартады. Адам өздігімен адамгершілікке жету керек, өзінді өзің аямай, арынның таразысына сал дегенді аңғартады.

**Он алтыншы сөзі.** Дінге тура шабуыл жасалмайды. Бес уақыт намаз оқып, діннің сыртын ғана тұтып жүретіндерге сын айтады. Адамгершілікті Абай ислам дінінің үгітшілеріндей түсінбейді, өзіндік өзгешелігімен түсінеді.

**Он жетінші сөзі.** Адамның адамгершілігі неден құрылады дегенде: қайрат, ақыл, жүрек — үшеуін айтып, ғылымға жүгіндіреді. Абай жүрекке бірінші орын береді. Ол — жүректің сезгіштігі. Мұның өзі — көрегендік. 'Олай болса, ақыл байқамағанды жүрек сезеді. 'Абай өлеңінде де, қарасөзінде де шабыттың адамы, сондықтан жүрек сезімі күшті болып отырады.

**Жиырма үшінші сөзі.** (94-жыл.) Қазақтың мінезін бірнеше жерде қатты сынға алып, әсіресе жақсымын деп кеудесіне нан пісіп жүрген атқа мінерлерді таңбалап өтеді.

**Жиырма жетінші сөзі.** Абай философ Сократты оқыған. Сократқа әрбір шәкірті сұрақ беріп, Сократ жауап қайтарып отыратын болған. Абай сондай бір әңгімені алып көрсетеді. Аристодим мен Сократтың жаратушы ие жөніндегі пікірін таратып айтады. Мұсылманмын деген жұртқа сыншыл ой тастайды. Ал жиырма сегізінші сөзінде барлық мұсылмандарға арнап сөйлейді. Сыншыл ойшылдықтың Абайда өткір көрінген жері — өзі мұсылман бола отырып, шабуыл жасағанда, оларға шешендікпен, ділмарлықпен келелі ой-пікірлер айтады. Шын адамгершілік мәселесіне келгенде, діннен алыстайды.

(18) 95-жылдағы философиялық қарасөзінде діннің тар шеңберінен шығып, өлеңінде эстетикалық жағынан жаңа бір бүтін ақын туып келе жатқан қалыпты танытқандай.

(18) 95-жылғы Абай өлеңдері философиялық пікірі жағынан жаңа ағымда айтылған өлеңдер тобына кіреді. Көңіл күй лирикасын, махаббат лирикасын айтуымен қатар өлеңдеріне әр жақғы, кең философиялық сарындар кіргізіп отырған. Қара сөздеріндегі өмір, қоғам туралы пікірлері өлеңдеріне ауысады. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деген өлеңінде философияның көлеміндегі түбегейлі ұзақ, аумайтын болмыс бар — ол ой. Абайды философ деуге болмайды. Себебі философ болу үшін белгілі философиялық система болу керек. Абайда олай емес. Абайда данышпан ақындарда болатын философиялық пікір бар. Абай қоғам тіршілігі, тәрбие жөнінде материалистік жарқын ойды жоғары санап отырса да, идеалистік пікірге де жақын жанасатын тұстары бар. «Мен» және «менікі» деген күрделі ой танымды айыруда философиялық пікірін толғайды.

«Кім жүрер тіршілікте көңіл бөлмей,  
Баки қоймас, фанидің мінін көрмей.  
Міні қайда екенін біле алмассың,  
Терең ойдың телміріп соңына ермей»,—

дегендегі «фани» дін кітаптары ұғымындағы аз күндік тіршілікті айтады. Ал «баки» мәңгі деген мағынадағы көбінде Шығыс философтарының пікіріне келеді. Ахиретке жету деген — діннің белгісі, діндік пікірі, қалайда идеалистік.

«Лай суға май бітпес қой өткенге» деген өлеңінде «Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе» деп қазақ тіршілігін алып, ойды соған теңеп көрсетеді.

«Лай суға май бітпес қой өткенге,  
Күлеміз қасқыр жалап дәмеккенге.  
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,  
Көңілдің жаулауынан ел кеткен бе?» —

деп қасқырдың бір сипаты мен адам ойын қатар қойып салыстырады. Ойдың жалғыздығын, заманынан иығы асып шыққан мұңлы жалғыздық өмірін жыр етеді. Адамның ақылмен білдім дегені тек салыстырмалы шындық екенін көрсетеді. Абай ислам дінінің тілменен айтып, дін үгітінің тоқта деген жеріне тоқтамайды. Мұның өзі — күпірлік. Абай сол күпірлікке барады. Абай-

да шығыстың философиялық пікірі болса, Европаның рационалистік танымына да келеді. Ол — ақылға ешбір тұсау болмасын, дін оған шек келтірмесін деп өлеңінің аяғын сұрақпен бітіреді. Мұның өзі ислам дінінің көлемінде толық мұсылмандықтың шартын орындағандық емес, асып барып тоқтағанын көрсетеді.

«Бергенде тәңірім саған өзге туыс,  
Қыласың жер—жиһанды бір-ақ уыс.  
Шарықтап шар тараптан көңіл сорлы,  
Таппаған бір тиянақ неткен қуыс?»,—

деп қанағат ете алмаған көңілдің жайын айтады. Бұл Абайдың өмірінде жауап ала алмаған, үлкен сұрақ ретінде қойып кеткен айтулы мәселесі.

Абай сұрақтарды беріп келіп, аяғында тиянақ пен тегістік жоқ, сондықтан ойың еш нәрсеге бағынышты болмасын дейді. Абайдың сыншыл реализмі дінге де сыншыл болғаны көрінеді. 1896 жылғы өлеңдері ақын мен ақындық шабытқа арналады. Абайға шейін ешбір қазақ ақыны ақын мен ақындық шабытты толық түсінген емес. Абай ақындықтың ең негізгі міндеті мен оның қоғам тіршілігінің құралы екендігін көрсеткен. «Адамның кейбір кездері» деген өлеңінде:

«Кірлеген жүрек өз ішін  
Тұра алмас әсте жуынбай»,—

дегенде: көңілі кірлеп жүргенде, өлеңмен жуу бейне ұғым. Ол шындықты жырлайтын ақын да солай болмағы керек:

«Тәңірінің күні жарқырап,  
Ұйқыдан көңіл ашар көз».—

дейді.

Ол уақытта өмірдің кемшілігі мен олқысын қолға алып, үлкен шабуылға ақын аттанады. Надандық пен зұлымдықты бір деп ұғады. Сондықтан надандыққа кектенгенде, зұлымдықты да қоса таңбалап айтады. Абай осындай ақындық шабытты айтумен қатар, ақынның серігі әділет пен ақыл бола алатынын:

«Әділет пен ақынға  
Сыналып көрген, білгенін.  
Білдірер алыс, жақынға  
Солардың сөйле дегенін»,—

деп шын ақынның қандай болу қалпын көрсетеді. Сондықтан ызалы жүрек, долы қол, оның серігі — ашы тіл жаманшылықты аямай жазалауы керек. Ақын — қауым өмірінің сыншысы. Ақын тілі — жаңа тіл, үкім тілі болу керек дегенді айтады. Абай өлеңдерінде тақырыпты Батыс жазушыларынан алғанмен, мазмұнын өз айналасының тіршілігінен алады, алғанда еліктеу түрінде алмайды.

«Сағаттың шықылдағы емес ермек» деген өлеңі өмір турасында өмірдің баянсыздығын, тоқтаусыздығын, тағы да көңіліне келген жүдеу ой сарынын айтып отырады. Бұл жылдары Әбдірахманның өліміне арналған, Лермонтовтан аударған өлеңдері бар. Олар 94—95 жылғы сарынды айтып, ақынның өзі мен өзі болып, жалғызданып бара жатқан қалпын сездіреді.

96—97—98 жылғы өлеңдеріне карағанда Лермонтовтан, 98 жылғы Крыловтан аудармалар жасағанын көреміз. Аудармаларында Абай өз көңіл күйінің шындығын айтады. Осы жылдары Байроннан да аударарды. «Альбомға» өлеңіндегі қолданған тіл көңілдің мұны ретінде дәл Абайдың өз көкірегінен шыққан сияқты. Көнілінің жабыраңқы күйін көрсетеді. Бұл пікірлер қарасөзінде де кездеседі. Бұл кезде Лермонтов пен Абайдың жүрек күйінің құлақ күйі бір болып кетеді. Бұл 95—96 ж. өлеңдерінде анығырақ сезіледі. Ал 97-жылы тағы да заман жөніндегі көңіл күйлерін толғайды. Өлім күйінің анда-санда салқын лебін береді. Өлімнің ішінде мен барып жоқ болып кетем деген ой жоқ. Оптимистік пікір жатыр.

«Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,  
Харакет қыл, пайдасы көпке тисін.  
Көптің қамын әуелде тәңір ойлаған,  
«Мен сүйгенді сүйді» деп иен сүйсін!»

Кімде кім өмірде қорлықта қалса, сол мазлұмның саған жаны ашысын дегенді айтады.

«Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек,  
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.  
Ғадәләт пен мархамат-ер азығы,  
Қайда көрсен, болып бақ соған көмек»,—

дегенде «көп ит» деп көптің ішінен шыққан ит мінез топты айтады. Атқа мінер ортаны, көп ит ортасынан шыққан бір әлсізді жеумен күнелтпейтінін айтады. Осын-

дай өмірдің жүдетіп келе жатқан шындық болмысына шыққан сөзін айтады.

«Құлақтан кіріп бойды алар  
Жақсы ән мен тәтті күй,  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең, менше сүй».

Бұл — жүдей бастаған көңіл күйінің наласын «тәтті күй, жақсы әнмен» өзін-өзі жұбатқысы келгені. Көңіліме ой салар ән-күйдің рахаты денемді кергенде, ыстықта мөлдір суға бас қойғандай болам дейді. Ұмытылып кеткен үмітшіл кезі қайта есіне оралады. Ақындыққа, ақындықтың шабытына, өнер туындысына бет бұрғанда, ақындықтың көркем ұрығы туады. Ол нәзік сезім болып ағады. Өткен күнді еске түсіргендей болып, осы көңіл күйіне орай «Мен сәлем жазамын» деген өлеңді жазады:

«Мен сәлем жазамын  
Қарағым қалқама.  
Қайғыңнан азамын,  
Барушы айта ма?»

Абай мұндай сағыныш сезіміне оралған махаббат жырын өмір бойы жазудан қол үзбейді. 98-жылы осындай махаббат туралы жырлаған өлеңі — «Желсіз түнде жарық ай». Бұл Европа ақындарының үлгісімен жазылған классикалық туынды, махаббатты табиғаттың бесігіне бөлеп суреттеуінде қазақтың жайлауға көшкендегі көңіл күйінің көрінісі жатыр.

«Тау жаңғырып, ән қосып,  
Үрген ит пен айтаққа.  
Келмеп пе едің жол тосып,  
Жолығуға аулаққа»,—

деп екі жас табиғат арасында үнсіз сөйлеседі. Табиғат екі жастың жүрегінің лүпілін тындап тұрғандай. Махаббатты осылай жырлау Абайдан бұрынғы қазақ ақындарында кездеспейді. Осы жылдардағы өлеңінің ішінде қоғам тіршілігіне қатынасып жүргендегі шерлі өлеңі тағы бар. Ол жаңағы өлеңмен салыстырғанда, дүниенің екі шеті сияқты. Мысалы, «Болды да партия» деген өлеңін елдің міні туралы жазған:

«Болды да партия  
Ел іші жарылды.

## Әуремін мен тия Дауың мен шарыңды».

Бұдан бұрын да сайлауды, дауды, қиянатшылықты айтатыны сияқты, бірақ бұрынғыдан шеберленген. Бұрынғыдай ссрпінді емес, қажытып жүрген қауымға неңді алдым деп шерін шаққандай. Бұл жылдары — соншалық ауыр жылы еді. Себебі жазықсыз жазаның нәтежисінен келіп 97—98—99 ж. қарасөзінде айтылған пікірлер көбінесе Абайда адамгершілік, тәрбиелік желісі бар өнімді ойының біріне айналады. Абайдың педагогикалық көзқарасы болғандықтан, Абай философ деп алғаннан гөрі, Абай педагог деп айтуға орынды. Жастарға арналған тәрбиелік сөз — жүрегінен шыққан аталық мейірімде айтылған пікір. Қоғам мен жеке адамның арасындағы қарым-қатынасты айтуы өлеңінен гөрі қарасөзінде үлкен орын алған. Бұл — әлеуметтік тақырыбының ішіндегі ең үлкені. Кейде өз пікірін халыққа түсіндіру үшін дін тілімен айтады. Абайдың діні сыншыл ақылдың шартты дініне айналады. Араб сөзін келтіріп, құран тілімен сөйлеуі тындаушы қауымға түсінікті болсын дегені. Оны адамды адамгершілікке жеткізетін құрал есебінде пайдаланады. Осындай пікірлері афористік сөздерінде бар. Белгілі дәрежелі қарым-қатынас, шындық афористік оймен түйдектеліп отырады. Абайдың афоризмі 23 дейміз, шынында мұнымен ғана бітпейді. Афоризм — тұтас ойды түйіндеп қысқа сөзбен айту. Сондықтан афоризм Абайдың өлеңдерінде де бар.

«Көңілдегі көрікті ой, ауыздан шыққанда өңі қашады», яғни тіл көңілдің (жай-күйіне) сезгеніне жете бермейді. Сондықтан көрікті ой тілдің жеткізуіне үнемі көне бермейді. Тілден гөрі көңіл жүйірік, бұл сезім ақындары Тютчев сияқтылардың ең негізгі армандарының бірі болып табылады.

Адам мен заман туралы да айтады. Белгілі ортасы мен жеке адамның арасындағы қарым-қатынасты айту Абай үшін әте керек. Жеке адам жақсы болса, орта да жақсы болады. Халықты түзетуге болады дейді. Тәрбие — ең бірінші табынатын Абайдың тірегі сияқты. Ол тәрбие жалғыз тәрбиенің өзі емес, әуелі материалный жағы жөнделу арқылы сапаланбақ.

Көп пен жалғыз туралы. Көптен ажыраған жалғыздың көңіл күйі жоқтың дәрежесіне жеткен адасқандық қалпы дейді. Он екі афоризмінде қазақтың бұрынғы өткен қарияларының мақал, мәтелдерінде айтылатын пі-



кір кездеседі. Абай соны өлең тілімен қайта жаңғыртып, ақындық тілмен көріктейді. Абай педагог болуымен бірге, айтулы психолог. Адамның мінез-құлқын шебер суреттеп бергенде, бұрын көрмеген бір адамның түр тұлғасы көз алдына елестейді. Ашулы адамның екі түрлі болатынын, екеуінің арасындағы психологиялық айырмашылықты көрсетеді. Адамның қиын кездеріндегі қалпын, адамнан шығатын оқыс істі, мінезді көрегендікпен айтады. Абай кей уақытта ақындық өнер тілімен бейнелеп, нақыштай сөйлейді. «Биік мансап, биік жартасты» алып, оның маңайындағы жылан мен қыранды салыстыра суреттеу арқылы өз ойын қысқа қайырып, терең түйіп айтады. Абай қоғам тіршілігіндегі адамды теңестіретін нәрсе ой және еңбек екенін жоғары бағалап көрсетеді. Еңбексіздердің көбі қанаушылардың мінезін көрсетеді. Бұлардың еңбегі — паразиттық. «Тоқ тіленші» — адам сайтаны, حرکتсіз — сопы монтаны» деп дін ортасынан шыққан ишан-сопы, қожа-молдаларды айтты.

Достық туралы айтылған пікірінде жаман досты көлеңкемен салыстыру-тапқыр, ақындық сөз. Өмір сүрудің тәжірибесі туралы айтылған пікірі де терең. Адам мен заман туралы айтылған афоризмі өмір шындығынан туған сом пікір.

Отыз сегізінші сөзі. Әр алуан оқымысты философтардың сөздерін өзінше түйіп айтады. Бұл сөзі жас буынға сырласу ретінде айтылған сөзі десе болады. Тілеулестік, мейірімділік, достық жүректен емірене сөйлейді. Бұл өсиеттерін мұсылман ғұламасы болып отырып құдай, иман, инсани, камила деген салаларға бөліп таратып отырады. Сондықтан оны ғылым жолымен қарағанда, қате жерлері де бар. Мысалы өсімдік, жәндік — бәрі адам үшін. Адам — дүниенің патшасы деген пікірлер ескірген. Адамның адамшылығын көтеріп айтқанда надан молдалар жайында айтатын пікірлері өткір, актуалды. Дін иелерімен дауласқан пікірінде шыншыл ақын болып сөйлейді. Мінегенде олар өз ойына түсінбейтіндіктен, ескі кітап тілімен сөйлесіп отырып надандығын ашады. Оларды сынауды тереңдете келе діннің сол кездегі үлкен ишандарын мінейді. Абай өз ойын ешбір күшке табындырғысы келмеген данышпан адам екендігін көрсетеді. Ишан, қожа, молдалар туралы өткір, сыншыл ойды сол кездегі еш адам айта алмаған. Ишандар өздерін көпшілікке ақыл-тәлихат деп көрсетеді.

Абай адамның өз басын өзі қор ететін кемшілігін көрсетеді. Ол — надандық, еріншектік, зұлымдық дейді. Мұның бәрі — педагогикалық, адамгершілік пікірін тарата келіп, қорытқан жері осы десе болады. Абай тәрбиені скіге бөлді. Біріншісі, жеке адам тәрбиесі, екіншісі халық тәрбиесі. Халықтың қамын жеген адам бір жағынан хақим болмағы керек. Сондықтан халықты қуат иесі хақим адам тәрбиесіне алу керек. Ол үшін айырықша қазына, мүлік керек. Абай мемлекеттік тіршілікті айтады, елдің басын қосып басқаратын мемлекеттік күш болып, сол күш аталық қамқорлықты қолына алу керек деген ойды айтты.

Қырық үшінші сөзінде адамда тән қуаты мен жан қуаты бар деп пікір толғауы арқылы Абай психология ғылымының кейбір жақтарын айтады. Педагогикалық көзқарасының тағы бір жағы таратыла айтылады.

Қырық төртінші сөзінде адамның әлеуметтік ортамен байланысты, белгілі бір кәсіпке жұмылған қауымның біріне-бірі жұмылып көмектесетін топтың психологиясын сөз етеді. Абайдың бұл қарасөздері тәрбиеге, адамшылыққа үндеген ой-пікірін танытады. Ақындығын басқа арнаға (қарасөзге) салған программалық азаматтық ойларын, өлеңдеріндегі пікірлерін қорыта отырып аяқтайды.

**Абайдың поэмалары.** Поэмалардың жазылған жыл мөлшерін анықтап, нұсқау киын. Абайда (жыр етіп қалыптандырғаны) 4 поэма бар. Үшеуі — Абайдың өз еңбегі. «Вадим» — аударма, бірақ шартты түрде, қарасөз түрінде жазылған әңгімені поэма етіп жазу үлкен еркіндік.

Абайдың өзінен шыққан үш поэмасын алсақ: «Масғұт», «Әзім», «Ескендір». «Әзім» мен «Вадим» Абай өлгеннен кейін 23 жылдан соң жарыққа шықты. 1927 ж. «Әзімді» Ысқақ әкеліп берді. Жыртылған, өшкен жері болу керек, сондықтан кей жерлері Абай сөзіне ұқсамайды. Кейбір жерінде Абай қолданбайтын сөйлем орамдары бар. «Вадим» 1933 ж. басылды. Абайдың қолжазбасын сақтаушылар Абай маңындағы сауатты кісілер. Олардың ең соңғысы — Мүрсейіт Абай шығармаларын жинай жүрген. Сол қолжазбадан «Вадим» табылды. 1898 жылғы қолжазба жинағына кірген — «Масғұт» пен «Ескендір». Бұл үш поэманың мазмұнына қарағанда, қазақ тарихынан емес, Шығыстың классик әдебиетінен, әбсәналардан, дастаннан алынған сияқты.

«Масғұт» — Бағдатта болған уақиға, шығыстың өсиет әбсәнасы (легенда) болу керек. Бақ иесі қызыр деп айтуы. «Қызыр кімге көрінсе, соған бақ әкеледі, мал, дәулет әкеледі» деген наным шығыс елінің бәрінде бар. Соның Масғұтқа кездесуі жігіттің адамгершілік сипатын көрсетеді. Жігіттің даналықтан да, байлықтан да безіп, қызыл жемісті алуы — адам баласына дос болудың мақсаты, өзіне дос іздеушілік. Поэманың аяғы — қоғамдық сатира. Поэма уақиғаға құрылған емес. Ойлық философия өсиет негізінде жазылған. Абай поэмада өзінің дүниеге көзқарасын, елге айтып жүрген өсиетін танытуды көздеген мақсаты оны мораль философиясына әкеледі. Өзінің өсиет етіп айтатын адамын даралай көрсетеді. Біріншіден, Масғұт тілегі — достық, әділдік, адамгершілік, қанағат. Іштей бүріскен, күйкі адамның бейнесі емес. Бірақ сондай адамның өзіне де өмір күледі. Өйткені жұрт ақылдан пайдаланбайды. Қанта өзіме ұқсасын деп тілек етеді деп әжуа қылады. Сондықтан поэманың екінші бөлімі қоғамдық сатирамен аяқталады. Көпшілік біреудің оқшау шыққанын ұнатпайтынын әшкерелейді. Сондықтан ақылды болғанда жынды деп, жынданғанда дұрысталды деп түсінеді. Абай бұл поэманы адамның қасиетті тұлғасын көрсету мақсатымен жазған. Бұл поэма Абайдың өлені мен қарасөзінде айтып келе жатқан өз өсиетінің негізгі қорытындысы сияқты. Бұл поэма Абайдың сюжетті шығарма жаза алатынын көрсетеді. Шығыстың эпсәналарынан туғандықтан Абайдың сөздігінде шығыс классиктерінде кездесетін теңеу сөздер де ұшырасады. (Махмуд, Шамши-Жаһан т. б.). Осыған қарағанда бұл шығарманы Абай жазғанда ақындық сөздігіне де әсер еткен.

«Ескендір» — шығыста да, батыста да мәлім. Александр Македонский жайындағы әңгімелерден туған. Бірақ әр ел өзінше әңгіме етеді. Абай Ескендірдің жорығына қатынасы жоқ бір әңгімені алып, сол арқылы философиялық ойын айтады. Сондықтан поэмада философ Аристотельді кездестіреміз. Абайдың Ескендір деуі шығыстың айтуынша берілген. Бүкіл Шығыс Ескендір Зұлқарнайы (қос мүйізді) дейді. Абай Ескендірді Филипп баласы деп көрсетеді, батыстан алғандығын аңғартады. Әңгіменің негізі Шығыстан алынған. Фирдауси «Шаһнамасында» Ескендірді Филипп баласы демейді. Парсы патшасы Дараптың баласы деп жазады. Шығыс тарихшыларының, жазушыларының айтуы осылай. Абай Ескендірді өзімшілікпен шығыс ақындарындай өзіне тарт-

пай, Филипп баласы деп тарихи шындықты айтады. Абайдың ақындық мақсаты Ескендірді ғана көрсету емес, бақпен асқан патша омырау күш иесі болғанмен, оның бәрі адамгершіліктің, ақылдың қасында бағасы төмен екенін айтады. Шындық реализм тұрғысынан Абай Ескендір күшті патша болса да, алып ақыл иесіне бас идіреді. Екеуін қатар қойғанда, кім артық дегенде, ой иесін жоғары санап, қатал, күшті жас патшаны ақыл таразысына жеңдіреді. Мұндай ой-танымның Абайдың 37-сөзінде афоризм ретінде «Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық»,— деп берілуі де жай нәрсе емес еді. Аристотель көздің сүйегімен байланысты сырды оймен тауып, адамның қанағатсыз қалпын танытады. Бұл—поэманың мазмұнымен үлкен адамгершіліктің қалпын көрсетеді. Аристотельді Низами да жырлаған. Абай поэмасының негізінде айтып, өзінше философиялық мағына-мазмұнға құрады.

«Әзім» — «Мың бір түн» әңгімесінің негізінен шыққан. Абайдың қойған мақсаты — жастың өмір соққысын көре тәлім-тәрбие алып өскенін көрсету.

«Вадим» — Лермонтовтан алынған. Лермонтов оны жас кезінде жазған. Мұның негізінде Пугачев көтерілісі жатыр. Лермонтов үлкен тақырыпты жас кезінде Шиллердің «Разбойники», Пушкиннің «Дубровскийпен» алған сияқты. Бүкірді сипаттауының өзі романтикалық адамның қалпын көрсетеді. Өзгелерді суық, жат етіп сипаттау — романтикалық үлгі, сол үлгіні Абай да пайдаланады. Лермонтов үлкен қоғамдық тақырыпты аңызға айналдырған себебі бар. Өйткені Вадимның арғы тегі дворян. Әділетсіздікті жойғанда өз басының тілегі сияқты көрсетеді. Аудармасын Абай ерте бітіреді. Абай жазған төрт поэманың дақты болатын себебі олардың тұтастығы бар, іштей терең байланысы бар. Және біткен поэмалар болғандықтан бұлары терең философиялық ойдың қорытындысы болып есептеледі. Абай шығыс пен батыстың рухани қазынасын қатар меңгергені шығармаларынан анық көрінеді. Абай екі мәдениеттің ана сүтін еміп өскендіктен, «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілдім» деген. Бұл поэмаларды жазғанда шығыстық мұсылман әлемінен алып, өзінің көзқарасына, эстетикалық сезіміне бағындырып жазады. Абай өмірінің ақырғы кезі 98-жылдан соң бұрынғы өмірден басқаша қалыпқа түседі. Өйткені сол жылы «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңін жазады. Абай Мұқыр оқиғасынан келіп елдің дау-шарынан қол

үзіп, жастарға үлгі, өсиет айтумен, шәкірттеріне әр тақырыпта әңгіме жазғызумен айналысады. Мағауияға «Медғат-Қасымды», «Шамильді» жыр еткізеді. Халықтың бұрынғы жырларын ақын шәкірттеріне қайтадан өңдеп жырлатады. Халыққа бірталай әңгімелер аударып, халық ортасында көп үлгі шашады. Ең талантты баласы Мағауия өлгеннен кейін Абай түсініксіз аурумен ауырады. Ол — ой ауруы болатын. Абай өзінің өлетінін біледі. Көп ұзамай, Мағауияның қырқын бергеннен кейін қайтыс болады. Абайдың қырқында Ақылбай өледі. Абайдың сүйегі Шыңғыс тауының жанында «Жидебай» деген қорықта қойылды.

### **АБАЙТАНУДЫҢ АРНАУЛЫ КУРСЫ <sup>1</sup>**

**Абай өмір сүрген дәуір** — ол дәуірдің ерекшеліктері. Абайды да сол дәуір, қоғамдық жағдай туғызды. Абай 1845 жылы туды. Осы кездегі, алдыңғы кезеңдердегі ерекшеліктері қандай еді? Бұл кезде Қазақстан Ресейге түгелдей қосылып біткен. Сондықтан осы мәселеге жауап беру үшін (18) 30—50 жылдардағы бүкіл Қазақстанның жағдайын айту керек. Ол кездердегі халық көтерілістерінің (Исатай — Махамбет, Бекет) кейбіреулері нағыз халықтық форманы сақтап отырды. Дегенмен ол көтерілістер бұқаралық (крестьянский), жұмысшы күшіне сүйенбеген көтерілістер болып, жеңіліс тауып отырған жайы да болды.

Абай дүниеге келгенде бұл мәселелер аяқталып біткен болатын, бірақ отарлау мәселесі әлі аяқталмаған еді. Орыс крестьяндары жер жетіспегендіктен, қайыршылықта болатын. Олар патша отаршылдары тарапынан Қазақстанға жіберіле бастайды. Солай ету арқылы Ресей ішіндегі ереуіл, қайшылықтаң құтылу мақсатын көздейді. Сонымен бірге патша үкіметі өзінің атқан оғы, шапқан қылышы-казачестволары» да қазақ жерлеріне, тек жақсы, шұрайлы жерлерге орналастырылған.

Қазақ сахарасын билеуде патша үкіметі түрлі әдістер қолданып отырды. Абай өмір сүре бастаған кезде Қазақстан ішкі Ресейге сәйкес административтік жүісге сай бөлінген еді. Алты облысқа (Семей, Жетісу, Торғай, Сырдария, Орал, Ақмола) бөлінген еді. Әр облыстың басында военный губернатор (жандарал) тұрған.

---

<sup>1</sup> Сол кездегі ҚазГУ-дің 3-курс студенті Әуезхан Қанафиннің конспектiсi бойынша баспаға түсті.

Әр облыс бес-алты уезге бөлінген. Ал уезд болыстарға (волость) бөлінген. Бір уезде жиырма-жиырма бестен болыс болған. Ал әр болыс ауылнайға (старшинство) бөлінетін. Бір болыста мың я мың бес жүз үй болатын. Әр жүз үйден бір ауылнай сайланған. Болыстың басында (волостный управитель) болыс сайланып қойылатын. Ал болыстықтан жоғары әкімшілік қазаққа берілмеген. Болыс үш жылда бір сайланатын. Оларды халық емес, елубасылар (әр елу үйден бір адам) сайлайды. Осы елубасылардың тасын алу үшін, бүгін сайлама салып үш жыл бойы талас жүргізілетін. Бұл жағдайлар Абайдың өлеңінде сықақпен айтылып отырады. Сөйтіп, әкімшілікке ылғи үстем шонжарлар сайланып отырған. Ал облыстар үш генерал-губернаторларға бөлінді. Мәселен, Семей-Ақмола Омскі губернаторына қарады. Қазақтар осы генерал-губернаторларды «корпус» деп атайтын. Уездный начальниктерде қазақтан тілмәштар болған. Ал, болыста патшалықтың көзі, пестір — (писерь) орыстан қойылатын. Әр облысты военный губернатор билеп отырған. Генерал Колпаковский сияқты олардың ішінде де күшті, айлалы, шебер, батыл адамдар болған. Сондай генералдар Орынборда — Перовский, Черняев — Орта Азияны қаратқан. Бұлардың бәрі патша үкіметінің отарлау саясатын іске асырушы әкімдер еді. Бұл әкімдердің ішінде С. Щедриннің сынындағы, Гогольдің «городничилары» әлде қайда көп болатын.

Бұл әкімшілік бұл өлкені сорып, сығып алуға бейімделген билеу аппараты еді. Ал, патшалық үкімет осы өлкенің қараңғылығына, ауыртпалығына жеңілдік әсер етті ме деген мәселеге келсек, бұл мәселе жөнінде олар түк істеген жоқ. Ол халық қараңғы болса бола берсін, алым, өнім берсе болады деп, ескіліктің қаймағын бұзбады. Сөйтіп, патшалық Ресей «халықтардың түрмесі» болған Ресей мейрімсіз, өгей үкімет болды. Бұл бірінші Ресей еді.

Абай осы ерекшеліктерді реальды түрде көрсетеді. «Ойда ұлық ақырса, үйден ит құсап» болыстың шығуын, халықтың екі оттың арасында тұрғанын атап көрсетеді.

Екінші — Пушкин, Белинский, Чехов, Толстой, Плехановтардың Ресейі. Бұлар — азаттықты көкसेген озық ой иелері. Бұл пікір Ресейде ерте оянады. Мысалы, Радищевтың «Петербургтен Москваға саяхат» кітабы, 1825 жылғы декабристер көтерілісі. Бұлардың ішінде Пуш-

киннің (Кюхелбеккер, Рылеев, Пестель, т. б.) достары болған. Пушкиннің «Сібірге хаты», Лермонтовтың «На смерть поэта» сияқты өлеңдерінде шындықтың үнін шығармайсындар, әділдікті түнекте, қыспақта ұстайсындар деп бастаған болатын. Содан бері қарай Гоголь, С. Шедриннің әжуа, ащы мазағы, Белинский, одан кейін Герцен, Ресейде озат ойдың шыңы — Чернышевский, Добролюбов, алпысыншы-жетпісінші жылдардағы жұмысшы табының өсе бастаған кезі еді. Тоқсаныншы жылдардың ішінде социал-демократияның идеясы қалыптаса бастайды. 1895 жылдары патшалықты жою қажет екендігін ашып көрсете бастаған азат, озық ой иелері қалыптаса бастаған еді. Әрине, олардың өз уақытымен байланысты әр түрлі, өзіндік бөлек пікірлері болды.

Чернышевский — «Патшалықты құлату керек», «Крестьяндар балтасын қайрасын» дейді. Әрине, ол қозғалысты крестьяндық қалпында ғана түсінді.

С. Шедрин сатира арқылы чиновниктердің образын ашып салды. Ал, Белинский, Добролюбов сияқты сыншылар сол жазушылардың ойын, қаламын үшкірлей түседі.

Ал, Абайды неге классик дейміз? Себебі Абай — әлі белгісіз, озық ойды айтып кетті. Дін, мұсылманшылыққа сын көзімен қарады.

«Намазды молда теріс оқыр  
Дағарадай болып сәлдесі...»

Бұл жолдың түк бермейтінін Шоқан да, Ыбырай да ашық айтқан, толық түсінген. Міне, Абай осы екінші Ресейден жөн-жоба алған Абай болды. Абайдан бастап әдебиет басқа пікір, формамен сөйлейді.

Абай:

«Я адвокат, я тілмаш  
болсам деген бәрінде ой»,—

дейді.

«Ойында жоқ олардың  
Салтыков пен Толстой»,—

деп, сол Толстой мен Салтыков айтқан шен-шекпен не әперді, онда адамшылық жоқ деп көрсетеді. Абай әр өлеңді әлеуметтік акт деп түсінеді. Әкенің болма, халықтың баласы бол деген үлкен гуманистік пікір айта-

ды. Мұның бәрі сол кездегі Ресейдің озат пікір иелерінің үні еді.

Абай өзінен бұрынғы Шоқанмен де, Ыбыраймен де кездеспеген. Бірақ үшеуінің іздеуі, өмір жолы бір болып шыққан.

Ал Шоқан Герценнің, Чернышевскийдің уақытында өмір сүрді. Сол кезде Орта Азия, Сібір елдерінің ішінде Шоқандай ойлы да озық пікір иесі болмаған. Ол сияқты ислам келешек орыс мәдениетіндей ештеме бермейді дегенді ешкім де айта алмаған.

Дағдыр, жазмыш деген ислам дінінің тарихи залалын Шоқан жек көреді, жиренеді. Міне, Шоқан осы пікірмен Шоқан болды. Веселовский, Ядринцев: Шоқанды оқытқан оқытушысы, кітап баспасы болса, халқының классик жазушысы болар еді, дейді.

Ыбырайды алсақ, озық мәдениетке ұмтылды. Абайдың табиғат өлеңдері Ыбырай өлеңімен үндес. Себебі бұлардың үйренген мектебі, төркіні бір, еліктеу емес.

Орыс алфавитін пайдалануы, мектеп ашуы ғажап іс. Мәдениеттің кең өрісіне ие болған. Ол әрі жазушы, әрі педагог, әрі ұйымдастырушы. Өзбектегі Хамза тек 1914 жылы ғана шыға бастайды. Абай осы Ыбырайға да иек сүйен шығады. Абайдың орыс әдебиетімен байланысын тек аударғанына қарап белгілеу дұрыс емес.

Абайды, я әр ақынды тану өмірбаяны мен шығармаларын зерттеуден басталса керек. Абай өлеңі көзі тірісінде баспадан шыққан жоқ. 1909 жылы Петербургте Бораганский типографиясында араб алфавитімен бастырылып шығарған, туысы Кәкітай Абайдың қысқа өмірбаянын жариялады. Онда да салған жерден Кәкітай Абайды Абай еткен орыс «мектебі» еді дейді. Кәкітай орысша жетік білген. Абайдың орысшаны қаншалық дәрежеде білгенін білмейміз, оны білу үшін аудармасына қараймыз. Кәкітай Абай мектебінен ғана білік алған. Абай оқығандарын тіпті ертегі етіп те айтып отырған. Кәкітай Спенсер, Деренер, Дарвин, т. б. оқыды деп жазады. Абай шығармаларын бастырғанда, ол жинақтың кемшілігі де болды. Онда жіктеп берген («Ой туралы», «Өзі туралы», «Ғашықтық туралы»), өте шартты түрде тақырыпқа күштеп бөлген... Абайдың «мені» халық үшін айтылған «мен» еді. Кейін осы жинақ Қазанда, Ташкентте басылды. Екінші таралу жолы — қолжазба, көшіру арқылы жүріп жатты. Көбінесе Абай мектебіндегі әнші ақындар арқылы тарады. Сол себепті де өлеңдеріне Абай ән шығарып отырған.



Кәкітай жинағындағы тағы бір елеулі кемшілік — осы ән арқылы тараған өлеңдерінің көбісін, әсіресе қарасөзін баспаға бермей қалады. Абайдың әркімнің атына, мініне арнап айтқан шығармалары, саналы әкелік күніренуі («Әбдірахманға») тіпті көп. Міне, осыларын «жеке басы», «мендік» өлең деп баспаға беруден тартынып қалған.

Бұл арнау өлеңдер ішінде Абайдың мәдениетті, күшті ақын екенін анық көрсететін түрлері бар. Мәселен, Абайдың «Баймағанбетке айтқаны», «Дүтбайға», «Көкбайға» мұның бәрі көршісі, құрбы-құрдасы.

Кейін, революциядан соң Абай шығармаларын үшінші рет Ташкент қаласында бастырды. Оған редактор болған адам өз дәрежесінде Абай тілін түсінбей, көп сөздерін себепсіз өзгерткен.

Абайды дұрыстап зерттеу революциядан кейін ғана жолға қойылды. Мектептерде Абай оқытыла бастады.

1933 жылы Абайдың тұңғыш толық жинағы Қызылордада басылды.

Абай мұрасын жинап, ұлы ақын өмірбаянын жазуда Көкбайды ерекше атауға болады. Абай өз маңайындағы адамдармен салыстыра зерттеледі.

Революциядан бұрын Абай өлеңдері аздап орыс тілінде де шыға бастаған. Шығысты зерттеуші академик Веселовскийге арналған «Алшархият» деп аталатын жинақта Абай туралы жазылып, өлеңдері орысша беріледі.

«Адамның кейбір кездері» деген өлеңін Петербург студенті Н. Рамазанов аударған. «Жаз» деген өлеңін орыс тіліне аударғанымен, нашар болып шыққан. Қазақ әдебиетінде Абай шығармаларын аударып жүрген жазушы Л. Соболев «Песня степеней» деген антологиялық кітапта Абай шығармаларын аударуда көп еңбек еткен адам.

1940 жылы «Песня и лирика» деген жинағы жарық көрсе, жүз жылдық юбилейіне арналып орыс тілінде екінші рет шықты.

Ал, қазақ тілінде Абай туралы монография жазылмағанмен, көптеген зерттеу, мақалалар жазылды. Әрине, уақытына қарай әрқайсысында қате пікірлер де болды. Абайды зерттеуде Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, С. Мұқанов, Б. Шалабаев, Б. Кенжебаев т. б. ғалымдар атсалысты.

Абайды жарыққа шығару жолында ұлтшыл-байшыл ақындардың қате пікірлері де болған. Абайды халық-

тын Абайы етпей, тобықтының Абайы еткісі келгендер еді. Абай шығармаларының дәреже өрісі, ақындық мәдениетінің бесігі-орыс мәдениеті, одан Абайша үлгі ала білу керек, ұмтылу керек деген танымды ескермей қалдырған тұстар да болған.

Пушкинді аударған Абай Татьяна әнін шығарып, сахараға таратты. Лермонтов пен Крыловты танытты. Ал, Абайды қазір совет елінің бәрі біледі. Абай бүгінгі достықтың ұрығын сепкен адам. Ол сондықтан да құрметті. Абайды тану ғылымының негізі 1909 жылдан басталып қырық жыл бойы қалыптасып келеді.

Сонымен бірге Абай мұраларының сақталуына кепіл болған адамдар көп. Абай тек елу екі жасында ғана өлеңдерін жиыстырған. Абай өлеңдерін молдалар Ғабидхан, Қішкене молда, т. б. да жиыстырып жүрген. Осылардың ішінде ерекше еңбегі бар адам — Бикеұлы Мүрсейіт молда. Ол он алтыншы жылы қайтыс болды. Орысша ептеп білген адам. Абай сөзін керек еткендер Мүрсейітке заказ беріп отырған. Мүрсейіт сияқты Абай шығармаларын көшіруге Самарбай, Дайырбай молдалар да қызу атсалысқан. Сол кездегі қалыптаспаған емлеге байланысты көшірмеде кемшіліктер де кетіп отырды. Мәселен, «Асау жүрек» емес, «асау жүйрік» болуын, тіпті механически «тағыны жетіп қайырған» сөзі «тағана жетіп қайырған» деп айтылып жүрді.

Абай жинақтарын ұзатылған қыздар арнайы түрде көшіртіп әкетіп отырған. Мысалы, Әсия, Ұсила, т. б. қыздарға арналған жинақтар осыны көрсетеді.

Абай екі жолмен зерттеуді қажет етеді. Бірінші — өмірі. Екінші — жазушылық қызметі. (Зерттеуші және роман жазумен М. Әуезовтің өзі айналысқаны жайында айтылып отыр).

Абайдың өмірі мен «Абай» романының ара айырмашылығы туралы:

Романдағы адам, жер, су аттарының тоқсан проценті өмірде болған шындықтан өзгертпей алынды. Олардың ішінде болмаған адам да бар. Мәселен, Дәркембай.

Дәлдә 1924 жылы өлді, ол кісі Абайдың өзіне құда түсіп, ұрын баруын айтқан еді.

Дәркембай — Абайдың кедей достарының жиынтығы. Ал, Абай, Ділдә арасындағы үй-ішілік қатынастар сол кездегі тұрмыс (быт) халды айқындайды.

Сөйтіп, тарихи роман тарихшыға қосымша тарихи материал да беріп отырады.

Абайдың ұзақ өмір бойына махаббат жыры үзілмеген. Бұған себеп оның кұлай сүйген бір адамы болған. Оның бәрі романда Тоғжан басына жинақталып айтылды. Абай романындағы көп ойлар Абай өлеңдерінің терең мағынасына сөйкес, соның негізгі желісі болып отырады. Халықтағы нәрсенің бәрі халықтық бөла бермейді. Халық ортасында үстем тап орнатқан танымдық желілер де бар.

Абай 1845 жылы 15 августе Семей облысы, Шыңғыс тауындағы Тобықты елінде туған. Тобықты ішінде Олжай, Олжайдан — Айдос, Қайдос, Жігітек.

Айдостан — Ырғызбай, Қөтібак, Топай, Торғай. Халықтың айтуынша, Айдос момын, жасық, «шөккен түйеге міне алмайтын Айдос» болған. Айдостың әйелі Айпара күш несі, ақылды, коріпкел, ақындығы бар адам екен. Ырғызбай үлкен балуан, билікке араласқан адам. Жігітектің баласы Кеңгірбай осы Ырғызбайды баулыған. Кеңгірбай өте кемел адам болған.

«Қайырсыз болған жазықнан,  
Қайырлы болған қыс артық.  
Пара жеген билерден,  
Қасқыр алған ит артық»,—

деген өлең де бар.

Кеңгірбай өлген соң батасын Ырғызбайға беріп кетеді. Ырғызбай ертерек өліп, баласы Өскенбай би болған. Өскенбай зорлық мәселесімен көбірек шұғылданған. Найман мен осы Тобықты арасындағы тартыс туралы мәселелердің көбі осыған орай болған оқиғалар.

Құнанбай Өскенбайдың тірі кезінде-ақ атқа мінеді. Ел билеу мәселесіне араласады, найзагер, табанды жігіт болады. Құнанбай қатал істер жүргізген. Өскенбайға асты Қөкшетауға әкеліп, көп ел ортасында береді. «Биекеңе көде» — Құнанбайдың баюына себеп болған. Өскенбайдың бес әйелі болған. Ірі феодал Құнанбай енді жерді көбейту мәселесіне кіріседі. Көрші Керей, Уақтарды ығыстыра бастайды. Енді келіп Тобықты ішінде Өскенбай тұқымының жерін көбейтеді. «Қарашоқы» — Бөкеншінің жері еді. Құнанбай бір рудың жерін екінші руга әперіп, сапырылыстырып отырады. Құнанбай патша үкіметінің икемімен ғана билік алады. Бұл уақытқа шейін билік тек төре тұқымына ғана берілетін. Құнанбай Бөкей тұқымы — Құсбекті түсіріп «Қарадан шығып хан болған, айырдан туып нар болған» — деп мадақталады. Бұл мәселе Құнанбайдың беделін

арттыра түседі. Құнанбай дуан, шаһарлардағы дін иелерімен таныс болып, Қарқаралыда мешіт салғызады. Сөйтіп, зорлығын байлықпен күшейтіп, беделімен бүркемелей бастайды. Осы жайға шыдамай Бөжей қарсы шығады. Бөжейді сабатуы рас. Кейін жігітек руынан көп адамды соттатып та отырған. Қарсылықты тұсап ұстап, матаумен қысып, айламен жеңіп отырған. Қолында әлеуетті күш болған. Құнанбайдың патшалық үкіметпен керісіп, қырбай болып жүрген кезі де болған... Жетпіс жас шамасында билікті балаларына әперіп, өзі Меккеге кетеді. Бұл — Арқа қазағынан бірінші барған адам еді. Үш жарым жыл жүріп қайтады. Меккеде «Тақия» деген үй салдырады. Ол — Меккеге барушылар жататын үй. Құнанбайдың атақ-даңқын осы мәселе көтере түседі. Осы жайлар Құнанбайдың қаталдығын да бүркеп қалып, ел көзінен тасалап отырған десе болғандай. (Мұқаң 1924 жылы ЛГУ-ден ауылға келіп «Қарашоқыда» Қодар туралы әңгімеге араласады. Жер Борсақ пен Бөкенші руының жері екен — құрастырушы).

Құнанбайдың төрт әйелі болған. Күнке (Құдайберді), Ұлжан (Тәкежан, Абай, Ысқақ, Оспан), Айғыз, Нұрғаным. Абай Ұлжан мен Зеренің қолында болған. Зере адамгершілігі күшті, ел анасы болған адам. Романдағы Абайдың үшкіруі рас. Ұлжан өте дана (Қаракесек, Бертис руындағы Шаншар), Шаншар руынан шыққан. Шаншар юморист ел болған. Құнанбай үй отбасында да өте қатал болған. Ұлжан күндестіктің өзіне де еш назар бермеген. Ел анасы болған.

*14 наурыз 1950 жыл.*

Абай алғашқы кезде Ғабидханнан ескіше сабақ алып, кейін шаһарда Ахметриза дегеннің медресесінде склды. Мешіті жанында болған. Медреседе оқу тек діни ғана оқу, бір құдайды тану «ғылымы» ғана жүргізілетін. Бұл оқу тек араб тілінде ғана оқытылып, он бес — жиырма жыл отырып барып «молла» болып шығатын. Олар дүние тарихынан ештеме білмейтін.

Татардың мұсылманша оқып жүріп сыншы болған Шаһабуддин Маржани шығармаларын Абай көп оқыған. Ол дін кіндігі — Бұхарда оқыған халдарын жазады. Осы медреседе Низами, Науаи, Ходжа Хафиз, Фирдауси шығармалары да оқытылатын. Міне, Абай да осындай медреседе білім алған. Бірақ Абай аса зейінді шәкірт болған себепті, үш жарым жылдай медреседе

болған кезінде өз жасына лайықтап ерекше білім алып үлгіреді. Абай үш айдай приходской школага қатысып, алда орысша оқуды мақсат етеді. Бірақ Құнанбай ел билеуде қанат, құйрықты керек етіп, Абайды ел билеу ісіне араластырмақшы болады. Құнанбай Абайды біреуге сәлем айту, бұйрығын жеткізу істеріне араластырады. Абай арыз нелерімен, ел басыларымен, шешендерімен араласады, ел шешендігі, өзінің алған білім ізденулері Абайға күшті әсер береді. Өлең жазу талаптанады. «Білдім» дегендермен шекіскім келіп тұрады дейді екен жасында. Шорманов Мұса баласының аты Сәдуақас дегенде, Сағды-уақас екі кісінің аты жоғалды деп күлген, немесе Алшынбайдың еліне барғанда Алшынбай қалағанын бермей, батамды алсын дегенде ондай батасын сатқан шал үйде де бар деп, батасын алмай кетеді. Қаратаймен заман жөнінде таласқанда олар заманымыз пайғамбар заманына жақын дегенде пайғамбарға жақын Абуталиф (күйеуі) ол кәпір ел деген сияқты дау болып, Абай жеңіп отыратын. Осы кездердегі би қателіктерін Абай кейін өлеңінде қатты сынап көрсетіп отырған. Ол кезде Абай отырықшылық бүкіл халық қолы жетпей отырған мәдениет мәселелерін ойлай алмаған, білім дәрежесі жетпеген. Абайды жас кезіндегі өлеңдерінің көбі жоғалып кеткен. Абай тобықтының бір руы Қоңырқөкшеде болыс болған Басқа елдің адамы деп, ескі болысты жақтап, Абайды болыстықтан түсіру үшін, тіпті ұшан-теңіз арыздар берілген. Лосовский деген тексере келіп, Ибраһим Құнанбаев болыс болып жүрген қазақтың ішіндегі ең әділі деген шешімге келеді.

Абай ерте үйленген. Он алты жасында Ақылбай туады. Әкімбай, Әбдірахман, Мағауия деген ұлдары Құлбадам деген қызы болған. Абай өз бетімен үнем үзбей оқи береді. Ділдә балаларының анасы ғана еді. Кейін Абай кедей аулының қызы Әйгерімге үйленеді. Абай енді кітапханамен үнемі байланысып, еліне әкеліп үзбей оқумен айналысады. Осы кезде патшалықтың қысымы күшейген кезі еді. Сібір патшалықтың жаз шегетін орнына айналған тұсы еді. Омск, Семейде Дуров, Достоевский, петрашевшілдер болған. Соның бірі — Евгений Петрович Михаэлис еді. Михаэлистың апасы — «азаматтық жаназада» Чернышевскийдің аяғына «халқынан» деп гүл шоғын тастайды. Міне, Михаэлис осы семьядан шыққан. Михаэлисті Петрозаводскіде тұтқында ұстайды (Михаэлис достасымен бірге

Николайға жазған арызына сия тамып кеткені үшін, бұл жасап отырғаны әдейі қарсылық деп, онан әрі айдатып жіберген). Михаэлис Абайдың оқуын жүйеге түсіреді. Абайдың Сократ, Аристотельді оқығаны (қараөзінен), Гете, Байронды білгені (өлеңінен) байқалады. Спиноза, Спенсер, әсіресе Дрепердің «Европаның есею тарихы» деген философиялық еңбектерін де оқып танысқан. Тіпті Дарвинді де білген (Көкбайдың айтуына). Абай ислам дініне қарсы болмаған, бірақ оны таратушы фанатик те емес. Көкбай: Өттегене-ай! Бұл та дінін кеш білдім-ау. Әйтпесе соны оқыр едім дейді екен. Өйткені онда кітап көп, философия көп, әр тарапты. Абай осы діндерді салыстырып отырған.

Аз уақытта Абай ұлықтықтың әперген «ұшпағын» көреді. Одан безеді. Бірақ ел ішінде, халық ортасында беделі арта түседі. Ел ішіндегі қиыншылықта қатты кинатады. Отыз бес-қырық жасынан бастап Абай ақындықтың ісіне түгелдей ауысады. Бұл кезде жана, озық орыс мәдениетін меңгеріп алған кезі еді. Бірақ, Абай ел ісіне араласпай отыра алмайды. Абайды теңдік тілеген халық араластырады. Абайдың халықтан досы, атқа мінерлерден алакөз жаулары көбейеді. Бұлар канаттасып Абайға қатты қарсылықтың шетін шығара бастайды, соған қарамастан халық Абайға келіп жүтінгенде, оларға Ырғызбай тұқымын жығып беріп отырған. Бұл мәселе Абайды көтереді, бүкіл Қарқаралы уезіне беделі асады. Үлкен шербешнай съездерде халық Абайды төбе би етіп сайлап отырған. Қаратөбе съезінде Абай 92 пунктпен заң жазған. Халық бірін де өзгертпей қабылдаған. Әйел мәселесінде әмеңгерлікке түс келген әйелді өзі қаламаса, оны қайта сатуына тиым салған. Міне, бұл жағдай Абайдың беделін арттырады.

Әбдірахман Түменге, кейін Петербургке оқуға жіберіледі. Абай маңайына жаңа топ (Ақылбай, Кәкітай, Мағауния) ұйымдаса бастайды. Басқа жерлерден көп адамдар келіп, Абайдан үлгі алып, өлеңін көшіріп әкеліп жатады. Осы жайлар кейін Оразбай, Жиренше тарапынан күншіл, көре алмас дұрдараздықты тудырады. Осылар бірігіп 1897 ж. бір сайлауда жас, болыс болам деген Әбен дегенді азғырып, Абайға қастандық жасауға жұмсайды. Олар Абайды соққыға жығып өлтірмекші болған. Кәкітай секілді жолдастары Абайдың үстіне жығылып, оязға хабар беріп, әзер аман алып қалады.

Абайдың бұл жаулары — есе бермей, зорлықпен байып алған зомогер, жуандар болатын. Әзімбайдың соңшалықты Абайға қарсылығы өмір бойы Тәкежанға келе жатқан араздық еді. Оспан Абайды жақтайды, олардың қарсылығын Абайға жібермей өзі көтеріп отырған. Бір-ақ жыл болыс болғанда, Оразбайдың ауылына съезд құрмақшы боп барғанда Оразбай қалаға қашып кетеді. Оспан оны қуып барып, арбаға танып алып келеді. Енді Оразбайдың өшпенділігі күшейе түседі. Осы кезде Оспан өліп, бар жаулық Абайға қарап қалады. Оспанда бала жоқ. Тәкежан Оспанның мүлкіне талас шығарады. Оспанның үлкен әйелі Еркежанды алмақшы, бұл Еркежан Тәкежанға тимейді. Еркежан Абайдың немерелері Ақылбайдың Әубәкір, Пекизат деген балаларын асырап алған еді. Осы кезде Тәкежан Оразбайдың бесіктегі баласына құда түседі.

1895 ж.

«Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп

бермедім»,—

деген баласы Алматыда қайтыс болады. «Жаналықтың басшысы ол, мен ескінің арты едім»,— деп толып жатқан әкелік тұрғыдағы ой-пікірін айтады. Әбдірахманның соңынан әйелі Мағрифа қайтыс болады.

Абайдың маңайында ақын шәкірттері ғана қалады. Михаэлис, Долгополовтар Семейден басқа жаққа жіберіледі. Қалың ел Абайды жазалаушыларға қатты наразылық білдіреді. Міне, осындай кезде орысша оқыған, ақын, «Медғат-Қасым», «Шамиль» поэмаларының авторы Мағауия ауырып, 1904 жылы көктемде қайтыс болады. Осы хал, бірінен соң бірі сүйенішінен айырылуы, еңбегінен еш нәрсе көзге көрінбеуі Абайды сындырады. Мағауияның қырқын берген күні Абай қайтыс болады. Ақын баласы Ақылбай Абайдың қырқын (Семейде) берген күні түнде қайтыс болады.

Байлық, барлық жағын Абай есіне де алмаған. «Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ»,— дейді. Бұдан халықтың ұлы болғанын аңғару керек. Абайдың қайғыруы тек қарабасының «мені» емес, дәуірінің, халқының қайғысы, Абайдың қайғысы.

**Абай шығармалары.** Абай шығармалары туралы көп зерттеулер бар. Әр тақырыпты болуы да заңды.

Өйткені, Абай шығармалары жан-жақты, өте көп. Сан жағынан басқа классиктерден аз. Ал сапа жағы жеткілікті. Бірақ осылай кесіп, бөліп тексеру керек емес. Шығармаларын өсу жағынан, жылма-жыл, тұтас, эволюциялық жолын аша тексеру керек.

Әуелі Абайдың алғашқы тәжірибесіне, ортасына байланысты алғашқы өлеңдері қандай еді?

1858 ж. медреседегі өлеңінде нені көрсетті? Мұнда Абайдан шығыстың, түркі тілінің әсерін көреміз. Бұл өлеңі еліктеуден басталады. Мұнда тілімен бірге мазмұны, теңеулері де түгел ұқсас. Шығыс ақындарының өте асыра әсертеуі бар («қасың садақ, кірпігің жақ» деп келуі немесе «Иузи — рәушан, көзі — гәуһар»). Бір кезде осылай еліктеген Абай, кейін «Бізде жоқ алтын иек сарала қыз» деп қатты соққы береді. Шығыс ақындарында сол айтып отырған сұлуынан артық ештеме жоқ болып көрсетіледі. Шығыс ақындары осы «Қас пен кірпікті» тіпті көп жырлайтын, Абай да «Қасың күдірет, қолы шигә» дейді. Күдіреттің қолымен істелген дейді. Кейін Абай кімге еліктегенін бір ауыз өлеңмен айтып береді:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,  
Науаи, Сағди, Фирдауси,  
Хәжа Хафиз — бу һәммәси  
Мәдет бер шағири фәрияд.

Солардан медет тілейді. Медреседен кеткенмен оқудан қол үзбейді, сол Шығыс ақындарын оқып жүріп, Мәдениет «Алғашқы» өлеңін жазады. Сөзінің көбі, лексикасы түркі тілдерімен келіп жатады. Абай Шығыстың тәңіріне, ұжмағына бармайды. Өлеңді жер қызы, жер ұлына жазып отыр. Бұл — іздену, үйренудің балалық, алғашқы түрі. Абай еліктегенде Хожа Ахмет Иасауниді айтпайды. Еліктеп отырғаны әр елдің классик ақындары. Осы кезде Абайдың ізденіп, түртіне бастағанын байқаймыз. Түртініп жүріп, шақпа, мысқыл, қалжың өлең айта бастайды. Бұл Абайдың бір ерекшелігі. Мысалы «Абралыға» деген өлеңі бар. Абралы Абайға құрдас, бірде дос, бірде жау болып жүрген адам. Бұл жерде Абай түзетемін дей отырып, дінді сайқы мазақ етеді. Осы кезде Абайдың іздене келіп, ойланып қалған, аңғарған кезін көрсететін өлеңі «Сап-сап, көңілім, сап көңілім». Мұнда еліктеу жоқ, өз жолын аңғара бастаған. «Мен» деп бастағанымен барлық құрбы-досына арнайды. «Сап-сап көңілім» деген шу-



мақ қайта оралып, басталуы бір ерекше, өзінен бұрынғы үлгіде жоқ. Өмір бойы бір адамды сүю сарыны қатар жүріп отырады. Аяғы барып «сүйсіне алмадым, сүймедім» деген қысқа өлеңімен бітеді (осы өлеңін оқып, талдап өту керек). Осы өлеңнің тұсында Абайдың жазған өлеңдері көп болған. Бұған себеп 1882 жылы жазған «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» деген өте көркем, терең сезімді өлеңі дәлел. Бұл тақырып дүние жүзіндегі әдебиет тақырыптарында көрінбеген. Абай осы аңшылық өнерді өте сезінген, өзі көріп жүрген жайлар.

*21 сәуір 1950 жыл.*

Осы кезде Абай батыс, орыс әдебиетін біле ме? деген сұрауға жоғарғы өлеңнің жүйесіне, суреттеуіне қарай отырып, «біледі» деп жауап береміз. Бұл өлеңде өмірден аулақ бір жол жоқ, пейзаж қазақтың пейзажы. Сөйтіп, орыс мәдениетін бойына сіңірген мәдениетті Абай болып келеді. Реалистік Пушкиннен үлгі алғанын көреміз. Осы кездегі Лермонтовтан «Бородино» өлеңінің аудармасы да Абайдың оқи бастаған әдебиетін көрсетеді. Лермонтовтың аудармасы (Гете, Байроннан) туралы Белинскийдің айтқаны... Абай да сол сияқты аудармаларына өз көңіл күйін қосып жіберіп отырған.

1884 жылы эстетикалық тұрғыдан қазақ қызығын сыйпатын жазған «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деген өлеңін жазады. Бұл өлеңде ештеп тақырыбынан шығып кету бар. Өйткені, бұл жерде жігіттің кірісуі артық. Бұл суреттеуде ішкі психика, жүрек сезімі ашылмаған, сыртқы пішіні айтылып қана қояды. Өлеңде тек формасын алуы, «Аттың сыны» сияқты бас жағынан бастауы механикалық әдістің бар екенін көрсетеді. Кейінгі өлеңдерінде бұл жай жоқ. Ақындық шеберлігі бар, идеясы қалыптаспаған.

Абайдың өмірлік программасы, жаңа Абай екенін көрсететін өлеңі 1885 жылғы «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңі, ұлы ақынның өкініші. Мұнда үлгілі, жемісті өкініш айтылады. Кейінгілерге үлгі ретінде айтылады. Бұл сол замандағы барлық саналы ата-ананың өкініші еді.

«Бұл мақрұм қалмағым кім жазалы?» дейді. Бұл «мақрұм» қалған Абай сол кезде Пушкин, Лермонтов, Толстой, С. Шедрин, Крылов т. б. біледі. Сонда да білген сайынғы білімге қомағайлықты көрсетеді. «Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім» дегенде дін медресе

емес, басқа оқу жүйесін айтады. Шен алуды Абай сол 1885 жылы-ақ жек көрген, патшаға қызмет етіп, «жанбай жатып сөнуден» сырт тұрады.

1886 жылы Абай ақындық жолға біржолата құлай беріліп, үлкен-кішілі 18 өлең жазған. Бұл жылда програмды үлкен өрісті ақындық жеміс беру кезеңі көрінеді. Бар буын түгел қамтылады. Әуелі ата-аналар болып, кейін жігіттерге арнайды. Енді «Интернатта оқып жүр» деп балаларға оралады. Өлеңді қоғам тіршілігін көрсететін құрал екенін түсінеді. Абай мораль тәрбиесімен қауымды түзеуге болады деп түсінген. Бұл Маркстен бұрынғы ойшылдардың түсінігі еді. Осы 1886 жылы Абай халқымызды түзеймін деп кіріседі, әрі келешек Абайдың әр жақтылығы көрініп қалады. «Жаз» деген пейзажды өлеңін жазады. 1886 жылғы өлеңдерінен Абай үлкен, жан-жақты ақын екенін көреміз.

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» (талдап өту, идеялық жағынан) еңбек иелерін жан-жақты сору, еңбексіз көзін сатушылық көрсетіледі. Ел ішіндегі скімдерді, «бас-басына би болған өңкей қықымдарды» әшкерселейді. Осылай айта отырып, кей өлеңдерінде «момын байлар» бар, олардың ісі жөндеу дегенді де айтып кетеді, бұл қайшылық, байдың бәрі қанаушы. Атқа мінерлерді түйрей отырып, бұларға да әкімдер зорлық етті дегенді, «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» деген өлеңінде де айтады. Бұл өлең қошеметшілерге арналған. Еріншектіктің, жалқаулықтың кейінгі қатты залалын ескертеді. «Бір асым ет, бір аяқ қымыздың құлы» болма дейді. Жастарға арнаған өлеңінде («Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат») достықты, еңбекті, талапты көрсетеді. Азған жастарды да айтады. Осы жылғы өлеңдерінің ішіндегі ең бір програмды өлеңі «Ғылым таппай мақтанба» (талдап өту керек). «Ақсақал айтты, бай айтты» деме, өз ақылына сәл, соған сен дейді. Осы кезде «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» деген өлеңі жазылады. Абайдың аты — бәйгенің аты. Сол кездегі жайды жақсы білгендігі көрінді, әсіресе малдың ерекшеліктерін жақсы білуі (С. М. Буденный: «Сәйгүлік тұлпар ат болу үшін ол еркек, әйел, түлкі, есек, қояннан үш-үштен жақсы сыпат алу керек», — дейді) <sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Еркектің төзімді, күшті, еркөңілділігін; әйелдің қылықты, көзі ойнақы, қазомыраулығын, есектің тұяғын, етсіз басын, бәлін т. б. алу.

Бұл кездегі Абай орысша сөздерді де қоса береді. «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде түрді мазмұнына бағындырып отырады. Бұл интернат Ыбырай ұйымдастырған интернат еді. Әрине, алғашқыларының көбі тілмәш, чиновник болып шыққан. Басында балаларды зорлықпен, еріксіз жіберіп те отырған. Олардың оқу арқасындағы жеткендігін көрген ата-аналар балаларын жіберсе бастайды, олардың көбінің тілеуі «чен, шекпен», «прошение» жазуға ғана арналған екенін Абай ашады, жас буындардың алдына үлкен талап ұсынады.

«...орыс теріс айтпайды, жаман бол деп оларды» деп. «орыс» сөзін Абай халықтық ұғыммен ұғынады. Орыс адам бол деп тәрбиелейді, бұзықтықты өзі ойлайды, өзін үйретесің дейді.

Салтыков пен Толстой дегенде солардай ақын бол дегені емес, чен құмар болып отырған чиновник, адвокатты солар қалай көрсеткен, соны көрсетші дейді. Чиновник, адвокат сол кездегі ең жексұрын, зұлым адамдар ғой, ал сен солардай болуға неге құмарсың дейді Абай. Орысша сөзді сол жастарға, орысша білетін жастарға арнай айтып отырғандықтан қолданады. Қоғамды шестеме, «Қореннойға кір» (дүлке жегі!) дейді. Чиновник, оязға қызмет еткеннен гөрі, байға қызмет ет, бұл жерде залалың халқына аз тиеді дейді. Әрине, бұл жақсылық демейді, жамандықтың да жеңілдеу түрі дейді.

Осы жылдағы тағы бір көрнекті өлеңі — «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» деген өлеңі. Мұның мәні бар. Алғашқысында жасыдым, түнілдім деп келеді. Жол, бет алысын ашу қиыншылықтарын айтады. Келешек айдын көлдей көрініп еді, ол кіршіксіз кезімде екен дей келе, келешекке сенеді. Оптимистік пікірі көрінеді.

1887 жылғы өлеңдерінде өте күшті орын алатыны — «Өлең — сөздің патшасы» деген өлең туралы жазған өлеңі. Ескі ақындарда бұл тақырып жоқ еді. Өлең бір кісінің қолында ғана емес, халықтың құралы дейді. Алғашқы бір шумағы эстетикалық көзқарас. Абай сол кезге шейін болып келген әдебиеттік тартыстарды құптамағандықтан, шортанбайлықты, әубәкірлікті сына-масына болмайтын еді. Сондықтан айтушы да, тыңдаушысы да надан болған деп қатты сынайды. Енді бағалы сөз қандай дәрежеде болады дегенге Абай орыс классиктерін бірден ұсынбайды. Халық, сол сана дәре-

жесіне сай аяғ, хадис ішінде де өлең бар. (Ал өлеңді дінмен дәрежелемесе де болатын еді. Қайшылық, бірақ оқушысын еске алған). Ол кезде орыс ақындарының ішінде Фет, Тютчев сияқты байшыл ақындары да болған. Абай бұларға еш бет бұрмайды. Белинскийден басталып Чернышевский, Добролюбовтармен жалғасып келе жатқан ұлы сыншыл эстетикадан үйренеді. Қошаметші ақындар бұрын көп болған, соларды қатты сынайды. Сонымен бірге қызықты, қыздырмалы өлеңді айтпаймын, өйткені ол ермек үшін болып кетеді дейді. Осыдан кейін Абай өлеңге оралып келіп отырады. «Сөз түзелді, тындаушы сен де түзел» деп өлең сөздің мәнін көрсетеді. Осымен бірге осы жолы басқа тақырыптарға да жазды. «Көжекбайға» деген өлеңінде ел билеушілердің зұлымдық кейпін береді. Көжекбай — сан Көжекбайдың жиынтығы. Абайдың кейбір өлең жолдары афоризм болып кеткен, мысалы, «Жаман дос — көлеңке», («Жат айбынар ісі жоқ, жау айдынар күші жоқ»).

1888 жылғы өлеңдері. Мұнда да ақындыққа, поэзияға көзқарасын айтады. Енді өлең сөзді халықтың өмірімен тығыз байланысты екенін айтып түсіндіреді, өлең сөздің дәрежесін көтере түспекші. «Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол» деген өлеңі. Әдеттерді айта келіп, қорытынды жасайды. Дүниеге өлеңмен келіп, өлеңмен шығарып салынасың дейді. Өлең қадірін кетірушілерді танып, тауып түйрейді. «Шортанбай, Дулат, Бұхар жырауларға» Абай қарсы жолда. Сондықтан Абайға бұлардың өлеңінің мәнінде еш жаңалық жоқ, ескі пікірді қайталау ғана екенін, ескіліктің тозығын жамап, құрау екенін ашуға керек болады. Енді Абай өз мақсатын айтады. Бұл әлеуметтік ойлар болса Абай табиғатқа да бет бұрып оттырады. Осы жылы «Қыс» деген өлеңін жазады. Жырлауы мәдениетті, үлгілі акын дәстүрі. Абай қысты тірі «ак киімді, денелі шал» етіп суреттейді. Бұдан әрі қырдағы қыстың тіршілікке әсерін суреттеп кетеді, еңбек адамдарын суреттейді. Еңбексіздерді өмір тіршілігінен тыс қалдырады. Бұл өнімді, айқын түрдегі реалистік әдіс.

Осындай өлеңдердің қатарында мысқыл-сықак өлеңдері де өсе береді. «Күлембайға» деген өлеңіндегі кейіпкер — жағымпаз, екі жүзді айнығыш адам. Мұнда қара халықтан шықты деген емес, ел ішіндегі пысықай, билікқұмар сасық пиғылды таңбалайды. Осы орында да тұра алмайтын табансыз, құбылмалы, жансыз дейді.

1889 жыл — Абайдың түр жағынан жаңалықтар берген жемісті (мыс. Пушкиндегі өмірі) жылы. Мазмұны жағынан да алуан ойлы, терең сырлы, «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңіндегі Абайдың «мені» халықтық жалпылық Мен. «Әсетке», «Болыс болдым, мінекей», «Сегіз аяқ» сияқты үлкен толғау өлеңдерін жазды. Осы жылы Пушкинге тек оқушы түрде емес, Пушкиндей ойшыл ботып барып, кіргенін көреміз. Осы жытғы шығармаларында Абай үлкен сыншы, реалист, эстетик, терең ойшыл; орыс классиктерін терең меңгерген мәдениет несібіндегі Абай тұлғасы көрінеді.

«Күлембайға» деген өлеңінде болыстың қулық, сұмдығын көрсетеді. Соның ғажап, терең психологиясын берген (өлеңді оқып, талдап өту). Олардың момын — тынышқа (халыққа) істеп отырған істерін өз сөздерімен береді, монолог сөзімен өзіне мойындатады (бұлар — Ревизордағы» городничный). Бұл — Абайдың мінез арқылы түзеймін деген программасының арнасында келе жатқан тақырып.

«Сегіз аяқ» (сегіз жолды) — сол уақытта орыс, батыс әдебиетінде болмаған жаңалық. Мұнда көп пәрсені айтады. Әрбір шумағы бір түйінді пікірге айналып отырады (өлеңді оқып отырып, талдау керек). Абайда «Жалғыздың үні» ең алғаш осы өлеңінде айтылады. Бұл жалғыздық, дарашылық емес. Заманынан ерте туған, озық ойлы жалғыздық трагедиясы. Міне, осы жайды тереңдете жазады. Абай «атадан алтау, анадан төртеу» деп қара басқа байланысты жалғыздықты айтпайды. (Лермонтов туралы Беллинскийдің айтқанын еске алу керек). «Моласындай бақсының, жалғыз қалдым тап шыным» дегені азаматтық ойдың қорытындысы. Тағы өлең туралы айтады, бұрынғы пікірін тереңдете түседі. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» дейді. Өлеңді «Әзірет әлі, айдаһарсыз» жазып отырғанын, өткен шығыстық жалған образдарын «алтын иек, сарыала кызды» айтпаймын дейді. Ол жансыз сурет, сш реалистік ішкі әдемілік жоқ екенін айтады. «Сарыала» деудің өзі (сарыала етек) өте қатты шенеу. Кәрілікті күні бұрын айту, жамандау не керек дейді. Осыларды айта келіп жақсы, дана болу үшін не керек дегенге тоқталады. «Ақыл, қайрат, жылы жүрек» бір адамның ішінен табылса, бұл — гармоническая личность. Бұл

ертеден келе жатқан философ ой иелерінің пікірлері еді.

Енді сұлулық, ғашықтық туралы жырына келейік «Қор болды жанымда» шығыстық сарын бар. Махаббатты тағдыры жіберген болады. «Тағдыр», «пәнде» деген сөздіктерін алады. Махаббатты соларша бір айтқысы келеді. Реалистік жолмен айтып, тіпті басқаша жырлап кетіп отырады. «Қиыстырып мақтайсыз», «Сен мені не етесің» деген өлеңдерінде ескі 7—8, я 11 буынды 4 жол да өлең шеңберіне сыманды. Осы жаңа түрін тез тарату үшін композиторлық қабілетін де қолданады. Жастық, махаббаттық кезеңнен асып кетіп, қайта соққан Абай әр формаға бір түсіп шығады. Кейін орыс классиктерінен үйреніп жазған «Ауылдың маңы терең сай» өлеңі тіпті басқаша. «Шоқпардай арқасында өрген бұрым» өлеңінде де айтуға, соншама ашуға керек емес, нәпсі жайы да сезіліп тұрады. Жігітке ата-сына, тегіне қарап емес, сүйіп алуың керек деп адамдық, теңдік қоны қорғайды.

**Абайдың Пушкинге баруы.** «Евгений Онегинді» аударуында Пушкиннен мағынасы да өзгеше (мысалы, аяғында бітіруі). Абайда Татьяна хат жазады. Хат Пушкинде біреу-ақ. Татьяна хатына Онегин ойланады. Пушкинде Онегин жауапты ауызша айтады. Ал, Абай хат арқылы береді. Пушкин Онегинді мысқыл етіп отырады. Татьяна Онегин кеткен соң ізін байқайды. Оқыған кітаптарын тексере оқып келіп, Татьяна «Чайльд Карольдтың шапанын жамылған москвич» скенін біледі. Ол үлкен емес, нашар, ұсақ Онегинді көреді.

Үлкен топтың ортасында көріп, Онегин қайта сүйдім дейді. Пушкин Татьяна Онегинді шындықпен бетке соғады. Абай бұл жерін нәзіктікпен келтірген (орысша, қазақша екеуін салыстыру арқылы айту). Абай кейде Татьянаға қазақ сөзін де айтқызады. («Қаймақ еді көңілімде»). Аударма дәл аударған емес. Себебі Шығыста назира дәстүрі (перепеп, қайта жырлау) болған. «Ләйлі — Мәжнүн», «Зылиха — Жүсіп», «Ескендір» қайталап жырлаулар. Абай осы үлгідегі біраз дәстүрмен еркіндікті қолданған.

Екінші, үлгілі ғашықтықты үлгі етіп отырғандықтан, Татьяна мен Онегинді де үлгі етіп ұсынады (Белинскийдің Татьяна мен Онегин туралы айтқаны). Абай опалы жігітті ұсынады, өкінішін ашады.

1890—92 жылғы өлеңдері.

1891 ж. Абайдың жақын серігі Оспан қайтыс болады. Бұл жылдары Абай көп жазған емес. Аз жазғанмен терең мағыналы, толық мәнді болып отырады. «Бай сейілді, бір бейілді» деген өлеңінде Абай «өз малын» бағып отырған «момын бай» бар деп ойлайды.

Түр жағынан жаңа, шебер шыққан өлеңі — «Келдік талай жерге енді». Мазмұны бай, қиын үйлескен ұйқаспен келіп отырады. Тағы бір өлеңі — «Өзгеге көңілім тоярсың».

Табиғат жайындағы өлеңі («Жазғытұры»). Табиғат тек табиғат түрінде алынбайды. Табиғат жырлаудағы реалистік бағытымен жүріп, табиғаттың адам, дүние тіршілігіне тиетін әсері айтылады. Алтынсарин үлгісіне жақын келіп отырса да осы өлеңде мифтік, натуралистік пікір көрініп қалады. «Күн — күйеу, жер — қалыңдық» деп келеді. Өлеңнің аяғын нақты, күнді батырып барып тоқтатады. Пікір нақты, дәлірек етіліп айтылса да, сезімшіл, әсерлі болып отырады. Күн мен жерді біріне бірің ғашық ету ескі мифтік ойдан шыққан.

«Ақылбайға» деген өлеңі. Ақылбай Нұрғанымның қолында ерке, бұла болып өскен. Бірақ, өте талантты адам болған. «Жаррақ», «Зұлыс», «Дағыстан» поэмаларын жазған. Соңғы поэмасы сақталып қалған. Бұл «Ақылбайға» деген өлеңінің әні де болған. Ұйқасы өте қызық болып келіп отырады. Ақылбайдың таланты өте кеш дамыған. Сондықтан жұртты қатты сынап отырған Абай сол сынды туыстарына, баласы Ақылбайға да қолданған. «Өзінен басқа ойы жоқ» деген өлеңінде надандықтың әсері айтылады. Тәуірмін деп жүргендердің өзін қатты сынайды. Абай хат білетіндердің бәрі надан емес дегендерге қарсы. Наданның үлкені елді оқытумен айналысатын молдалар дейді. Тағы бір өлеңінде мораль мәселесін айтады: «Достыққа достық қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол!» — дейді. 1891 ж. Абайдың өмір бойы қайталанып келе жатқан тақырыбы ғашықтық туралы жазған екі өлеңін айтуға болады.

Абай бұл кезде жастарға көп көңіл аударған. Оларға оқу, өнер, адамгершілік мәселесімен қатар, махаббат мәселесін бірге айтады. Семьяны, бақытты, сүйіскен жарларды, шын сезімді махаббаттың күшін айтады... Мұнда да әйел үлкен ой, терең сезім несі, тең құхықты болып суреттеледі. Шын ғашықтықты таза

көңіл, асқан ынтамен зарықтыра жырлайды. Арналған әдемі әні бар. Өзінің қауым надандығына ызалы өлеңдерін қарсы жұмсайды. Өзге жақсы жұрттан ұяламын дейді. Өзі халқының ары есебінде жұмсалып кететін де жсрі болады. Осы кезде ел билеушілердің бірнеше бейнелерін береді. Меккеге бару деген тіпті негізгі парыз емес деп молдаларды Абай қатты сынаған.

1893 ж. өлеңіндегі жақсы, ұйқасы ерекше бір өлеңі — «Бойы бұлған». Кейбір байларды бөліп айтуы Абайдың қайшылығы деп қарауға керек. Оспанның өтіміне байланысты бірнеше жоқтау өлеңдерін тугызған. Ешкім бетіне келмей, өмір тіршілігің жайлау болып тұрғанда өтіпсің дейді. Бұл өлеңдерінен Оспанды Абайдың құрметтейтінін көреміз.

**1893 ж. өлеңдері.** Бұл жылдары өлеңді көп жазбаған. Қарасөз араласып отырады. Көбінесе аудармалармен шұғылданады. Соның бірі — «Не верь себе, мечтатель молодой» (Лермонтовтан). Лермонтовты аударуы Абайдың көңіл-күйіне соншалықты ұқсастығынан. Өлең тек әдемілікті емес, ашу-ызаны айту керек, «улы сусын төгілсін» дейді. Абай осы жылғы аудармасының ең күштісі — Гетеден Лермонтов арқылы аударған «Қараңғы түнде тау қалғып» деген өлеңі. «Қалғып деген сөз «ұйықтаптан» гөрі тіпті дұрыс сияқты. «Звезда со звездой говоритты» Абай «Ымдасып сөйлескендей көкте жұлдыз» деп аударарды. «Ымдасып» сөйлесу өте әсерлеп, күшейте түседі. «Тыншығарсың сен дағы» дегенде бірқағар астарлы ойды түсінуге болады. Абай халқының тіл қазынасын түгел пайдалана отырып, қазақтың әдеби тілін жасады. «Адасқан күшік секілді» образбен көмкеру тәсілі ерекше байқалады. «Кім білер жабыраңқы айтқан сөзім» деп «қиыннан қиыстырады». Кей жерде Лермонтовты дәл аударарды («Больное сердце бьется ровно»).

1894 ж. тағы әкімдерді сынап «Антпенен тарқайды, жиылса кеңеске» деген өлеңін жазады. Абай — күшті сатирик. Бұл жағынан С. Шедринге көп ұқсас, жоғарыдағы өлеңде екіжүзділіктің масқасын ашады. Партия басшыларын сынай отырып, жастарға арнап «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң арқалан» деген өлеңін жазады. Осы жылдарда Әбдірахман ауыра бастайды. Қызмет бабымен Верныйға келеді. Абайдың қайғылы көңілінен шыққан, зармен айтылған өлеңнің тобы басталады. Өлеңдерінде сиыну көп...



1895 жылға келейік. Халық уайымын өз басынан әлдеқайда ауыр сезінеді. Ағалық ойын тілеумен айтады, ұғысуға шақырады. Ішкі психологиялық сезімді көрсеткен «Көленке басын ұзартып» өлеңі өзінің өткен ойын айтады, есеп беріп отырады. Абай дінге сенген, адам баласына керекті бір дінгек деп түсінген. Діннің қожа-молдалар әсерлеген фанатиктік (жалаң) жолын емсс, басқаша сншшы ақылдың шартты түрін алған. «Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын» дегенді айтады. Абай әкретке бармайды. «Мен» мен «менікі» дегенді ашады. «Әлсе олер табиғат, адам өлмес» дегенді айтады. Дінге күдік жасайды. Осы жылдар Әбдірахман өледі. Тиылмаған жас, қынжылған көңіл, аталық мейірім ксп уақыт өлендер туғызады. Әбдірахманның шарлық қасиеттерін айтады. Қырым, Кавказ, Сібір, Россияны білген Әбдірахманды жоқтайды. «Жаңа төлдің басшысы — ол, мен — ескінің арты едім» дейді, Әбдірахманнан күткен үмітін айтады.

1896 жылы жазған «Адамның кейбір кездері» деген ақын туралы жазған өлеңі. Ертеден мәдениетті ақындар айтып келе жатқан ақындық өнерді айтады. Пушкин «Аполлонды» иелік етсе, Абай «тәңірінің берген өнері» дейді. Қайсысы болса да ақындық шабытты көтереді, осы жылы ән туралы бір өлең айтқан «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген өлеңі. Әннің сезімін, күшін айтады. Қазақтың әніне оралады, үлкен сыншылықпен қарайды.

*11 мамыр 1950 жыл.*

Абай әнде терең ой, күшті сезім бар дейді (Достоевский: мен музыканы тыңдап отырып, басқа ойларды жақсы ойлаймын деген. Бұл өз алдына ерекше түсінік).

«Құлақтан кіріп бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй»,—

дейді Абай. Күй ескіні, өткенді ойлатады дейді. Эстетикалық көзқарастарын айтады.

«Әннің де естісі бар, есері бар» дейді. Абайға шейінгі, кейінгі көп уақытқа дейін ән қызық (развлечение) болып қана түсінілген. Әрине, Абай мұнда қазақтың өз ортасындағы әнді айтып оғыр. Абайдың халық қазынасы ішінен сүйіп алған әні, музыкасы болды. Әннің басы айқаймен келуі еңбекке, түнгі күзетке байланысты, мал жайылымы, кең дала, міне, әннің айқаймен

басталуы (ақынның камертоны болуы). Әннің айқаймен басталуы осы жағдайға байланысты. Әннің басының «ащы» келуі тек «кел тында деп» өзгеге басшы болу үшін ғана керек.

1896 ж. біраз аудармамен шұғылданған. Абай Крыловты аударғанда сатирик болып кетеді. Осы жылы Әбдірахманға арнап жазған өлеңі бар. «Ел ішіне сау келсең, тағлым айтпас ерме едің?» деуі аталық қайғымен байланысты нағыз халықтық қайғы да айтылады. Міне, бұл өте терең даналықты меңзейді. 1897 ж. Абай тағы аудармалармен шұғылданады. Осы жылдары сол кезіндегі жағдайға байланысты түрлі ойда айтқан өлеңдері бар.

Дін тақырыбына арнап жазған өлеңдері де кездеседі. Ислам дінін тек «мүтәкәлам» тұрғысынан, құраннан ғана шығару, басқа маңайға бет бермеуді «бәрі басқа еседүр» деп санайды Абай.

Лермонтовтан — («Бояр Нориша») «Босқа әуре боп тағы да...» Осы жылы ән туралы ойға тағы оралады. Әннің бәрі жақсы емес деген пікірді айтады.

1898 ж. бір ерекшелігі аударма көп. Табиғатты өте көркем, күшті сезіммен жырлаған өлеңі — «Желсіз түнде жарық ай». Мұнда қазақ табиғатының тамаша бір кезеңі алынады. Міне, бұл ақындық мәдениеттің күштілігінен келіп шыққан. Осы жылы халық мінезіне, әдетіне арнап айтқан өлеңі «Болды да партия» жазылады. Осы жылы өте бір зор өлеңі «Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма» атты өлеңі туды. Өткен өмірін айта келіп «артқы» және алғы ұрпақпен тілдеседі. Өзінің өмірлік ішкі сырын ашады (исповед ұлы ақындарда болатын). «Сіздерге жеңіл тиер байқап қара» дейді. Сендерге «мен бір жұмбақ адам болып» көрінуім мүмкін дейді. Әрине, қазіргі жағдайға, қазіргі жастарға Абай өмірі, тартыс, партия, жер дауы, жесір дауы шындығында да күңгірт, анық емес. Тек бір-ақ нәрсені ескертеді. «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскенін», «мыңмен жалғыз» алысқанын айтады. Абай келешек заманның жаңа нәсілімен сөйлеседі. Өз заманының барлық ісі оларға өрескел ерсі болады дейді (мысалы, Пушкиннің «Ескерткіші» өте көрегендікпен ақын өнері атынан халқына тастаған үн...).

Лермонтовтан осы жылы «Демонның» бас жағын аударған. Оны бастырушылар шайтан деп жіберген, ол «әзәзіл» болуы керек, Геттеде «Мефистофель». Бұлар азғырушы болып іс атқарады. Бұл аудармада Абай

құдайды түп-тура киіз үйінде отырған феодалша суреттейді. Бірақ Абай «Демонды» Лермонтовша өжет етіп көрсетеді. «Ауру жүрек ақырын соғады жай» т. б. (Абайдың көп сңбек еткен уақыты 1898 ж.) кейінгі өлеңдерінде өмірден суынған, қызықтан алшақ кеткен жайды айта бастайды.

«Жүрегім менің қырық жамау, қиянатшыл дүниеден», т. б.

«Дүтбайға» деген өлеңі өзінің Құлбадам деген қызының күйеуіне арналған. Жеке адамдарға байланысты сындарды да айтып отырған.

1900 жылы екі-үш өлең жазған. Ал «Көңілдің күйі тағы да» деген шығармасы Лермонтовтың өлеңімен тығыз байланысты. «Көлеңке басын ұзартыптағы» көңіл күйімен ұштасып отырады.

1901 жылғы өте ауыр бір өлеңі — «Жапырағы қуараған ескі үмітпен» деп аталады. Үміттің жайнап отырған мезгілі бар. Жеткізбес үміт бір кезде жапырағы қуарады дейді (В. Гюгоның «үмітсіз қиял адамның ақылына у мен тең» дейтіні бар ғой). Қиялдың бәрі пайдалы емес. Қиялдың қиялы бар. Қиялға берілме, ойға беріл дейді.

1902 жылғы «Тоты құс түсті көбелек» деген өлеңі замана турасында айтқан еді. Әркім заманыммен бірге жүреді. Жаман заманға ере беру керек емес дейді. «Алғаның өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңі. Мұнда ақын дүниетанымын, исламшылдыққа қатысын аңғартады.

Төрт кітаптың төртеуі де алланы танытады деу — мұсылмандық таным (басқа діндер шынында Мұхаммедті танымаған). Өлеңінде үш сүю (имани гүл) тұрақты күрделі ұғымдарды саралап, өзі ұстанатын жайды баяндап өтеді.

«Замана, шаруа (экономика) күнде өзгеріп отырады дейді. Мұсылманшылықтың ішкі мазмұнынан асып шығып кетеді. «Адамзаттың бәрін сүй» деп үш сүюдің екінші, үшінші түріне ден ұрады. Ал, ислам діні бәрін емес, тек алланы сүй дейді, ал Абай соңғы екеуіне қол артады (адам, әділет).

Енді ислам діні нені айтады? Олары ораза, намаз, зекет, иман, фарыз. Абай үшін бұл тек сырттық белгілер ғана. Бір құдайға Сократ, Платон, Пушкин, Толстой да иланған. Толстой бір құдайды, Иусты айтады, Ғайсаны айтады, сөйте тұра адамгершілік, өсіп өзгеруді мадақ етеді. Міне, бұл пікір, таным шіркеу үгітіне үйлеспейді, осы себепті де шіркеу иелері Толстойды

діннен шығарған. Абайдың дін туралы көзқарасында осы пікір мен іліктес ойлар айтылады. 1903 ж. Абай бір-ақ өлең жазған. Ол өзі өмірінің бір қорытындысы сияқты. «Өңшең қырт, бас қаңқырттың» ортасында не өмір бар дейді.

1904 ж. еш өлең жазбаған. Себебі. 1903 жылдың аяғында Мағауия қатты ауырып, Абай соның төңірегінде болады. «Мағауия өлсе, маған да өмір жоқ» деп серт береді. Мағауияның қырқын асықтырып 38 күнде бергізген, 39-і күні өзі өлген, бұл өзін-өзі өлтірушінің бір түрі сияқты.

Жылы белгісіз өлеңдер. «Жарқ етпес кара көңілім не қылса да», «Сүйсіне алмадым, сүймедім» өлеңінде ішінде кеткен бір махаббат арманы бар сияқты. «Сап-сап көңілім, сап көңілім» бұл 23-тер шамасында айтқан болуы керек. «Әкімбай өлгенде» деген жоқтау өлеңі. Әкімбай Ақылбай асырап алған Абайдың өз баласы. Әбдірахманға арнаған жоқтаулары — Әбдірахман ойына түскен сайын Абай қайталап соға берген. Кейінірек табылған бір өлеңі — «Домбыраға қол соқпа» деген өлеңі. Әйгерімнің аулында отырып айтқан өлеңі екен. Тәтті назбен айтылады (соңғы аз өлеңдерін талдап өту)...

*18 мамыр 1950 жыл.*

1890 ж. бастап Абай шығармаларында өзі айтқан «қарасөздері» жазылып отырған. Соның ішінде бір сөзді «Ғақлия» деп атаған. Бұл сөздер көркем проза емес, философиялық трактат та емес. Әдеби жанрлық жағынан ескі грек ойшылдарының өз шәкірттеріне (бес-сәт ретінде) айтқан әңгімелеріне ұқсатуға болар еді. Мұндай қарасөз Толстойда біраз айтылған («Круг чтения» деген кітабында). Абай — өзінің заманымен нық байланысты болған адам. Өткенге бой ұрмаған. Сол өлеңіндегі пікірін, ойын енді жаңа түр, қарасөз түрімен әңгімелеуге кіріседі. Өлеңдер мен қарасөзіндегі ойлар қатты араласып жатады. Сондықтан кей сөздерінде өткір, қатты наласын да айтып отырады.

1890 ж. бірінші қарасөзі. Осы жазып отырғаны әңгімелесіп отырған сияқты. Бастауы тұп-тура Лев Толстой сияқты. Мұндай қарасөз революциядан бұрынғы қазақ ортасында өлең сөзінен де құндырақ болған. Себебі қарасөз жасы ұлғайған адамдарға ұғымдырақ. Өлең сөзінде ой көп, терең сезім керек. Мұны қарт-қариялар түсіне қоймайды да.

**Екінші сөзі.** Бір қызық пікірі халықтар туралы пікірі. Әр халықтың өзін өзгеден жоғары санауын Абай жақтырмайды, сынайды (оқып өту керек). Халқына оқуың, еңбегің жоқ, бәрінен арттасың дейді, сол халықтармен дос ету мақсатын қояды.

**Үшінші сөзі.** Оқудың мәнін аша айтады.

**Төртінші сөзі.** Күлкі туралы айтатын пікірі. Бұл тура (главный сатирик) Добролюбовтың эстетикасына тақау келеді.

**Бесінші сөзі.** Қазақтың мақал-мәтелдерін сынайды. Добролюбов халықтық дегеннің бәрі халықтық емес деген болатын. Сынағанда Абай дәл осы пікірдің желісінде айтады. Мақалдың ішіндегі үстем таптық түрлерін аша білу керек. Бірлік туралы айтатын пікірі.

**Сегізінші сөзі.** Ақыл кімге керек, кім үйренеді дегенге тоқталады. Байларға еш нәрсе малдан артық емес.

**Тоғызыншы сөзі.** «Қалың елім...», «Ішім өлген, сырттым сау» деген өлеңіндегі пікірлері қарасөзінде қайталаланып отырады.

Өмір философиясы жөнінде, бала тілеудің мақсаты туралы сұрақпен сабақтайды.

Кейде Абай адамгершілікті немен ұлғайтуға болады дегенде: — айына, жұмасына өзіңе өзің есеп бер, — дейді.

Дін тұтынушыларды қатты сынап, бет бейнелерін әшкерелейді.

**Он жетінші сөзі.** Ақыл, қайрат, жүрек үшеуі турасында. Бұл үшеуі адамның адамшылық қалпын, ерекшелігін құрайды. Абай осы үшеуін таластырып ғылымға жүгіндіреді. Үшеуі бір адамның бойында болса қалай болады, біреуі аз, біреуі көп болса қалай болады деген пікірді ашады. Әрқайсысы өздеріне тиісті пікірлерін, қасиеттерін айтады (оқып, талдап өту керек). Бұл үшеуі тең болғанда адамның (гармониялық личностының) артықшылығы көрінетіні ертеден айтып келе жатқан пікірлер.

**Жиырмамыншы сөзі.** Абай мақтан туралы айтады. Мақтанды үлкендік, мақтаншақтық деп екіге бөледі. Байды байдан бөліп қарау пікірі, қайшылығы кімді құрметтеймін деген сөзінде тағы қайталанатын. Мұнан барып тұрған компромисті аңғарамыз.

Абайдың мысқыл, мазақты қарасөзбен де өте күшті көрсеткенін «Қуаныш пен жұбаныш» туралы сөзінен көреміз. Кейде сұрақ, кейде жауап, кейде өз қорытын-

дысын беру сияқты жолдармен жазу түрін өзгерту арқылы да оқушыларына жеткізіп отырады. Қазақтағы «Көппен көрген ұлы той», «У жесең руыңмен» деген болымсыз пікірлерді әшкере етеді.

**Жиырма бесінші сөзі.** Оқу керек, оқытқанда орысша оқыту керек дейді. Хикмат, мал, өнер бәрі орысша оқуда деп ашық айтады. Жалыну — арсыздық. Көзін ашық болса оны істемейсің дейді. Оқығанда халықтың қамын жейтін болуың керек дейді. Жай оқу демейді. «Ғылымын үйрен» дейді. Міне, Абайдың ел үгітшісі ретіндегі бір аталық пікірі.

**Жиырма жетінші сөзі.** Сократ хакімнің сөзі деп айтады. Мұсылман қауымы философ мағынасында: Платон, Аристотель бірінің бірі шәкірті болған. Философиялық көзқарастарынан Сократ, Платон, идеалист Аристотель олардан өзгешелеу. Мұсылман тарихында аттары мәлім.

**Жиырма сегізінші сөзі.** Мұнда бір сын толғаулары бар. Мұсылманшылықтың үлкен бір кемшілігі — бәрі күні бұрын білініп, жазылып қойған. Абай осы нанымды өте қағты сынайды. Өзінің мұсылманшылығына байланысты кітапты айтпайды, қазақ шіндегі нанымға шабуылы жасайды.

Абай қазақтың мақалын сынайды. Мысалы, «Жарлы болсаң арлы болма» деген үстем таптың ұғындыруы ғой. Бұл халықтың мақалы емес. Ең барып тұрған арсыздық — жұмыссыздық, — дейді Абай.

«Қалауын тапса қар жанады»,  
«Сұрауын тапса, бермес сараң болмас»,

т. б. толып жатқан мақалдарды қатты әшкерелейді.

Қазақтың «Мақтан» мәселесін айта келіп, тәрбие мәселесіне соғады.

**Отыз екінші сөзі.** Тәрбие жөнінде айтады (араб оқуы жайында). Кісіде ғалым болуы үшін ерекше мінезділік болуы керек дейді.

Дін күтушілер жайында да көп сөздер, сындар айтады.

**Отыз жетінші сөзі.** Мұны Абайдың афоризмі деп қарауға болар еді. Бұл мәтел, мақал емес. Афоризмінде даулық жақтары бар. «Адамның адамшылығы істі бастағаннан білінеді, қалайша аяқтағанынан емес» дейді. Бұл тек аяқтауына қарап емес, бастауынан да білінуі, ерекшеленуі керек дегені.

«Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өні қашады» деген сөзі қай уақытта болсын өшпес ақиқат, шындық.

Иоан Аркті (Жанна д'Арк француз қызы «орлеанская дева» болуы керек) орта ғасырда орыс алфавитінде Ионна деп жазылатын. Абай «**یوان**» деп жаз-

ған.

Тәрбие қауымды түзейтіндігіне Абай сенеді. «Биік абырой — биік жартас» дегенде соған шығушылардың қалай жеткенін айыруға керек дегенді айтады. «Ток тіленші — адам сайтаны» дегенді тұп-тура ишан-моллаларға айтқан. Шекспир «Он екі түн» комедиясында көлеңке қусаң жете алмайсың, қашсаң құтыла алмайсың дейді. Абайдың көлеңкені айтуы аумаптын шындық.

Қырық бірінші сөзі. Ел тәрбиесінің емі туралы. «Моласындай бақсының, жалғыз қалдым тапшыным» деген пікірін қайталағандай болады.

Қырық екінші сөзі. Енбексіздіктің, «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтықтың» адамды аздыратынын айтады. Герцен «нет у нас другой молитвы, есть только одна молитва это — труд» деген (дұғалық) пікіріне таяу келеді.

Қырық үшінші, қырық төртінші сөздері. Абайдың педагогикалық көзқарастары айтылады. Шежіре, дін иелері қазақты тіпті әріден, арабтан шығарады. Дунгандарды заты қытай болса да, дін иелері мұсылман ету үшін, оларды арабтан шығарады.

Араб пен еврейлер туыстас. Олар семит тұқымынан деп келеді. Абай қазақтар өз еркіне жіберсең осы араб семит нәсіліміз деп кетеді дейді. Абай қазақ монғолдан шықты дейді. Әрине, бұл да дұрыс емес. Ясачный татары қазіргі хахас. Қырғыздың бір түрі.

Шаманизм турасында Абай Шоканның пікірін тұп-тура қайталайды. Анимизм дегенді неге көзі жетпесе, соған табынуды айтады. Қазақтың бірнеше мақалдарын алып қызық пайдаланады. Мұндай мақалдары тарих үшін өте қымбат.

Бұлан — бұғы тектес жануар. Осыларды айтып келіп, «Бабурнамада» осылай деген деп тоқтайды. Бабур — ақсақ Темірдің немересі. «Бабурнама» деген атпен жазылған кітабы бар.

Абайдың композиторлық еңбектері. Сақталып қалған әндер еш талассыз Абай әндері. Мұны не Біржанның, не Жаяу Мұсаның әндері деп айта алмаймыз.

«Әсетке» («Біреу біреуден артылса»), «Сен мені не етесін», «Сүйсіне алмадым, сүймедім», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», т. б. да әні бар.

Абайдың ақын-шәкірттерінің де Абай өлеңдеріне шығарған өлең-әндері бар. Ақылбайдың інісі қайнына бара жатқанда айтқан өлені.

Абай шырқау әніне онша мән бермеген. Аз топқа сезім беретін камерный болып келеді.

Абайдың әнне жазған текстісі ерекшеленіп тұрады. Ескі кездерден келе жатқан өлеңдердің әндік композициясы он бір буыннан келеді. Абай әндерінің ырағы әр буынды, жол саны әр түрлі.

Затаевич қазақ әндерін жинауда зор еңбек сіңірген. Ол жинақтарын (қаржысыз) тек халықтікі деп және дәл түсіріп отырған (Брусилловский жинаушы «Қазақтың композиторы жоқ, өйткені уақытында нотаға түспей, өзіндік қалпын жоғалтып алған» деген өте қатты пікір айтып, өзін бірінші композитор дегізбек).

**Абайдың ақын шәкірттері.** Олардың ішінде ерекшелік Мағауния мен Ақылбайды айтамыз. Ақылбайдың жасы үлкен болса да, Мағаунияны бұрын атаймыз. Өйткені Мағаунияның жазғаны көп те және идеясы артық, көркемдігі жоғары.

Мағауния да орысша білген. Байрон, Пушкин, Лермонтовтар тек өз елінен ғана алған емес, басқа елдер өмірінен де жазған ғой. Абайда да осындай жәй бар. Шәкірттеріне тақырыптарды Абай өзі беріп отырған. Мәселен, Мағаунияға «Шамиль» тақырыбын берген (Толстойдың «Хаджи-Мұрат», соңғы Гусейновтың кітабы бойынша мәселелер). Ал Ақылбайға «Дағыстан» туралы тақырып береді.

Мағауния «Шамиль», «Медғат — Қасым» поэмасын жазады. Ақылбай «Зұлысты» (Африка халқы туралы) поэма еткен «Жаррақ» (ертегіден). Бұлар романтикалық сюжетті поэмалар. Мағаунияның «Еңлік — Кебегінде» Кеңгірбайды әшкере етеді. «Қабан би» дегеннің түбі шошқа деп талдайды. Шекспир — «Король Якоб — макбет», «Король Лирда», Пушкиннің Пушкин атала-



рын қатты сынауы. Толстой (серебрянный дегенде) Иван Грозныйды тіпті асыра сынаиды.

Осы сияқты поэмаларды Ақылбай да жазды. «Зұлыс», «Дағыстан», «Жаррақ», т. б.

«Жаррақ» поэмасы бізге жетпеді. «Зұлыс» Әйгерімнің үйінде болатын еді. Қоймаға қойған жүкпен бірге өртеніп кеткен. Біразы «Сана» журналында 1923 жылы басылған.

Әңгіме: бір мүсәпірханада екі адам әңгімелесіп отырады. Оған Генри деген адам келеді. Генри Гвардирманға келеді. Інісінің жоғалғаның, оны енді зұлыстардан іздейтінін айтады. Бұлар ақжұрттың адамы. Бұларға бір қаражұрт адамы, кішкене күнінде тұтқынға түскен, Онпопа келеді. Зұлыстың тауын Ақылбай өте күшті сипаттап, биік етіп көрсетеді. Бұлар жолда пілге кездеседі. Тамақ пісіретін баланы піл өлтіреді. Зұлыстар ақжұрт адамдарына керемет өш, зұлыстар жеріне келгенде Генри «әулие» болып есептеледі. Сол елдің патшасының ақылшысы Буле деген кемпір Генриді өлтіру керек дейді. Онпопа ол әулие дейді. Генри әулиелігін айды «ұрлау» арқылы дәлелдейді (ол календарь арқылы тұтылатын уақытында ұрладым деп дәлелдейді). Ал, Буле: — Айды ол ұрламаса да, тұтылады, онда әулиелік жоқ, — дейді. Бұлар іздеп келген адамдарын таба алмайды. Онпопа тобы көбейеді. Онпопа Генридің інісін іздетеді. Олар бір ақ адам кеннің көзін іздеп кетіпті дегенді естиді. Оларды Буле үнгірге қамап кетеді. Олар қиыншылықпен шығады. Онпопа билікке ие болады. Олардың көздерін таңып, еліне әкеліп түсіреді. Мұнда біраз фантастикаға берілгендік те бар.

«Дағыстан» поэмасы сақталған. Олардың ерекшелігін, қаны қызулығын көрсетеді. Ояңған тау, бұлбұл үні әсем түрде суреттеледі. Содан кейін ауыл, қаланы көрсетеді. Соның біреуіндегі адамға шұғыл кіріседі. Поэманың аяғындағы шешім басында айтылады. Енді осы Жүсіп қайғыға неге беріледі? Соны баяндауға кіріседі.

Дағыстанда мергенді қатты құрметтейді екен. Бір жиында Әлі кемпірдің баласы Ибраимды мақтауы Жүсіпке қызғаныш туғызып, ол Әліні өлтіреді. Шешесі күн-түн зарлап, қарғыс айтып, бір жұмадан кейін өледі. Осы кезде Жүсіптің Әлі, Мұса, Жағыпар, Таһир, Рахым, ортасында бір қызы (Зайра) болады. Тауда қатты жаңбыр болып, суға кетіп Әлі, Мұса өлсе, Жағыпар, Таһиры көрші елдің жаулығында өледі.

Рахым бір күні анда келе жатып Жәбрәйлге (жаралы) кездеседі. Рахымға Жәбрәйл Зайраны сүйетінін айтады. Рахым кедейсің деп тұра ұмтылады. Рахымды Жәбрәйл өлтіреді. Зайра тауда көріп Жәбрәйлге ғашық болады. Зайра ант (береді) берсе де, Жәбрәйлы өлтіре алмайды, екеуінің байланысын Жүсіп андытады. Бұлар қолға түседі. Жүсіп Жәбрәйлді өлтіреді. Қазадан кейін Зайра да өлімші болып жатады. Зайра Жүсіпті көрмей, өлуге анттасады. Жаңағы Жүсіптің халі осындай.

Көркемдігі өте күшті поэма. Мұнда дағдыр, қарғыс дегенге иланғандықты көрсеткен. Бұл сыры кісіні ырза еге алмайды. Поэманың мақсаты әр жауыздықтың арғы жаманшылық болады дейді. Моральдың күші ескі нанымымен берілген.

«Медғат — Қасым» реалистік сыншылдықпен жазылған. «Дағыстанда» әсірелеу күшті, жазмышты дәріптейді. Сөйтіп Абай айналасында үлкен тәрбие мектебінің болғанын көреміз. Міне, Абай мектебінің қазақ әдебиеті топырағына үлкен жаңалық әкелгенін көреміз.

Абай мектебінің мәдениеті панисламистіктің, пантуркистіктің ортасындағы бір арал, возрождение аралы болды деуімізге болар еді.

## **2-лекция. АБАЙДЫҢ БАСЫЛЫМДАРЫ**

1. Қолжазбалар, «Дала уалаяты», әнші ақындар гаратқан.

2. Кәкітай, 1909 жыл, Петербург.

3. Абай Құнанбаев. 1921 жыл, Қазан.

4. Абай. Ташкент (1922 ж.).

5. Абай. Толық жинақ. 1933 жыл (Мұхтар).

6. Таңдамалы. Абай. 1934 ж.

7. Абай. Толық жинақ, 2-том, 1939—1940 ж.

8. Абай, избранные (Рождественского) 1936 г.

9. Лирики и поэмы, 1940 г.

Тексерулер, мерекелер тұстарында күшейеді.

1. 1914 ж. «Алшархият» сборник Веселовского. 1916 ж., 24 ж., 34 ж., 40 ж.

2. 1922—24 жылдар тұсында Абай керексіз деушілер (Покровский «Петр» туралы).

3. (19)24 ж(ылдың) нәтижесі — 1933 жылғы толық жинақ, 27 ж(ылғы) өмірбаяны.

4. (19)34 ж. арнаулы «Әдебиет майданы» журналының 11—12 саны, көп мақала.

5. (19)32 жылдардан бастап бар мектеп кітаптарына кіруі. Өлгеніне 95 жыл. Көп баяндама, мақалалар: Есмағамбет, Қажым, Сәбит.

6. 40 ж. Мұхтар.

7. 40-45 ж(ылдар жазылған) «Өмірбаяны». Арнаулы диссертациялар: аспиранттық, кандидаттық, докторлық.

8. Абай — педагог. Абай — психолог, Абай — философ деп...

9. (19)45 (жылғы) Өмірбаяны... Сәбит монографиясы.

10. Орыс, өзге тілдерде: қырғыз, татар, өзбек, орыс «Лит. энциклопедия», Соболев, Сильченко, Смирнова, Николич, «Известия» ҚФАН 1945 г.

11. Біз қалай тексермекпіз: Әуелі бұрынғыша емес, бұрынғы әдістер өлеңдерін «би туралы, өзі туралы» — жіктерге бөлу бар-ды. Содан сындарда Абай бөліп-жарып ап «педагог, философ, эстет» деп салалап отыратын. «Шығыс пен Абай», «Батыс пен Абай», «Халық пен Абай». Бұның бәрі — Абайды дәлді заңды жолмен, өз өрісімен сынау емес. Бұнда қаталасу, бір ыңғайлық жоқ жеке кетулер, өз тақырыбын тауып, бір жақты қарау көп.

12. Біз ұсынатын, қолданатын әдісіміз — барлық дүние классиктерін зерттеудегі дағдылы әдіс өмірімен, өсу-даму жылдарымен, ақындық эволюциясымен (творческая эволюция) жыл-жылдап тексереміз.

Сонда өзінің өмірлік, шығармалық ізімен жүреміз де, ақтара, кадала қарасак, әр жыл қосқан әлеуметтік, көркемдік, мәдениеттік табыс жаңалығының бәрін танып отырамыз. Сонда тарихпен, күнделік өмірмен байланысы да, заманы мен қоғамында және ақынның өзіндік даралық тірлігі де жылдан жыл айқындау қалпымен толық қамтылып отырады. Абай бір күнде Абай болған жоқ. Өсе жүре, еңбек ете, іздене, таба жүріп қалыптанып тола берді. Сондағы табиғи жолын танимыз, өрісті, іргелі, орынды зерттеу осы арнаға түспей болмайды.

13. Бұнда бір күдік өлеңінің (жазылу) жылдары анық емес деуде. Бірақ ол үнемі дұрыс емес. Негізінде көп өлеңдердің бітіміне, сырына оның табылған жылдары аралас келіп отырады.

14. Мәселені өмірбаяннан, ата тек, ортасынан, жас балалық шағынан бастаймыз. Осыдан ары:

Өмірбаяны. Осы тұста уәдаласып алайық, мен шама келгенше, ғылым жолымен өмірін, ақындығын зерттемекпін. Ал шығармалық еңбектерімнен пьеса, роман туралы да өз ойым ақынды ғылымдық зерттеумен негізі бір деймін. Бірақ онда тарихтың...

**«АБАЙДЫ ТАНУ» АТТЫ АРНАУЛЫ КУРСТЫҢ  
С. М. КИРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ӘДЕБИЕТ  
ФАКУЛЬТЕТІНЕ ЛАЙЫҚТАЛҒАН ПРОГРАММАСЫ.  
1951 жылғы 8-ақпан.**

Абай Құнанбаев. Абайдың дәуірі. Қазақстанның шаруашылық, қоғамдық, тарихтық жағдайларымен байланысты алдыңғы дәуірлерден өзгерген, жаңғырған дәуір екендігі, орыс халқының мәдениетіне бой ұру, қазақтың, еңбекші-шаруа халқының талабына, тарихтық мүддесіне сай өзгін ойдың тарихтық, прогрестік өнімді талаптың белгісі екендігі. Шоқан, Ыбырай, Абайдың осы бағытта еңбек еткен алдыңғы қатар қауымның өкілдері екендігі, Ресейде Ленин айтқандай: Барлық елдер мәдениетінде болатын екі алуан мәдениет бар екенін айтырып, әрекет етуі. Осыған байланысты патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты тудырған Абай тұсындағы ерекшеліктер және орыс революцияшыл демократтарының еңбектері. Абай сияқты, бұратана елдердің әлеуметтік, мәдениеттік еңбектерін өз ықпалына тарта бастауы.

Бұл жөнде патшалық Ресейге бағынышты болған қазақ елдігінің отаршылдық аппараттан көрген сессіздік, теңсіздігі, Абай өмірі мен шығармасын зерттеуде, оның тұсындағы сол отаршылдық аппаратың қалпын, құрылысын, жоғары-төмен әкімшілдік орындарын, өкілдерін айрықша толық талдап түсінудің қажеттігі. Себебі бұлардың атшабар, старшын, елубасы, би, болыс, ояз, жандарал, адвокат, тілмаш, сот сияқты ірілі-кішілі әкімдерінің, кеңселерінің, чиновниктерінің Абай шығармаларында көп орын алатыны сол патшалық отаршыл аппаратының жайын оқушы жұртшылыққа толық түсіндіруді шарт етеді.

Ұлы орыс халқының анық халықтық мәдениетін шолуда Пушкиннен басталған Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов, Некрасов, Салтыков-Щедрин ең-

бектерінің Абайға басшылық, ұстаздық әсері өзгеше болғандығы. Абайдың өзінен бұрынғы және өз тұсындағы реакцияшыл феодалдық санадағы истамшыл, пантуркистік жолдағы қазақ ақындарынан бөлекше боп, ерекше қалыптануына себепші болған, оны анық классиктік қасиеттерге жеткізген орыс мәдениетінің сол жаңағы саналған, ұлы қайраткерлерінің мұрасына, идеялық бағытына, көркемдік, шеберлік үлгілеріне қабысудан туғандығы.

Абайдың өмірбаяны. Жас шағында еліктеушілік үлгісі де советтік жақын шығыс елдер классиктерін білу, түсінуі. Жігіттік дәуірінде, қазақтың ауызша, халықтық әдебиетінен көп тәрбие алуы, кейін орыс тілін зерттеп, білім, өз талабымен, өз бетімен ұзақ оқу арқылы орыс классиктерінің барлық мұраларын толық барлап тану, білу дәрежесіне жетуі. Содан ары 1860-70 жылдардың айдалып келген төңкерісшілермен танысып, табысуы. Солардың бастауымен орыс халқының мәдениетін және дүние жүзі мәдениетінің зор ескерткіштерімен танысуы. Жалпы ұзақ өмірінің фактыларын, аралуан елеулі кезеңдерін, тартыстарын, қиыншылықтарын, қайшылықтарын толық шолып өтумен қатар, жаңағы жайлар Абайдың өмірбаянын зерттеуде үнемі ілесіп отырады. Ол ақын Абайдың өсу, қалыптасу жолындағы іздену, өрлеудің айрықша мән-мағнасы бар өзгешеліктері есебінде зерттеледі.

Абайдың шығармалары бірнеше жікке бөлініп тексеріледі: бұнда қолданылатын тарихтық принцип ақынның өсу, даму жолын шығармашылық эволюциясы жағынан жылма-жыл хронологиялық түрде түсіндіруге арналады. Осылайша жіктегенде бөлек-бөлек тексерілетін шығармалық топтар төмендегідей болмақшы:

1. Абайдың жас шағындағы шығармалары.
2. Абайдың лирикасы (жылдар жігімен зерттеледі).
3. Абайдың поэмалары.
4. Абайдың аудармалары.
5. Абайдың қарасөздері.

Жалпы Абай шығармаларының ең молы лирикасы болғандықтан, жоғарыда аталған хронологиялық принцип сол шығармалар тұсында толық қолданылады. Жанр өзгешеліктері «Абайтану» ғылымының қазіргі сатысында аз екселіп, тексерілгендіктен, поэма, аударма, қарасөздер өз түрлерінің шеңберінде хронологиялық ретпен танытылады. Сонымен қатар, бұл соңғы аталған мұралардың түр, мазмұн, идея жағындағы өз-

гешеліктері жанрлық жаңалықтар ретінде айрықша қадағалап талдауды қажет ететіндіктен, хронологиялық қалпын, ретін сақтай отыра, ақынның көпшілік шығармасы болған лирика тобынан бөлек талдауды лайықтырақ етеді.

Абай шығармаларының қай дәуірдегі, қай түрін тексергенде де, ондағы әлеуметтік, тарихтық, мәдениеттік озғын қасиеттер көркем, шебер классикалық өзгешеліктер нақтылап зерттелумен қатар, Абай шығармаларындағы әр кезде байқалған қайшылықтар, кемшіліктер де нақтылы түрде ашыла тексерілетін болады. Сол шығармаларды жекелеп тексерулер кезінде үнемі қатар талданып, танылып отыратын тағы бір жайлар, Абайдың педагогикалық, философиялық, ағартушылық идеяларының өзгешеліктері болады.

Осымен қатар, ақынның фольклордағы және жақын шығыс әдебиетімен танысудағы алған әсерлерін жеңе отырып өсуі, өзімен бірге қазақ әдебиетінің идеялық, көркемдік бар қасиеттерін өсіре отырғандығы ұдайы зерттеліп отырады. Осылайша даму, шарықтап өсу, өрлеу жолында Абай ақындығының анық классиктік сапа беруші ұлы орыс халқының реалистік, халықтық демократтық әдебиетінің үлкен традициялары жетекші, себепші болғандығы толық түрде дәлелденіп отырады.

«Абайтану» курсының қосымша қажет саласының бірі-Абай шәкірттерінің мұраларын зерттеу болғандықтан, осы арнаулы зерттеуде ақынның анық жақын шәкірттері болған: Ақылбай, Мағауия, Көкбай сияқты ақындардың да өмірлері мен шығармалары зерттеледі. Ақылбай шығармаларынан: «Дағыстан», «Зұлыс» поэмалары, Мағауия шығармаларынан: «Еңлік-Кебек», «Медғат-Қасым» поэмалары толық талданады. Бұл поэмаларда Абай жазбаған, бірақ Абайдың бағыттауы бойынша қалыптанған әдебиеттік, идеялық жалпы мәдениеттік жаңалықтар айрықша тексерілетін болады. Көкбай шығармаларында: оның Абайға жанасқан, Абай әсерінен тудырған ұсақ өлеңдері зерттеледі. Сонымен қатар, ол шығарған «Сабалақ» поэмасы талданады.

Бұл ақындардың шығармаларында Абай мектебіне лайықты жаңалық қасиеттер аталып талқылануымен қатар, Абайдың өз шығармаларына жете алмаған олқылық, кемшіліктер де талданады. Идеялық, қоғамдық, тарихтық түсініктеріндегі қайшылық, ерсіліктер де толық ашылып, сынаумен тексерілетін болады.

*8-ақпан 1951 ж.*

## АБАЙДЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕГІ

(Ұлы ақынның 100 жылдық юбилейіне жасаған баяндама)

Жүрегінің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым — кінә қойма.

Өсер ұрпақ, келер дәурен, туар тарих қауымына ақын арнап кеткен мұңлы сырлы бір сәлем, наз сәлем ссы еді. Шөл ғасырлардың ку медпен құла түзіпсн болар заманға, жақын заманға қарай жалғыз аяқ жол тартқан ақын сол еді. Сахараны басқан қара түн-түнекті қақ жарып, жалғыз қолда жалынды жалғыз шырақ ұстап, халқына өріс атап, бет нұсқап «таңың сонау белден атады, күнің осынау жақтан шығады» деп кеткен ақын да сол еді. Рас, қытымыр заманы мен падан қауымға ол ақын жұмбақ еді. Жұмбақ па біз үшін сол ардақты ақын бұл күнде? Жоқ, жұмбақ емес. Ол уақытта заман бұлты бетін бүркеп тұрғанмен, айдың аты ай еді. Біз қазақ әдебиетінің жұмбағы емес, мол бір игі нұры дейміз Абайды.

Соқтықпалы, соқпақсыз дүлей мыңның қарсысына жалғыз алысқан Абай жалғыз да емес бүгінгі күн.

Моласындай бақсының

Жалғыз қалдым тап шыным,—

деп күңіреніп өтсе, бүгін халқы алып отан тапқанда, ақын асыл халқын тапты. Біз хазақ халқы емес: тілегіне тілегін, табысына табысын қосқан, жарығына жарығын қосқан, жеңісіне жеңісін қосқан қасиетті социалистік отанның — сан қазақтай — ұшан теңіз халқын тапты... Абай бір қазақтың Абайы емес, Ленин туы астында жасаған Советтік социалистік ұлы Одақтың бөріне білікті, бәрі қадірлейтін Абай болды.

Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма! Кінә емес, қадыр тұтады біздің дәурен, біздің ұрпақ... Мыңдар, миллиондар жүрегі боп қадыр тұтады. Айғағы оның дәл осы күндер... Қазақ әдебиетінің ұлы бір мереке мейрамы боп отырған осы күн.

Бүгін ақын туганына жүз жыл толыпты. Бұл жүз жылдың бойын алсақ: бас көзінде Абайдың балалық шағы, жігіттік кезі, кейін ер ортасы жасы өліпті... Алпысқа шығар жасында ұлы ақын қайтыс болыпты. Өт-

кеніне қырық жыл толыпты. Бірақ біз үшін Абай өткен жан ба?

Өлді деуге бола ма ойландаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған,?—

демеп пе еді. Өткен жан емес. Ақын жолы халық жолымен, тарих жолымен қабыса табысқан шақта оның өзіне өлім жоқ, өзіне заман, дәурен шегі жоқ. Біздің дәуірімізге әрі бұрынғы, әрі бүгінгі Абай болып, келешек шексіз заман үшін де тарих аспанындағы бір тұрақты нұры боп шырқай бермек. Ол болашақ күндерде де Абай әрі бұрынғы, әрі ар жағындағы келешектің, өлмес, өшпес тұрғыласы болмақ, күншуағы айықпас күнгеі беті боп тұрмақ. Жай адамның өмір тірлігін біз, халық, мүшелмен санайтын... Оның мүшелі он екі жыл еді. Ақындықтың Әбул Хаят суып ішкен, жерден мәңгі тірлік тапқан Абайдай дана, даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін елу жылдан, жүз жылдан қайырмақ... Алтайдан Алатауға аттап түсерлік ертегі тұлпарындай боп, сайлардан, сахаралардан ғана аттап өтпей, замандардың да талайына аспандап асып өте бермек. Өзінің қадыр білмес ғасырынан бізге жеткенде, Абай солай желіп отырған жоқ па Өміріндегі қам-қайғысын халқының бағына бағыстаған барлық дана ақынның өзіне өзі жазған тағдыры сол. Тарихтың да қызғанышсыз қуана берер жүлдесі сол.

Осындай ақынның бір мүшел қайырған жүз жылына тұстас келген біздің мереке нені еске салады. Кеннен шыққан асылды, алтынды қоспасынан айырып, қорытып алғандай, ақынды да заман ортасымен қоса алып, сол дәуірінен иығы асқан өмір арманын, еңбек қасиетін қорытып алады. Ендеше біз де ақынның өзі кешкен өмір соқпағына көз салайық... Аз сөзбен өмірбаянын шолып өтейік.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибраһим), 1845 жылы осы күнгі Семей облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты ішінде туады.

Ақынның әкесі Құнанбай — ол күнгі сахараның жуан әкімінің бірі. Түгел Тобықтының ұлығы болған.

Абайдың ең алғашқы балалық шағы «күндестің күлі де күндес» дейтұғын көп шешенің арасында өтеді. Бірақ өзін тапқан шешесі. Ұлжан мен үлкен шешесі Зере жаратылыстан мінезді, әділ, мейірбан адамдар болып, жас Абайды бауырмал, адамгершілік жолымен тәрбиелеуге тырысады. Әкесі қойған Ибраһим деген атты да сол



аналар еркелетіп өзгертіп: «ойлы бол, абайлағыш, аңдағыш бол» деп «Абай» қойған.

Бала Абай сабақты әуелі үй молдасынан оқиды. Кейін Құнанбай сегіз жасар баласын Семейге апарып, Ахмет Риза деген имамның тәрбиесіне береді.

Сол шаһарда, сол медреседе бес жыл тұрып, он үш жасына шейін оқуды үзбей оқығанда зейінді шәкірт Абай көп сауат ашады. Ақындықтың ерте білінген қозғауы да осы кезде басталады. Кітаптан оқыған келісті жырды, жыршыны сүйе бастайды. Бұдан бұрын кәрі құлақты әже тәрбиесін алып жүргенде туған сахарасының аңыз дастанын, аңыз әңгімесін, көркем қазынасын көп тындап, көп ұғып, құмартып өскен жас енді араб, иран, шағатай, түркі ақындарын ізерлеп оқып, жадына алады. Тағатшыл имам, намазқой халфе, дүмше молдалар арасындағы қуыс кеуде, құрғақ сопылыққа салынбай ынталы зерек шәкірт Шығыстың ақындық бұлағына, классик тұнық поэзиясына ден қояды.

Осы кезде орыс тіліне ерекше көңіл бөліп, аз уақыт орыс мектебінен де оқып жүреді. Сол бала жастық жылдарында Абай өз өлеңдерін де жаза бастап еді.

Бірақ әкенің еркі бұл баланың болашағын басқа бетке бұрады. Ел арасы, ру тартысында бірде арбасып, бірде жарғыласып, тәйкелі түсіп жүрген Құнанбайға бала мен ішіден серік керек еді. Сол керегі үшін әкесі Абайдың оқуын тоқтатып, қырға қайырады. Өзіндей ру басы, әкім, ұлық етуге әзірлемек болады. Сонымен жаратылысында үлкен зеректігі бар және қала тәрбиесінен алған білім, тәрбиесі бар естияр жас енді ел іші, ру басылары арасындағы қиын түйін, қым-қуыт айла-тәсіл тартысының қалың ортасына түседі. Ой кезеуін, тіл безеуді керек ететін алғыр, айтқыш, шешен, ділмар болмақ шарт. Сол жолдағы өзінде жоғын халық қазынасынан іздейді. «Ауызымен құс тістеген» дейтін ақпа даугер, алмас тілді ақын әділ билік, тапқыр талас сөздерінің де шебер—көркем түрін тереді. Әкесінен оқымай, халықтан оқиды. Өзінен арғы ақын-жыршы да, әсем жыр мен асыл сөз қорында Абайдың білмегені некен-саяқ болады.

Бұрын жас ақын өз өлеңін кітапша, Шығыс ақындарынша күйлейтін еді. Енді елінің ой, өнер қазынасын мол танып, меңгерген ойын тың өлең, өзгеше өлең, халқына ұғымды өлең етіп шығара бастайды. Осы жолмен беттеген жас тәжірибесінің өзі де болашақта халық қорымен қабысатын ақынның аңғарын танытушы еді.

Әкенің еркі бойынша амалсыздан өнімсіз тартысқа араласқан Абай жігіт бола есейе түсіп, ес жия сол Құнанбайдай әкенің ісінен, бәсеке, бақталасынан торыға бастайды. Әділеті жоқ қатал әкенің көп талабына қайшы кеп, қарсы шығатын болады. Ел ішінде есесіз кім, мұндар момын, жазықсыз кім, көп тілегін жыр кылып, қақпай тастай қағып-соғып, аунатып жеп жүрген жуандар кім, зорлықшыл қастар кім, соның бәрін ел камырығынан, ел мұндысынан ұғынып жүріп Абай әкесінен бөлек бет, бөлек мақсұт көздейді. Әкесі тапсырған көп істі оның еркінше шешпей, өзінің әділет ұғымы бойынша кесетін болады.

Әмірі қатал, суықбетті әке мен қайратты, әділ баланың екі арасында енді қайтып ұғыспастай қайшылық, қарсылық өседі. Осының арты барған сайын дамп беріп, ақырында, әке мен баланың арасында араздық пен алыстау туады.

Абай жиырма сегіз жасқа жеткенде, әке жолынан мүлде бөлініп, жаңғырар заманның жана жол іздер азаматы болуға бет қояды.

Абайдың бір өмірін баян ету бір сөзге синайды. Ұзақ өмірінде Абайдың азамат арманынан туған, талай тартысынан туған ақындық, даналық қалып-қасиетінен туған бірнеше ерен-ерен белдер бар. Бар өмірін айту орнына біз сол өзгеше кезеңдерін бөліп атап көрмекпіз. Бұл ерекше қалпында Абайдың ақындығы да, бас тірлігі де, өмірдегі жол тартысы да, тарихтық елеулі ұлгілі жемісі де түгел танылады. Абайдың абайлық бітім-кескінін, тарихтық тұлғасын танытатын ерекшеліктер осы.

Осындай қасиеттері Абайдың жас жігіт шағынан өлер кезіне шейін әр алуан боп айқындап шығып отырады. Жекелеп санасақ, жас кезіндегі өмірлік, азаматтық ең бірінші ерекшелігі — әкенің ұлы болмай, халықтың ұлы болам деген тартысында «Әкесінің баласы адамның дұшпаны, адам баласы бауырын», — деген ой Абайдың сөзі ғана емес, адамгершілік, гуманистік жолы да болатын. Арлан бөрінің соқпағына бөлітірік бөрі ақылы көптіктен түспейді, бөрілік табиғатынан, инстинктікпен түседі деп білген Абай жасында әкеден кеткенде ел үшін, ел көшіне, тарих көшіне соны қоныс, тың өріс іздеп табу үшін кеткен.. Бұл бір ерен ерекшелігі еді. Осыны ісінде де, өлең еңбегінде де қатар ада қылмақты арман етті.

Екінші ерекшелігі — жуан бел, надан, соқыр ру басылардан бөліне кеткен бетінде бірден халық-

ты, халықтың мұңын тапты. Сол халықтың жоғын берер жаңалықты іздеді. Жеке қазақ тарихы мен топырағынан іздеген жоқ, үлгіні көрші елден, өнерлі орыс халқынан іздеді. Ұлы орыс халқының ғасырлық хан қазынасына өз халқының қолын, жолын жеткізуді мұрат етті. Орыс халқының өткен тарихынан, өзі тұстас тірісінен өзіне де, жұртына да дос көмек тапты... Сонымен бірінші ерекшелігіне екінші қасиет қосты. Абайлықты табудың, толықтырудың айнымас айқын жолы осы еді.

Үшінші ерекшелігі — қос қанаттай биікті меңзеген ақындығын бұрынғы қазақ ақындарының ешқайсысы шығармаған әлеуметтік ұлы тарғыс, тарихтық құралына айналдырды.

Мақсұтым тіл ұстартып, өнер шашпақ,  
Наданның көзін қойып, көңілін зшпақ.  
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,  
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ...

дей отырып, сол надандықты, сол күнгі қас көрмедікті, ел, тарих паразиті болған жуан соқыр сойқанды табандап ұрып, тура нұсқап, көзіне шұқып, жермен-жексен етіп, батыл шабуыл жасады... Бұл шабуыл тарих мешеулігіне жасаған шабуылы еді.

Қазақтың қоғамдық тарихында да, әдебиет қазынасында да дәл осындай ерекшелігі бар Абай сияқты бір жан жоқ еді.

Төртінші ерекшелігі — өзі үшін, елі үшін ізденді де, тапты да, бар тапқаны мен тудырғанын ұстаздыққа салды. Ақын боп өсер ақынды тәрбиеледі. Қазақтың жаңа әдебиетінің, классик әдебиетінің іргесін өзі қалап тұрғызып, ілгері қарай да өзі бағыттады. Әдебиетке басшы, халыққа қамқор қайраткер болды. Осы жолда досты да көп тапты, жауды да көп ұшыратты... Досының күші әлі аз еді. Үйткені ол жас еді. Және көбінше ол болашақта еді. Жауы болса қолма-қол белдесіп, жағаласып алысты.. Ұмтылып қуды, тоқай тіресті. Ойда ұлық, қырда қырсық боп жабылды... Жалғыздық көрсетті. Осымен өксіп өмірі өтті. Ақын туы жығылады... Азамат тарихының туы боп атой беріп, қазақ тарихының биік белінде мен мұңдалап тұрып қалды. Бірақ жеке адамдық бейнетін алғанда Абай өз заманында сол биікке бауыры жара, жалғыз қара боп шыққан еді. Құлшынып келсе де күңіреніп өтті. Өмірінің ақырғы шағы осы еді. Ақындығының да, азаматтығының да тағы бір ерекше қалып-қабілеті осы болды...

Санай берсек, Абай басынан, өмір, еңбек соқпағынан тағы талай ерекшелік аталар еді. Бірақ өмірбаянын тұрға-тұрға бiгiнен қарап, жинай түсем дегенге дәл осы аталған төрт күнгеi анық абайлықтың төрт тірек дiңгегі сияқты...

Өмірінің, еңбегінің дәл ізімен болжасак, осы ерекшеліктері айқын-айқын танылады.

Құнанбайдың еркінен шығып, өмірін өз ақылы бойынша белгілегенде, Абай ең алдымен орыс тілі, орыс мәдениетіне ұмтылды. Екінші жағынан ендігі осы халықтың ақын, өнерпаздары болды. Көп жылдар ізерлеп орыс тілінде білім кеңейтеді. Орыс оқымыстыларынан дос табады.

Бұл жылдарда ақындыққа да шын бой салып, беріле бастап еді. Осымен жасы отыз беске жеткенде, Абай голғаулы ойға толыға бастаған ақын болып және халық үшін арманы анық азамат боп қалыптанып еді. Дәл осы жылдарда Абай Ресейден айдалып келген орыс революционерлеріне кездеседі. Олар орыс халқының ішінен шыққан анық қадірлі асыл жандар еді. Көпшілігі Чернышевский, Добролюбовтар тәрбиесінен шыққан, Шелгуновтың баулуымен өскен отты, шыншыл, білімпаз жастар еді. Солардың ішінен Михаэлис, Долгополов, Гросс, Леонтьевтер сияқты талантты бір тобы Абаймен танысып табысады. Осы адамдар Абайдың орысша білім алып, ірілеп өсуіне үлкен достық етіп, үнемі көмектеседі.

Абайдың бұл достары патшалықтың отаршыл төрелері жасаған кедергі кесір, қырсықтардың басынан аттап өтіп, ол күндегі Сібірдің, Қазақстанның халқына орыс халқы турасындағы шындықты айтпақ еді. Ол шындық орыстың ұлы жазушысы, классиктерімен, атақты қоғамшыл, саясатшыл қайраткерлерінің еңбектерінде жазылған шындық еді. Сондағы ұлы адамгершілік гуманизм және бүткіл ХІХ ғасыр бойынша созылған патшалыққа қарсы бостандық арманы, күрес, алыс үгіті болатын. Еңбек халқының езілген, ессіз күйін бетке басып, мұнын жоқтаған зор әлеуметшіл қамқорлық бар еді. Осының бәрі Сібір мен Қазақстанда патшалық отарларындағы қоғамдық жаңа ой арманды өсіре түсетін жаңа екпін, үлкен тың өріс еді. Абайдың жаңа достары орыс халқының осындайлық ой қазынасынан үлкен сәлем, жолдама әкелген ең алғашқы қадырлы хабаршы, жаршылар еді. Олар зор тарихтық міндет атқарған қымбат елшілер болды. Бұлардың жаңағыдай мақсатта-

рын ада қылуда Пушкин, Лермонтов, Салтыков-Щедрин, Лев Толстой, Чернышевский, Добролюбовтардың еңбектері ең сенімді, ең асыл құрал болды. Солар мен қазақтың Абайдай ақын азаматын таныс етіп, орыс халқының шын қадырлы мәдениетімен таныстыру үлкен іс еді. Барлық Ресейдегі еңбек елін ғасырлар бойы басқа қараңғылықпен қанаудан құтқаруда, барлық ел қамқоры қайраткерлерінің арман-мүддесі, күрес күші, әлеуметтік бағыты бірынғай екенін таныту қажет еді. Абайдың айдалып келген революцияшыл достары айдау жылдарының өзін де осындай үлкен сүренді үгітшілік, ағартушылық жолына арнады.

Осы арнада Абайға қатты көмектесіп жүріп, Абайдай Шығыс тарихының қатың қазынасына, жол-жорасына, әдет-салт, кәсібіне қанықты білгір адамнан өздері де көп білім-дерек, нәр алды.

Абай болса осы кезеңнен соң ақындықтың кең өрісіне шыққап кезінде:

«Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.  
Сөз түзелді, тындаушы, сенде түзел  
Келейін сендерге де енді аяндап»,—

деп тың жол бастады. Ескіге сын, надандық түнегіне өкім айтам деді. Жасқа жалау, елге ырыс болар жаңалықты айтам. Елді қанау қорлықтан, надан жетім пәлеқордан, қу мен сұмдай содырдан арылтам. Тарихты қырсық құрсаудан, қызды ноктадан, ұлды тұсаудан арылтам. Өнер мен білімді арманды жұлдызың, жалғыз жарқын қыбылаң деп айтамын, солай бастап, шақырам деді.

Орыс халқының ұлы шыншыл даналары Пушкин, Чернышевский, Салтыков-Щедриндер қалай айтса, соларша қамынды жеп, алдынды меңзеп айтам деді. Сол алдағыны көбінше ашық айқын сезіп отырды. Өз тұсындағы әлеумет тіршілігінің, бас бейнетінің ауыртпалығы етектен баса берсе де:

Көрмеген көп дүние көрінді  
Кірлемеген көңілдің ашығында,—

деп алда, таяуда көрікті көл дүние барын айтты... Көңілдің күнделік болмыстан туған мұң бұлты айыға берсе сол көл дүниені көз алдында көріп отырды. Осы сарын, кейін 1890 жылдардағы өлең еңбегінде алға қарай талпынып, ақын ішіндегі сөнбес, талмас нұр жалын

боп жалтылдап отырады. Келешекке карай құлаш ұрызып, кей-кейде болар заманмен тілдестіріп, табыстырып отырғандай болады. Сондайлық өз тұсының қораш, күйкі көрінісінен ары асып, алысқа көз тастаған ақын ғана:

Қайғы шығып ыйыққа,  
Қамалтпасын тұйыққа.  
Сергі көңілім, сергі енді.  
Балапан құстай ондалып,  
Қанатынды қомданып,  
Жатпа ұяға қорғанып,  
Ұш, көңілім, көкке, кергі енді,—

деген зор үміт қайрат жалынын ата алады.

Міні, заманынан, ортасынан ыйығы асып, биіктеп, ұзап шыққан Абайдың ендігі тұлғасы осындай еді. Қырық жастан бастап өле-өлгенше Абай осы бейнесін өсіріп, дамыта бермесе, кішірейтіп, кеміткен жоқ.

Ендігі Абай — ұстаз, сыншыл ақын, күй шығарғыш өнерпаз. Бар қазақтың өнерлі қауымы — мұның досы. Айналасына талантты жас үйіріледі. Үгітіне, өлеңіне халқы ынталай құмартады. Сонымен барған сайын Абайдың абырой-атағы артады. Өзі болса сол абройының бар салмағымен, алмастай алғыр сөзінің қуат алуымен өзі тұстас жуан содырларды соққыға ұшыратады.

Содан ендігі бар өмірінде айықпас жаулық, қастық табады. Жаулары — тобықтының ру басы, надан пәлекорлары еді.

Абайдың жаңашыл ағартушылық, әлеуметтік үгіттері ұрғанда соларды ұрып жататын. Олардың көбі кейде болыс, кейде би, шетінен шылқа бай болып өз туыстарының бірі [...] қаладағы ұлыққа сүйеп алысады. Абайдың сыны жалғыз елдегі надандық емес, патшалықтың казак ішіндегі құрылысына да қатты соққы боп тиіп жатушы еді. Елдегі Абайдың дұспаны Оразбайларға үн қосып, Семейдің жандаралы да ақынды сахарадан айдамақ боп көріп еді. Бірақ қалың ел ортасындағы үлкен абырой-даңқынан сескеніп, өзіне тиісе алмады да, тек маңындағы айдалып келген достарын алыстатты. Ел жуандары Абайға еріп, шәкірт, серік болған жас достарын қудалады. Абайдың өз басын да арыз-шағымнан, дау-шардан айықтырмай көп әлекпен бунап жүрді. Сондай пәле-жала талқысына көп түскен шағында Абай кейін налып жырлаушы еді.

Ортаға көп салдым,  
Өзімде барымды.  
Япырым-ау ненді алдым  
Сау қоймай арымды,—

деп зар шағушы еді. Бірақ шыншыл, әділ, тура жанды Абай ұлғайған сайын халықтың мұңдас досы болып күшейе беріп еді. Абайдың ем болар өсиетін көксеушілер, әділ, адал билігіне ынтығушылар талай алыс қияннан кеп табатын болады. Шындық іздеген халықтың Абайдай қамқор, дана досты тапқан жолы осы еді.

Өлең үлгісі болса ол да қазақтың барлық жас ұрпағына жайыла тарап, өнер серік айт пен тойда, талап пен ойда өмір серік боп, тәрбие тәлімін үнемі беріп, ұдай түсті.

Осыны көріп, сезген сайын қиянатшыл, қызғаншақ жуан дұшпандар, ел бүлдіргіштер Абайдан тарайтын үлгінің бәріне өшігіп, Абайдың өзіне де қастығын мотайтып, асыл еңбек күндерін улата бастады. Айла мен қулық-сұмдыққа шебер, сонымен көзі шыққан қу пысықтар неше түрлі жиренішті пәлелермен ақын жүрегін үнемі жаралап отырады. Жаламен өзін, жазамен жадықсыз досын, бала шәкіртін тоздырып қудалады. Еңбектен қолын, үміттен көңілін, тыныштықтан күнін, тірлігін айырды.

Осындай қастан, қатал дүниенің арасында жүрегі азап күндерінде ақынның бірнеше кимас жандары қаза тапты. Ауыр өлімнің бірі Абайдың «жаңа төлдің басшысы ол» деген, оқытқан, жақсы тәрбиелеп өсірген баласы Әбдірахман өледі. Осының артынан тағы біраз жылдан соң ел дертімен шерленіп, жаулар бүлігімен жараланып жүрген ақынға тағы бір ауыр соққы боп, тағы бір қаза келеді. Ең сүйікті ақын шәкірті және өзін жаңғызсыратпай, ой серігі боп өскен, ең сүйікті, талантты баласы Мағауия қайтыс болады. Сол өлімнің артынан, қырық күн ғана тірлік етіп, жаны жабыққан, жалғыздық күйігі жеңген, заманынан озып, жеке-дара боп үздік шыққан жалқы азамат, жалынды ақын өзі де дүние салады...

Ұзақ жылдар бойындағы үздіксіз асыл ойдың жемісі болған ақын мұрасына қарасак, ол бір қазақ халқының көп ғасырлық қасиетін бойына жиған ерекше бір қазынадай. Онда дана ақынның өз халқының және жалпы адам баласының өнер, ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз.

Бұның біріншісі - қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып сақтап, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры. Ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өленін көп көркейтті.

Екінші бір қол артқан қазынасы — араб, парсы, түркі тіліндегі Шығыстың көркем классик поэзиясы.

Үшінші үлкен нәр, мол азық алған зор саласы — орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Европа мәдениеті. Осы соңғы өріске құлаш созу Абай заманы үшін әрі жаңа тарих, жаңа дәуір басы, әрі үлкен-ұзақ, кең майдан келешек еді.

Абайдың ақындық бітіміндегі ең бір ірі жағы осы айтқан үш қазынаның қайсысына барса да, құрғақ үй ренуші, еліктеуші боп барған жоқ. Қайдан алсын, нені алсын баршасында өзінің үлкен ойлы, терең толғауы, ірі ақындық ерекшелігі арқылы, үнемі өз елегінен өткізіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің қайнар жүрегінен шыққан бұйым табыс етіп, өз тәні етіп ала білді. Сондықтан бұның алған үлгісінің бәрі де ақынның көркемдік ой, саналық еңбегінің бәрін терең сырлы етіп, ерекше жарастықпен әдемі қып безендіріп отырды.

Бұндай дәрежеде үлгі алып үйренуші өз заманында Пушкиннің ескі антик әдебиетінен, орта ғасыр мәдениетінен, бергі шақтағы батыс әдебиеті өнерінен алған көп арналы үлгі табысы тәріздес. Ендеше сол Пушкин де, Абай да өз мұрасының маңыз нәрі бойынша халықаралық ақын және сопымен қатар өз елінің тарихынан әрі ұлттық, әрі халықтық ақын.

Енді жаңағы айтылған үш салаға жеке-жеке тоқтай түсейік.

Абайдың сексенінші жыл мен тоқсаныншы жылдар арасындағы өлендерінің көпшілігі сол кездегі ауылдың, ауылдағы қоғамның өзгеше қалып құрылысына арналған, өзінің тұсындағы қауымның тағдырын талдауға арналған. Осымен қатар, өз халқының ой қазынасы барлығын да сынап, саралап шығады. Және қоғам тіршілігінен қоғамның тарихына жаңалық тілеген ақынның жаңа мұрат жолы, ақындық бағдарламасы да көрінеді. Міні осы алуандас шығармаларының барлығында Абайдың мол араласқаны қазақ халқының өз қазынасы болады.

Бірақ осы кездің өзінде де ақын халық шығармасында айтылмаған тың сөзді айтады. Дүниені өзінің жаңаша тануына орай жаңаша сезім, жаңаша ой айтқанда Абайдың тіл сөздігі (лұғаты да), өлең көріктеу өрнегі



де басқаша, өзгеше шығады. Халық шығармаларындағы айтқыштық оралымдылық көрікті де ақын бұрынғыдан биік белеске шығарады, сапасын асырады.

Ескі ауылдың көне құрылысын, кертартпа қалпын әшкерелегенде, феодалдық, рушылдық әлек дерттің жақтаушыларын сынап-шенегенде, еңбек етінің, көпшілік бұқараның ауыр күйімен қатар қамтып отырып жырлайды.

Ел жайын біліп қансаңыз,  
Айтайын құлақ салсаңыз.  
Кейбіреуі дүрсіп жүр.  
Жер тәңірсіп кер мағыз.  
Кейбіреуі зәкүншік,  
Ондырмас егер берсе арыз.  
Кейбірі пірге қол берген  
Іші залым, сырты абыз.  
Кейбірі қажыға барып жүр  
Болмаса да қажы парыз.

Міні, бұл айтқанның бәрі ел бүлдіргіш басы жуандар, атқа мінер партия басылар, молдескен, кажекеңдер — жиын аты. Надан дүмше кесірлер. Абайдың өмір бойы алысып өткен қырсықтары — осылар басында, осылар ісінде, осылар пәлесінде.

Кітапты молда теріс оқыр  
Дағарадай болып сәлдесі.  
Малқұмар көңілі бек соқыр,  
Бүркіттен кем бе жем жесі,—

дегені де солардың дүлей тобы. Осымен қатар, сол қомағай, еңбексіз, бай жуанның көп бейнетқорға ететін таптық, топас қиянатын атайды:

Мал жияды мақтанын білдірмекке,  
Көзге шұқып малменен жүйдірмекке.  
Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар  
Сорпа-сумең, сүйекпен сүйдірмекке...

Осындай құнарсыз, надан, қараңғы қанаудың шырмауында көптің қамалып жүргенін көріп, ақын қамқор азамат боп, назаланып үн қатады:

Жұртым-ай, шалқакғамай сөзге түсін,  
Ойланшы, сыртын қойып сөздің ішін...  
Адасып алаңдама жол таба алмай,  
Берірек түзу жолға шық, қамалмай.

Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ  
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай...—

деп ғылым, мәдениетке, жаңа мұрат-мүддеге шақырады, өнімді, нәрлі еңбекке шақырады.

Сол сияқты қазақ әдебиетінде ең бірінші рет әйел халін, әйел теңсіздігін барынша қатты масқаралап, ащы мысқыл ызамен айтқан да Абай:

Есерлер жас қатынды тұтады екен,  
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.  
Ортасында бұлардың махаббат жоқ,  
Тұсап қойып қашырап бұқа ма екен.  
Бай қартайса малына берер шылбыр,  
Мал өмірді жаңғыртпас құдай ұрғыр.  
Біреудің қызын алып малға сатып,  
Баяғыны іздеген қандай құрғыр,—

деп жерлейді. Әйел халін, жар жүрегін, жас назын, адам мұнын жырлағанда Абай бұрынғы халық шығармаларындағы әйел бейнесіндей суреттемейді. Ондағы әйелдің көбі сырт халының қайғы тартысымен көрінуші еді. Абай сол әйелдің ішін ашып, адамдық асыл сырын суреттеп ашып, сол сыпағтарына тіл бітіреді. Теңдік беріп, сүйіп, ұқсақ, ол әйел айнымас дос, асыл жан, даналық пен берік жүрек иесі, қызықты, қымбат жар, қадірін біл, қор етпе дейді.

Ақындық өнерінің өзіне де Абай тың көзбен жанаша қарайды.

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Сөзінің бірі жамау, бірі құрау,—

дегенде олардың тек ақындық олақтығын айтпайды. Күрделі тұтас ой жоқ, қоғамды жаңалыққа бастар ой жоқ, әсіресе ғасырлар бойы кертартпа-надан, мешеулікпен алысу жоқ. Қайта сол ескіліктің түбінде ықтап, айналсақтап тұрып қалған шабандық, надандық бар деп шенейді. Ол қалыпты өзінің ақындығы үшін қапағат қылмайды. Ақындық әлеумет тіршілігінің тартысына арналсын, қоғамға азаматтық қызмет студі өзінің ең зор, ең қасиетті қарызы санамаса, ол ақындық емес деп ұққан Абай өз өнерінің бәрін сол дана, биік мақсатқа арнайды. Сонымен заманды өзгертпек, тарихты жаңалық тугызатын заманының кесірін кетіретін тарих болсын дейді. Заманың болып тұрған болмысына көніп ере

берген адам қайраткер емес, саналы адам да емес. Заманын жаңғыртам деп еңбек, талп етсін дейді.

Әр кімді заман сүйремеқ,  
Заманды қай жан билемек.  
Заманға жаман күйлемек,  
Заман оны илемек,—

дейтінінің мәні сол. Осы жолда еңбек пен тартыс қана, қажырлы талап қана шын адамның серігі болмақ. Сахараның кедей бейнетқорына есе әперетін де сол еңбек пен тартыс, білім үшін, жарық келешек күткен жас буын үшін де жөн-жосық, жол аңғар салғаны. Осы жолда берік бол да, тұрлаулы бол. Әйтпесе:

Тұрлаусыздың қолынан не келеді?  
Ынтасыз қайтіп өнер үйренеді.  
Еңбегі жоқ еппенен мал табам деп  
Сендіре алмай, сене алмай, сенделеді,—

дегеннің керін құшады дейді.

Адам тірлігінің мағына-мәнісінін өзін бұрынғы қазақ ақындарынан мүлде басқа, жаңаша бағалап ұғындырады. Осы жолда өнерлі елдің бәрінен оқы, үйрен, үлгі ал. Адам баласының бәрінің тарихындағы жақсылығынан, өнерінен үйрен. Бұл жолда дін де, ата са ит та, ескі құрылыс қалып та кедергі, бөгет болмасын. Болар болса, аттап өт, елең қылма. Кім білім беріп, елдігінді жаңа белге шығарар болса, сол досың, сол жақының, деп, халық, қауымға бет сілтейді.

Осы жолда ел тарихының кесірі болатын:

Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсен қызар жалмауыз.  
Сорлы қазақ сол үшін  
Алты бақан ала ауыз,—

болып жүрген пәлешіл, керенау, надан ру басыларды еңбек елінің, ел тарихының барып тұрған залалды арам тамақ паразиті деп жариялайды.

Қылып жүрген оңсрі —  
Харакеті әрекет.  
Өзі оңбаған антұрған  
Кімге ойлайды берекет,—

деп таңбалайды. Осындай жұрт әлеумет тірлігіне арнап айтқан ұлы ақынның үлкен үн, қатты сынын үнемі көреміз. Сондай ұстаздық сөзінде жаманшылықтың пішін-

кескінін аса жиіркенішті етіп, жалтармастан басқа сабап, жарып айтқан ақын қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын, дәл бұндай толық боп шыққан емес.

Қазақтың елдігімен, тарихымен, бұрынғы қазынасымен жалғаса отырып, соны өсіріп, өрістетіп Абай айтқан жаңалық бұл саналғандар ғана емес, тағы да әлде неше. Бірақ бар тарауындағы бір ерекшелік соның бәрін, жаңа дәуірге бастаймын деген ағартушы ақын өзінен бұрынғы ақынның бәрінен басқаша айтуында. Сондайлық басқаша, тың жаңалықты Абай Шығыс әдебиетінің қорына қол артқан кезде де мол тауып отырады.

Абай өзінің жас шағынан жақсы білген классик ақындары: Фирдауси, Низамн, Шейх Саади, Қожа Хафиз, Науан, Фзули, Бабурларды өмір бойы зор қадірлеп өткен. Ерте кезде отарға еліктен жазған шығармалары да болған. Кейінде Низамн, Науан жырлаған Ескендір жәйін, Аристотель жәйін батыс әңгімелерінен алып қосқан жаңа сарындармен көркейте түсіп, жыр дастан етеді.

Абайдың айгуынан кең сахараға «Мың бір түн», «Шаһнама», «Ләйлі — Мәжнүн», «Көрұғлы» сияқты үлкен асыл мұралардың халықтық ауыз әпсаналары да мол тараған.

Араб, иран мәдениетінің тарихын тереңдеп зерттеген Абай: Рашид ад-Дин, Мухаммед Хайдар, Бабур, Абулғазы Баһадур хандай арғы-бергі тарихшылар еңбегін де жақсы білген.

Мантық (логика), философия, ахлақ (мораль) философиясын да білген. Ертеден бергі Шығыс ғұламаларының көп еңбектерін бергін уақыттарда да үнемі зерттеп отырған. Және тек ескі Шығыс емес, өз тұсындағы жақын Шығыс мәдениетінің халінен де хабардар болған.

Татардан шыққан алғашқы ағартушы, жаңашыл ғалым Шаһабуддин Маржани еңбектерінен бастап, бертініректе майданға шыққан жалған жаңалық, діншіл саясат ағымы исламшылдық, түрікшілдік (панисламизм, пантюркизм) үгіттерін де білген. Мысырда Мұхаммед Ғабдуһн бастап, Жалалиддин Аугани қостаған исламшылдық үгіті кейін Ресей мұсылмандарына тарай жетіп еді. Ол сияқты батыс мәдениетінен бас тартқызып, жұртшылық тарихының ілгері басар қадамын кейін шегеретін кертартпа өснетке ден қойған қыр феодалы хажы, молда, пір ишан қазақ даласында мол еді. Ол ағымның өзіне тиісті газеттері, журналдары да болған. Исмаиыл

Гаспринский шығарған «Тәржіман» газеті Абай кезінде қазақ сахарасына да көп тараушы еді.

Бірақ өз халқының келешек табысын, болар тағдырын ұлы орыс халқының мәдениетімен жалғастырып өсіруді өмірлік еңбегінің биік нысанасы еткен Абай жанағы жалған жаңалыққа ермейді, елікпейді. Оны бүтіл Шығыстың сан заманға кейін кенже қалуына себеп болған кесір кедергінің бірі деп танып, енді бірде бір адым бірге болмайды. Аулақ серпеді.

Қауым халқына қызмет студің жолы — европалық кең еркін ойдың бетінде. Орыс классиктерінің өз қоғамына, бүтіл адам баласына нұсқаған кең іргелі адамгершілік, азаттық үгіт өспетінде деп біледі.

Абайдың сол діншілдік, түрікшілдікті өз уақытында мансұқ етуінің дұрыс екендігін Ұлы Қазан социалистік төңкерісі анықтап ашты. Байшыл, реакцияшыл ұлтшылдық өзіне тірек еткен бұл кертартпа ағымның залалды сырын Ленин бастаған ұлттар азаттығының революцияшыл күресі, жеңісі әшкереледі.

Абай Шығыстың қорынан өзіне үлгі алғанда бұл жақтан алған жоқ. «Масұт», «Ескендір», «Әзім» сияқты терең мағыналы дастандарды, «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным» сияқты сыршылдық жырларды жазғанда, «Өлең-сөздің сарасы» сияқты ақындық, әсем сөздің кәдірін айтқанда «Шығыс классик поэзиясынан тіл көрікті, жалпы ұзын ырка саз, сарынды ала отырды. Бірақ солардың тұсында да ұлы ақын өзінің өздік өзгеше бітім бейнесін еліктеуге салынып, жеңілге сайып өзгерткен жоқ. Дүниені: әділ мақсұтты, тартыс бағытты атағанда бар ойы, бар ақындық шабыты өте терең шындықпен қабысып отырады. Сол себепті зат әлемін, адам құбылысын, қарым-қатынасын жырлағанда аспан, тағдыр өмірі деп толғамай, үнемі жер басқан адамның күнделік, тарихтық шындық болмысы етіп толғап, тебіренді. Бұл Абайдың ұлы реалистік, өзіндік, абайлық тұлғасынан туған ерекше қалып-қабілеті еді.

Сонымен Шығыстың көркемөнері мен мәдениеті де Абайда тұманды бұлдыр күйде емес, ақынның сыншы елегінен екшеліп, сұрыпталып өтіп кеп, Абай поэзиясына нәр қосады.

Ақын Абайдың орыс халқының ұлы мәдениетіне бой ұрып, өнеге нәр алуы да әлде қалай, жалаң қабат, жадағай емес. Өмірлік тұрақты негіз нанымында Шығыстан Батысты артық көріп, таңдап алуымен қатар, ақын өз бетімен оқып, ізерлеп-іздегенін тереңдей отырып, орыс

пен батыс әдебиетіне ұзақ жылдар бойында көп үнілді. Пушкиннен бастап, алпысыншы жылдар, сексенінші жылдардың әдебиет жаңалығына да әбден қанады. Тек ұлы ақындар емес, Лев Толстой, Салтыков-Щедриндер тәрізді көркем қара сөз аталарын да жақсы біледі. Орысша аудармалар арқылы Байрон, Гетені де таниды. Ескі антик әдебиетімен де мол танысады. Айдалып келген достарының куәлігіне қарасақ, Абай батыс философиясымен, Спенсер, Спиноза мен Дарвин еңбектерін де үнемі оқып, көп шұғылданған дейді.

Сонда орыс классиктерінің мұраларына Абайдың баруы әр сатыда әр алуандас. Мысалы, Крыловты Абай айқын, ашық түрде таза аударушы боп ұғынады да, тек әрбір мысалдың ақырындағы үгітін өзінше қазақ ұғымына ойын жанастыра түйіп беріп отырады. Лермонтовты Абай ерекше бір қызу жалынмен өзі қоса қозып, үнемі қызығып сүйіп, сүйсініп отырып аударады. Ал Пушкинге келсек, Абайдың бұған беттеген ақындық қарым-қатынасы мүлде басқа. «Евгений Онегиннен» Абай жасаған үзінді аудармалар анығында аударма ғана емес. Ол Пушкиннің әсем романын шабытты ақын жырымен қайталай, жарыса әңгіме етіп беру боп шығады. Абай мақсұты солар арасындағы жүрек толқынын, адамдық шындықты қазақ жастарына барлық бусанып тұрған жанды пәзік ырғағымен түсінікті, қонымды етіп беру болады. Бұл жәй тегінде тереңдей, зерттей сөйлейтін пікірлерді керек етер еді. Бірақ осы мәжілісте «Орыс классиктері мен Абай» деген (арнаулы баяндама) жолдас Ғабит Мүсірепов баяндамасы күн тәртібінде тұрғандықтан мен жаңағы аталған түйінге айрықша тоқтамаймын. Тек жалпы еске салатынымыз: Абай өз аудармалары арқылы және арнап шығарған әндері арқылы ұлы Пушкин мұрасына зор ықылас беріп, оның геройлары Онегин, Татьяна аттарын барлық сахарадағы қазақ жастарына соншалықты жақын, соншалықты сүйікті етіп танытты. Солардың саналы сезім жырларын бүгінгі күнде де сол сахара жастары сүйсіне күңіретеді. Өздерінің сезім мұңын назназымен айтар болса, сол Абайдың өзі тірі шағында-ақ ел жастары сол сонау екі жас тілімен де айта жүретін болған. Бұл айтқанның бәрі Абайдың аударушылық жағы. Оның ар жағында, әсіресе бір үлкен Абай жаңалығы орыстың классик әдебиетіне мейлінше бейіл беріп туыса; табысқандығының негізінен туған жаңалығы—Абайдың ендігі жазған өз шығармасының әсем саны сапасынан көрінеді.

Бұрынғы қазақ поэзиясындағы екі түр: жыр мен қара өлеңге — Абай қосатын он бес, он алты жаңа түр осы беттегі соны, жаңалық ізденудің айқын жемісі еді. «Іші алтын, сырты күміс сөз айт» деп ендігі қазақ поэзиясының сыйы мен сапасы немен өлшенетінің, қалай өсетінін атап еді.

Бұл жолында Абай тағы да Пушкинге ұқсас. Бұл дүние классиктерінің бәрінде көрініп отыратын кең тыныс, ұлы шабыт бірдейлігімен ұқсас. Аласа адыр жан жазықтан ыйықтары асып, бастарын бұлт құшып тұрған асқар биіктердің ұқсастығындай бір бітімдес ұқсастық.

Сондайлық дүние жүзінің поэзия мәдениетімен терең тамырлы жалғасы болғандықтан ғана Абай жылдың төрт мезгіліндей, сыршыл өлеңдеріндей, ойшыл өлеңдеріндей асыл жауһарларын тудырады. Сол орыс әдебиеті арқылы еуропаның және бүтіл адам баласының ой өрісіне, мәдениет мұрасына қолы жеткен соң ғана Абай анық өзге қазақ ақынынан үздік озық, алып ақын, шын мағынасында классик ақын болады. Дәл осы және бір Абай емес, бар қазақ әдебиет тарихы емес ХІХ ғасыр бойында бұрынғы Ресейде болған көп ұлттардың көпшілігінің тарихында бір алуандас болады екен.

Армения классигі Хачатур Абовьян, грузия классигі Илья Чавчавадзе, азербайжан асылы Мирза Фатали Ахундов, осетин қадірлісі Коста Хетагуров, тіпті украинаның ұлы күйшісі, данасы Тарас Григорьевич Шевченконың өзі де және татарда Каюм Насири, қазақ халқына да білікті, сүйікті Ғабдолла Тоқай, бурятта Банзаров, Хангаловтар, қазақта Абайдан басқа қажырлы Шоқан, қадірлі Ыбырай Алтынсарин — бәрі де бір бітімдес. Бірі ілгері, бірі кейінтің шыққанмен бірінде халықтың мәдениет сатысына қарай, таптық санасының өсіп-жетілу дәрежесіне қарай революцияшыл-демократтық басым болса, бірінде ағартушылық ағым сарыны басымырақ болуларымен қатар, түгелімен өздерінің ел тарихына қадірлі, қасиетті мұра қалдыруда жаңағы айтқан Абайдай болып, бәрі де орыс халқының шын алтын ғасырынан, сол ХІХ ғасырдың дүние жүзінің әдебиетіне үлгі берген даналық теңізінен суарылып барып, поэзияның құрыш болатынша шынығыпты. Бұл жөнде орыс халқының ұлы қазынасына қарыздар емес Ресей ішіндегі ұлттар некен саяқ екен.

Сонда патшалық отаршылдық қысымы бір беткей жүріп жатса, анық орыс халқының қайнар жүрегінен шыққан асылдары сол ұсақ ұлттарға азаттық ойды да, ал бо-

лар жолды да, алыс тартыс жолын да өзі үйретіп, өзі баулып жатыпты. Бұл мәселе ғалымдық зерттеудің бір бітімдес ұқсастығы.

Сонда Пушкин, Лермонтовтар, Белинскийлер гуманизмі, ұлы адамгершілігі жаңағы ұлттар классиктері арқылы, ақындық жаңа туыс арқылы қандай түр сапаға ауысып жатты. Чернышевскийдің азаттық үшін алысар, ағартушылық ұстаздық қасиеттері қалай ұрық беріп, қандай сара жол туғызып жатты — осы жақтардың өзінен зерттегенде де біз социалистік отандағы бүгінгі туыс бауырласымыздың, бұрынғы ұлы жүректердегі тек, төркінін табамыз. Осы жағынан қарасак, орыс мәдениетіне сол саңлаусыз заманда қазақ сахарасынан шығып, жалғыз өзі жол тартып барып табысқан Абайдың қадір-қасиеті бұрынғыдан да артып, биіктей түседі.

Абайдан қалған асыл мұраның идеялық, көркемдік сапасын шолып өткен қысқа сөз, жалпы тексеруде біз көбінесе ақындығын, поэзиясын айтамыз. Бірақ Абай мұрасы жалғыз ақындықта емес, көркем қарасөзде де, ән-күй өнерінде де бар екені қазақ тарихына әбден мәлім.

Абайдың «Ғақлия» аталған қарасөзі де барлық құрылыс қалпымен, шешен тілімен және өлеңдеріндегі ой толғауының көпшілігінің тереңдеп, еселеп өсіріп жеткізуімен, біздің әдебиеттегі тағы бір соны қызықтың, жаңалықтың бірі болған. Бұнда да сыншыл, ойшыл көрінеді. Орыс әдебиетіндегі Лев Толстойдың кейбір толғау үлгілеріндей, бірақ, қазақ халқының өз тіршілігіндегі күнделік болмысынан туған аса бір алғыр, жүйрік және кейде соншалық ашы мысқылы зор, кейде өте шешен орамы мол бір тың өнер көрініп отырады. Сондықтан да Абайдың өз заманында осы қарасөздерді әдейі бөлек жаздырып ап, ерекше қызығып оқитын қазақ оқушылары көп болған.

Абайдан қалған тағы бір әсерлі, әсем мұраның бірі— оның композиторлық еңбегінде, өзі шығарып кеткен көп әндерінде:

Құлақтан кіріп бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар  
Әнді сүйсең менше сүй,—

деген Абай құр сүйіп, құр мүлгіп тыңдап қойған жоқ. Ақындық жолда көп іздегеніндей, ән шығаруда да жұрт



айтқанды қайталап айтпаймын деп, тың үлгі нақыс, тың бір саз, сарын, жаңаша бір сезім ырғақтарын ізденеді.

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,  
Оның тәтті оралған мәні оятар,  
Кейі сауық, кейі мұң дертін қозғап  
Жас балаша көңілді жақсы уатар,—

деген Абай және ән мен күүді қаншалық ұлы, биік өнер деп білгенін көрсетеді. Өзінің тың түрмен шығарған өлеңдеріне ән шығарғанда анық сол зауықты, зарлықты болар әсерлі жағын ойлайды... Әнде де Абай өзге қазақ өнерлілерінен, әнші-күйшілерінен бөлек. Өзінше тың ізденуі бар, өзіндік ерекше бітім, көркі бар композитор болады. Бұнда да Абай ақын... Күй толғауының ақыны... Ол ақын болмай, ақынша білінбей тұра алмайды, ұйткені ол үшін ақындық барлық өмірінің тынысы да, шыны еді. Заманының ойы танымай, талап жүрген кезінде, талабы жанбай, қайғы мен арман дерті көп-көп міндетін артып жүргенде де Абайдың айнымай, қажымай ұстап қалған бір құралы, бір досы бар-ды. Ол — сол ақындық еді... Өзгесінің бәрінен ажыраса да жалпы айрылмас сол серігі арқылы келер ұрпақ, туар тарих жарқын күйімен тіл қатысқандай, қабысқандай болатын. Сондықтан да өзінің жан сырын айтып, келешекке жолдаған жырында өз ақындығы туралы:

Көк қанат бейіс құсындай  
Қу ағашқа қонақтай  
Ол бұтақтан қозғалмас,  
Өкіріп дауыл, соқса жел.  
Өзгеге бола жырламас,  
Ыстық күнді жоқтар ол.  
Жанымның жарық жұлдызы  
Жамандық күнде жарымсың,  
Сөз болсын ескі әр сөзі  
Кейінгіге қалыңсың,—

деген. Бұл анық келешектің ыстық, мейірлі күнін жоқтаған, кейінгіге сырын ашқан ұлы ақынның арыздасу сөзі, соңғы бір өсиеті еді.

Мінікі, осындай сыпат сымбаты бар, бір жағынан ел анасының бауырынан өскен, екінші жағынан ұлы орыс халқының мол мұрасын ой қорегі етіп өскен ұлы Абай қазір бізге — өткен заманның аса бір ғажайып жаратылысы сияқты көрінеді. Ол өз халқымыз тарихындағы ең

бір биік шың басына шығып, көлеңкесін, жемісін көпке жайып тұрған алып емен, тау емені сияқты.

Барынша тұтас ой ықласымен, ілгергі жарқын заманға ұмтылғандықтан, Абай өз халқының ой санасы өсу тарихында анық прогресс жолын бастаушы болды. Өз заманының, тарихтық кертарпалық бөгетінің бәрінен аттап өтіп, елі, жұртын дүниелік мәдениетке жеткізем деушінің ең алдыңғы бірі болды. Сол талап тартысы арқылы заман мешеулігін жеңіп, қазақтың еңбекші елі мен орыс халқының ой құралдарын бір араға қосып, азаттық жолындағы біріккен күрес қайраткері болды. Сондықтан да Абайдың ардақты жырлары Ұлы Отан соғысында елін, жұртын қорғап жүрген қазақ жауынгерлерінің, командирлерінің сенімді серігіндей боп, бар майданда ере жүрді. Олардың барлық ұлы одақ ұлттарының ұлдарымен жүрекке-жүрек, білекке-білек қосқан қаһармандық қимылында Абай аға дос боп, құптап отырды.

Сондай боп өз халқының адал ұл-қыздарымен қатар, қанды жорықтың ауыр жылдарын бірге кешіп өткен Абай біздің шын бақыт дәурені болған социалистік дәуірімізде бұрынғыдан да қадырман, ардақты боп отыр.

Сондайлық өлмес, өшпес қасиеттері ұлы Абайға деген, қазақтың классик әдебиетінің қадырман атасы деген, қазақ поэзиясының күншуақты алып асқар биігі деген ат, атақ бергізеді.

*Алматы, 1945 ж.*

## **«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ — ҚАЗАҚ АҚЫНЫ» ДӘРІСІНІҢ СТЕНОГРАММАСЫ<sup>1</sup>**

Дәрістің тақырыбы — «Абай — қазақ классигі». Бұл тақырып бір дәріс үшін өте кең, сол себепті де дәріс жалпы қорыта айту сипатында болмақ. Әсілі, бірінші жағынан, ақынның шығармашылығы туралы, екінші жағынан — оның өмірбаяны туралы мәлімет бермекпін. Уақыт шектеулі болғандықтан да, мен әуелі Абайдың өмірбаянына тоқталмайтынымды, оған тек ақынның жеке шығармаларын талдау ісі оның ғұмырлық фактілерін қажет ететін жеке жәйттарда ғана соғып өтетінімді ескертіп қойғым келеді. Тап кәзіргі жағдайда сіз-

<sup>1</sup> Орысшадан аударған Әбілмәжін Жұмабаев

дердің алдыңызда мен Абай жөніндегі романның авторы ретінде емес, Абайдың ғұмыры мен қайраткерлігін, Абай шығармашылығын зерттеуші ретінде сөйлемекшімін, дегенмен, менің түсінуімше, шығарушы тұлға жөніндегі роман да біздің Абай жөніндегі жалпы білімімізді, түйсік-түсінігімізді толықтыра түседі. Демек, әрі зерттеуші, әрі әдебиетші мен үшін, Абайдың ғұмыры мен шығармашылығын қайта жасайтын қимыл-қызметтің осы бір екі жағы әр түрлі екі зат емес, қайта бір-бірін өзара толықтырып-молықтырып отыратын нәрселер. Бір жағынан, оған мен тарихи-әдебиеттік тұрғыдан тоқталсам, екінші жағынан, белгілі дәрежеде Абай ғұмырына сүйеніп, оның бейнесін қайта жасауға ұмтыламын. Бірақ, тағы да қайталайын, мен роман авторы ретінде сөйлемеймін, ал біздің әңгімеміз мүлде өзгеше, арнайы әңгіме болмақ.

Біз Абай туралы айтқан кезде, тек ақынды ғана... жазба әдебиеттің қатардағы өкілін ғана көрмейміз, біз қазақ классикалық әдебиетінің негізін салған Абайды, әуелі орыс мәдениетіне, сол арқылы әлемдік мәдениетке барып қосылған ақын Абайды жадымызда сақтаймыз. Міне, тап осындай Абай ССРО халықтарының ХІХ ғасырдағы тарихында жалғыз-жарым болмаған. Кәзір Жазушылар Одағының пленумында, журналдарымыздың беттерінде Абаймен қатар қосарлана Ресейдің басқа да ұлыстары мен ұлттарынан шыққан бірқатар жазушылардың есімдері аталып жатқаны тегіннен-тегін емес. Бұл ретте... біз грузин ақыны Чавчавадзені, осетин ақыны К. Хетагуровты, татар ақыны Тоқайды, азербайжан ақыны М. Ф. Ахундовты еске аламыз, осы қатарда Абайды да атап өтеміз. ССРО халықтарының тарихын оқып үйренген кезде осы бір ақындар біздің оларға айрықша назар аударуымызға татиды, бұлай дейтінім, олар өткен заманда өз халқының мәдениетін орыс халқының ұлы мәдениетімен туыстастырған, олар өз халқының тарихын Россиямен, орыс мәдениетімен жақындастырудың жөн-жобасын сілтеген.

Чавчавадзе Гетені ғана, әлемдік батыс әдебиетінің классик ақындарын аударып қана қоймай, әсіресе Пушкинді өзгеше ыстық сүйіспеншілікпен аударған, сонау ХІХ ғасырдың өзінде Пушкинді халық арасына таратқан, өз жұртшылығына, өз ортасына Ресеймен жақындасу жолын көрсеткен. Пушкин ажалына аза тұта отырып, Пушкинді өлім халіне жеткізген патша шенеуніктері мен патша ақсүйектері ортасын аяусыз әшкерелеп,

ол ақын ажалына терең тебіреністі өлең жырымен үн қосады.

Егер біз татар поэзиясының классигі Абдулла Тоқай жөнінен сөз қозғасақ, ол 1905 жылғы революция кезінде ағартушы есебінде көрінеді, бірақ Абай жасаған және жасап жүрген істермен салыстырсақ, ол кейінірек, татар әдебиетіне үлес қосады. Абай өз туындыларында сонау 80-шы жылдардың өзінде-ақ орыс поэзиясының ұлы классиктері Пушкинге, Лермонтовқа, Крыловқа ынта-ықлас аударған. Және тек оларға ғана емес. Абайдың өз басы аса сирек кездесетін ерен құбылыс. Егер Орта Азия ағайын халықтарының — өзбек, тәжік, түркімен, қырғыз, татар мен башқұрттардың со қатардағы әдебиетін алсақ... Абай—классик сияқты, өз халқы үшін орыс мәдениетінің рөлі мен мән-маңызын соншалықты терең түсініп, (соншалық) терең деңгейде орыс классикалық әдебиетінің ұлы мұрасына ден қойып, көңіл аударған жәйтті мұндай ақынды (со) халықтардың арасынан кездестіре алмаймыз.

Жалғыз олардың арасында ғана емес, тіпті XIX ғасырдағы Шығыс ақындарының, классиктерінің арасынан да, олардың панисламизм мен пантюркизмге, XIX ғасырдың орта кезінен бастап Ресей мұсылмандары арасында (жайылып кеткен) алдамшы ағартушылыққа көзқарасынан да бұндайды кездестірмейміз. Абайдың линиясы, оның қайраткер ретіндегі тарихи перспективасы осынау ақындар көрсеткен жөн-жоралғыдан мүлде өзгеше.

Абай ақынның Пушкин, Крылов, Лермонтов мұрасына ден қойғаннан кейінгі шығармашылық жағынан өсіп өркен жаюы сіздердің көпшілігіңізге белгілі болар... Абай (оларды) талантты түрде аударады да. 80-ші жылдары Пушкин есімін Қазақстанға жайып жібереді. 1887 жылы Татьянаның хаты мен Онегиннің жауабын ерекше дарынмен аударып қоймай, Татьянаның әзиз жанын жұрттың риясыз түсінуі үшін, композитор ретінде оған әуезді ән де шығарады. Мұның мәні Пушкиннің махаббаттық лирикасына зер салып, ықылас көрсету ғана емес, оның үлкен тәрбиелік мәні де болады, егер сол замандағы қазақ әйелінің езілген хал — ақуалын еске түсірсек, бұл тіпті үлкен қимыл-әрекеттің құралы да болған.

Абай орыс классиктерін аударып қана қоймайды, олардан көп нәрсені қабылдап алады да. Ол әдебиетті, поэтикалық мәдениетті Пушкиннен, Лермонтовтан оқып

үйренеді және өзінің шынайы пейзаждарын Пушкиннің реалистік пейзаждары стилінде жазады. Ол реалист — Пушкиннен оқып үйренеді, онымен үндесе-үйлесе жырлайды. Ол Лермонтовтың ең бір қоғамдық-әлеуметтік, көкейкесті сәттерін таңдап алып, Пушкин мен Лермонтов туындылары рухындағы табиғат лирикасы, махаббат лирикасы және т. б. сияқты өз нәрселерін жазады. Тап кәзір мен айтып тұрған жәйттердің бәрі Абайдың ғұмырымен, іс-әрекетімен белгілі бір дәрежеде айналысқан жолдастарға белгілі, мына сіздерге әбден белгілі.

Мен кәзір сіздерге Абай шығармашылығын бұдан былай да зерттей беру ісіндегі біздің абайтануымыздың кейініректегі кезеңін көрсететін кейбір ой-пікірлерімді өз бақылауларымның нәтижелерін айтып бергім келеді. Осы мән-мағнада мен сіздерге Абайдың поэтикалық қимыл-қызметін, оның Қазақстан қоғамдық ойының XIX ғасырдағы даму тарихына қатынасы тұрғысынан, XIX ғасырдың орта кезі мен екінші жартысындағы Ресей қоғамдық ойының дамуымен байланыстыра отырып таныстырып шығуға тырысайын.

Абайға Ресейдегі қандай қоғамдық-саяси ағымдар әсер етті? Сол кездегі Ресейдің Абайға қандай әлеуметтік-саяси идеялары, қандай эстетикалық және этикалық нормалары және қандай қоғамдық топтары күштірек ықпалын тигізді? Осы бір бәрінен де зәру көкейкесті сұраққа мен өзімнің бүгінгі сөзімде жауап беріп көрейін.

Біз Абай жайлы айтқанымызда, оның рөлінің қоғамдық-таптық, тарихи сипаты туралы, шығармашылық ерекшелігі туралы жалпы сөз қозғағанымызда, біз 40—60-шы жылдардың революцияшыл демократтарын жиі еске аламыз, ал 40-шы жылдар — ол Белинский, 50-шы жылдар — Герценнің творчествосы, 60-шы жылдар — Чернышевский ғой... Олар бір тұзу сызық бойымен дамымаған. Орыс қоғамдық ойының сол кездегі, 70—80-шы жылдардағы дамуы қатар-қосарлана көрініп және өзара өріліп жатқан қызықты құбылыстар.

Белинский, Герценмен қатар, бір мезгілде, көбіне-көп батысшылдар болып келетін кісілер өмір сүрді, олар буржуазиялық реакционерлер емес, демократтар болатын, Чернышевский және оның ізбасарларымен бірге славянофильдер тірлік етті. Олардың күллі мән-мәнісі Ленин мақалаларында айқын ашылды. 60-шы жылдары Чернышевский мен Добролюбов насихаттаған револю-

циялық демократия рухындағы азаматтық поэзиямен қатар, Некрасов, Салтыков-Щедрин шығармашылығымен қатар, таза өнер деп аталатын ағымның тұтас бір шоғыр өкілдері де бар еді.

Фет, Полонский, Тютчевтердің өздері кім болған еді? Олар ақсүйек дворян өкілдері, со заманда таза көркем өнер идеясына қызмет етіп, өздерінің алыс ақсүйектік мекенжайларында, тамылжыған тыныштық аясында өлең-жырларын жазған ақындар...

Сол бір дәуірде революциялық-демократиялық ойдың жарқын өкілдерімен бірге бір мезгіл — бір уақытта көркем әдебиетте, поэзияда славянофильдік, зұлымдыққа қарсы тұрмауды жыр еткен Толстоймен бір кезеңде таза көркем өнердің жаршылары өркен жайып, өсіп жатқан еді. Тап осы кезде Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов, Салтыков-Щедриндер шығармашылығымен қатар, халықшылдармен, толстойшылдармен, реакцияшылдармен қатар әдеби шығармашылықта Абай қандай орын алды?.. Осы мәселеге де жауап бергім келеді.

Абай туралы айтпай тұрып, әуелі оның екі ұлы тұрғыласы туралы айтқан жөн. Олар қоғамдық аренаға Абайдан бұрын шықса да, мен оларды замандастар деп айтамын... Мен Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсаринді айттып тұрмын. Ш. Уәлиханов Абайдан 7 жас үлкен, Ы. Алтынсарин 3 жас үлкен... Бұл екі тұлғаның екеуі де тамаша, тамаша дейтінім со кездегі Ресейдің тарихи болмысы аса күрделі қоғамдық ақуалы арасында жүріп, дұрыс бағыт-бағдарды тез тауып алады. Шоқан Уәлиханов өзінің тарихи жазбаларының бірінде батысшылдар мен славянофильдерді қос қабаттап өз көзқарасын білдіріп, мынадай бір қызықты ойды айтады: Византияшылдық қанша жиіркенішті болғанымен, ол әйтеуір ағартушылық элемент ретінде христиандықты енгізді, ал мұсылмандық, ислам, татар мен бұқар молдалары, орта медреселерден шыққандар нені енгізеді? Схоластика мен топастық түнегін енгізеді. Ол орыс жұртшылығына арызшағымын айтып, қазақтарға көмек көрсетуін сұрайды... Бірақ исламшылдықты теріске шығарып, сүмірейте сипаттаса да, ол соған қоса миссионерлік идея мен православиені уағыздамайды. Ол: «Византияшылдық қанша жиіркенішті болғанымен» дейді де, православие туралы ілімді теріске шығару тұрғысынан бағалайды, бірақ мұсылмандықпен салыстырғанда, (ол), әлбетте, прогресшіл элемент болып табылады.

Осы айтқан сөздерінен оның мұсылман да, христианин де емес, жалпы дінге сенбейтін кісі, атеист, материалист екені көрінеді. Бірақ оның өзіндік, мына төмендегі тектес қайшылықтары да бар, ол қанша айтқанмен, алдыңғы қатарлы революциялық идеяға дейін өсе алмады, капитализмді құрылыс ретінде теріске шығаруға дейін жете алмады.

Абайдың өзге замандасы — Ыбырай Алтынсарин — қазақ халқының өз ортасына іс жүзінде пайдалы, білімді ағартушы қайраткер болған, ол исламшылдықты жанап өтеді. Ислам құла түзде тек мұсылмандық білімді таратуға тырысып, схоластикалық медреселерді құрып, оларында 20—30-дар шамасындағы арда муриттер оқып жатқан кезде, Алтынсарин қостілді орыс-қырғыз училищесін ашады, Дерпт университетін бітірген... Абовян да осы секілді мектептер ашады... Алтынсарин де осындай іс жасайды. Ол қазақ тілінде хрестоматия жазады. Ол өзінің оқулықтары мен хрестоматияларын Ушинский оқулықтары тәрізді етіп жасайды, қазақ халқының өлеңдері мен хикаяларының, қызықты аңыз-ертегілерінің жинақтарын шығарады. Сол кездері және одан кейінірек білім алған қазақ жастарының әрқайсысы үшін бұлар естен кетпейтін кітаптар. Ол тағы да біз әралуан алфавиттерді аралап, сергелдеңге түсіп, кешігіп барып келетін әліппені бірден іліп әкетеді. Біз әуелі арап әліппесін, сосын латин әліппесін алып, содан кейін ғана орыс жазуы негізіндегі жаңа алфавитке жеттік қой, ал Алтынсарин болса, қазақ сөзінің фонетикалық ерекшелігіне бейімдеп өз әліппесін жасады.

Ал оның христиан шіркеушілері мен мұсылманшылықтан екі жақты қысым көргенін естен шығармауымыз керек. Мұсылмандар, молдалар, ол қазақ балаларын шоқындырғалы жүр деп жала жапса, оған ресми түрде жәрдем берген, жан-тәнімен христианин болған Ильминский қазақтарды орыстандыру жөніндегі өз идеясын осы мектептер арқылы тезірек жүзеге асыруға болады деп жұрттың бәрін сендіруге тырысты.

Алтынсарин халық училищелерінің инспекторы болған, ол өз өмірінде көптеген қазақ мектептерін ашып үлгіреді, қазақ жастарын оқытады, ал бірде ол тіпті қазақ қыздарына арналған мектепті де ашады. Ол орыс зиялыларының қайраткерлерімен, шығыстанушылармен хат жазысып тұрған. Ол қайтыс болғаннан кейін, оның дүние салғанын естісімен, қаладағы дос-жарандары — ішінде белгілі профессор, қазақ фольклорын жинаушы

Васильев бар — елге келіп, бір сандық етіп, оның жазысқан хат-қағаздарын алып кетеді. Шіркеу қызметшілері мен мұсылман молдалары оның түзге әкеліп, (қазақ) балаларын христиан дініне кіргізбек болған кресттері мен икондарын орыс достары алып кетіп барады — деген өсек-аянды таратып жібереді.

Абайдың алдында осындай ізашарлары болған. Абай — жалғыз некенсаяқ құбылыс емес, осындай ұлы замандастары болған, Абай сияқты, олар да өздігінше, орыс мәдениетіне білте сүрлеулер салған, олар да славянофильдер мен панисламдықты жанап өткен, олар Ресей ағартушылары, сол Ресей игілігіне жаратпақ болған мәдениетке ынта-ықыластарын салған. Нағыз ағартушылар ретінде, олар со бағытынан айнымаған.

Абай олардан тек 4—7 жас қана кіші болған, бірақ Абайдың өсіп-өркендеуі кешеуілдеп қалады, Абай орыс мәдениетіне өз бетінше білім алу жолымен жігіт ағасы жасына жеткен кезде қауышып табысады.. Ол өздігінен дербес оқуды бастап, көп-көп табысқа жетеді. Ол орыс мәдениетінің таң-тамаша жемісінен нәр-құнарды молынан, мандыта алады. Бұған оның аудармалары куә. Ол кездері оған ешкім жолма-жол аударма жасап, сөздің түр-түсін, ренкін түсіндіріп бермейді, ал бірақ Пушкин мен Лермонтов өлеңдерін өзгеше күш-жігермен, күллі ажар-көркін сақтап, кемеліне келтіріп, келістіріп бергені сондай, кейде оны Лермонтовтың өзі қазақша жазғандай болып көрінеді. Бұл біз әрбір аудармадан талап ететін идеалдық қасиет. Үлкен де талантты суреткер ақын классикті аударған кезде, (ол) әуелде, сіз өзіңіз оқып отырған тілде жазғандай әсерде қаласыз. Бұл бізге Абай шын мәнінде орыс әдеби тілінің бар байлығын бүкіл тұңғыш терендігі мен шексіз нәзіктігін толық игерген деп болжам жасауымызға негіз салып береді, бұдан келіп көп-көп нәрсе — Еуропадағы қоғамдық ойдың сонау Сократ, Платон, Аристотельдерден басталатын даму тарихы келіп шығады.

Жалпы тарих саласында да оның білімі өте кең болған т. б. жаратылыстану ғылымдарын да қызыға оқыған. Осының бәр-бәрінің нәтижесінде ол алпысыншы жыл өкілдеріне қалай қараған? Оның халыққа қызмет ету идеясын Пушкиннен алғандығы — даусыз нәрсе. Жас Абай, сонау 80-шы жылдары ақын-азамат ретінде көрінген (кездегі) Абайға мүлде ұқсамайды.

Жазба әдеби еңбекпен шындап шұғылданудың (әуел басынан-ақ) ол өз ортасына мәшһұр болып танылады.



Ол өзімен замандас ақындардан мүлде бөлек, өзгеше. Керісінше, ол олардан ара жігін ашып алыстап кетеді. Осы бір іргені аулақ салудан... біз оның өзіне дейін болғанды жоққа шығарудың диалектикалық процесін көреміз, сонымен бірге ол поэзияға, ақынның маңызы мен рөліне, Чернышевский мен Белинскийдің эстетикалық танымына кейінгі-соны көзқарасты толық игереді, өзінен бұрын өткен ізашарлардан арасын ашып алады...

Шортанбай — XVIII ғасырдың орта кезіндегі танымал ақын, Абайдың ізашары болған. Дулат шығармашылығы да сол заманға жатады. XVIII ғасырдың елжұртқа мәшһүр ақыны Бұқар жырау болады. Абай өз өлеңінде осынау үш алыпты әшкерелейді, қоғамдық идеяларының жүдеулігі, кертартпалығы себепті, Абай олардың поэзиясын «жамау-жасқаулы» поэзия деп атайды. Одан әрі ол былай деп жырлайды:

Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.  
Сөз түзелді, тындаушы, сен де түзел,  
Сендерге де келейін енді аяндап.

Абай олардан неге шегініп, аулақ қонады? Өйткені олар артта қалған мешеу идеологияның өкілдері іспеттес еді... Міне ауылды осылай идеализациялау, өткенді идеализациялап, орыс мәдениетін теріске шығару, үмітсіздік, өткеннің бүкіл тәртіп-тірлігін идеализациялау — олардың кембағал да күйкі идеялық жүгінің сиқы міне осындай еді.

Абай өрге жүзеді. Оның эстетикалық көзқарасы ақын идеясының Белинский мен Чернышевскийдің эстетикалық көзқарасымен туыс екенін білдіреді және мұнымен бірге көркем өнер-күрес-тартыс түрлерінің бірі...

Ол еріккеннің ермегі үшін поэмалар жазғысы келмейді.

Мен жазбаймын өленді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін...  
Сөз айттым «Әзірет Әлі, айдаһарсыз»,  
Мұнда жоқ алтын иек, сары-ала қыз...  
Әсіре қызыл емес деп, жиренбеңіз,  
Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз.

Бұған керісінше, Чернышевский мен Белинский (ілімі рухында): мен есерлер үшін жазбаймын, ерлікті ал-

тын әріппен жырламаймын,— деді ол. Әйел сұлулығын шығыс дәстүрімен әсірелеуде... ешбір шынайылық болмайды. Ол кездері асыл тастың бәрі, жылтыраған құнды нәрселер, бағалы дүниелер түгелдей әйел ажарын суреттеуге жұмсалатын.

...Оның поэзиясы, әрбір өлеңі — ол қоғамдық күрестің әктісі ендеше ол поэзияның қоғамдық мән-маңызын жете түсінбейтін тыңдаушылар үшін оны ермектік-қияли, діңдік-қияли, ертектік-қияли т. б. нәрселерге айналдырғысы келмейді. Поэзия тірлік тауқыметіне үйретуге тиіс, өмір сүріп отырған қоғамды жокқа шығару үшін поэзия қоғамдық күрестің құралына айналуы керек... Чернышевский көркем өнер туындысы өмір құбылысына берілетін үкіммен мәндес келеді дейді. Біз Абай өлеңдерінің әрбір топтамасынан өз заманындағы әлсуметтік өмір-тірліктің құбылыстарына берілген осындай үкімді көреміз. Өз уақытындағы қоғам өмірін Абай осылай сипаттайды. Өнер белгілі бір мақсатқа қызмет етуге тиіс, ол... рахат-қызық емес. Өз дәуірінің қоғамы жайлы сипаттамасында билеуші-басқарушылар туралы топтамасы бар. Оның болыс басқармалары жөніндегі өлеңдерінің тұтас топтамасы (қазақ тілінде) есімізде сақтаулы ғой деп ойлаймын, мен болыстық билеушілердің қимыл-қылықтарын масқаралайтын көп-көп өлең-жырларын айтып тұрмын және осынау болыс басқарушыларының әр қайсысы оның өлеңдерінде іс-әрекет етіп, жанығып жүреді. Бізге белгілі осы бір өлең-жырлар белгілі біреулердің аты-жөнін айтпаса да, анонимді туындылар сияқты болып көрінсе де, бірақ... біздің көз алдымызға қайдағы бір обыр жемқордың, парақордың, өкімет алдындағы жағымпаз жалтақтың т. б. жексұрын сиқы тірі кісідей болып келіп тұра қалады. Сол сияқты ол бай жуандарды да күлкі етеді: со шонжарлардың ел-жұртқа ықпалын жүргізетін әмір несі болғысы келіп жанталасатынын, кейде тіпті ру аралық айла-шарғы, айтыс-тартысқа тікелей қатысып қана қоймай, абырой-беделін бұрынғыдан бетер арттыру үшін алланың ақ жолын ұстағансып, пірәдарсып Меккеге қажыға сапар шегетінін мысқылдайды. Абай өзінің өлең-жырларында молдаларды да, Шоқан Уәлиханов айыптаған молдаларды да сез етеді... татардың діни топтары біздің пиғылымыз бен ниетіміздің азғындауына әсер етті, пара алды, екіжүзділікке үйретті, ортаазиялықтармен қосылып аңқау қазақты алдап соғуда. Аңқау елге — арамза молда деген осы.

Бізде молданың көпшілігі татарлар, олар шетінен алдамшы келеді. Бұлар өз жазуын әрең игерген, барып тұрған білімсіз дүмшелер болса да, рақымсыз қараңғылыққа, жабайы нанымға шырмалған тақуалар... қараңғылық тұңғығына түскен жандар...

(Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. А. 1985, 149-б.)

Кітапты молда теріс оқыр,  
Дағарадай боп сәлдесі.  
Малқұмар көнлі бек соқыр,  
Бүркіттен кем бе жем жесі.

(1977, 1-том, 165-б.)

Немесе оның «Қарасөздерін» алыңыз. Оны көркем проза деп атауға болмайды, өйткені олар новеллалар емес, бұл кітап оқу сияқты жай сұхбаттасу сыпатындағы сөздер, Лев Толстойдың прозалық толғаныстары бар. Со толғаныстарында ол не жазады?

«Молдалар тұра тұрсын, хұсусан (әсіресе) бұл заманның ишандарына бек сақ болындар. Олар фитнә (бүлікші) ғалым, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері хукім шарифатты таза білмейді, надан болады. Онан асып өзін-өзі әһіл тариқат (сопылық жолы) біліп және біреуді жеткізбек дауасын қылады. Бұлар адам аздырушылар... Бұлардың сүйенгені — нандандар, сөйлегені — жалған, дәлелдері — тасбиғы мен шалмалары, онан басқа ешнәрсе де жоқ». (1977, 2-том. 205-б. 38-қарасөз).

...Міне бұл нағыз өмірді бейнелеу, түсіндіру, бұл баяғы Чернышевский айтатын, сол уақыттың үстемдік жүргізуші жауыздығының мәнін түсіндіретін жәйт — біз бұл арада ақын-жазушының қимыл-әрекетінен биік адамгершілік-имандылық үлгісін көреміз.

Өмірді осылай түсіндіру, жаза кесу ісінде ол өзіне құрал етіп нені тандап алады? Біркездері ол Пушкиннің сыншыл реализмі мен жауыздық суреттерін бейнелеуді қабылдап алған болса, енді әлеуметтік уағыз-насихатты жүргізу ісінде оған бұрынғыдан гөрі өткір қайралған қару керек болған кезде, Абай Салтыков-Щедринге, сатираға ден қояды, ал сықақ Чернышевский, Добролюбов, Салтыков-Щедрин шығармаларында мольна болған. Осынау сықақ халықтың ең өткір қаруы еді, Абай соны тандап-талғап алады, бірақ әлбетте еліктеуші ретінде емес.

Оның наным-сенімі орыс қоғамдық өмірінің идеяларымен суарылған, бірақ сол идеяның оған (табиғи) түрде сіңіп кеткені сонша, бірде-бір жәйттен зәрредей де тура еліктеушілікті байқамаймыз.

Еліктеу — әлжуаз таланттың белгісі. Талантты ақындар поэтикалық мәдениеттің биік деңгейінен түспей, бір-бірінен оқып үйреніп жатады. Пушкин батыс классиктерінен үйренген, алайда Пушкин тіпті де кіріптар еліктеуші емес, әманда Пушкин болып қала берген. Абайға да міне осы өлшеммен келу керек.

Абай сықақты қалап алады, алады да өзінің бай палитрасымен өткен заманның болыстарын, кеспірсіз кісілерін әжуалай-мысқылдай отырып бейнелеген кездері, онда Салтыков-Щедринмен, орыс-сықақшыларымен туыстасып жатқан жәйттердің тым көп екені тіпті сезілмейді де, бірақ туыстастық сәттері болғанымен, еліктеушілік атымен жоқ, өйткені ол жамандықты-жауыздықты жөндеуі керек, түп-тамырымен жоюы керек, өз уақытының қоғамын түзетуі керек. Сөйтіп, Абай сол күннің қажетті, зәру ақынына айналады... Егер оның, шығыс сарындарына жазылғандарын қоспай, өзге поэмаларын алсаңыз, онда Абайдың өз тұсындағы өміртірлікке шығармашылық реакциясын білдіріп, тек өз заманының құбылыстары туралы жазғанын көресіз.

Өз уақытымен тығыз тамырласып жатқан замана ақындары хақында Шиллер: өз уақытына адал болған адам өлмейтіндер-өшпейтіндер атына өзгелерден гөрі оңайырақ ие болады, депті кезінде. Өз ортасымен, өзінің шынайы күнделікті тіршілігімен әртүр-әр тұстан терең тамырласып, табысып жатқан Абай өлмейді де өшпейді. Ол өз ортасының дертіне дауа іздеп, әшкерелейді оны. Абай сықақшы болғандықтан да, оның сықағы бүгінгі күнге бағытталған. Осы тұрғыдан қарағанда, ол тағы да алпысыншы жыл өкілдеріне жақын-жуық келеді. Салтыков-Щедрин өз күресін қандай жолмен анықтаған? Ол озбырлыққа, екіжүзділікке т. б. қарсы болған. Осының бәрі Абайда да түгел бар.

Егер біз кәзір Абайдың отбасы-ошақ қасында ескі әдет-ғұрыптарды сақтап, жас қыздарды екінші немесе үшінші рет алуға тырысатын ақсақалдарды, сол ескіні қоздырып, өнезеленіп, өткеннен айырылғысы келмейтіндерді, балаларын орыс мектептері мен интернаттарына бергенде олар халқына қызмет етуі үшін емес, атбекет пен тілмаш болуын аңсап беретін байларды ондырмай осқылайтын топтама өлендерін келтірсек, одан көп

нәрсені аңғарамыз. Абай сонда оларға — сендер балаларыңды атбекет, тілмаш еткілерің келеді екен, бірақ сендер оларды Салтықовтың қалай бейнелегені жайлы, Толстойдың қалай бейнелегені жайлы ойламайсыңдар — деп кінәлайды, әрине бұл арада ол Толстойшыт (жамандыққа зорлықпен қарсы тұрмауды уағыздайтын — ауд.) Толстойды емес, со заман өмірін сынайтын реалист Толстойды мегзеп отыр.

Чернышевский Салтыков-Щедрин туралы: Қоғамның дерті туралы, одан артып ащы сөз айтқан да, біздің қоғамның мерезін алдымызға одан артық аяусыз жайып салған да ешбір жан болған емес — десе, меніңше, Абай да тап сондай іс-әрекетке барған. Салтыков-Щедриннің осы бір қасиетін Луначарский оны марксизммен табыстыратын белгі деп атаған, бұл — күні өтіп бара жатқан буржуазиялық капиталистік құрылысты, кәзіргі жәйтта патриархалдық-феодалдық құрылысты рақымсыз әшкерелеу болатын. Бұл қасиет Абайдың біз үшін аса маңызды ерекшеліктерінің бірі еді. Мен өзімнің бүгінгі дәрісімде ең алдымен оның осы ерекшелігіне тоқталғым келген-ді.

Өз поэзиясының саяси бағытының күлгі белсенді сыр-сипатымен Абай сирек кездесетін таңғажайып тұлға болған. Бір ғана шағын дәрісте Абайдың қыры мен сыры мол, үлкен саяси із-әрекетін қамти қою қиын екенін бәріңіз жақсы түсінесіз деп ойлаймын. Сол себепті де мен тек бір ғана бағытты — Абай поэзиясының әлеуметтік-қоғамдық мәні мен оның ішкі идеялық байланысын анықтап алып шыққым келеді.

Тап осы арада Абай өзінің бүкіл шығармашылық өнерімен Л. Н. Толстойды теріске шығарушы ретінде көрінеді, ал Толстойдың Шығыс жөніндегі хабары тым жұтаң еді, сол себепті де Шығысты қозғалмайды деп есептеген. Ал, Абай болса, оның сырттай ғана қозғалыссыз екенін мысалмен дәлелдейді, бұл мағынада алғанда Абай өзінің барша мұрасымен, қимылсыз-қозғалыссыз Шығысты, азиялық Шығысты, өскелең капитализмге қарама-қарсы қойған Толстойдың қате-кемшілігін ашып көрсеткен Лениннің ой-пікірін қуаттайды. Толстой орыс деревнесінің негізін, орыс қауымының өзіндік қолтума өзгешілігін сақтап қалуды жақтаған. Абай оны қостамайды. Абай өзінің жөн-жоралғысында мүлде басқа нәрсені — кең еуропалық ағартушылықты уағыздайды. Және ол екі Ресейді: патшалық Ресей мен революция-

лық-демократиялық мәдениеті бар, еңбекті сүйетін гуманистік Ресейді айыра білген.

Абай үй іші-отбасының сүйеніш-тіреуінің, оның қоғамдық-салттық, хұқтық негізінің мәнін ашады, даланы басқару ісіне реформа жасауды талап етеді. Ол ескілік орнына жаналық келеді деп ансап күтеді. Оның өз басы феодалдық текті шонжарлар ортасынан шықса да, болашақтың иесі болып табылатын еңбекші шаруаға, малшыға, бейнетқор егіншіге барады. Сондықтан да ол ескіліктің сарқыншағы, қалдығы атаулының бәрін қиратып, талқандап отырған. Ол әйелдердің тең хұқты болуын талап етеді, оның осы мәндегі өлеңдері, махаббат лирикасы деп жүргеніміз, эстетикалық поэзия ғана емес, ол қазақ жастары түсінігінің рухында әйел азатығы және оның отбасындағы теңдігі идеясын жүзеге асыруды аңсайды, осы тұрғыдан алғанда, тіпті Татьянаның сөзімен, Татьянаның жүрек сырын төгуі арқылы кейіпкер әйел рөлін бейнелеп, Абай жастардың көңіл көзін ашып, оларды феодализм мен ислам схоластикасынан бөліп, жұлып алмақшы болады.

Ол заманда панисламизм түркі пантюркизмнен бастап Ресей ішінде де, сол сияқты одан шет жерлерде де, ислам шығысында да, кең жайылып, жаңаша түрленіп алған еді. Осынау панисламизмді бір жағынан ағылшын, герман империализмі жігерлендіріп отырар еді. Егер сіздер ағылшын Томас Корней Вашингтон сияқты буржуазиялық ғалымдардың ислам туралы айтқан пікірлеріне құлақ қойсаңыз, ол тап сол кездегі исламның басқа барша діндерден жалған артықшылығын айрықша атап өтеді, бұл оларға Таяу Шығыста өз саясатын оңай өткізу қажеттігі үшін керек еді. Енді со шақта басқа жақ, басқа қиырдан, Мысыр мұсылмандары арасынан Махмед деген ғұлама шығады да, барлық мұсылмандардың басын қосатын ұран ретінде, панисламизм идеяларын насихаттайды. Сөйтіп олардың идеялары Ресей мұсылмандары арасына кеулеп кіре береді. 80-ші жылдары Бақшасарайда «Тілмаш» газеті шыға бастайды, ол Ресей мұсылмандары арасында панисламизм идеясын уағыздайды... оның астары — екінші жағы Ресей мәдениетін және орыстармен жақындасу атаулының бәрін жоққа шығару болатын... сонда ағылшын империализміне жағу үшін Түркияға, Бағдат халифына, Меккеге ж. б. ынта-ықылас қоюды ұсынады да, газет, жарамсыз кәкір-шүкір ойларды таратады. Қазанда, Офада, Орынборда көптеген кітаби ақындар-оның

ішінде татар молдалары да бар — пайда болады. Міне Абайдың мен Әзірет Әліні жырға қоспаймын деп жазатыны осыдан. Біз оның осылай бой тартуын, сол кездері Таяу Шығыста дәріптеліп жатқан панисламизмді теріске шығаруынан да байқаймыз, сөйтіп ол өзінің жұғымды жөн-жоралғысында қазақ даласының тарихи томаға-тұйық тіршілік кешуін уағыздамаған, ол туған түзінің тағдырын Ресей тағдырымен байланыстыру қажет деп есептеген. Ол Толстойшылықты емес, Толстойдың реализмін қабылдайды. Абайда осының бәрінен Абайда қайшылық болмаған деген ұғым туа ма? Жоқ, Абайдың қайшылықтары болған.

Абайдың көзқарасынан біз сол дәуірдің әлеуметтік-тарихи жағдайына қатысы бар көптеген жәйттерді табамыз. Ол патшалықты теріске шығармайды, Герцен уағыздаған жәйттерді уағыздамайды. Ол шаруа еңбегін түсінеді, бірақ олардың күрес жолын көрсете алмайды...

Абай Чернышевскийге көп қарап, көп үніліп, одан мол рухани азық алған, бірақ оның өзінің сол Чернышевскийдей тұрлаулы революцияшыл-демократ болуына кедергі жасаған не? Меніңше, оған кедергі жасаған... оның діни сенімді адамгершілік моральдің жоғары түрі деп ұғуы, және дуализм элементтерінің — жан мен тән екі субстрат ретінде дербес тірлік етеді — деп білуі:

Ақыл мен жан — мен өзім, тән — менікі,  
«Мені» мен «менікінің» мағнасы екі.  
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,  
«Менікі» өлсе өлсін, оған беки.

*(1 том, 265-б.)*

Егер исламның дәріптеушілері екі субстанция, екі бастау — тәндік және жандық бастау бар десе, Абай да соны айтады, бірақ ол ақылды қосады. Жан — ол менмін, ал тән — менікі, мұның екеуі әртүрлі екі нәрсе.

Өлсе елер табиғат, адам өлмес,  
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап — күлмес.  
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын  
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.

*(1 том, 165-б.)*

Табиғат өледі, бірақ адам өлмейді. Табиғатты ол тән деп атайды. Бұл — дуализм.

Өзіңіз көріп отырғаныңыздай, бұл арада орыстың ұлы ойшылы, Ресейдегі шаруа көтерілісінің идеологі

Чернышевскийдің материализмі мен революциялық демократизмінің тиянақты тұрлаулылығы жоқ. Мұнда ол Чернышевский дәрежесіне жете алмайды. Егер біз орыстың революциялық демократиясы идеологтерінің тарихи тапшылығы жөнінде айтатын болсақ, сол сияқты Абайдың да тараң-тапшылығын айтуымыз керек. Ол схоластикаға қарсы болған, осынау ілімді тарататын уағызшылдарға қарсы шыққан. Абай оларды шығыс философиясын қайталап жүргені үшін айыптайды. Біз философия тарихынан оның — шығыс философиясының антиктік философия мен батыс еуропа философиясы арасындағы үлкен бір буынды толықтырғанын білеміз. X—XI-ғасырларда Шығыста атеизмге дейін жеткен қызықты философия пайда болған...

Абай Аристотель философиясының негізіне шәк келтіріп, ой таластырған ағымның ең жарқын өкілдерін білген, оларда тарихи жағынан теріс ой-тұжырым элементтері болған. Ал сосын осынау Шығыс ұзақ ұйқыға шомып кетеді. Шығыстың осы бір ұзақ ғасырларға созылған қимылсыздығын XIX ғасырдың орта кезінен бастап Абай секілді қайраткерлер бұзады да оятады. Бұл тым ұзаққа созылады. Философия гүлденген тұстары әралуан аудармалар, қайталап айтушылық, бұрын жазылған жәйттарды мазмұндап баяндау дәстүрі етек алады. Мұның бәрі Абайға мәлім болған, Абай исламның шығыстық аудармаларынан нағыз философияны исламдық дінтану іліміне айналдыруға тырысушылықты ғана көреді.

Ақында, философиялық бағыт ретінде, атеизмге қарама-қарсы тұратын дуализмге ден қоюшылық болады. Абай, адам бөлінбейтін екі негізден — жан мен тәннен тұрады — деп есептеген. Абай дуализмді мүлде қабылдамайтын материализмді түсінбеген... бірақ дүниенің бар екенін материалистік жолмен мойындайды. Абай дуализмінің өзінше ерекше болатыны да осыдан. Кез келген адамгершілік қасиеті күшті кісі тарихты түзеп, өзгерте алады — деп ойлаған ақын. Меніңше, Маркке дейінгі философтар да олардың рөлі жайлы ойлағанда қасиетті адам тарихты өзгерте алады деп түсінген. Сол себепті де Абай әуелде атеист болып, кейін 90-жылдары, Салтыков-Щедрин сияқты, пессимизмге бой алдырып, торығады.

Ол атеист болған жылдарында кімге арқа сүйеп, табан тірерін білмейді. Оның Белинскийді дұрыс түсінбеген бір өлеңі бар, ол қасиетті адам — единица, ал қал-



ған халық — нөл — деген Белинский ойын үстірт қайталайды. Егер орнында единицалар болмаса, нөл деген не. Ал, Белинский оны қоғамдағы тұлғалы адам туралы, жеке ұлттар мен ұлыстар туралы айтқан. Белинский дүниеге келіп, ештеңе қалдырмай кеткен ұлттар мен ұлыстардың бар екенін айтады. Олар нөл секілді. Абай осыны дәл тауып, оны жеке тұлғаның рөлін анықтау үшін қолданады. Маркске дейінгі философтардың бәрі де осы идеализммен, тарих идеялар прогресіне келіп саяды дегенді, тарихты халықтарсыз-ақ өз қолымен жасайтын білімді адамдар, қаһармандар болады дегенді мойындаудан бастау алады. Орыс халықшылдары Лавров, Михайловский осынау идеалистік позицияда бәрінен де берік тұрып қалады.

Мен бүгінгі дәрісімде Абайдың қоғамдық-философиялық көзқарасы, этикалық және эстетикалық көзқарасы туралы тап осы жәйттарды білдіргім келген еді, өйткені біз бұл туралы бұрын жарияланған мақалаларымызда осы уақытқа дейін айтпай келген едік.

Енді мен Абай шығармашылығының жеке түрлерінің кейбір ерекшеліктері туралы тоқталғым келеді. Абайдың халық туралы, жастар мен әйел мәселесі жөнінде, шенеуніктер жөнінде, сонда болыс басқармашының шенеуніктері жөнінде жырлар жазғанын білесіздер, ол со жырларында патшалықты тікелей жоққа шығармағанымен, оның шенеуніктерін, болыстарды тап Салтыков-Щедрин сияқтанып, айрықша күш-жігермен, өшпенділікпен, аяусыз соққылаған. Ол қазақ аулы мен қазақ даласының экономикасы, тұрмыс-салты, табиғаты туралы жазған. Сіздер оның орыс классиктерін тамаша етіп аударғанын білесіздер.

Мен ақын шығармашылығының өзге бір түрі жөнінде айтқым келеді. Оның басқа да туындыларының ішінде кереметтей екі поэмасы бар. Бірақ мен оларға дейін ақын аудармаларының ерекшеліктеріне тоқталып өтейін. Абай Пушкинді аударғанда Крылов пен Лермонтовты аударған кезде қолданған әдісін қайталамайды, ал Татьянаның хатын аударуға тосындау тұрғыдан келеді. Ол Пушкин бейнелеген Евгенийді емес, басқа геройды жарыққа шығарғысы келеді... Абай Евгений Онегиннен жағымды кейіпкер жасайды. Белинский сөздерінде: Татьянаның ғазиз жанын көргенде, Пушкиннің со мұңлықтың тағдыр-талайын, асыл жанды орыс аруын, Евгений Онегин сияқты, оның сүйкімді сән-салтанатын сезіп-білмеген мәгас адаммен байланыстырғанына қын-

жыласын деген ойы бар. Сосын Белинский — Евгений Онегин шын мәнінде сырт көзге әуел баста көрінгеніндей көкірек емес. Евгений Онегин Гарольд (Чайльд Гарольд — Байрон поэмасының қаһарманы — ауд.) кейіп-тес мәскеулік бекзат. Оны сәл қырнап жіберсең, сыртқы сипаты ішінде орыстың жан-жүрегі бар. Бірақ Татьянаның елгезек жаны лүпілдеп көрінеді де, Евгений Онегиннің жаны хал-қадарынша көрінбей қалған.

Сөйтіп Абай Белинскийдің осы бір ойынан бастау алады. Абайда Евгений Онегин бикешпен түсініскеннен кейін өзіне өзі қол салып көз жұмады, осы түйінге жүгінсек, ол махаббатына адал-ақ күйінде қалады, осы түйіннен шығады да, Абай олардың қатынасын өзгеше пайымдайды. Ол со уақыттың жастарына өз сезімдерін тепе-тең хұқпен білдіріп, бір-біріне тепе-тең хұқпен ұмтылатын тең хұқылы кісілерді көрсетпек болады, бірақ кейін оларды бір-бірімен қоспайды — бұл со заманның қоғамдық қайраткері — Абай жанына жақын түсінікті жәйт болатын.

Екінші жағынан Шығыста назира атты әдеби дәстүр болған: ол — аударма емес, қайталап жырлау, классикалық поэзияның белгілі бір тақырыбын, белгілі бір сюжетті әр ақын өзінше жырлаған, бір ғасырдың ақыны басқа бір ғасырдың ақынымен шығармашылық жарысқа түсіп отырған, бір тілдің ақыны келесі бір тілдің ақынымен бәйге жарысқа қосылған. Шығыста осындай бір дәстүр бар. Мәселен, сіздер Низами мен Науаиды оқыған кезде, Фархат пен Шырын сияқты бір есімнің әлденеше рет қайталанатынын көресіздер. Айталық, сіздер поэтикалық лириканы... немесе Александр Македонский жөнінде оқығыңыз келеді делік, ол Низамиде де, Науаиде де бар, ақындардың бәрі де со бір классикалық сюжетті алады да, қайта жырлайды, ақын талантты болған сайын, осы тақырыптарға бар күшін салады. Шығыста тап осындай бір дәстүр болған. Бұл авторлар мүддесіне ешбір нұқсан келтірмеген, ешкім оны әдеби ұрлық, еліктеушілік деп ойламаған, өйткені олардың әрқайысы тең хұқты болған, басқа тілде, басқа ғасырда өзінше жырлаған, мұнысымен Низами-Науаидың тілін, шағатай тілін тұсамаған.

Осынау шығыс дәстүрі бір кездері әлгіде біз талдаған Онегин мен Татьянаны пайымдау идеяларына қоса, Пушкинге арнайы өлең жазу жөнінде Абайға да ой салған.

1887 жылы қыстыгүні Абай Татьянаның хатын аударды, сосын сол 1887 жылы бүкіл Семей облысының ақындары түгелдей осы өлеңді қайта жырлап шығуға тырысады. Сөйтіп, Қозы-Көрпеш — Баян сұлумен бірге, Пушкин аты мен поэма геройлары — Татьяна мен Онегин бейнелері де көпшілік арасына кеңінен жайылады. Абай оны аударып қана қоймай, оған арнап ән де шығарады, бірақ ол Абай аударған күйінде ғана тарамайды, ақындар оны әрқайсысы өзінше әртүрлі етіп жырлайды. Назира шығармашылық жарысына Абай да қосылып, өзінің «Ескендір» поэмасын жазады, Ескендірді Низами мен Науаи де жырлаған. Әлемнің барлық шахтары мен патшалары, билеушілері арасынан Шығыс классиктері Александр Македонскийді айрықша бөліп алған. Билеушілерді олар сын тезіне салып, әшкерелеп отырған, дегенмен, бір кісіні олар өзгеше құрметтеп, қастерлеген, ол — Александр Македонский есімі еді. Олар феодалдық дәуірдің ақындары болған, шахтық билеушілікті олар қарадүрсін деп есептеген, сол себепті де идеал — әзиз патшаны аңсаған. Міне сондай әзиз патшаны Низами Александр Македонский бейнесінен тапқан. Оның Александр Македонскийі — ұлы әзиз патша күллі адамзат қамын ойлап, оған бақдәулет, барша мұрат іздейді, соны теріскей халықтарының арасынан тапқандай да болады, олардың бәрі бірдей тең екен, олар еңбекті құрметтеп, бәрі де еңбекке бағынып бас иеді екен. Теріскей халықтарын ол іздеп табады да, солардың арасынан әлгідей табынушылыққа ие болады.

Науаи поэмасында осы тақырып бартұғын.

Жиһангер Александр Македонский елсіз шөлге тап болады да, адамдары шөлдеп қырыла бастайды. Қалай екені белгісіз, әйтеуір сәмсіреп жүріп олар бір мөлдір бұлаққа кездеседі, соны өрлеп жүріп отырып, бір құзар шатқалдан келіп шығады, онда үлкен қақпа тұрады. Александр Македонский қақпаны дүңкілдетіп қағып-қағып, оның ашылуын талап етеді: Ар жақтан: «Қақпаны сендейлерге ашуға рұқсат жоқ» — деген дауыс жетеді. Александр Македонский: «Мен халқыма не бетіммен барамын?» — дейді шарасызданып. Сол кезде жоғарыдан бір түйіншекті лақтырады, жазып қараса, ішіндегі қу сүйек дейді. Ол бұған ызаланып, өрмелеп қабырғаға шықпақшы болады. Со кезде Аристотель оны тоқтатады. Екеуі дуал түбіне келгесін, Аристотель безбен алып, оның бір басына сүйекті, екінші басына Алек-

сандр Македонскийдің қару-жарағын салады. Сүйек басып кетеді. Александр таң қалып, таңдайын қағады. Аристотельге қарап, ол: «Бұл не ғажап?» — деп сұрайды. Аристотель со мезетте бір уыс топырақ алып, таразы табағына салады, сүйек бірден жоғары көтеріледі. Аристотель патшаға бұл адамның көз сүйегі, адам обыр, ештеңсге тоймайды. Кәпір көздің араны үлкен, кісі тірі жүріп, тірлік кешкен кездері алған сайын араны ашыла береді, көзіне түскен нәрсенің бәрін қарбытып асай бергісі келеді. Бұл арада ақын тура Александр Македонскийдің өзін мегзейді, ол қанша қаланы талап-тонап, қанша елдерді бағындырып жеңістен — жеңіске жетсе де — оны місе тұтпайды. Тек әлгі жеміт көзге құм құйылғанда ғана адам өзінің өмір тіршілігінің бекершілік екенін ұғады. Бұл дана сөзді Аристотель айтады. Ол Александрға әуелі ақыл-ойға жүгінбей, қара күшке салып, әрекет еттің деп істің мән-жайын түсіндіреді. Бұл арада қасиетті кісі қоғамды түзетуге тиіс деп есептейтін, Абайдың жеке адамның рөлі туралы түсінігі көрінеді. Назираға, шығармашылық жарысқа, қайта жырлауға араласуы арқылы Абай өз идеясын... шығыстың классикалық поэзиясымен алыстырып айқастырады, осылай пайымдауымен... идеалдандырылған қаһармандарды сынап-мінейді. Бұл — Абайдың осы поэмасының ерекшеліктерінің бірі.

Әйелдің адам қоғамындағы рөлі мен қызметі жайлы «Масғұт» атты басқа бір поэмасында ол әйелді бәрінен де жоғары қояды. Қайратты жас жігіт ымыртта тонаушылар қолына түскен бір шалды ажалдан-құтқарады. Қарт оғай ертең пәлен жерден келіп, менің алғыс-рахмегім деп бір базарлық алып қал — дейді. Жігіт ертеңіне келгенде шал оған өсіп тұрған ақ, сары, қызыл түсті үш жемісті көрсетеді. Шығыстың ұғымында бұ шал — Қызыр. Ол: «Көңілің қайсысына соғады? Ақ жеміс — биліктің белгісі, сары жеміс — өлшеусіз мол байлық, қызыл жеміс — әйел махаббаты мен достығы, қалағаныңды таңдап ал» — дейді. Сонда ол біраз ойланып, қызыл жемісті таңдап алады. Шал оған: «Мен сені кінәламаймын, қалағаныңды аласың, бірақ сен қызыл жемісті неге таңдағаныңның мәнісін айтып бер» — дейді. Абай оны өз геройының сөзімен түсіндіріп береді — билік тек ақылды-дана кісілердің қолына тисе ғана игілікті, ал ақылсыздың қолына тиген билік оның өзін кінәраттайды да, қарауындағы жұртқа қатерлі болады. Ал байлық — кез келгеннің бәрін бұзады, байлық-

тың иесінің де және оның маңайындағылардың бәрінің де түбіне жетеді. Менің қызыл жемісті қалап алған себебім — ләззатқұмарлықтан емес, оның себебі әйелдер адамзат қоғамының тең жартысын құрайды, ендеше мен адамдармен достасып, олардың арасында абыройлы-ақжүзді атанып жүруге мүмкіндігім болады және менің әрбір дұшпанымның үй-жайы, шешесі, әйелі мен қарындасы бар делік, демек олар маған араша түсіп, одан райынан қайтуын жалынып-жалбарынып сұрайды ғой. Сонымен шығыс аңызын тап осындай әрі қарапайым, әрі қызықты түрде пайымдап шешеді де, Абай адамгершілік қасиет пен парасаттың биік деңгейіне көтеріледі, жалпы алғанда, біз мұндай жәйтті Абайдың ешбір замандасынан, әсіресе одан бұрын өткен ақындардың бірде-бірінен көрмейміз. Абайдың алдындағы ізашарлары білімді кісілер болған, мәселен, Шортанбайды алсақ, ол бірақ мораль мәселелерін шектеулі схоластикалық тұрғыдан қабылдаудан әрі бара алмады. Ал, Абай ол шектен шығандап шығады да, өз ортасынан асып түседі. Алайда сіздер ол дәуірдің беймезгіл бір ауыр кезең болғанын, өткен заманның ұлы классиктерінің тағдырындағы трагедиялық кезең болғанын білесіздер. Сол себепті де Абайдың терең сезініп толғанған нәрселері қолданыс таба алмайды да, ақырында ақын пессимист болып торығып кетеді.

Абайдың соңғы шығармаларынан біз оның өмірден күдер үзіп, тыныс-тіршілігі, өлең-жыры нәрсіз-құнарсыз топыраққа себілген еңбегі — еш, тұзы — сор бейбақ екені жайлы қамкөңіл, қасыретті сырларын кездестіреміз. Мұны әрине беймезгіл қиын кездің ізі деп түсіндіруге болады, ол нағыз шерті жалғыз болған. Ол даланың тарихи артта қалған мешеулігі жағдайында, Ресейде туып келе жатқан капитализм Қазақстаннан алыс қиянда жатқанда, товарлы-капиталистік қатынас қазақ даласында орыстың аса бай мал сатып алушылары бейнесінде енді-енді көріне бастаған кезде, оны оқып тани коюдың өзі күмәнді еді, сол себепті де замандастары Абайды білмеген десе де болады. Тек бүгін, біздің заманда ғана ақын барша ішек-пернелерімен әуезді жыр төгеді, оны біз жеке-жеке түсініп қана қоймай, күллі туысбауырлас төңірегімізбен түсініп білуіміз қажет, өйткені ол мұндай туыс сезімді қазақ халқының ұлттық қоныс-өрісінде ғана емес, бүкіл алдыңғы қатарлы адамдардың қоғамдық ортасынан да тауып отыр,

## ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

### Тезисы доклада «О поэтической школе Абая»

1943 жылы 8 июльде Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының дирекциясында Абайдың жүз жылдық мерекесіне даярлық мәселесі туралы кеңес шақырылып, мәжіліс өтті (Архив ҚазПИ, опись I—Л, связка 63, личное дело № 402)

Кеңесте Қазақ ССР Ғылым академиясына қарасты Тіл және әдебиет институты мен ҚазПИ-де Абай мұрасын зерттеуге арналған сессияның тақырыбы туралы Мұхтар Әуезовтің арнаулы хабарламасы тыңдалды (Қараңыз: «Мұхтар Әуезов ҚазПИ-де». Жетісу, 1978, 13 октябрь)

М. Әуезовтің ұсынысы бойынша сессияда бес кісі: С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Т. Тәжібаев, М. С. Сильченко және М. Әуезовтің өзі баяндама жасауға белгіленді. Өйткені М. Әуезовтің: «... бұл сессия Абай мұрасын мейлінше байсалды түрде ғылыми тұрғыдан келешекте жүргізілер зерттеу жұмыстарының бағдарын айқындауы тиіс»,— деп арнайы түрде атап өтуінің өзі-ақ бұл мәселеге ерекше көңіл бөлгені байқалып тұр.

Мұхтар Әуезовтің өзі осы ғылыми сессияда «Абайдың әдеби мектебі» деген тақырыпта баяндама жасауға алдын ала даярлану үстінде анықталатын ой-пікірлері мен танымының желісін тезис түрінде қағазға түсіріп, тұжырымдаған (ЛММА архиві, № 253-папкі, I-6)

Өтудеге тиісті баяндаманың тексі «Абайдың ақындық мектебі туралы» деген атпен 1944 жылы 24 ноябрьде жазылған болатынды.

Мұхтар Әуезов шығармашылығында соңғы жылдары мейлінше кең сөз болатын Абай ақындығының айналасы, Абай тұсындағы ақындар Абайдың әдеби ортасы, Абайдың ақын шәкірттері, Абайдың ақындық дәстүрі деп салаланып жіктелетін ойларының желі тартар негіздері осы атақты тезисінде толық қамтылған.

Бұл аталып отырған тезис те ЛММА архивінде сақталған қолжазба нұсқасы негізінде жіберіліп отыр.

### Қазақ әдебиетінің тарихы

Бұл қолжазбадағы тақырыптар: «Абай Құнанбаев (1845—1904), «Абайдың шәкірттері», «Ақылбай (1861—1904)», «Мағауия (1870—1904)», «Қөкбай Жанатайұлы (1861—1927)» деген атпен жіктелгенін көреміз. Бұл о баста Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында даярланған «Қазақ әдебиетінің тарихы»

XVIII—XIX ғасыр әдебиетін қамтитын екінші томға жазылатын монографиялық еңбегінің тезис жоспары ретінде ұсынылған болатын (ЛММА архиві, № 212 папкі, 12—17-б.).

Автор осы тезис жоспары негізінде көлемді ғылыми монографиялық еңбегінің алғашқы нұсқасы жазылып бітсе де, оны сол қалпында ұсына алмаған. Бұған себеп: 1951 жылы абайтану саласында өткізілген пікір таласынан кейін жалпы әдебиет пен тарих саласындағы ауа жайылушылықтың өріс алуына орай автор даярлаған қолжазбасына елеулі өзгерістер енгізген. Бірақ автор о баста мақсат еткен тақырыбына орай жазылғандарын толық-тұтас күйінде бермей, елеулі өзгерістер, қысқартулар жасап барып жөнлегені байқалады.

«Абай шәкірттері» деген тақырып та молынан жазылса да, екінші томға толық түрінде енбей қалған. Бір жақсысы толық күйінде болмаса да негізгілері жазушы архивінде сақталып қалған (ЛММА архиві, № 194-папкі, 35—66-б.) қолжазба нұсқасы негізінде толық түрде беріліп отыр.

### Абай мектебінің ақындары

Абай туралы Мұхтар Әуезов жазған ғылыми монографиялық еңбектің сегізінші бөлімі тұтастай Абай мектебінің елеулі салмағы бар, творчестволық ерекшелігімен көз тартатын ақындарына арналған көреміз. Бірақ бұл бөлім материалдары тұтас сақталмаған... Түптелген қолжазбадан жыртылып алынған жерлері жоғалған, бір-бір-жарымды беттері аралас-құралас түрінде жетіп отыр.

«VIII. Абай мектебінің ақындары» (ЛММА архиві, № 195-папкі, 318—319-б.) деген тақырыптағы көлемі екі-ақ бет қолжазба Абайдың ақын шәкірттері шығармашылығы мен өмірін талдауға арналған тарауға шолу ретінде жазылған кіріспе сөзге ұқсайды. Бірақ кіріспе сөз де түгел сақталмай, соңғы жағы жоғалған қалпында жетіп отыр. Өйткені ең соңғы сөйлемі: «Абайдың көзі тірісінде оның айналасына жиналған талап...» деген жерде үзіліп қалуы да аңғартып тұр. Шолу ретінде берілген бұл кіріспе сөзді қаншалықты іздестірсек жазушы архивінен табылмады. Қолда бар қолжазба нұсқасы бойынша берілді.

### Көкбайдың ақындығы

«Көкбайдың ақындығы» деген бөлімше М. Әуезовтің Абай туралы монографиясының түптелген қолжазбасы арқылы жетіп отыр. Мұның өзі де түптеген қолжазбадан жыртылып алынған қалпында жүр. «Көкбайдың ақындығы» деп аталатын бұл қолжазба Көкбай Жанатайұлының (1861—1927) өмірі мен шығармашылығын қысқаша түрде тұжыра баяндаса да, Көкбай ақын туралы ең алғаш жазылған толық дерек десе болғандай. Бұл М. Әуезовтің 1934 жылғы «Абай ақындығының айналасы» деген мақаласында Абайдың тікелей маңындағы төрт ақын шәкіртінің бірі Көкбайға арналғандықтан, ЛММА архивінің № 194-папкі, 149-беттегі қолжазба нұсқаның негізінде берілді.

## Из выступления на общегородском собрании интеллигенции 27 апреля 1951 г.

Архив ЛММА, папка № 190, л. 71—80.

1951 жылы Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақ ССР Ғылым академиясы бірігіп Абай мұрасы жөнінде өткізген пікір таласында Мұхтар Әуезов «Абай мұрасының зерттелу жолындағы жетістіктеріміз бен кемшіліктеріміз» деген тақырыпта баяндама жасап, өз танымын, көтеріп жүрген проблемалары жайындағы пікірін ортаға салады. Дискуссияда бұдан өзге баяндамалар да тыңдалып, қызу пікір таласының өріс алуына орай Мұхтар Әуезов, әсіресе, Абайдың ақын шәкірттері немесе кең тұрғыдан алғанда Абайдың ақындық дәстүрі, оның ұлы ақыннан соң жалғастық табуы жөнінде екінші рет пікір таласына араласады (ЛММА архиві, № 190-папкі, 57—59 б.).

Абайдың ақындық мектебі жайындағы танымды Көкбай Жанатайұлының шығармасына бола («Сабалақ» дастаны) Кенесары Қасымов бастаған қозғалыспен байланыстыра қарастырудың біржақты ұшқары таным екенін дәлелдеп, өткір сын айтады. Өйткені шәкірт ақындардан Мағауия «Шамиль», Көкбай «Сабалақ» дастанына бола, үлкен де айтулы ақындық дәстүрін қалыптастырған ұлы ақынның жаңа бағыттағы ақындық өнердегі жасампаз дәстүрін жалаң терістеу болатынын әрі бұл пікірдің шын мәніндегі ғылыми танымға қайшы келетінін қатты ескертеді.

Бұл жолғы дискуссияда екінші рет сөйлеген М. Әуезов сөзі ЛММА архиві, № 190-папкі, 57—59-бетте сақталған стенограммалық текс негізінде берілді.

### Достижения и недостатки в изучении наследия Абая

Өз баяндамасында М. Әуезов ұлы ақын мұрасын зерттеу саласындағы сегіз түрлі өзекті де буынды мәселеге жеке дара тоқталып, ол жөніндегі танымын, не істеу керектігі жайындағы ой-пікірлерін ортаға тастайды.

Абайтану жөніндегі пікір таласында өте өткір қойылып, қызу талас тудырған әрі субъективті пікірдің өріс алуына жол ашқан нәрсе, негізінен, Абайдың ақын шәкірттеріне байланысты туындады. М. Әуезов баяндамасында және осы пікір жарысында екінші рет сөзге шығып, пікір сайысына түсуінде (ЛММА архиві, № 190-папкі, 57—59-б.) осы күрделі де қиын, мейлінше аз зерттелген мәселеге көбірек тоқталып, Абайдың ақындық мектебі, Абай тұсындағы ақындар, Абайдың әдеби ортасы, Абайдың ақындық дәстүрі деп сан-саққа жүгіргіп, таласқа түсіріп жүрген мәселенің бәрі де негізінен Абайдың ақындық дәстүріне келіп тірелетінін тиянақтайды. Мұның өзі Абай тұсындағы әрі Абайдан соңғы және де әсіресе қазақ совет әдебиетіндегі Абайдың ақындық дәстүрінің жалғастық табуы мен үдере дамуы туралы аса күрделі мәселенің тұтас қойылуы себепті, қазір де тіпті келешек зерттеу жұмыстарында да алға қойылмай тұрмайтын міндетке айналарын көрсетеді.

«Достижение и недостатки в изучении наследия Абая» деп аталатын баяндама тексінің көптеген нұсқалары (ЛММА архиві, № 220, 452, 453-папкілер) жазушы архивінде сақтаулы жатыр.

Бұл жолғы нұсқасы 1951 жылы абайтанудағы пікір таласында жасаған баяндамасының қолжазба түпнұсқасы негізінде (ЛММА архиві, 8 199-папкі, 135—173-б.) өзгеріссіз, толық түрінде жіберілді.



## Абайтану (лекция)

Мұхтар Әуезов Қазақстанның жоғары оқу орындарында 1942 жылдан бастап абайтанудың арнаулы курсына жүргізіп келді. Абай мұрасын ұзақ жылдар бойы зерттеп, жинастырған деректері мен ой-толғаныстарын жыл өткен сайын қорландырып, тыңдаушыларының санасына күйіп отырды. Лектор жыл өткен сайын ізденіп, ой дәрежесінің биіктеуімен бірге тыңдаушыларын да таным жағынан өсіріп отырды.

Аддынан жиырма жыл жас түлектерді өткізіп, оларға осы жылдар ішінде абайтанудан оқыған дәрістерінсің-ақ лектордың эволюциялық ой танымының өсу дәрежесін аңғарғандаймыз. Өзі оқыған дәрістің сапалық, мазмұндық жағын оқтын-оқтын шәкірттерінің конспектісі арқылы тексеріп отыратын машығы да болған. Мысалы, 1945—1946 оқу жылында ҚазГУ-дің 3-курс студенті Рәзия Рүстембекованың (қазір жазушы, филология ғылымдарының кандидаты) абайтанудан жазған конспектісін тексеріп, оқып белгілер қойған қолтаңбасы жазушы музейінде сақталуда (ЛММА архиві, № 331-папкі, 1—72-б).

Бұл арқылы екі түрлі мақсат көздегені байқалады: а. Дәріс үстінде айтылған ой желісін шәкірттер қай дәрежеде қабылдап түсіне алғанын аңдау; б. Р. Рүстембекованың айтуынша, М. Әуезов: «Адам сөйлеп тұрғанда кейбір қағазға түспейтін ойлар, сөздер келіп отырады»,— деп сабақ үстінде айтылған ойлары мен сөздерін қалағалап қарауды машығына айналдырған.

«Абайтанудан (лекция)» — М. Әуезовтің 1945—1946 оқу жылында ҚазГУ-де оқыған лекциясының конспектісі. Ең алғаш 1942 жылы абайтанудан жүргізген дәрісінің конспектісі өзінше қолға түспеуі себепті Абайдың жүз жылдығы мен әрі 1945—1946 жылдары оқылған лекциясының мазмұн дәрежесін, қамтылған деректерінің көлемін байқау мақсатында беріп отырмыз.

### Абайтанудың арнаулы курсы

Мұхтар Әуезовтің абайтанудан әр жылдар оқыған дәрісінің мазмұны, деректер көзі өзгеріп, жаңа сапа танығып отырады. Осы ерекшелікті аңдау үшін лектордың наурыз, сәуір, мамыр айлары ішінде оқылған лекциясын ұсынып отырмыз. Бұл лекцияның конспектілеген сол кездегі ҚазГУ-дің 3-курс студенті Әуезхан Қанафин (Бұрынғы Қазақ ССР Оқу министрінің орынбасары). Лекция 30 сағат көлемінде және де абайтанудан жасалған арнаулы курстың бағдарламасы негізінде өткізілген.

М. Әуезовтің 1945 жылы абайтанудан оқыған дәрісі мен 1950 жылы оқыған дәрісінің арасында мазмұны мен Абай мұрасын тану арасында елеулі сапалы айырмашылықтың барлығын көреміз.

Бұл ерекшеліктің әсіресе дәрістің тақырларға салалануында, ұлы ақын мұрасы жайында жаңа ой-толғаныстар мен соны деректердің молырақ қамтылуы, Абай дүниетанымын жаңаша, өзінше аша түсуінде анық байқалады.

«Абайтанудың арнаулы курсы» деп аталатын Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі М. Әуезов тарапынан 1950 жылы наурыз, сәуір, мамыр айларында оқылған дәрісінің конспектісі сол кездің 3-курс студенті Әуезхан Қанафин жазып алып сақтаған қолжазбасының негізінде берілді.

## 2-лекция. Абайдың басылымдары

Бұл лекция Абай мұрасының революцияға дейінгі және кеңестік дәуірдегі зерттелу тарихына арналған. Бұрынғы тезистік жоспардан бұл лекция тексінің ерекшелігі — сабақтың екі желіге бөлініп, айтылуға тиісті деректер көзінің молдығында жатыр.

Абай шығармаларының революцияға дейін үш түрлі жолмен таралу тарихын бір бөліп алады да, соның баспасөз арқылы таралу тарихына кеңірек тоқталады (1—8-бөлік).

Екінші желіде негізінен Абай мұрасының зерттелу тарихындағы буынды кезеңдері қамтылған (13-бөлік). Ғалым ойының көп нәрсені жинақтап, ретіне қарай салалап жүйелеген әрекеті белгі беріп тұр. Бұлары, әсіресе, 2, 3, 8-бөліктерде ерекше сезіледі. Лектор ойының жыл сайын қорланып толығып өскені осы желіде қамтылған мәселелер құрамына да байқалып тұр. Мысалға алар болсақ, екінші бөліктегі: «1922—1924 ж. тұсында Абай керексіз деушілер.»,— деп ақын мұрасын тануда 20—30 жылдардағы, аяғы соңғы күндерге дейін созылған тұрпайы социологиялық теріс танымның абайтану саласында көбірек аялдаған зарарлы әсеріне тоқталса, 3-бөліктегі: «1924 жылдың нәтижесі — 1933 жылғы толық жинақ... 1927 ж. өмірбаяны»,— деуінде үлкен сыр жатыр. Өйткені абайтанудың негізін тұңғыш толық жинақ пен Абайдың ғылыми өмірбаянының жариялану жытынан басталады деп жүрміз. Ал М. Әуезов Абайдың тұңғыш толық жинағының алғашқы нұсқасы 1924 жылы, ал Абай өмірбаяны 1924—1927 жылдар аралығында жазылып біткенін хабарлап отыр. Семей облыстық өлкетану музейі архивінің хабарлауынша (Семей өлкетану музейі, 8-папкі, № 3 протокол, 1924 ж. 21 қазан) Абайдың тұңғыш толық жинағы ақынның қайтыс болуына жиырма жыл толуына байланысты 1924 жылы Мұхтар Әуезов тарапынан баспаға ұсынылған болатын-ды. Осымен бірге Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы құрастырылмақшы ғылыми жинаққа да кірісіп кетеді. Ал Абай өмірбаяны осы жылы жазылып, 1927 жылға дейін өңделіп, толықтырылып келгенін хабарлайды.

Абайдың толық жинағы 1924 жылы даярланғанын тіпті абайтанудан оқылған арнайы курсты тыңдаушы 1946 жылдағы үшінші курс студенті Рәзия Рүстембекованың жазушы архивінде сақталған конспектінде: «1924 жыл жиырма жылдығына байланысты шамадан келгенше «Абайдың толық жинағы» деген жинақ болды. Бұл жинақ-1924, 1925, 1927 жылдары жиналды. Жинаған адамдардың көбі Абай маңында болған «Көкбай, Көкітай...» (ЛММА архиві, № 331-папкі, 152-б). — деп жазылу дерегінен де аңғарамыз.

Ал 8-бөліктегі: «Абай — педагог», «Абай — психолог», «Абай — философ» деп тақырыпқа бөліп жазуынан енді 1945 жылы ұлы ақынның жүз жылдық мерекесі қарсаңында Абай мұрасының әр түрлі қоғамдық ғылымдар салаларында да зерттеле бастаған әрекетті көреміз.

«Біз қалай тексереміз» деген 11—12 бөлікте Мұхтар Әуезов өзінің Абай мұрасын зерттеу жолында ұстанған басты принципі: «Біздің ұсынатын, қолданатын әдісіміз барлық дүние классиктерін зерттеудегі дағдылы әдіс өмірімен, өсу, даму жылдарымен, ақындық эволюциясымен (творчестволық эволюция) жыл-жылдап тексеру»,— деп атап көрсетуінің ғылыми мән-мағынасы зор пікір. Өйткені М. Әуезов ұлы ақын мұрасын ізерлей қарастырған ғылыми зерттеулері мен басты шығармасы «Абай жолы» эпопеясында да осы әдісті басты бағыт-бағдар ретінде ұстанғанынан хабар береді. Тіпті, Абай өлеңдерінің жазылу мерзімін анықтау жолындағы ізденістерінде де,

айықтау тарихына да осы жолы арнайы тоқталғанын көрсек болады.

Жазушы жалпы өзінің творчестволық әрі ғылыми зерттеу жұмыстарының негізгі нысанасы болған Абай шығармаларын зерттеу барысы екі түрлі жолмен жүргізілсе де, олары бірін-бірі толықтырып, бір мақсатқа қызмет еткенін: «...Мен шама келгенше ғылым жолымен өмірін, ақындығын зерттемекпін. Ал шығармашылық еңбектерімнен лyesа, роман туралы да өз ойым ақынды ғылымдық зерттеумен негізі бір деймін»,— деп өзінің гұмыр бойы ұстанған басты әдісінің біріне айналғанын алғаш рет мәлімдейді.

Осы ойын өзінің шашпа пікірлерінде де, «Абай жолының» жазылу тарихы жөніндегі, еңбектерінде де арнайы атап көрсетуі жазушының бұл мәселеге аса зор мән бергендігін аңдатады.

«2-лекция. Абай басылулары» да ЛММА архиві, № 249-папкідегі түпнұсқа негізінде өзгеріссіз түрде толық қалпында ұсынылып отыр.

### Абай жөніндегі тақырыптар

Абай шығармаларын жоғары оқу орындарында оқытуға байланысты Мұхтар Әуезов мұнда да отыз түрлі тақырыпты ұсынғанда бұларды негізінен арнаулы семинар сабақтарын өткізгенде көбірек қолданып отырғаны байқалады. Ғалымның Абай жөніндегі тақырыптарды студенттердің Абай мұрасын жан-жақты танып, толық қамтылуын ескеріп барып жасағаны сезіліп тұр.

«Абай жөніндегі тақырыптар» ұлы ақын мұрасын танып білуде студенттер үшін даяр ұсыныс екендігін ескере отырып, бұл да ЛММА архиві, № 339-папкі, 9—10-беттегі қолжазба нұсқаның негізінде жіберілді.

### Абайды тану жөніндегі зерттеулік мәселелер

М. Әуезов ұсынған бұл зерттеулік проблемалық мәні бар тақырыптар көбінесе Абай мұрасын біршама жақсы танып, ол жайлы кейбір тақырыптарды өз бетімен танып барып пікір айтатын, ой толғарлықтан даярлығы бар шәкірттерге ұсынатын болған.

Бұл тақырыптар әсіресе студенттердің ғылыми қоғамында баяндама жасау, диплом жұмыстарын жаздыруға пайдаланған.

«Абайды тану жөніндегі зерттеулік мәселелер» де ЛММА архиві, № 532-папкі, 5—7-беттегі түпнұсқа негізінде берілді.

### Абайды тану курсының бағдарламалары

Қазақ әдебиетін жоғары оқу орындарында оқытылу тарихында зерттеушілік ойдың саны молығып, сапасы көтерілуіне байланысты С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде тұңғыш рет арнайы курс пен семинар сабағының өтілуі де 1942 жылы М. Әуезов абайтанудан жүргізе бастаған.

Абайтанудан оқыған дәрістерінде М. Әуезов өзінің ұлы ақын мұрасы туралы ізденістері мен зерттеулерін бір ізге түсіріп, жүйелеуге әрекет етті. Әр жылы өткізген сабақтарының студенттер жазған конспектсін оқтын-оқтын қайта қарап қадағалап, жыл өткен сайын ойына ой қосып, қорландырып, байытып отырған,

Кейіннен өзі оқыған лекцияны жүйелі түрде студенттер толық түрде лекцияға түсіре алмауы себепті, стенографист арқылы жаздырып, қайтадан сын көзімен қарап толықтырған тұстары да бар. Оқыған лекцияларын осындай тәсілмен жетілдіре отырып, соны деректер қосып ширатқан. Осылайша көлемді ғылыми монографиялық еңбегінің негізін қалайды.

Жоғарыда айтылған абайтану туралы арнайы курстың бағдарламасының үш түрлі нұсқасын жасайды. Бұл үшеуінен де мазмұны монографиялық еңбектің желісіне сай құрылған ерекшелікті көреміз.

Бұл аталған абайтанудың арнайы курсына құрылған бағдарламалардың 1951 жылы жазылуының да өзіндік себептері бар. Өйткені бұл қазақ әдебиетін оқыту жөніндегі алғашқы арнайы курсқа арналған бағдарлама болуымен де ерекшеленетін. Әрі оның жазылу жағдайы сол тұста абайтанудан өткен пікір таласының өткір қойылуына байланысты М. Әуезовтен өзі оқып жүрген арнайы курсының бағдарламасы талап етіле бастады. Осы себепке байланысты М. Әуезов абайтанудан өтілетін арнайы курстың бағдарламасын алғаш рет 1951 жылы 8-ақпанда жазып бітірді. Бұл нұсқада М. Әуезовтің Абайдың ақын шәкірттері туралы танымы толығырақ, нақтырақ берілді.

1951 жылы шілде айында өткен абайтану саласындағы дискуссиядан кейін бағдарлама қайта жазылып, Абайдың ақындық мектебі немесе ақын шәкірттері туралы деректер алынып тасталды. Бұл нұсқасы 1951 жылы 15-қарашада даяр болды. Дәл осы жылы ғалым жазып жүрген монографиялық еңбек те жазылып бітті. Бірақ сол тұстағы әдебиеттегі ауа жайылушылыққа орай, бұл еңбектен де «Абайдың әдеби мектебі» деген тарау алынып тасталды. Яғни жана бағдарлама талабына қарай, монографиялық еңбекте де өзгерістер орын алды.

Абайтанудың арнайы курсына арналып жазылған бағдарламалардың екі нұсқасы да ЛММА архиві, № 257-папкі, 7—10, 11—15-беттердегі нұсқасы бойынша екі бағдарлама да қатар жіберілді.

### Абайдың өмірі мен еңбегі

*(Ақынның 100 жылдық мерейтойында Қазақстан Жазушылар одағының мерекелік пленумында жасаған баяндама)*

Абайдың қайтыс болғанына<sup>1</sup> 95 жыл толу (1940 ж.) мерекесінен кейін, Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында Жеңіс күніне сеніммен қараған совет халқы ұлы ақынның 100 жылдық мерейтойына алдын ала даярлана бастады. Бұл тұста М. Әуезов абайтану саласындағы ғылыми жұмыстарына қызу кірісіп, Абайдың ғылыми өмірбаянына тиісті нұсқасын жазуға кірісіп, Абай туралы драмалық жанрдың әр түріндегі көркем туындылар мен көлемді романдары шықты. Әрі Абайдың жүз жылдық мерекесін өткізуге даярлану жолында үкімет комиссиясының мүшесі ретінде ұйымдастыру жұмыстарымен де қызу араласты. Қазақстан Жазушылар одағының мерекелік пленумында «Абайдың өмірі мен еңбегі» туралы баяндама жасау абайтанудың бірегей білгірлері ретінде М. Әуезовке тапсыруы кездейсоқ нәрсе емес-ті. Мерекеге баяндама М. Әуе-

<sup>1</sup> «Қайтыс болғанына» деп жаңсақ кеткен, дұрысы: туғанына.— ред.

зовке сеніп тапсырудың толық негізі бар еді Өйткені ұлы жазушы өзінің творчестволық өмірінің осы тұстағы кезеңін түгелдей Абай мұрасын зерттеу мен насихаттауға арнаған. Абай туралы ғылыми мақалалары, Абай өмірбаяны және Абай романы жөніндегі әдеби сценарий, кинодрама, опералық либреттолар — бәрі де осы тұста жазылды.

Міне осындай жан-жақты творчестволық даярлықпен келген М. Әуезов Қазақстан Жазушылар одағының пленумында Абайдың өмірі мен еңбегі жайлы баяндамасында көпшіліктің назарын өз ойында көп жыл еңбектену процесінен кейін туған ақын мұрасының басты-басты ерекшеліктері мен Абай өлеңінің басты сарыны өзі жасаған саяси әлеуметтік өмірден туындағаны заңдылық. Ақын мұрасының нәр алған рухани көздеріне аударды. Абайдың композиторлық өнері де алғаш рет осы баяндамада өз көрінісін тапты.

М. Әуезов ұлы ақынның жүз жылдық салтанатты юбилейінде баяндама жасауға алдын ала даярлық жүргізеді. Осында айтылар ойы мен тачымының негізіне арқау болар ой желілеріне Абай шығармаларынан нақтылы өлең үзкітерін іздестірген Мысалы, ақын творчествосының рухани нәр алған түп-төркіндерін, өзгеге берген өзекті ойлар желісін аңғартар өлең үзкітерін тереңі Қларды рет-ретімен қағазға көшіріп, таратар ойларының желісін құрған, онда айтылар ой—пікір нысаналарын аттың ала анықтап, белгі соғуымен де ерекшеленеді.

Мысалы: «. келешек. . неге өлең жазамын, ойдан қайғылымын, ақын оптимист, ел бұзарлар кім?, бастапмын ер, елім, шынды айт ақын, эпиграф, арманды келешек, ақын шабыты . заманға көнбе, қарсы бол» (ЛММА архиві, № 539-папкі, 27—31-б.),— деп әрбір таңдап алынған өлең үзкітерінің тұсына нағиша ретінде таратылар ой-пікірлерінің түйінін қадау-қадау жазып отырған. Осындағы ойлар желісі кейінірек Қазақстан Жазушылар одағының Абай мерекесіне арналған салтанатты пленумында жасаған баяндамасында қаншалықты дәрежеде ашылып-таратылғанын осы тезис пен баяндаманы қатар алып салыстырғанда ерекше байқалады.

М. Әуезовтің ғылыми-шығармашылық лабораториясының ішіне кіріп, ерекшелігін танып білуде белгілі бір дәрежеде ғылыми мән-мағынасы болуы себепті осы баяндамаға даярлану үстінде алдын ала жасаған ой жоспарын да (ЛММА архиві, № 539-папкі, 27—31-б.) оқушыларға ұсынып отырмыз Өйткені ұлы Әуезовтің ғылыми шығармашылық лабораториясының сырын ұғынуға мұның қажеті бар.

«Абайдың өмірі мен еңбегі» деген тақырыпқа арналған баяндама (Қазақстан Жазушылар ұйымының юбилей пленумына).

Осы (жасалған) баяндама айтылған М. Әуезов ойларының басты-басты желілері кейіннен Абай мұрасы жөнінде әр түрлі жанрда жазылған көркем шығармалары мен абайтану саласындағы зерттеулерінде әрқилы жолдармен таратылса да, өз алдына дербес күйінде жарияланбай келді.

«Абайдың өмірі мен еңбегі» деген баяндамасы жазушы архивінде сақталған қолтаңба негізінде (ЛММА архиві, № 411-папкі, 1—24-б.) алғаш рет жарияланып отыр. Осымен бірге, бұл баяндаманың ғалым тарапынан орыс тіліне өзі аударған түпнұсқасы да (ЛММА архиві, № 200-папкі, 117—131-б.) бірге ұсынылды.

## К лекции «Абай — великий казахский поэт»

М. Әуезов 1948 жылы 15 мартта өткізілген республикалық басшы қызметкерлердің семинарында «Абай Құнанбаев — қазақ әдебиетінің классигі» (ЛММА архиві, № 539-папкі, 35—44-б.) деген тақырыпта лекция оқуға шақырылды. Міне, осындай аса жауапты лекцияға Абай мұрасын қаншалықты терең білсе де алдын ала даярланып, лекцияда айтылар ойларының негізгі желісін тезис ретінде қағазға түсіреді. Мұндай кездегі жазушының лекторлық қызметінде қалыптасқан машығы екенін, оның абайтанудан оқыған лекцияларының жүйесін де көреміз. Онда да М. Әуезов айтар ойының басты желілерін өте ұтқыр сөйлемдер арқылы оқитын лекциясының ждспары ретінде қағазға түсіріп қоятын да, лекция үстінде оны жан-жақты толықтырып тереңдей баяндайтын. Онысы, негізінде, сөйлегенде өте жүйелі, алдын ала жазып даярлаған лекция желісіндей өте жатық шығатын. Осы машығын М. Әуезов өте жауапты басшы қызметкерлердің республикалық семинарында оқыған бір сағаттық лекциясында да қолданған. Мұндағы ерекшелік — лектор Абай дүниетанымы, көзқарасы жайлы алғаш рет арнайы тоқталып, өзінің осы саладағы танымын топшылай отырып ашып бергендей. Әсіресе, алға қойған мақсаты екінші бапта (тарауда) айқын сезіліп тұр. Яғни өз ойының түйінді желілерін ХІХ ғасырдағы Қазақстандағы қоғамдық ойдың даму тарихымен бірлікте ала отырып, кең ауқымда ашып береді.

Лектор ретінде лекция желісінде мысалға алынатын өлең үзкітеріне дейін алдын ала даярлап, қазақ тілінде көшіріп қойып, сөйлеу үстінде мағынасын тікелей орысша түсіндіріп отырған.

1948 жылы 15 мартта осы тезис арқылы оқыған лекциясы стенограммаға түсірілген қалпы жазушы архивінде сақталып қалған, бірақ қатесі көп, біршама сөздер, сөйлемдер түсіп қалып, әрі кісі аттары бұрмаланған. Сонда да тезисі мен стенограмманы салыстырғанда лекция қағазға жазылып оқылғандай өте жүйелі әрі жатық шыққаны көрініп тұр.

Лекторлық өмірінде қалыптасқан іс-тәжірибесі, ысылған дағдысы бұл жолы да өз нәтижесін берген. Бұл өзі өте сирек ұшырасатын қасиет. Ауызша сөйлеген сөздері алдын ала ойланып қағазға жазылған лекциядай стильдік жағынан жұп-жұмыр келген жазба текстің табиғатын танытатын лекторлық талант тыңдаушысын қатты баурап, ұйғататын шешендік өнердің үлгі-өнегесі ретінде ұсынарлықтай қуатқа ие.

Бұл тезис ретіндегі ойлар желісі болғанымен ұлы ақынның дүниетанымын танып-білуде ғалым тарапынан айтылған келелі ойлардың абайтану тарихы саласынан жүргізілер келешек ғылыми-зерттеу жұмыстарына адастырмас бағыт-бағдар сілтеуімен де бұл тезистің мән-мағынасы бөлекше жатыр.

Тезис (ЛММА архиві, № 539-папкі, 35—44-б.) жазушы архивінде сақталған қолтанбасы негізінде ешқандай өзгеріссіз сол баспақы қалпында жіберілді.

Стенограмма лекции «Абай Құнанбаев — казахский поэт».

### Стенограмма лекции «Абай Құнанбаев — казахский поэт».

Бұл лекция 1948 жылы 15 мартта жауапты қызметкерлердің республикалық семинарында «Абай — казахский классик» деген тақырыпта оқыған лекциясының стенограммаға түскен тексі негі-

зінде оқырман назарына ұсынылып отыр. Бірақ стенограммадағы кісі аттары, кейбір ұғымдар немесе басқадай шығарма аттары қате берілсе, лекция үстінде қазақ тілінде мысал ретінде келтірген өлең үзкітері мен кейбір цитаталар түспей қалған. Бұлардың орнын осы лекцияға даярлану үстінде бір жүйеге түсіріп, оқылар лекцияның жоспары ретінде айтылар ойының басты желілері мен онда келтірер өлең үзінділерін қысқа-қысқа тезис-жоспар ретінде қағазға түсірген шаппа пікірі негізінде (Қараңыз: ЛММА архиві, № 539-папкі, 35—44-б.) толықтырып, қалпына келтіріп отырдық.

Лекцияның басталу алдында лектор «Абай» романының авторы ретінде сөйлемей, қайта Абай мұрасының зерттеушісі болып сөйлейтінін ескерткен. Осы себепті лектор алдына қойған мақсаты тұрғысынан Абайдың XIX ғасырдағы қоғамдық ой-пікірдің даму жолындағы орны мен сол тұстағы саяси-әлеуметтік құбылыстың даму тарихында қай жаға, қай бағыты ұстанған бағдарына молырақ тоқталып шола әңгімелейді. Абай осы тұста өзінің шығармашылық ой-пікір, соны танымымен жалпы Шығыстағы соны құбылыс екенін, сонымен қатар орыстың классикалық әдебиетімен терең туысып, өнердегі жаналықтарын терең талдап түсіндіреді.

Абайдың Толстойға қатысты өте күрделі жақтары абайтануда ол үстірт танылып келген еді. Бұл жөнінде М. Әуезов өзі ұстанып келген танымының бетін ашады. Кейбір тезистерінде мұны анық білдірген де болатын Эпопея мен ақын мұрасын зерттеулерінде осы тезисте айтылған ойдың бағыт-бағдарын берік ұстағанын көрсетеді. Өз тезисі негізінде М. Әуезов Абайдың халықшылдарға қатысы мен Толстойдың қарым-қатынасы арасындағы елеулі ерекшелікті баса айтады. Осы тұрғыдан қарағанда, Абай Толстойдың кертартпа ілімі мен жазушылық өнеріндегі ерекшелікті жіті танып, білгендіктен де М. Әуезов: « толстойшылдықты емес, Толстойдың реализмін қабылдайды», — деп ой қорытады.

Лекцияда айтылған ойдың жаңа бір желісі — қамили инсани (высоко нравственная личность) мәселесі төңірегіне топталған. Бұл, әсіресе, Абайдың «Сәулең болса кеуденде» өлеңіндегі нөл, единица туралы ойларымен байланысты қарастырылған.

Лекцияда Абайдың дүниетанымындағы затшылдық, санашылдық танымдарымен бірге ондағы дуализм, дін және этикалық, эстетикалық көзқарасы алғаш рет нақтылы түрде әңгімеленеді.

М. Әуезов тарапынан айтылған бұл нақтылы пікірлер бұрын баспа бетінде мәлімденбеген болатын-ды. Осы себепті де лектор: « біз бұған дейін жарияланған мақалалардағы оңды айтып отырған жоқпыз», — деп жайдан-жай ескертіп отырған жоқ.

Лекция үстінде М. Әуезов баяндаған ойлардың соны бір қыры, әсіресе, оның Абай мұрасында орын алған нәзира, нәзирагөйлік жөніндегі танымында жатыр Абай тіпті Шығыстағы нәзирагөйлік дәстүрді дастандарында ғана қолданумен шектелмей, оны Пушкин, Лермонтов шығармаларын аудару үстінде ой, сарын жарыстыру түрінде пайдалана білгендігін ескертеді.

Лекцияда айтылған әрі бұрын баспасөз бетіне түспеген соны таным, жаңа ой-толғаныстары абайтану саласында жазылар келешек ғылыми-зерттеулер үшін бағыт-бағдар берер қуаты әлі де биік дәрежеде тұрған туынды деп қарау ләзім.

Бұл лекция тексі де ЛММА архиві, № 443-папкіде сақталған қолжазба нұсқа негізінде жіберілді.

## МАЗМҰНЫ

Сөз басы . . . . .	3
«Абайдың ақындық мектебі туралы» тақырыптағы баянда- маның тезістері . . . . .	6
Қазақ әдебиетінің тарихы . . . . .	8
Абай мектебінің ақындары . . . . .	10
Көкбайдың ақындығы . . . . .	12
1951 жылғы 27-сәуірде зиялы қауымның жалпықалалық жи- налысында сөйлеген сөзінен . . . . .	20
Абай мұрасын зерттеу ісіндегі жетістіктер мен кемістіктер.	22
Абайтану (лекция) . . . . .	35
Абайтанудың арнаулы курсы . . . . .	76
2-лекция. Абайдың басылымдары . . . . .	105
«Абайды тану». Курстың программасы . . . . .	107
Абайдың өмірі мен еңбегі . . . . .	110
«Абай Құнанбаев — қазақ ақыны» дәрісінің стенограммасы	129
Түсініктемелер . . . . .	149



Литературно художественное издание

**Ауэзов Мухтар Омарханович**

**ЛЕКЦИИ ПО АБАЯВЕДЕНИЮ**

(литературное наследие, доклады, выступления,  
речи, рецензия)

*на казахском языке*

(для учителей и учеников старших классов)

Редакторы *Е Әлімқұлұлы*  
*Суретшісі Г Н Сидоров*  
Көркем тсуші редакторы *В Д Логинов*  
Техникалық редакторы *Н М Мельник*  
Корректоры *Ө Қалыбайқызы*

ИБ № 6453

Теруге 19 05 94 жіберілді. Басуға 8 09 94 қол қойылды. Пішімі 84×108<sup>1/32</sup>.  
Баспаханалық қағаз. Қаріп түрі әдеби. Шығынқы басылыс. Шартты баспа  
табағы 84. Шартты бояулы беттанбасы 9 345. Есептік баспа табағы 9 045.  
Таралымы 5 000 дана. Тапсырыс № 478.

Қазақстан Республикалық Баспасөз және бұқаралық ақпарат министр-  
лігінің «Рауан» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143 үй.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің баспаханасы, 480016, Ал-  
маты қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1.

Қазақстан  
Ұлттық кітапханасы

